

Амангелді МАМЫТ, Нариман НҰРПЕЙІСОВ

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ



**Мамыт А.А., Нұрпейісов Н.Ж.**

# **Қазак әдебиетін оқыту әдістемесі**

Шымкент, 2016

"Ж. А. ТӘШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ"  
АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ  
**КІТАПХАНА**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты  
Кеңесінің №11, 29.06.2016 жылғы шешімімен баспаға ұсынылған.

**Пікір жазғандар:**

Омаров Т., филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты  
Оразалиев С., филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік  
университеті

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Шымкент: 2016.  
– 186-бет

ISBN

Жоғарғы оқу орнының филология факультетінің студенттеріне  
жүргізілетін «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнінің  
бағдарламасына сәйкес дайындалған.

© Мамыт А.А., Нұрпейісов Н.Ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

Әдебиетті оқыту әдістемесі білім берудің озық тәжірибелерін негізге алып, заман талабына сай жаңаша оқыту технологияларын басшылыққа алады. Қазақ әдебиеті пәнінен алған теориялық білімдерін шәкірттерге оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгерту жоғарғы оқу орнындағы өзекті мәселелердің бірі екені даусыз.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман.

Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру – қазіргі оқу үдерісі талаптарының бірі.

Әдебиет сабақтарында көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдері, әдеби туындылардың мәтіндерін қазіргі заман шындығымен байланыстыра талдау негіздерін игеруді міндет етеді.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің мақсаты – қазақ әдебиеті пәнінен берілетін білімді ғылыми-теориялық жағынан меңгерту.

Мұғалім мен оқушының оқу үрдісі өте күрделі де сан түрлі жолдармен қалыптасып дамиды. Оқытушы өз пәнін жетік білгенімен оқушылардың көркем әдебиетке деген оқырмандық қызығушылығын оятып, шығармашылық әрекетін жоғары деңгейге көтере алмаса, ешқандай табысқа да, нәтижеге де жете алмайтыны айқын.

Білім беру жүйесінде дәстүрлі әдістермен қатар жаңа педагогикалық технологияларды меңгертіп, білікті маман даярлау – бүгінгі заман талабы.

Әдебиеттің адамды рухани жағынан өсіру мүмкіншілігін оқыту үдерісінде барынша пайдалану – мектепте әдебиетті оқытудың негізгі мақсаты. Біз бұл ұсынып отырған оқу құралының көлеміне қарай және оқытудың кейбір мәселелеріне қатысты әдіскер-ғалымдардың еңбектеріндегі арнайы зерттеу нәтижелерін ескере отырып, болашақ әдебиетші ұстаздарға, мектеп мұғалімдеріне түрлі әдіс-тәсілдерді таныстыруды бағыт-бағдар еттік. Әдебиетті оқытудың мақсат, міндеттері мен мазмұнын аша отырып оның ғылым ретінде қалыптасуын, басқа ғылым салаларымен байланысын, ұстанымдарын, көркем шығарманы талдау

жолдарын, сыныптан тыс әдеби туындыларды оқыту мәселелеріне тоқталдық.

Заманауи педагогикалық технология талаптары ескеріліп, мектеп бағдарламасына сәйкес сабақ үлгілері, шығармашылық жұмыстар, әдіскер-ғалымдардың сын-зерттеу еңбектері, тест тапсырмалары берілген.

### Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің зерттелу тарихы

Әдебиетті оқыту әдістемесінің негізі неден тұрады, жалпы құрылымдық, мақсаттық бағыты қандай деген сұрақтар тек тіл-әдебиет оқытушыларының ғана емес, сонымен қатар әдебиеттанушылардың, психологтардың, жалпы педагогика ғылымының ортақ мәселесі екендігі ақиқат.

Әдебиет – сөз өнері. Сондықтан әдебиет пәні – өнер пәні. Ол жасөспірімдерге әдебиеттанудан, сөз маржандарының қыр-сырын игеруден жай білім ғана алып, беріп қана қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің әр сабағын адам бойындағы асқақ арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүйеді, елін, адамзатты құрметтеуге деген сезімдерге тәрбиеленеді. Әдебиет арқылы жасөспірімдер алдында еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз маржандарының сандығы ашылады, солар арқылы халық арманы, қиялы, болашақтан күтер үміті, ақ сенімі көрінеді.

Әдебиет пәнінің жас ұрпақты уақыт талабына сай тәрбиелеу ісіне қосар үлесі үлкен. Ол жақсы мен жаманның ара жігін ажырата білуіне, адамгершілік сезімінің ұшталып, имандылық қасиеттерінің оянуына септігін тигізеді. Сондықтан әдебиет пәнін оқытуға ерекше назар аударылады. Әдебиетті оқытудың басты мақсаты – сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы – әдебиетті жан-жақты игерту, сол арқылы

имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа тәрбиелеу.

Рухани байлығы мол қазақ халқының өрелі өскелең мәдениетінің түп-төркіні сонау Орхон-Енисей ежелгі түрік жазбаларынан бастау алады. Табиғи дарынымен төрткүл дүниеге түгел танылған ғұлама Әл Фарабидан бастап түркі тілдес халықтарға орасан мол ерекше мұра қалдырған ойшылдар Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Яссауи трактаттары және Алтын Орда дәуірінің даналары Хорезми, Сараи, Дулати, Жалаири т.б. еңбектері қазіргі ұрпақ үшін таптырмас теңдесі жоқ асыл қазыналар. Қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы, жыраулар поэзиясының Асан Қайғы, Жиенбет, Ақтамберді, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Мұрат, Үмбетей, Майлықожа, Мәделікожа секілді ұтқыр ойлы, шешен тілді ақын-жыраулардың тіршілік туралы толғаныстарымен өнегелі өсиеттерінің бүгінгі ұрпаққа берер рухани нәрі, білім мен тәрбиеге қосар үлесі бір төбе.

Кемеңгер ойшыл Абай мұрасының бір өзі ғана ғаламат қазына болса, жарық жұлдыздар Шоқан, Ыбырай, XX ғасырдың басында қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Міржақыптардың туындыларының қазіргі заман талабымен үйлесе үндесіп жатқаны да ұлттық әдебиетіміздің айқын айғағы. Қазақ әдебиетінің осындай асыл қазыналарын ұрпақ үніне жалғастыру да мектепте берілетін әдеби білім сапасына негізделеді, ал білім сапасы түпкі нәтижемен өлшенуді көздейді. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәні туралы әртүрлі көптеген тұжырымдар баршылық. Бірі бұны іс жүзіндегі яғни қолданбалы әдебиет десе, екінші біреулер үйрету өнері деп жүр, үшіншілер одан тек сабақ өткізу үшін қажетті кеңестерді ғана іздейді, төртіншілер әдістеменің оқыту үрдісінде ең алдымен оқушының жан дүниесіне, оның көркем шығарманы оқырман ретінде қабылдай білуіне басты мән беретін қағидаларын бағалайды.

Әдебиетті оқыту әдістемесі тіл-әдебиет оқытушыларының шығармашылық тұлғасын ашуға, болашақ оқытушылардың санасына мектеп оқушыларының әдеби дамуы туралы көзқарас қалыптастыруға, әдебиетті оқыту әдістерінің тарихи ауысымын қадағалап, негізге алуға мұғалімнің кәсіптік деңгейінің нәзік

тұстарын меңгеруге көмек береді. Осыған қоса мұғалім мен оқушының арасындағы жаңаша қарым-қатынасқа, студенттің дербес шығармашылық ізденісіне де үлкен мән беріледі. Әдістеме пәні студенттердің мамандықты игеру кезеңіндегі өзін-өзі жетілдіруін, білімін арттыруын да қарастырады. Болашақ ұстазға қазіргі мектептердегі әдебиетті оқытудың өзгешеліктерін ұғындырады.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінде оқушылардың шығармашылық жолдарын елестету, оқу құралдары мен авторлық бағдарламалар жасау қағидалары жөнінде білу де аса маңызды іс. Жалпы білім беретін орта мектептегі жетекші пәндердің бірі – әдебиет пәнінің өзіндік ерекшеліктері, оқу жүйесіндегі алатын орны туралы толық түсіндіру қажет. Оның көркемөнер салаларының ішіндегі аса қуатты және пәрменді тәрбие құралы екендігіне көз жеткізу керек. Көркем әдебиет туындыларын орта мектепте оқытудың қажеттіліктерін терең ұғыну қажет.

Әдебиет пәнінің қалыптасуының әдепкі кезеңдеріне тоқталар болсақ, қазақ даласындағы ертеден қалыптасқан әдеби оқу түрі, оқу құралдары, әдеби мәтіндер мазмұны, бағыты, тәрбиелік мәні, сөз өнеріндегі дәлелді көріністері атап айтқанда, эпсана-аңыздар мен жыраулар шығармашылықтарынан аңғарылатын білім-білік жоба – нобайы адамдар санасына әсер-ықпал етті. XVII-XVIII ғасырлар аралығында хат танытып, сауат ашу ісінде молда-мұғалім тәлім-тәрбиесі басты орында болды.

Халық мектептерін жаңаша жетілдіру мен ондағы тіл, әдебиет пәндеріне айрықша назар аудару іс-шараларының қазақ даласындағы мектеп ашу қам-қарекеттеріне де жағымды ықпалын тигізді. 1861 жылдан бастап орыс-қазақ мектептері Троицкіде, Торғайда, Ырғызда, Қазанда, Перовде ұйымдастырылды. Жаңа мектеп түрлері: ресейлік үлгідегі екі басқышты, төрт басқышты мектептер, лицей мен гимназиялар ашылды.

XIX ғасырдағы қазақ зиялыларының жаңаша білім алу қажеттігі туралы тың ойлары жазылды. Қазақстандағы оқыту жүйесіне тікелей Ресейдің отаршылық саясатының әсері ықпал етті. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Троицк, Торғай,

Орда, Ырғыз, Қазанда, Перовскіде орыс-қазақ мектептері ашылды.

XX ғасырдың басында Қазақстанда мектеп қажетін өтеудегі оқу материалы ретінде орыс әдебиеті шығармаларынан аудармалар хрестоматиялық оқулықтар түрінде берілді. XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі мен қазақ тілінде кітап шығару ісінің өркендеуі ел өміріндегі әдеби-мәдени елеулі оқиға болды. Жұртшылық ой-санасын оятудағы «Серке» (1907), «Қазақ» (1917), «Қазақстан» (1911-1913), «Қазақ» (1913-1918) газеттері және «Айқап» (1915) журналының атқарған істері мен игілікті әсерінің орны ерекше.

Аталған жылдарда жарық көрген кітаптардың дені қазақ ауыз әдебиеті үлгілері болды. Сонымен қатар, қазақ көркем әдебиетінің ірі өкілдері А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, С.Дөнентаев тағы басқа ақын-жазушылардың кітаптары да басылып шықты.

Қазақ әдебиеті пәнінің әдеби-білім негіздері қазақ баспасөзі «Айқап» журналы «Қазақ газеттерінде» көрініс тапты. Бұл баспасөз беттерінде жарияланған мақалалардың қай-қайсысында болмасын қазақ тіліндегі оқулықтарға ерекше талаптар қойылып, балаларға түсінікті болумен бірге тәрбиелік мәніне баса назар аударылып, үнемі талқыланып отыруының өзі әдістемелік озық ой-пікірлерге бағыт-бағдар береді.

XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанда мектептік білім жүйесінің түрлері:

1. Ерлер мен әйелдер гимназиялары, училищелер, мұғалімдер семинариялары.

2. Қалалық училищелер, приход училищелер, ауылдық-болыстық мектептер.

3. Кәсіби оқу мекемелері – мұғалімдер семинариялары мен мұғалімдер мектептері, ауыл шарушылығы мектебі, фельдшерлік және қолөнер мектептері дәріс берді.

Қазақ әдебиеті пәнінің мектепте дербес пән ретінде оқытылып, оқу жоспарына енуі 1930 жылдан есептелінеді.

Қазақ әдебиетінің мектепте оқытыла бастауының тарихына Орталық партия комитетінің «Бастауыш және орта



мектеп» туралы (1931), «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» (1932) қаулыларының ерекше маңызы болды. Осы кезден бастап қазақ мектебінде қазақ әдебиетін оқыту оның бағдарламасын түзу, оқулықтар жасау идеясы туды. 1934 жылы тұңғыш рет қазақ әдебиеті мен қазақ әдебиеті тарихының мектептік бағдарламалары (5-8 сыныптар үшін) жарық көрді.

Бағдарламаның жасалуы қазақ мектептерінде әдебиет пәнін оқытудың жаңа белесі болып табылады. Осы бағдарлама бойынша қазақ әдебиетінің тарихы жүйеге келтіріліп, мектепте ақын-жазушылар шығармашылығы оқытылатын болды. Қазақ ғалымдары М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев жасаған «XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» оқу кітабының 1933 жылы шығуы осы саладағы маңызды қадам болып табылады. Мұнда қазақ әдебиеттану ғылымы тарихында тұңғыш рет әдебиет тарихының материалдары мектеп көлемінде жүйеге түсіп, Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиеттің көрнекті өкілдері мен олардың шығармалары мектеп оқушыларына ұсынылды. Мұнда әдебиеттік оқу белгілі бір шығарманы мазмұн мен түр бірлігі негізінде оқытуға бағытталады.

Тарихи-әдебиеттік проблемалардан оқушы мен мұғалімнің назары шығарманың идеялық-көркемдік жақтарын ашуға, оның құрылысы мен тіліне аударылады. Әдебиеттік оқу орта мектептің 5-7 сыныптарында өткізілетін болды. Әдебиет тарихын мектепте осы кезден бастап 6-10 сыныптарға бөліп оқыту принциптері жүзеге асырыла бастады. 8 сыныпта ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихының алғашқы мәліметтерін қамту, 9 сыныпта XIX ғасырдың екінші жартысындағы және XX ғасыр басындағы әдебиетті оқыту, 10 сыныпта кеңес әдебиетін оқыту қағидасы қабылданды. Әдебиет тарихын мектепте оқытудың жаңа үлгісі негізінде оқулықтар жасау ісіне бұл кезде Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев сынды әдебиетші ғалымдар ат салысып, қазақ әдебиеті тарихының мектептік курсы жасауға, сол жобамен кейін үлкен әдебиет тарихын негіздеуге аса мол еңбектер сіңірді.

Қазақ әдебиетінің пән ретінде мектепте оқытыла бастау тәжірибесі әдебиетті оқытудың әдістемесін де туғызып, қалыптастырды. Бұл жөніндегі алғашқы тәжірибелер бізде 30

жылдардың аяқ кезінде жинақтала бастады. Бұған «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орта мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті».

«Әдебиеттік оқу материалдары» (1940) атты мақалалар жинақтары дәлел. 1950 жылдардан бастап әдебиет сабағын оқытудың проблемалық әдістері кеңінен сөз бола бастады. Сабақты проблемалық тәсілмен оқытудың ғылыми-теориялық тәжірибелері жинақталып, мектеп өміріне ене бастады. Осы жылдары мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың методикасы жинағы, Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасы», А.Көшімбаевтың «Қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту методикасының мәселелері» тәрізді кітаптары жарыққа шығып, пәнді оқыту ісінің жақсартылуына ықпалын тигізді. мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалымдардың жоғарыда аталған еңбектерінің басты құндылығы – осы еңбектер арқылы қазақ әдебиетін қалай оқыту жөнінде практикалық көмек бере отырып, оқыту әдістемесін теориялық және әдістемелік тұрғыдан зерттеп, оның жеке ғылым саласы болып қалыптасуына зор елеулі үлес қосты.

Әдебиет пәні халық тарихы, көркем әдебиет тарихы, әдебиеттану, тіл білімі, философия, психология мен педагогика, эстетика негіздері, жаратылыстану, тағы басқада ғылым салаларымен байланыстылығының өзі әдебиет пәні мұғалімінің уақыт талабына сай жан-жақты және білім-білік қорының мейлінше мол болуын қажет етеді.

1917 жылғы Қазан төңкерісі. Қазақ халқының тарихындағы кеңестік кезеңнің басталуы да өз ықпалын тигізді.

Жаппай сауатсыздықты жою науқаны оқу-ағарту жұмыстарына да уақыт талабына сай өзгерістер енгізді. 1919 жылы РКП (б) VII съезі «Бірегей еңбек мектебі туралы тұжырымдама» қабылдады соның негізінде әдебиет сабақтарындағы «еңбек әдістемесі» оқиғалық шығармалардың макеті көрініс тапты. Бұл кезеңде жаңа қоғамдық құрылыс және оның идеологиясын түсіндіру сипаттары басым болғандықтан ол қоғамдық тәрбие құралына айналды. 1921 жылы жаңа кеңестік мектептерге арналған «Әдебиет бағдарламалары» жазылды. Осы бағдарлама негізінде «Әдебиеттік оқу» термині қалыптасты.

Бағдарламада әдебиеттік оқуға қойылған талаптар жазылды. Бағдарламаларды жетілдіруде 1923-1925, 1927 жылдары соны жұмыстар атқарылды.

1928-38 жылдар аралығында әдебиетті оқытудағы тарихи бағыт басым болды. Ол кезде тарихи-әдебиеттік курстар жетекшілік рөл атқарды. 1931 жылғы «БКП (Б) ОК-нің бастауыш және орта мектептер туралы қаулысы» қабылданды, онда жалпы білім берудегі кемшіліктер, оқыту барысында көңіл аударарлық мәселелер жазылған. 1923 жылы «Оқу бағдарламалары мен бастауыш және орта мектептер туралы» қаулы қабылданды. Солардың негізінде 1933 жылы бағдарлама қабылданды, ол 1939 жылға дейін пайдаға асты.

1939 жылы жаңа бағдарлама қабылданды. 1940 жылы алғаш рет шыққан әдебиеттік оқу бағдарламасының негізгі үш түрлі нысанасы болды: кеңестік әдебиет шығармалары халық ауыз әдебиеті үлгілері классик жазушылардың әдеби мұралары.

1940-1990 жылдар аралығында оқу-ағарту ісі өркендеді. Аталған жылдарда С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, С.Қирабаев, Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Т.Ақшолақов, Ш.Кәрібаев секілді тағы басқа ғалым-әдіскерлердің әдебиет пәнін оқыту, жетілдіру жөнінде әдістемелік еңбектері мен оқу бағдарламалары құрастырылып, жарияланды.

Жоғары сыныптардағы (X-XI) тарихи-әдебиеттік курстың базалық білім курсымен (Y-IX) тығыз сабақтастығы әдебиеттің тарихи курсының аталған сыныптарда кезек-кезеңімен белгілі бір хронологиялық жүйеде оқытылады. Базалық білім курсынан тарихи-әдебиеттік курсқа өту процесінде әдеби білім көлемі бірте-бірте ұлғая, күрделене түседі.

1990-2002 жылдар аралығында білім беру жүйелерінде іргелі жұмыстар атқарылды. Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты жаңадан оқу бағдарламалары мен оқулықтар түзілді. Орта мектеп пен жоғары мектептерде түбірлі бетбұрыстар болды. Қазақтың ұлттық мектебінің тұжырымдамасы дүниеге келді. Ұлттық мектеп тұжырымдамасы ұсынған болашақ мектеп үлгісі мен білім берудегі жаңа жүйенің кеңестік білім жүйесінен

айырмашылықтары айқындалды. Әдебиет пәнін оқыту, жетілдіру жөнінде әдістемелік еңбектер мен оқу бағдарламалары құрастырып жазылды. «Қазақ орта мектептеріндегі білім мазмұнының тұжырымдамасы» (1991ж.) әдебиетті оқытудың мазмұны мен мәнін, ғылыми-әдістемелік негіздерін, әдеби білім беру құрылымын түбегейлі өзгертті.

Әдеби білім мазмұнын жаңарту бағытындағы жаңа ұстанымдар мен құндылықтар әдеби білім берудегі модульдік жүйе, оның өзіндік ерекшеліктері, ғылыми-әдістемелік басылымдардың мұғалім біліктілігін арттырудағы рөлі, әдебиетті оқытудағы жаңа технологиялар жүйесі соңғы жылдардағы ғылыми-әдістемелік ізденістерде көрініс тапты.

Әдебиетті оқытудың шығармашылық сипатын күшейту үнемі жүйелі педагогикалық ықпал жасаудың жолдары, жаңа технологиялардың оқу үрдісіне енуін қамтамасыз етеді. Жаңа ғасыр өркениетпен қоса бәсекелестікті де бірге ала келіп отырған жағдайда білім сапасын жақсарту үшін, оқушыға беріліп отырған білім нәтижелі болуы үшін көркемдік әлеміндегі шындыққа бой ұруымыз керек. Біздің міндетіміз – жас ұрпақты мейірімділікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу болса, ол тәрбие алдымен көркем шығарма, әдебиет, яғни сөз өнері арқылы оқушы ойына ұялауы тиіс.

## Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасуы

Әдебиет пәні оқушыларды адамгершілікке, парасатқа баулиды. Өзін-өзі тануға жәрдемдеседі. Халқымыздың ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениеті – көркем әдебиетінің жекелеген озық үлгілерімен таныстырып, осы негізде шәкірттердің адамгершілік-эстетикалық мұраттарын, көркем талғамын қалыптастыруды мақсат етеді, өмір танудың ерекше құралы – әдебиетке сүйіспеншілігін оятып, одан эстетикалық ләззат ала білуге, логикалық және образды ойын дамытуға баулиды.

Әдебиет әдіснамасының міндеттері:

- білім беру приоритетіндегі ұстанымдарды жетілдіру;
- әдістемелік нұсқауларды толықтырып отыру;
- әдеби-теориялық ұғымдар сөздігін жасау;
- сабаққа қажетті дидактикалық материалдарды көбейту;
- сыныптан тыс оқу кітаптары;
- көрнекі құралдар: синтетикалық, синхроникалық кестелер, альбомдар, портреттер;
- техникалық оқу құралдары: диафильмдер, оқу кинофильмдер, слайдтар, магнитаспаларына жазылған: радио, телехабар беттері, фонохрестоматиялар жасау. Бір сөзбен айтқанда, көркем шығарма мен жаңа әдістердің байланысын ашып, оқушының жас ерекшелігіне сай жаңартып отыру. Үнемі ізденіс зерттеуді жетілдіру керек.

Әдебиетті оқытудың өзіндік сипаты, өзіндік ерекшелігі бар. Сол сипаты мен ерекшелігі ескеріп, мектепке тәжірибеден өткізіп, шәкірттерге білім бергізудің негізгі түрлері (формалар) мен сабақтың жаңа типтерін мектеп тәжірибесіне батып енгізуді күн тәртібі талап етіп отыр. Психология мен педагогиканың әдебиет пәндерін оқыту әдістерінің қазіргі кезде қол жеткен табыстарын, негізгі ұстанымдарын басшылыққа алып, оқушыларды әдебиет шығармаларын оқыту мақсатында әдеби-тарихи өлкетану дерек-мағлұматтардың сабақта пайдалануы арқылы ғылым негіздері мен тарихи мәліметтермен қаруландыруды тиянақты шешу бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Ғылым атаулының қайсысының болсын өзіне тән дүниеге

келу, даму жолдары болады.

1876 жылы Қазан мұғалімдер семинариясының директоры Н.И.Ильминскийдің ұсынысымен Ы.Алтынсарин орыс алфавитімен ауылдық мектептер ашты. И.Гаспринский негізін салған үлгідегі жәдит мектептері, медреселік білім беру жүйесі жұмыстарын атқарды. Жалпы білім беруде дін сабақтарымен бірге басқа пәндерді оқыту да орын алды. Ана тілін үздіксіз оқу мәселесінің көрсетілуі, оқу құралдарын жасауға бағытталуы басым орын алды. Ы.Алтынсарин ұлттық талғам мен ізгілікті, озық адамзаттық құндылықтардың қазақ халқының да рухани игілігіне айналуын үйлестіре білді. Ол қазақ әдебиеті мұралары үлгілерін оқу құралына енгізе отырып, діни мектептерден мүлде өзгеше жаңа бағыттағы мектептердің негізін қалады.

Ы.Алтынсарин өзінің ағартушылық идеяларын халыққа кеңінен жеткізу мақсатымен жаңа мектептерді қаншама көп ашқанымен, бүкіл қазақ балаларын толық қамти алмайтынына көзі жетіп, жаңа оқулықсыз бұл мектептерде де күткен нәтижелерге қол жетпейтінін байқады. Олар үшін ендігі жерде оқулық жасауға кірісіп, 1876-1879 жылдары бұл мақсатына да жетіп 1879 жылы Орынборда «Қырғыз хрестоматиясы» атты оқулық жазып, баспадан шығарды. Ал 1925-1926 оқу жылына қарсы Қазақстанда біріңғай екі басқышты еңбек мектептері қалыптасты. Әдебиетті оқытудағы жаңа бастама болып Ы.Алтынсариннің ұстаздық қызметі мен әдеби шығармашылығы, әдеби-тарихи оқу-әдістемелік мақалалары, халық ағарту жұмыстары жөніндегі ескертпелері болды. Ыбырай ашқан қазақ мектептері, өзіндік ерекшелігі, жаңалығымен танылды. Ыбырай мектебіндегі әдебиет пәні оқулығы – «Қазақ хрестоматиясың» түзілісі, ондағы әдеби мәгіндер өлең, әңгіме, новеллалардың тақырыбы балалар түсінігіне сай жазылды. Алтынсариннің халықтық-ағартушылық көзқарасына орыс педагог-әдебиетші әдіскерлері К.Д.Ушинский, Н.А.Корф, Л.Н.Толстой, Н.И.Ильминский т.б. жазба ойларының әсері болды.

Қазақ мектептеріне арналған алғашқы әліппелер ХХ ғасырдың бас кезіндегі оқу процесінде М.Нұрбаевтың «Әліппесін» (1910 ж.), З. Ерғалиұлының «Қазақ әліппесін» (1910ж.), М.Молдыбаев және Ж.Андамасовтардың «Қазақша

ең жаңа әліппесін» (1912), Ғ.Дүйсенбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппесін» (1912), Қ.Сәрсекеев және А.Арабаевтардың «Алифба яки төте оқу» (1912), Қ.Серғалиннің «Қазақша әліппе кітабын» (1913) есімдері мен оқулықтарымен тығыз байланысты. Бұл әліппелер қазақ балаларын сауаттандыру жұмыстары үшін алғашқы қарлығаштар еді. Әліппе оқулықтарының ұтымды жақтары мен олардың кемшіл тұстары да кездесіп отырды.

А.Байтұрсынұлының «Әліппе» (1921) «Оқу құралы» (1921) «Әдебиет танытқыш» (1926) «Жаңа құрал» (1926) М.Жұмабаевтың «Сауатты бол» (1923) Ж.Аймауытұлының «Жаңа ауыл» (1929) Б.Майлин, С.Мұқанов «Колхоз-ауыл» (1930) атты оқулықтарымен тағы басқа оқулық-хрестоматиялардың ұлттық әдебиетті мектепте жеке пән ретінде оқытылуына әсерін тигізді.

А.Байтұрсынов әліппе оқулықтарын оқушылардың сана-сезімін, жас ерекшелігін ескеріп жасаған. Ғалым оқуда оқушылардың қиындықтарға кездікпеуін, оқулықтарды құрастырудағы басты ұстаным етіп алған. Бұл тұрғысында ғалым былайша пайымдайды: «Әліппе кітабы оңай болып, оқытқанда балаларды неғұрлым аз кинаса, соғұрлым жақсы болмақшы. Әліппені балалар қиналмай оқып шықса, онан әрі оқуға ықыластанып, талаптары қанат байлағандай көтеріліп, зораймақшы. Осыны ойлап әліппе болмағын көздеп, бірінші әліппенің басынан аяғына шейін оңай һәм қысқа сөздерді алдым; қазақ сөзіндегі хәріптерді оқып шыққанша, балалардың жолында малтыққандай еш қиыншылық ұшырамас. Екінші, бұл әліппеде әр дыбысқа, өзіне деп анықтап, хәріп арналды; олай болғанда бұрынғыдай бір хәріп әр түрлі орында әр түрлі оқылмай, қай орында болса, бір хәріп бір-ақ түрлі оқылады; бұл һәм оқуды жеңілдетеді».

Демек, әліппе оқулықтарында кездескен сөздер мен мәтіндер, дыбыстардың реті оқушылардың жас ерекшелігіне қарай берілуі керек. Сонымен қатар, ғалым оқушыларға орындауға өздік жұмыстар бере отырып, олардың өздігінен орындау дағдыларын жетілдіруге талпыныс жасаған. Ғалым оқулықтарын құрастырған кезеңінде әр кезде теорияның практикамен байланысы қағидасын басшылыққа алған. А.Байтұрсынов оқушының меңгерген білімін тәжірибеде

орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік материалдарды үш кезеңде ұғындыру жұмыстарын жүргізу қажеттігіне назар аударған.

Ш.Уәлиханов: «Тек ақиқат білім ғана күдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді», – деп тауып айтқан. Шәкірт алатын білім мен мұғалімнің әдеби білімді жеткізу арасындағы байланыс әдіс арқылы түрленіп, білім нұрын оқушы бойына құйып, білім шырағын жағады.

Ш.Уәлихановтың қазақ балаларын оқытып, білім беру әдістері, жол-жобасы турасында «Сахарадағы мұсылмандық туралы» мақаласында қазақ мектептеріндегі оқу жүйесіне баға беріп, сілтеу жасады. Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» деген мақаласындағы, әдеби-теориялық ойларының маңызы ерекше.

Қазақ арасындағы оқу, тәлім-тәрбие жөніндегі А.Құнанбаев пен Ш.Құдайбердіұлының айтқан үлгі, өнеге сөздері өз алдына бір бөлек туынды. Абайдың білім, ғылым, тәлім-тәрбие тақырыптарындағы өлеңдері мен қара сөздерінің мәні, Шәкәрім қажының оқу-ғылым, сөз өнері жайындағы толғаныстары, зерттеу-шежіре еңбектерінің алар орны ерекше. «Жастарға, «Насихат», «Сен ғылымға» өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор.

Абай мен Шәкәрімнің өмірі мен шығармаларының әдебиет пәні бағдарламалары мен оқу құралдарындағы орны, оқытылу барысының маңыздылығы халық өмірін, тыныс тіршілігін айрықша түсініп, материалдық және рухани жағынан жақсартудың бірден-бір жолы оқу-ағарту, ғылым мен білімді меңгерту екенін қазақ зиялылары түсіндірумен болды.

1931-1932 жылдардағы БКП(б) орталық комитетінің әдеби білім беруді жетілдіру, арнайы бағдарламалар, оқулықтар арқылы оқу тиімділігін арттыру жөніндегі қаулыларының маңызы зор. Әдебиет оқулығын жазу, оның тарихын зерттеуде М.Оуезов еңбектерінің алар орны ерекше. 1927 жылы қазақ әдебиеті тарихынан тұңғыш зерттеу «Әдебиет тарихы» оқулығы, 1930 жылы ересек жастар мектебіне арналған «Жеткіншек» оқу құралы, «Қазақ шаруа жастары мектебіне арналған бағдарламасы» (1930) жазылды мұнда қалай оқыту керек деген өзекті мәселелер сөз болады. Отызыншы жылдардың екінші жартысындағы әдебиетті оқытуды



әдебиеттік оқу, тарихи-әдебиеттік курс ретінде оқытылу болып жүйеленді. Қазақ әдебиетінің пән болып оқытылуының жағдайын зерттеп, білім мазмұнын айқындау, оқулықтар мен бағдарламалар жасау сияқты міндеттер қойылды, сол себепті ғылыми экспедициялар құрылды. ВКП Орталық Комитетінің 1932 жылғы 25 тамызда қабылданған Бастауыш және орта мектептердің оқу программасы мен жұмыс режимі туралы қаулысы, осыған сәйкес Қазақ АССР Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Советі қабылданған қаулы, ВКП Орталық комитетінің 1933 жылы қабылданған «Бастауыш және орта мектептердің оқулықтары туралы» қаулысы республикада халық ағарту ісінің жандана түсуіне игі ықпалын тигізді. Тарихи деректерге сүйене отырып қазақ әдебиетінің мектепке пән болып қалыптасуы мектеп тарихымен бүтіндей сабақтас мәселе екендігіне көз жеткізуге болады.

1933 жылы қазақ тілі мен әдебиет бірлестігінде секция құрылады. Ол Қазақтың педагогика институты жанынан ашылды. Құрамында үш кісісі бар секция міндеті – бастауыш және орта мектептер үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен бағдарламалар, төл оқулықтар жасау болатын. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Қазақ АССР Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Совет қаулы қабылдады. Онда: «Бастауыш, орта мектептердің оқулықтарын жасау» міндеттелді. Сол мақсатта 1933 жылы бірнеше ғылыми экспедициялар жасақталды. Құрамында Б.Майлин, М.Әуезов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин сияқты ірі қалам қайраткерлері бар топтар енді. Олар балаларға лайық әдеби нұсқалар, фольклорлық шығармалар жинақтады. Қазақ мектептеріндегі әдебиет пәнінің оқытылу жайын Шопанов басқарған топ зерттеп шықты.

1934 жылы V-VII сыныптарға арналған бағдарлама басылып шықты. Осы бағдарлама бойынша V-VII сыныптарға оқулық-хрестоматиялары, VII сыныпқа әдебиет жасалды. 1934 жылы М.Әуезовтің (VI), Ә.Тәжібаевтың (V) оқулық-хрестоматиялары жарық көрді. 1938 жылы 14 желтоқсанда Қазақтың бастауыш және орта мектеп ғылыми-зерттеу институты, Қазақ ССР оқу комиссарларының мектептер ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылуы мен байланысты тіл мен әдебиет секциясы, тіл мен әдебиет кабинеті болып іріленді.

Әдебиетті оқу кітаптарынан бұл жылдары шыққан М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаев құрастырған 4 сыныптың (1934), С.Сейфуллин мен Ө.Тұрманжанов құрастырған 5 сыныптың (1935), А.Әлібаев пен Ө.Қоңыратбаев құрастырған 3 сыныптың (1936) оқулықтарын атауға болады. Әрине аталған оқулықтардың мектепте қазақ әдебиетін оқытуда атқарған маңызы мен бірге елеулі олқылықтары да болды. 1937-1938 жылдары шыққан әдебиет хрестоматиялары (5 сынып – Ө.Тәжібаев, 6 сынып – М.Әуезов, 7 сынып – Д.Әбілов, 8 сынып – С.Мұқанов пен Қ.Бекхожин, 9 сынып – әуелі Үсенов кейін Е.Ысмайылов пен Т.Ақшолақов, 10 сынып – М.Жанғалин мен С.Ерубаев) да бұл салада бірталай тәжірибе жинақтауға себепкер болды.

1939-1940 оқу жылына Шайқы Кәрібаев әдіскерлерді, мұғалімдерді қатыстырып V-VII, VIII-X сыныптарға бағдарлама жасалды. V-VII әдебиеттік оқу, VIII-X тарихи-әдеби курс болып бөлінді. Бұл ғылыми жағынан негізделді. Бағдарлама әдебиетті сөз өнері деп қарап, идеялық-эстетикалық, білімдік-тәрбиелік маңызын көтерді. Осы бағдарламалар бойынша 40 - жылдың басында Ш.Кәрібаев, А.Көшімбаев әдебиеттік оқу кітаптарын, Т.Ақшолақов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайлов, С.Мұқановтар жоғарғы сыныптарға арналған әдебиет оқулықтарын жазды. Қ.Жұмалиевтің 8-10 сыныптарға арналған «Әдебиет теориясы» атты оқу құралы жарық көрді. 1939 жылғы бағдарламалар 1947 жылғы дейін өзгеріссіз басылып келді.

1941 жылы Ш.Кәрібаевтың «Әдебиеттік оқу» атты әдістемесі жеке кітапша болып басылып шықты. 1951 жылы I-маусымда бұрынғы мектептер ғылыми зерттеу институты педагогикалық ғылыми-зерттеу институты болып құрылды. Қишқ тілі мен әдебиет кабинеті қазақ тілі мен әдебиет секторы болып қайта құрылды. 1953 жылы «Бастауыш сыныптарда сыныптан тыс оқу» 1957 жылы С.Тілешованың «V сыныпта көркем шығарманы оқып үйрену»; 1957 жылы Ө.Дербісалиннің «IX сыныпта Ы.Алтынсарин шығармашылығын оқыту» сияқты жұмыстары жарық көрді. 1962 жылы Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту әдістемесінің очерктері», «Әдебиетті оқыту әдістемесінің очерктері», «Әдебиетті оқыту әдістемесінің очерктері» (1966ж.) деген еңбектері, А.Көшімбаевтің «Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы» (1966ж.) деген еңбектері жарық көрді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАЛАМ АКАДЕМИЯСЫ  
А.КӨШІМБАЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ  
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БӨЛІМІ  
КІТАПХАНА

мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі» (1958, 160-бет), «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (1969, 245 - бет) атты іргелі еңбектері басылды.

60 жылдары Ә.Дайырованың «Орта мектепте І.Жансүгіровтың өмірі мен шығармаларын оқыту», Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері», 1968 жылы «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту методикасы» атты еңбектері жарыққа шыққан.

1969 жылы Ә.Дайырова, Т.Әбдірахмановпен бірге отырып жазған IV сыныптың жаңа «Әдебиеттік оқу құралы», басқа да сыныптардың оқулықтары қайта қаралып, жаңа авторлық құрамда жазылып шықты.

1970 жылдары ақын, жазушылардың шығармашылығын оқыту туралы С.Қалиевтің «Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту әдістемесі», 1974 жылы Ә.Қасымбекованың «С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығын оқыту жолдары» атты құралы, Қ.Әміровтың «Жоғарғы кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі» көмекші құралы жарияланды.

Осы жылы қазақ тілі мен әдебиет секторы жеке бөлім болып құрылды. Бөлім меңгерушісі міндетін 1974 жылға дейін Т.Ақшолақов, 1975 жылдан 1997 жылға дейін Ә.Дайырова атқарады.

1970 жылдары С.Қалиевтің «Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту әдістемесі», 1974 жылы Ә.Қасымбекованың «С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығын оқыту жолдары» атты құралы, Қ.Әміровтың «Жоғарғы кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі» көмекші құралы жарияланды.

1980-1990 жылдары С.Дүкенбаевтың «Мектепте драмалық шығармаларды оқыту», Т.Ақшолақовтың «Көркем шығарманы талдау», Қ.Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту методикасы» басылып шықты.

1986-90 жылдары әдеби білімнің негізгі тереңдетілген деңгейлері айқындалып нақтыланды. Зерттеу нәтижесінде:

- «Қазақ әдебиетінің V-XI сыныптарға арналған бағдарламалары» (1989 жылы жазылған Дайырова, Тілешова, Құтқожина, Ақшолақов);

- «VII-XI сыныптарды қазақ әдебиетін теориялық,

практикалық тереңдетіп оқу бағдарламалары» (1989 ж. Тілепова, Құтқожина, Жаманбаева, Қанафин);

- «Қазақ әдебиетінің факультативтік курстары» (О.Дайырова, 1989 ж.) жасалды.

1990 жылдардан былай қарай прозаны оқыту туралы тың пікірлер, соны ғылыми түйіндеу жайлы айтыла бастады.

1991 жылы Ә.Дайырова мен Ж.Нұрмахановтың «Орта мектепте лириканы оқыту» атты еңбегі жарық көрді. Атылған еңбекте лириканы оқытудың дидактикалық үстанымдарын, сабақты ұйымдастырудың, жеке шығармаларды оқып үйренудің педагогикалық, әдістемелік мәселелерін тұтас қамтып ғылыми негіздемесін жасайды.

1993 жылы Т.Ақшөлақовтың «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» атты еңбегінде әдебиетті оқытуда өнімді әдіс қолданудың түр мен мазмұнды тығыз бірлікте алып шығарманың көркемдік бітімін танытудың ұтымды жолдарын ғылыми негіздейді.

Осы жылдары мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың методикасы туралы Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасы», А.Көшімбаевтың «Қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту методикасының мәселелері» тәрізді кітаптары жарыққа шығып, пәнді оқыту ісінің жақсартылуына ықпалын тигізді.

Әр кезеңде мектепке арналған және жоғары оқу орындарына арналған әдебиет пәні бағдарламалары мен оқулықтарын жасаудағы С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, С.Қирабаев, Н.Ғабдуллин, Ш.Кәрібаев, Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Т.Ақшөлақов, О.Дайырова тағы басқа ғалымдар еңбектерінің орны ерекше.

1998 жылы Қазақстан Республикасының орта білім мемлекеттік стандарты басылып шықты. Оны дайындауға С.Қирабаев, Х.Әдібаев, Ә.Дайырова, Т.Ақшөлақов, С.Мақыпұлы, Г.Құрманбаева сияқты әдіскерлер қатысты.

2000 жылы қайта басылған стандартта білімді жеке гүлшаның дамуына сәйкестендіру бағытындағы жаңа және алғашқы ұмтылыс болды. Осы салада Т.Жұмажанова, Г.Құрманбаева, Б.Әрінова, С.Мақыпұлы сияқты әдіскер-ғалымдар ат салысты.

## Әдебиетті оқыту пәнінің ұстанымдары

Оқыту ұстанымдары – мұғалім мен оқушылардың жұмысын реттеп отыратын ережелер. Сондықтан ол барлық пәндерді оқытқанда қолданылады. Оқыту ұстанымдарына сәйкес оқытуға қойылатын талаптар тұжырымдалады. Оларды орындаған мұғалім өз еңбегінде жақсы табыстарға жетеді.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізгі бағыт-бағдарын, мазмұнын айқындайтын ресми құжат, «Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы» (РБК, 1997, Алматы) бүгінгі өмір талабына сай, педагогикалық ғылымдағы жетістіктерге негізделген әдебиет пәнінің мақсат міндеті анық айқындалып көрсетіледі. Әдістеме ілімі – оқытудың негізгі ұстанымдары мен міндеттерін көрсетеді. Бүгінгі күні әдістеме ғылымында 50-ден аса ұстаным бар. Ғалымдар ұстанымдарды сабақтың мақсаты мен педагогикалық нәтижеге сәйкес бірнеше топтарға бөліп, олардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде біркелкі көзқараста емес. Атап айтқанда, А.П.Пинкевич ұсынған ұстанымдар: оқытудың өмірмен және қоғамдық еңбекпен байланысы; жас ерекшелігі ұстанымын сақтау; оқытудың белгілі бір кезеңіндегі оқушылардың даму деңгейіне сәйкес болуы (оқушылардың күш жігерін дамуға жұмсау, жұмыстың жүйелілігі, шығармашылық-қызығушылықтың басты негізі); пән мазмұнының ерекшеліктерін, әдістерін анықтау. Автор «Оқыту ұстанымын дидактиканың тұғырлы ережелері, оқыту процесіне қойылатын негізгі талаптар» деп тұжырымдады.

Н.Медынский ұсынған ұстанымдар: ғылым негіздерін жүйелі меңгеру; білімді саналы меңгеру; теорияның тәжірибемен байланысы; тәрбие бере оқыту; оқыту әдістерінің алуан түрі;

В.Е.Гурман ұсынған ұстанымдар: оқытудың саналылығы және белсенделігі; оқытудың көрнекілігі; оқытудың жүйелілігі; ғылым негіздерін берік меңгеру.

Талданған оқытудың принциптері оқушыларға берік, жүйелі білім беруге бағытталды.

Негізгі ұстанымдардың бірі ретінде әдеби пәннің мазмұнын ұлттық ізгілікті құндылықтарға бағыттау білім

мүмүніна жаңаша көзқарастың қалыптасуы оқытудың әдістемелік жүйесіне өзгерістер енгізуді қажетсінуден туындайды.

1927 жылы жарық көрген педагогикалық энциклопедияда педагогика ғылымы мен мектептің жетістіктері жинақталып, «принцип» сөзіне анықтама берілді. Бағдарламаның әр түрлі бөлімдерін өткенде, оқылатын материал сипатының өзгеруіне қирай, әдістер мен тәсілдер де ауысып, өзгеріп отырады. Демек мұғалім оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдап алуға өз бетімен жұмыс істеп, ынталы болуға өз бетімен жұмыс істеуге тиіс. Ол нақты жағдайда сәйкес өзі таңдап алған тәсілмен әдістерді тандап бағалайды. Ол үшін мұғалім анықталған практикада сыналған және ғылым жинақтаудың нәтижесінде жалпы педагогикалық және әдістемелік ережелерге немесе ұстанымдарға сүйенеді. Оқыту ұстанымдары оқыту үрдісінің бірлік бөлшектеріне қатысы бар, солардың барлығына бағыт-бағдар белгілейтін негізгісі. Дәстүрлі оқытудың қалыптасқан оқыту үрдістері бар. Әдіскер-ғалымдардың қазақ әдебиетін оқытуда басшылыққа алынатын негізгі дидактикалық принциптерді айқындауы нәтижесінде пәнді оқыту үдерісінде елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Бүгінгі жаңа заман талабына сай оқыту процесін ұйымдастыруда да негізгі ұстанымдарды басшылыққа алады. Бұл тамыры тереңнен бастау алатын сол ұстанымдардың өміршеңдігін таныта түседі.

Қазақ әдебиетін оқытудың негізі әдістері оқыту дидактикасының ұстанымдарына негізделеді. Олар мыналар:

1. Оқытудың ғылыми ұстанымы.
2. Оқытудың жүйелілік ұстанымы.
3. Оқытуда материалды дұрыс орналастыру ұстанымы.
4. Оқытудың алдын-ала болжау ұстанымы.
5. Оқытудың саналылық ұстанымы.
6. Оқытудың берік болу ұстанымы.
7. Оқытудың теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы.
8. Оқытудың көрнекілік ұстанымы.
9. Жеке оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымы.
10. Оқытудың ынталандыру ұстанымы.
11. Оқытудың ізгілендіру ұстанымы.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабағын өтуде жаңа бағдарламаны басшылыққа ала отырып, сабақ жүргізуде мынадай жалпы дидактикалық ұстанымдар қолданылады:

1. Ғылыми ұстаным – оқушыларға әдеби, ғылыми білім берудің тиімді жолдарын үйрететін оқытудың дидактикалық заңдылықтары. Оқытудың ғылымилығы оқулықта берілген материалдар ғылыми тілмен оқушыларға түсінікті етіп жазылуы қажет. Бұл үшін оқушыларға игертілетін білімнің дәлдігі, тақырыптар мен әдеби теориялық ұғымдардың түсінікті болуы талап етіледі. Ғылыми таным дегеніміз – құбылыстың мәніне өту, сырттай суреттеумен шектелмей, оны оқытудың жүйелі әдістерін жасау, әдеби білім берудің әр түрлі теориялық мәселелеріне зерттеулер жүргізу.

2. Жүйелілік ұстаным – сабақ өзінің логикасымен оқу материалын жүйелі меңгеруімен құнды. Логика болмаған жерде жүйе де болмайды. Жүйелілік шығарманы жан-жақты құрастыруды көздейді. Шығарманың формасын, әдеби шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұнын ашуды мақсат етеді. Жүйелілік – көркем әдеби туындының эстетикалық табиғатынан туады.

3. Материалды дұрыс орналастыру ұстанымы – көркем шығарманы іріктеу барысында оқушылардың жасына, дүниетанымына үйлесімді тақырыпты жүйелі орналастыру.

4. Оқытудың алдын-ала болжау ұстанымы – сабақ беруде әдістердің ең маңыздысын материалға байланыстырып, оқушының білімін тереңдетіп, әдебиетке құштарлығын оятып, оларға сапалы білім беру жолын қарастыру.

5. Саналылық ұстанымы – меңгерілетін материалды оқушының құрғақ жаттамай, саналы түрде ұғынып, тәжірибе жүзінде іске асыра алатындай дәрежеде болуын қамтамасыз ету.

6. Берік болу ұстанымы – оқушылардың меңгерген ғылым негіздерінің білім дағдыларының тиянақты болуын көздейді.

7. Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы – әдебиеттен алған теориялық білімді, күнделікті өмір қажетіне қолдана білу, теорияны практикамен байланыстыру. Бұл ұстаным классикалық философияның өмір, тәжірибе таным көзі деген ережесіне сүйенеді.

Өмір және тәжірибе балаларға дұрыс бағыт береді, белсенді іс-әрекетке өзірлейді. Еңбек тәрбиесі жеке тұлғаны қалыптастырады.

8. Көрнекілік ұстанымы – көрнекілікті сабақта тиімді пайдалана білу. Бұл ертеден қолданылып келе жатқан ұстаным. Оқушылардың көркем шығарманы меңгеру сапасын көтеру, игерген білімдерін жадына берік сақтау қабілеттерін жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Оның негізіне мынадай ғылыми заңдылық жатады: сезім мүшелері сыртқы нәтижендіргіштерді түрліше қабылдайды. Ең сезімталы – көру мүшелері; Олар арқылы миға енетін ақпараттар оқушылардың есінде жақсы сақталады. Кейбір заттарды есте сақтау көрнекіліксіз мүмкін емес.

9. Оқытудың қазақ әдебиетінен берілетін теориялық білімді ұлттық рухани тәрбиемен байланыстыру ұстанымы оқушыларды өмірге, қоғамдық пайдалы еңбекке даярлау мәселесі де пәнге қойылатын қазіргі таңдағы басты міндеттердің бірі. Бұл аталған мақсат-мүдделерді іске асыру үшін әдеби құрылыстарды таразылаудың ғылыми-методологиялық қағидаларын игеру қажет. Мектептегі әдебиет пәні көркем өнердің өмірмен байланысы, өнердегі түр мен мазмұн бірлігі, өнердің тарихилығы, халықтығы, өміршеңдігі туралы ұстанымға негізделеді.

Мүғалім әдебиетті оқыту процесінде халықтың ауыз әдебиеті мен өткендегі прогресшіл тарихи-әдеби және идеялық көркемдік ерекшеліктерін, өзіндік сипаттарын нақты танытып, өгілген әрбір көркем шығарманы меңгеруге, талданатын туындыдағы объективтік мазмұн мен авторлық позицияны дәл тани білуге үйретуге тиіс.

10. Оқытудың сатылы ұстанымы шәкірттердің әдеби-тарихи өлкетану дерек-мағлұматтарын меңгеруі мен тәжірибеден өткізу жолында қолданылады. Тәжірибе эксперимент барысында оқытудың сатылы ұстанымының мақсатын белгілеген мына мәселелер ескеріледі:

а) оқу бағдарламасында берілген шығармалар бойынша әдоби-тарихи өлкетану дерек-мағлұматтарын іздеу, оны сәйкестікте жүйелі пайдалану;

ә) бағдарлама мен оқу құралдары жасаған негіз әр шығармадағы өлкетану дерек-мағлұматтарының өзіндік



ерекшеліктерін ескеріп сол шығарманың соңынан не қосымша оқу құралына тарихи мәліметтерін толық беріп отыр.

Әдеби-тарихи өлкетану дерек-мағлұматтарын оқытуда тек әдебиетті оқыту талап-тілектерімен шектелмей, әрбір сабақта оқушылардың қабылдау қабілеттерімен санасып, шәкірттердің психологиялық даму заңдылықтарымен байланыстыру. Осы мақсатта оқушылардың қабылдау қасиеттерін ескеріп, топтарға бөліп, тапсырмаларды екшеп, сұрыптап беру.

11. Оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымы – психологиялық ерекшелігін ескеріп, ғылымның өмірмен байланысты берілуі.

12. Ынталандыру ұстанымы – білімді меңгерудің тиянақтаудың ең тиімді жолы. Жас шәкірттерге білім мен тәрбие беруде, дидактикалық ұстанымдардың ішінде өмірлік мәні зоры.

13. Ізгілендіру ұстанымы – адам бойындағы, образ бейнесіндегі әдемілік әлемін сезе білуге тәрбиелеу.

14. Оқытудың қатысымдық ұстанымы бойынша оқушылар игерген білімдерін практикалық өмірде, тілдік қарым-қатынаста орынды қолдануды үйрету көзделді. Мұғалім бұл ұстаным бойынша оқушыда, біріншіден, басқа біреудің айтқан сөзін тыңдап, дұрыс ұғу, екіншіден, өз ойын бүкпесіз, жасқанбай, анық әрі дәл жеткізе білу, үшіншіден, оқулықтағы материалдар мен көркем әдебиеттерді оқып, түсіну, төртіншіден, өзінің ой-пікірін толық жазып жеткізу, бесіншіден, тілдік қарым-қатынаста сөйлеу әдебін сақтау дағдыларын қалыптастыруы қажет. Мұнда сөйлесім әрекетінің бес түрі: оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім – өзара сабақтаса байланысып жатыр.

15. Тиімді оптимальды ұстаным – сабақтың оқу-тәрбие мақсатын комплексті түрде біртұтас қарастыру, шешілетін мәселелерді нақтылау, үйлесімді әдістерді таңдау, негізгі мәселелерді сұрыптап алу.

16. Оқытудың бірізділігі және жүйелілігі ұстанымының ғылыми ережесі: оқушының білімі берік болу үшін оның санасында қоршаған дүние жақсы бейнелену керек. Ол үшін ғылыми білімдер жүйелі және оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне қарай беріледі. Жеке бөліктерден тұратын оқыту процесі оқушылардың білімді меңгеруіне көмектеседі.

Диддыларды қалыптастыру үшін жаттығулар, ақыл-ой тәрбиесін беру үшін қисынды ойлау тәсілдерін талап ететін жұмыстар жүргізіледі. Әйтпесе дағды жойылады, оқушы дұрыс ойлай алмайды, дамуы нашарлайды.

17. Саналылық және белсенділік ұстанымы – өз бетімен меңгерілген білім санаға жақсы сіңеді. Білімді саналы меңгеруге оқу желісі, өз бетімен жұмыс, белсенділік, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, оқушының танымдық іс-әрекетін басқару үшін мұғалімнің әдіс-тәсілдері көмектеседі.

18. Түсініктілік ұстанымы – бала өзінің ойлау қабілетіне, жинақтаған білімінің, іскерлігінің, ойлау тәсілдерінің көлеміне қиып түсінеді. Аталған ұстанымды жүзеге асыру үшін әуелі оңай, белгілі, қарапайым мәтіндер, содан кейін күрделі мәтіндер оқытылады.

19. Гуманизациялау (ізгілендіру) ұстанымы – оқушыға деген ерекше сүйіспеншілікті, құрметті талап етеді. Балаға сенім артып, оның жеке басының қасиеттерін ескеріп, оқушының әрекетінің жемісті болуына қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасау керек. Оқу процесінде, сабақтарда биліктерді қорқытпай, қысымшылық жасамай керісінше олармен жылы қарым-қатынас жасау міндет.

20. Мәселелік ұстаным – білімді дайын түрде бермей, оқушылардан ізденуін, дербестігін, шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталады. Мәселелік – оқушылардың ойлау процесінің психологиясына негізделеді өйткені ойлаудың басталуы мәселенің болуына байланысты, басқаша айтқанда, ойлау – мәселелік сұрақ немесе міндеттен басталады.

21. Жеңілден ауырға қарай, оңайдан қиынға қарай өту ұстанымы. Мұғалім оқыту барысында әрбір оқушының таным мүмкіндіктеріне, материалдарды игеру қабілеттеріне, ойлау қабілеттерінің даму деңгейіне назар аударуы керек.

Міне, дәстүрлі дидактикалық ұстанымдарды оқытудың жаңа талабымен осылай үндестікте беру оқушының өзі үшін білімінің мәнін жете түсінуіне жол ашады. Ал білімнің мәнін түсіну оның бойындағы адами қасиеттердің дамуының да қиындар көзі болып саналады.

Қазақ әдебиеті пәнінен берілетін білімді ғылыми-теориялық жағынан қаруландыру, оқушының шығарманы оқуы, қабылдауы – көркемдік танудың екі жағы. Бұл –

әдебиетті оқытудағы басты нәрсе. Оқыту үрдісінде шығарманың ерекшелігіне, сабақ мақсатына қарай әдістер таңдалады. Қазақ әдебиеті әдіснамасында зерттелген әдістер ұтымды пайдаланып, мектеп тәжірбиесінде жинақтала егеменді еліміздегі білім беру жүйесін реформалау мәселесі жүзеге асты. Білім беру жүйесін реформалаудың нәтижелі болуы білім беру саласындағы дүниежүзілік тәжірибені игеру, Қазақстандағы білім беру ісіне халықаралық тәжірибені ендірудің нәтижесінде. Нәтижелі білім беру үшін әрбір мұғалім оқыту іс-тәжірбиесінде сыналған, ғылым жинақталған жалпы педагогикалық және әдістемелік ережелерді және оқыту ұстанымдарын басты қағида етіп алуы тиіс.

### **Әдебиетті оқытудың базалық курсы мен тарихи-әдеби курсты жоспарлау әдістері**

Мектепте оқылатын әдебиет пәнінің жас өспірімдерге идеялық, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беруде және халқымыздың өткендегі өмірін, оның армандары мен мүдделерін білдіруге маңызы зор. Жоғарғы сыныптардағы (10-11 сыныптар) тарихи-әдебиеттік курстың базалық білім курсы мен (5-9 сыныптар) тығыз сабақтастығы, әдебиеттің тарихи курсының аталған сыныптарда кезең-кезеңімен белгілі бір хронологиялық жүйеде оқытылады. Сонымен бірге мынандай ұстанымдарды үнемі табанды түрде іске асыру көзделеді: сабақ белгілі бір пәннің төңірегінде томаға-тұйық қалмай, кешенді әдістер арқылы өтуі (білімділік алған білімді дамытушылық, тәрбиелік мәні көзделеді); күнделікті сабақ жоспарын осы сыныптарда оқытылатын пәндердің зерттеу объектілерін, көтерген мәселелерін, тапсырмаларын зерттеп біле отырып жасау; мұғалім өзі сабақ жүргізіп отырған пәннің оқу-әдістемелік комплексін жасағанда, оған тікелей қатысты оқулықтар мен оқу құралдары, қосымша әдебиеттер мен дидактикалық материалдарды қай жерде, қалай қолдануды жоспарлағанда, пәнаралық байланысқа түсетін басқа пәндердің негізгі оқулықтары мен оқу құралдарынан керектілерін сұрыптап алып, көрнекілерінен аса қажеттілерін қосуды естен шығармау; сабақта оқушылардың басқа

пәндерден алған білімін есепке алып, оқу процесінде оны толықтыра, байыта отыру, пәнаралық байланысқа негізінен комплексті тапсырмаларды бірегей пайдалану.

Әдебиет пәні мұғалімінің жұмыс жоспарлары.

Жалпы білім беретін орта мектептерде жылдық немесе жарты жылдық оқу жоспарлары болады. Орта білім беретін оқу орындарының жұмыс жасау ырғағына сай, әдебиет пәні мұғалімі де өзіндік қызмет тәртібі, іс жоспарлары жасалады. Әдебиет пәні мұғалімінің білім-білік қоры жоғары оқу орындарында жүріп бойына сіңірген педагогтік дағдылары, тәжірибе арқылы жинақтаған этикалық-эстетикалық, таным түйсіктеріне тікелей қатысты.

1). Күнтізбелік-тақырыптық жоспар түзілісі, не себепті қажеттілігі, бағдарламалардың қызметі. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар 5-11 сыныптарға арналған оқу бағдарламаларына сәйкес жасалады. Сабақ кестесіне сай, тақырыптың өтілетін күні, уақыты көрсетіледі, көрнекілік, техникалық құралдар түрі жазылады.

2). Күнделікті сабақтық жоспар, күнтізбелік жоспар негізінде жасалады.

Дәстүрлі сабақтардың басты элементтері:

1. Өткен сабақта берілген тапсырманы сұрап, тексеріп қорыту.

2. Жаңа сабақты түсіндіру, жеткізу.

3. Жаңа сабақты бекіту.

4. Үйге тапсырма беру.

5. Оқушылардың білімін бағалау.

Оқушылардың білімін сұрақтар қою арқылы тексереміз:

а) Өткен сабақты сұрау, мазмұндау немесе талдау (мінездеме, композициясы, тіл). Сұрақ қоя білудің де өзіндік маңызы бар. Мазмұндық сұрақ пен талдау сұрақтарының өзіндік ерекшелігі бар. Сұрақтың негізгі және көмекші түрлері болады. Ол ортаға қойылып, сатыланып талданады. Әр сұрақтың өзіне тән проблемасын, объектісін екі жақтап бөліп, проблемаға көшеді, оқушылар жауап бергенде мұғалім тыңдап, толықтырады. Сұрақтың қорытындысын да балалар жасайды. Сонда сабақтың бұл элементі өзіне жұмыс істеудің басы болып, ол мазмұндау талдаудың құралы, мәтінмен

істелген жұмыстың жинақтамасы сияқты болады. Осы тұста баға қойылады. Мұның көлемі 7 - 10 минут. Ал пысықтау сабақтары кейде бір сабақты түгел алады. Сұрақ балаларға түгел жету үшін әр сұрақ тұсына, жақша ішіне, оның кімнен сұралатыны көрсетіледі. Өткен сабақтың қорытындысы таныс материалды қайталауға ғана құрылса, мұғалімнің өзі айтады немесе балалармен бөліседі.

Оқудың міндетін сабақ арқылы ғана шақтап, сатылап орындауға болады. Әрбір сабақта ескі модульмен жаңа материал ұшталып, түйіседі. Осы ұштасудан байқайтынымыз, ол мұғалімнің жалаң сөзіне құрылмай, материал үстінде балалардың өздеріне жұмыс істету міндетін басым көздейді. Осы қағида сабақтың барлық элементіне ортақ. Мұғалімнің түсінік сөзін ғана айтсақ, ол көбіне сыныптық - ұжымдық жұмысқа жағдай туғызып, балаларды іске бағыттап, сүйеп, дағдыландырады. Қағида бұзылса сабақ өзінің нақтылы мазмұнын жойып, құр сөз, ережеге айналады.

**Сабақ түрлері және олардың құрылымы.**

Сабақтың түрлері мен оның құрылымы сабақты жетілдіру жолындағы маңызды проблемалардың бірі. Әсіресе сабақтарды топтастыру туралы әр түрлі көзқарастар бар. Қазіргі кездегі дидактикада сабақтарды топтастыру мынадай белгілерге негізделеді. Оқыту мен нақты сабақтың мақсат-міндеттері және сабақтың кезеңдері. Осыған орай сабақтардың мынандай негізгі типтерін ажыратуға болады:

1. Жаңа білімді хабарлау сабақтары.
2. Жинақтау және қайталау сабақтары.
3. Білік пен дағдыларды қалыптастыру сабақтары.
4. Білімді тексеру, бақылау сабақтары.
5. Аралас сабақтар.
6. Лекция сабағы.
7. Пікірталас сабағы.

Қазір тәжірибеде дәстүрлі сабақтармен қоса, мынадай сабақ түрлері жиі пайдаланылуда:

1. Дәріс сабақ
2. Семинар сабақ
3. Пәнаралық байланыста оқытуға негізделген үштік сабақтар
4. Конференция сабақ

5. Сот сабақтары (не билер тартысы сабағы)
6. Жәрмеңке сабақ
7. Пресс- конференция сабағы (баспасөз сабағы)
8. Концерт сабағы
9. Пікірталас сабағы
10. Айтыс сабақтары
11. Композициялық сабақ
12. Әдеби монтаж сабағы
13. Көзқарас сабағы
14. Брифинг сабақтар
15. Ерлік сабағы
16. Іздендіру сабағы
17. Кездесу сабақтары
18. Практикалық сабақтар
19. «Ұлылар мінбесі» сабағы
20. Емтихан, есеп- сынақ сабақтары
21. Реферат қорғау сабақтары
22. Пікір қорғау сабақтары
23. Көкпар сабағы
24. Жарыс сабағы
25. Ойын сабақтары (әдеби ойындар)

Осылардың ішінде сабақ өту барысында тиімді дәстүрлі емес сабақтың түрлерін әдіскер Қ.Бітібаева былай көрсетеді:

1. Қос үштік сабақтар
2. Конференция баспасөз сабағы
3. Сот сабағы
4. Жәрмеңке сабағы
5. Концерт, монтаж –композициялық сабақтар
6. Диспут, айтыс сабақтары
7. Көкпар, жарыс сабағы
8. Реферат қорғау, пікір қорғау, іздендіру сабақтары

Мұғалім – шынайы адамгершіліктің үлгісін беретін ұлағатты, шебер, әдістемені меңгерген әдіскер болу қажет. **Әрине** ол өзінің ана тілін әдеби және ғылыми сөз байлығын **жөте** меңгерген, өз ұлтының, әрі дүние жүзінің рухани **игіліктерін** бойына мольнан сіңірген сабақ беруде әдіс-тәсілі **мол** зиялы адам болуы керек. «Мұғалім болу талант па, әлде **өркімнің** қолынан келе ме?» деген сұрақ туады. Ұстаздың бәрі **бірдей** талантты болып тумайды Педагогикада талант болмаса

да, жүрек қалауы болуы мүмкін дейді. Өздерінің қалаған мамандығына қолы жеткен соң, мұғалім ынта-ықылас қойып, табандылық танытса, көп оқып білуге талаптанса, өз пәнін меңгертуде жеңіске жетеді. Ұстаздық шеберлік – мұғалімнің сауаттылығы ғана емес, әрбір сөзін, айтайын деген ойын оқушыға жеткізе білу және оны оқушы толық қабылдап түсінуі.

Пәнді жетік білген, ойын оқушыға толық жеткізген, оқушының бойына әдеп, әдет, дағды, адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіре білетін, сабағын қызықты да тартымды, жан-жақты өткізе алатын маман ғана ұстаздық шеберлікке қолы жеткізеді. Қазақ әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдер төменде аталған педагогикалық қасиеттерді жақсы меңгерулері қажет:

- өз ойын көркем жеткізе білу;
- анық және түсінікті сөйлей білу, өз сөзінің де, оқушының сөзіндегі де қателіктерді байқау, қиялдай білу;
- айтайын деп тұрған әңгімені толық, ұғымды түсіндіру;
- жазбаша сауатты сөзді игеру;
- оқушылармен еркін сөйлесіп, жақсы қарым- қатынаста болу;
- оқушыға деген сүйіспеншілік, адамгершілік, қамқорлықтың болуы;
- ұлттық мәдениеттің болуы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді өзінің де, оқушының да бойына сіңіру, құрметтеу, әрбір оқушыны жеке тұлға деп танып, әрқайсысымен жұмыс істеуді дағдыға айдалдыруы қажет.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті де оқушы сезіміне әсер етеді. Оқушының бар ықыласын өзіне аударып, 45 минут оқуды қызықты ұйымдастырады. Сондықтан мұны – педагогикалық техника дейді. Оған әдеп, шек, сақтық, ұстамдылық қажет. Мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасының міндетті шарты оқушыға дамып келе жатқан жеке тұлға ретінде қарау болып табылады. Басқаша айтсақ, баланың белгілі бір құқықтарын тану, оған назар аудару, құрметтеу, сенім білдіру, оның мүдделерін ескеру. Мұғалімнің оқушылар бойындағы жауапкершілікті қалыптастыру әдістері мен тәсілдері: оқушыға оқудың өзіне және қоғамға пайдасын түсіндіру; талап қою; талаптарды орындауға үйрету; өз міндеттерін жақсы атқарар оқушыға көмшіліктерін айтып,

оларды түзетуге көмектесу. Оқуға байланысты талаптар қою әдісі арқылы оқушыларға барлық пәндер бойынша бағалау өлшемдері, мектептің ішкі тәртібі, оқушылардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Оқушыларды оқу жұмысының алуан түрін орындауға үйрету, жаттықтыру борыш пен жауапкершілікті қалыптастырады. Үлгілі оқушылар мен мұғалімдердің де бала оқуына ықпалы зор. Оқудағы оқушыларды мадақтау және жазалау әдістері.

Мадақтау түрлері: баға қою; тапсырмалар арқылы оқушыны табысқа жеткізу; оқушыны тәжірибе және зертханалық жұмыстарды жүргізуге көмекші етіп алу; топтық тәжірибелік жұмыс кезінде оқушыға бөлімшелерді басқарту; үлгерім және сабаққа қатынас көрсеткіштерін шығару; білімнің қоғамдық байқауының қорытындылары бойынша мадақтау; жақсы оқитын оқушылардың үлгерімі төмен оқушыларға көмектесуі.

Жазалау түрлері: сабақта оқушыға ауызша ескерту жасау; күнделікке, дәптерге «қанаттанғысыз» баға қою; қателерін айтып, қосымша жұмыс істеуді талап ету.

Оқушыға оқудың өзіне және қоғамға пайдасын түсіндіру үшін мұғалім өндірістің дамуына ғылымның қалай әсер еткенін айтып, білімділік еңбек өнімділігін арттырып, жанашылдыққа әкелетінін дәлелдейді. Бүгінгі күн талабына сай, білім беру негізгі қағида болып табылатын оқу бағдарламалармен оқулықтар жасау, әдебиет сабағын оқытуды жетілдіру сияқты мәселелері әдебиет пәні құрылымын құрайды.

Профессор Л.В.Заньковтың зерттеулерін зерделей келе соңғы жылдарға дейінгі оқу бағдарламаларында төмендегідей кемшіліктер орын алып келген деген тұжырым жасауға тура келеді. Олар:

- оқу бағдарламаларында оқытудың жүйелік ұстанымының толық сақталмауы;
- оқу бағдарламаларына, оқулық мазмұнына оқушыларды қызықтырарлықтай теориялық мәселелердің енгізілмеуі;
- оқушылардың оқу-тәрбие процесінде алған білімдері олардың ой-өрісінің дамуына жеткілікті әсер етпеуі;
- оқулықтағы тапсырмалардың оқушылар қызығушылығын оятарлықтай деңгейде ойластырылмауы;



- оқу бағдарламасындағы кейбір материалдардың бірнеше рет қайталануы.

Ал мұндай олқылықтар орын алып отырғанда оқушылардың шығармашылығын дамыту мүмкін емес.

Оқушы шығармашылығының тиісті дәрежеде дамуына әсер ететін екінші себеп – оқулықтардың сапасы.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Ж.Жадринаның пікірінше: «Қазақстан Республикасының төл оқулықтарының басты жаңалығы тұңғыш рет әрбір оқу курсының мазмұны білім беруді гуманизациялау, сараландыру, кіріктіру және гуманитаризациялау ұстанымдарын жүзеге асыруға бағындырылған оқу материалының құрылымы мен қисынын (логикасын) өзгерту арқылы жасалынауда». Сондай-ақ оқулықтардың жаңашылдығы туралы ғалым оқушылардың ой түйіндеу, ой толғау дербестігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тәрбиелік потенциалды күшейту керек екенін айтып өтті. Осыған орай, оқу субъектісі – оқушының шығармашылық белсенділігін арттыру құралы ретінде оқулық рөлін түйіндеу, терең түйсіну қажеттілігі туындайтынын ескертеді. Бұдан әрі ғалым оқулықтың негізгі қызметтерін: үйлестіруші, жүйелендіруші, дидактикалық қызметтерін толық іске асыратындай болуы тиіс дей келе, оқулықтың дидактикалық қызметін: ақпараттық, түрлендіруші, бекіту және өзін-өзі бақылау, өз бетімен білім алу, кіріктіруші, дамытушылық-тәрбиелік деп саралап көрсетеді. Демек, қазіргі кезде оқушы шығармашылығын дамыту үшін әр пән бойынша оқулықтар жоғарыда аталған қызметтерін толық орындайтындай сапаға ие болуы тиіс. Оқулық тақырыптарының мазмұны – оқу іс-әрекетіне қызықтыратын негізгі құрал. Пікірсайыстар да оқушыны оқуға қызықтырады. Үлгерімі төмен оқушыларды жеткен жетістігіне қуанту да олардың оқуға ықыласын арттырады.

Орта мектептегі қазақ әдебиетін оқыту мына еңбектер арқылы толықтырылады:

- Ә.Дайырова 1992 жылы «Рауан» баспасында басылған 5 сынып оқушылары үшін «Әдебиет әлемінде» еңбегі;

- «Қазақ әдебиеті» (X-XI сыныптарға қосымша хрестоматия. Құрастырғандар: Ә.Қанафин, Т. Ақшолоқов, С.

Қалиев, Ә. Дайырова «Рауан» 1992);

- С.Тілешованың «VI сыныптардағы әдебиет сабақтары үшін дидактикалық материалдар» («Рауан», 1992 );

- Р.Құтқожинаның «Абай жолы» романы бойынша дидактикалық материал» («Рауан», 1992) сияқты оқу құралдары;

- Б.Смановтың «Кейіпкер характерін тану» («Рауан», 1992);

- Қ.Бігібаеваның «Сабақ тиімділігін арттыру» («Рауан», 1991) сияқты әдістемелік еңбектері сабақ сапасын арттыру жолындағы ізденістері.

1991 жылдан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстары екі бағытта (болашақ және қазіргі мектеп), бірнеше тақырыптар бойынша жүргізілуде. Қазақ мектептеріндегі қазақ әдебиетінің мазмұнын, оқыту формалары мен әдістерін жаңарту – ғылыми-зерттеудің негізгі бір бағыты. Бұл зерттеу бойынша білім мазмұны мен құрылымын жаңартудың принциптерін концептуалдық бағыттары мен жолдарын, шарттарын ғылыми негіздейтін «Әдеби білім тұжырымдамасы» (1991-1992жж. Ә.Дайырова, Т.Ақшолақов, Қ.Жаманбаева, Г.Құрманбаева) жасалды. Соның негізінде:

- Қ.Жаманбаева «Оқушы шығармашылығын дамытудың ғылыми-әдістемелік жүйесі»;

- Қ.Бейсенқұлова «Қазақ әдебиеті сабағында компьютерді пайдалану мәселесі» бойынша зерттеу жұмыстары қолға алынды.

Егеменді ел болып отырғанымызда алдымен оқушыларымыздың санасына қазақтың ұлттық дәстүрі мен әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық өнерін жан-жақты түсіндіріп отыру керек. Осының бәрін білім беру барысында оқушылардың санасына кұя беру қажет.

Әдебиет пәні мектеп бағдарламасына орай қарастырылады, түсіндіріп ұқтыратын негізгі нысанасы көркем әдебиет сөз өнері қазыналары болғандықтан, оны өнердің басқа да салаларымен салыстырып отырудың маңызы зор. Сондықтан әдебиет пәнінің мектеп өміріні мен тәлім-тәрбие жұмыстарына тигізер игі әсері де мол. Оқушылардың адамгершілік келбетін қалыптастырып, парасат-пайымын

тереңдетуде және көркем шығармалардың күллі сұлулық, көркемдік әлемін танып түсіне білуіне жетелейді.

### Әдебиетті оқыту әдістері

Оқыту әдістерін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Оқыту әдістерінің тиімділігін арттырып, оқытудың жаңа нысандары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі.

Оқыту әдісін таңдау – күрделі процестің бірі. Ең алдымен біз әдіс пен тәсілдің ара жігін ажыратып алайық. Өйткені, әдіс пен тәсілдің ара қатынасы әлсіз. Әуелі мұғалім алдын-ала ұйымдастырылған тәсілдерді қолданған дұрыс. Оқыту процесінде мұғалімнің сабақты түсіндіруі – мұғалім сөзі не монологті әдіс деп аталады. Мұғалімнің сөзін оқушылар жазып отырса бұл оқушылардың жазба тәсілі болып есептеледі. Мұғалім сөйлеген сөздерін түрлі көрнекі құралдарды қолдану арқылы түсіндірсе, бұл мұғалім сөзінің түсіндірілу тәсілі болып табылады. Әдіс дегеніміз – оқыту мақсаты мен міндеттеріне орай оқушылардың оқу, танымдық іс-әрекеті саналы ұйымдастыратын және олардың технологиялық дағдылары мен біліктерін дамытуда мұғалім жүргізетін іс-әрекеттер жиынтығы ал тәсіл дегеніміз – әдістің элементтерін пайдалану, әдістің құрамдас бөлшектері.

Кейбір әдістерді қолдануда біржақты асыра сілтеушілікке жол бермеу керек. Әр тақырып оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Соңдықтан, оқытуда әр түрлі әдістерді қолдану қажет. Осыған орай оқыту барысында қандай әдістер тиімді, қай әдісті қай әдістен кейін қолдану қажет деген мәселе – бүгінгі күннің талабында тұрған өзекті мәселе. Сабақ өту процесінде тиімді әдіс-тәсілдерді негіздеп беретін әдебиетті оқыту әдістемесі деп білеміз. Көркем шығармаларды оқыту барысында эксперименттік, сұрақ-жауап, көркем мәтінді мәнерлеп оқу әдісі, түсініктеме бере отырып оқу, лексикалық әдіс, баяндау әдіс, жазба жұмыстары, баяндама жасау, айтыс, тағы басқа көптеген әдіс-тәсілдердің түрлері қолданылады.

Қазіргі кезде әдістердің көптігі әдебиет сабақтарын альтернативті, яғни көп вариантты етуге мүмкіндік береді. Соңғы уақыттарда оқыту мәселесіне үлкен талап қойылуда. Педагог - ғалымдар оқыту барысында әдістерді пайдалану мұғалімнің алдына қандай оқыту мақсатын қойғанына байланысты екендігінде деп есептейді. Олай болса, оқыту әдістерін жинақтауда, анықтауда мұғалім мен оқушының арасында қандай іс-әрекеттің орындалатыны, мұғалім оқушының қандай қабілетін жетілдіретіні маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі күнге дейін әдіс-тәсілдер жөнінде бірнеше тыңғылықты еңбектер жазылып, зерттеулер жүргізілген. Мұның өзі оқыту үдерісінде әдістерді дұрыс іріктеу мәселесінің күрделілігін көрсетсе керек. Әдебиетші ғалымдардың еңбектеріне сүйенер болсақ А.Байтұрсынов әдістерді былай жіктеген: жалқылау, жалпылау, талдау, жинақтау, ойын, зерттеу, сұрақ-жауап, салыстыру. Әңгіме материалын ауызша баяндау туралы ғалым «Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас» дейді. Сөз өнерінің айшықты болуы сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемділігіне, тіл тазалығына байланысты екенін дәлелдеп, алмастыру, кейіптеу, бейнелеу (ұқсату), әсірелеу тәсілдерінің мәнін ашады. Міржақып Дулатов оқытудың баяндау, әңгіме, түсіндіру әдістеріне ерекше мән беріп, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды әсерлі баяндаудың тәсілдерін көрсетіп берді. Ол «баланы толық жауап беруге әдеттендіру керек», -деп пайымдайды. Түсіндіру – жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекі құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мұғалім оқушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекі құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды түсіндірмес бұрын оларды оқушыларға түсіндірілуі керектігі айтылады. Ж.Аймауытов білім беру жүйесінде талдау, жалқылау, жалпылау, сұрақ-жауап, әңгімелесу, түсіндіру, көрнекілік, іздендіру әдістерінің тиімділігіне тоқталса, ал М.Жұмабаев көрнекілік, көшіру, көрініс қойдыру, әңгіме әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушыларға сапалы, нәтижелі білім бере алатынымызды нақтылап көрсетіп береді.

Әдістерді жіктеуге қатысты ғалымдар арасында бүгінге дейін пікірлердің арасында бірізділік жоқ.

Ю.К.Бабанский оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістерін былай топтады. Ол іс-әрекетті: ұйымдастыру, ынталандыру, бақылаудан тұратынын атап көрсетіп, әдістерді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау әдістері деп бөледі.

А.С.Макаренко еңбектерінде педагогикалық техникаға үлкен мән береді. Ол қалай тұру, қалай отыру, сөйлеу, ережелерінің болуын талап етеді.

М.И.Махмутов оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістерін былай іріктеген: ақпарат беру әдісі, түсіндіру әдісі, ынталандыру, әдісі, тәжірибелік.

Оқыту әдісін таңдауға ықпал ететін шарттар:

1. Оқыту әдістерін оның мақсат-міндеттеріне, оқушылардың жас және таным әрекетінің ерекшеліктеріне сай қолдану;

2. Мектептің материалдық-техникалық негізін ескеру;

3. Мектептің орналасқан жерін ескеру. Мысалы, қала мектептерінде оқушыларды өндіріс орындарына экскурсияға, ауыл мектептерінде мектеп жанындағы учаскелерге, табиғатқа, ауылшаруашылық өндірісіне апару;

4. Мұғалімнің шығармашылығы және шеберлігі. Оқытудың нәтижелі өтуіне негіз болатын сабақ мақсатының айқындығы.

Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру. Оқыту әдістерін дұрыс қолданған жағдайда ғана оқушылардың ой-өрісін тереңірек дамытуға мүмкіндік туады, бұл оқушылардың интеллектісін, зейінін, ойлауын арттырады. Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты болады. Бүкіл сабақ бойында бір ғана іс-әрекетті (мысалы, жаттығу жұмыстарын немесе мұғалімнің монологті

сөзі) орындаған оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы бәсеңдеп, білімді игеру деңгейлері төмендейді.

Г.Жораева өз еңбегінде ХХ ғасырдың орта шеніндегі мұғалімдер арасында кең тараған әдістерді жіктеген ғалымдардың классификациясын ұсынады:

Сөздік әдіс:

әңгіме;

түсіндіру;

сұқбаттасу;

дискуссия;

лекция;

кітаппен жұмыс.

Көрнекілік әдіс:

Иллюстрациялық әдіс;

Демонстрациялық әдіс.

Практикалық әдіс:

Жаттығу;

Лабораториялық жұмыс;

Практикалық жұмыс.

Ғалым әдістерді жіктеуде практикалық әдістерге ерекше назар аударған. Бұл оқушылардың дағдылары мен біліктерін дамытуда жетекші роль атқаратын әдістер.

Кейінгі кезеңдегі Г.И.Шукинаның білімді игертуге арналған әдістер:

Ауызекі сөйлеу (түсіндіру, әңгіме, лекция);

Сұқбаттасу (эвристикалық әңгіме);

Кітаппен жұмыс;

Диспут;

Лабораториялық жұмыс (ізденімдік әдіс);

Игерілген білімді бекітуге және дамытуға арналған әдістер:

Үлгі бойынша жаттығу;

Вариятивтік жаттығу;

Практикалық жұмыстар;

Шығармашылық жұмыстар.

С.П.Барановтың білімді игеру деректемесі бойынша әдістері:

Сөздік;

Көрнекілік;

Практикалық;  
Өзіндік жұмыстар.  
Мұғалім іс-әрекетінің формалары бойынша:

Білім беру әдістері;  
Оқыту әдістері.  
Ой қорытындысы бойынша:

Индуктивтік;  
Дедуктивтік.

Танымдық белсенділігі мен ойлау іс-әрекетінің түрлері бойынша:

Репродуктивтік;  
Түсіндірмелі;  
Проблемалы-ізденімдік;  
Шығармашылық.

Сабақтың алдына қойылған мақсатына қарай бірінен кейін бірі орнымен қолданылған әдіс-тәсілдер ғана оқушылардың шығармашылық қабілетін, теориялық дағдылары мен біліктерін дамытады.

Мұғалімдер арасында кең тараған ғалымдардың әдістерді жіктеу жүйелігі мынадай:

Жиырмамыншы ғасырдың басында әдістер екі түрге жіктелген:

Мұғалімнің жұмыс істеу әдістері:  
Мұғалім сөзі;  
түсіндіру;  
сұқбаттасу ( әңгімелесу)  
Оқушының жұмыс істеу әдістері:  
Жаттығу;  
өзіндік жұмыс.

Қазіргі таңда дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақтарды ұлттық әдет-ғұрпымызға байланыстыра өту дағдыға айналып келеді. Ана тіліміздің қасиетін алдымен оқушыларының бойына, ойына, салт-санасына сіңіруіміз керек. Мамандар іс-тәжірибесін оқытуда білім берудің мазмұнын интеграциялық тұрғыда құрып, тәрбиелік жағына, жеке тұлғаның ақыл-ойының дамуына әсер ету жағына мән беріп отыруы керек.

Мұның өзі әрі психолог, әрі педагог, әрі әдіскер (методист) шебер ұстаздың білімдарлығына байланысты. Олардың бойынан осы үш қасиет табылуы тиіс,

психологиядағы интегративтік процестер білім және тәлім-тәрбие беруді жетілдіре түсудің әдістемелік негізін біртұтас кешенді түрде шешуді талап етеді. Ең алдымен тәжірибеде жинақталған фактілер, эксперимент жасау, оны мектеп тәжірибесінде пайдалану арқылы ғылыми-практикалық қорытындылармен толықтырылды. Қазақ әдебиеті әдістемесін зерттеуде, әдістеместемелік әдебиеттерді талдау және зерттеу арқылы, екіншіден, алдыңғы қатарлы озат тәжірибені зерттеу, үшіншіден, оқу жұмысын бақылау арқылы, бір сынып, не бірнеше сынып оқушыларының білімді игеруі, қандай дәрежеде біледі, тағы басқа да мәселелер жөнінде зерттеліп белгілі қорытындыға келеді. Осыған орай, теориялық және практикалық еңбектер жинақталып, жазылып келеді.

Озат деп жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық тәжірибені айтады. Әркімнің шығармашылық жаңалығы әр түрлі деңгейде болады. Кейде мұғалімдер ғалымдардың практикада бұрыннан белгілі әдістемелік ұсыныстарын қолдану арқылы көрсеткен – жаңғыртушылық маңызы басым тәжірибесінен көрінеді. Екіншіден, шығармашылық ізденіс үстінде әдістемелік жаңашылдық элементтермен байытылған тәжірибе үлгілері арқылы табысқа жетеді.

Озық тәжірибе педагогикалық ғылыммен байланысты. Ол ғылыми идеялардың, қағидалардың, ұсыныстардың негізінде дамиды. Сондықтан озық тәжірибе – әр мұғалімнің белгілі бір шығармашылық ізденіс тақырыбымен жұмыс істеуі, тәжірибелерді талдау, әдістемелік бірлестіктерде баяндама жасаудан көрінеді.

Нақтылы бір бағдарламалық материалды өтуде көздеген мақсат негізінен бір болғанымен, әрбір оқытушы бұл мақсатқа әр түрлі әдістемелік әдіс амалдарды қолдану арқылы жетеді. Ал осылардың ішінен сыртқы қауызын алып тастап, дәнін ғана сұрыптап, таңдап, талғап ала білу мұғалімнен үлкен творчестволық қабілетті, шеберлікті талап етеді. Өйткені әдеби материалдың ерекшелігіне байланысты әрбір сабақтың өзіне тән тақырыбы, мақсаты, құрал-жабдықтары, әдіс-амалдары, барысы, құрылысы, мазмұны тағы басқалар болады. Демек сабақ өтілетін материалдың өзгешелігіне қарай, оқушыларға берілетін білім-дағдылардың түрлеріне қарай әр



алуан құбылып, түрленіп отыратын мүдделі құбылысқа, күрделі оқу тәрбиелік процесі жатады. Мектептегі оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, мұғалімнің монологі, жаттығу, сұрақ-жауап, эвристикалық әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу әдісі, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Бірнеше әдістердің түріне тоқталар болсақ олар мынадай. Түсіндіру әдісі жаңа тақырыпты түсіндіргенде жиі қолданылады, бірақ бекіту кезінде оқушылар білімді дұрыс меңгермегенде де қолданылады. Түсіндіру әдісіне қойылатын талаптар:

- сұрақтарды дәл және анық тұжырымдау;
- себеп-салдар байланысын ашып, дәлелдер келтіру;
- салыстыру, қатар қою, ұқсату, жарқын мысалдар қолдану;
- жүйелілік.

Түсіндіру – оқыту әдісі ретінде әр жастағы балалар тобымен жұмыста кең қолданылады. Бірақ орта және жоғары сатыларда оқу материалының күрделеніп, оқушылардың ақыл-ой жұмысының мүмкіндіктері өскенде бұл әдіс кіші жастағы оқушылармен жұмысқа қарағанда көбірек қолданылады.

Әңгімелесу – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді.

Әңгімелесу әдісі. Оқушыны жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді. Эвристикалық әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, олардың жаңа білімді түсінуін, қорытынды жасауын жеңілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланып жаңа білім алады.

Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Оқушы өз білімін жаңа оқу және ғылыми мәселелерді шешуге қолданады. Әңгімелесу барысында

мұғалім сұрақты бір оқушыға (жеке әңгімелесу) немесе барлық сынып оқушыларына (жаппай) қояды. Әңгімелесудің бір түрі - оқушымен әңгімелесу. Оны сыныппен, оқушылардың жеке топтарымен өткізуге болады, әсіресе жоғары сынып оқушылары өз пікірлерін айтып, сұрақтар қойып, мұғалім ұсынған тақырыпты талқылайды. Әңгімелесудің нәтижесі көп жағдайда сұрақтардың дұрыс қойылуына байланысты.

Әңгімелесу әдісінің артықшылықтары:

Ес пен тілді дамытуы;

Оқушылардың оқу-танымдық қызметін белсенді етуі;

Оқушылардың білімінің белгілі болуы;

Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс. Бұл әдіс арқылы оқушылар ақпараттарды меңгереді. Оны басқаша ақпараттық-рецепция (қабылдау) әдісі деп атайды. Осы әдіс арқылы мұғалім дайын ақпараттарды оқушыларға түрлі құралдармен түсіндіреді, ал оқушылар ақпараттарды түсініп, естерінде сақтайды. Ақпараттар әңгіме, дәріс, түсіндіру, кітап, қосымша құралдар, көрнекі құралдар арқылы беріледі. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс арқылы адамзат жинақтаған тәжірибені аз уақыт ішінде беруге болады. Оның пайдасы ғасырлар бойы тексерілген және көп елдерде қолданылады.

Репродуктивтік әдіс арқылы оқушы «дайын» білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенмен, оның ақыл-ой белсенділігі төмен болады. Эвристикалық әдіс арқылы ақыл-ой жұмысы күшейеді, оқушы білімді өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы алады. Бұл әдіс бастауыш мектептерге де таралған. Бірақ сабақты тұрақты түрде мәселелік, эвристикалық, зерттеу әдістерімен өткізу мүмкін бола бермейді.

Бинарлық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты оқыту мен оқудың тәсілдерін (хабарлау, міндеттер қою, мұғалімнің тапсырма беруі, оқушылардың тыңдауы, жаттығулар орындауы, есептер шығаруы, мәтінді оқуы, т.б.) қолдануды талап етеді. Мысалы, мұғалім оқушыларға фактілер мен ережелерді хабарлайды, заттарды көрсетеді, фактілердің мәнін түсіндіреді, оларға сұрақтар қояды. Оқыту әдістерін тандау әдетте сабаққа оқу материалының мазмұнын тандаған кезде жүреді. Ол дидактикалық мақсатқа, оқушылардың білім

деңгейіне мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты оқу.

Репродуктивтік әдіс. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушының іскерлігін және дағдыларын қалыптастырып, тапсырмалар беріп, өзі меңгерткен білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын оқушыларға қайталатады. Репродуктивтік әдіс мұғалімнен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Мұғалім сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер арқылы жаңа оқу материалын түсіндіреді, ал оқушылар ар тапсырмаларды орындау үшін қолданады.

Білімнің көлемі көп болғанда репродуктивтік әдіс түсіндірмелі-иллюстративтік әдіспен бірге қолданылады.

Репродуктивтік әдіс бағдарламалық оқытумен тығыз байланысты. Ол арқылы тәжірибелік жұмыстар атқарылады. Оқушылар өз бетімен меңгере алмайтынын, олар үшін мүлдем жаңа тақырыптарды репродуктивтік әдіспен беру керек.

Аталған әдісті шектен тыс қолдану жаттандылыққа әкеліп, оқушының шығармашылығын, ақыл-ойын дамытпайды. Себебі репродуктивтік әдісті қолданғанда оқушылар үлгі, нұсқау бойынша жұмыс істейді.

Ішінара ізденіс немесе эвристикалық әдіс. Оқушыға мәселені өз бетімен шешуге үйрету үшін, оған шағын зерттеу жұмыстарын беру керек. Мұғалім картиналар, құжаттар көрсетіп, оларға сұрақ қоюды ұсынады, фактілерден қорытынды шығартады, ұсыныстар айтызады. Эвристикалық әдіс арқылы сабақ өткізетін мұғалім алдын ала мәселені шешуге алып келетін, оқушылардың білімдерін еске түсіретін сұрақтар әзірлейді.

Эвристикалық әңгіме үшін құрастырылған сұрақтар мәселелік сипатта болады. Оқушылар ізденеді, шығармашылықтарын көрсетеді. Оқушылар жеке мәселелік сұрақтарды шешсе, онда ішінара – ізденіс әдісінің қолданылғаны. Мұғалім тапсырма әзірлеп, оның қай жерлерін оқушылар зерттеу арқылы орындайтынын белгілейді.

Зерттеу әдісі шығармашылық жұмыс тәжірибесін жақсы үйрену үшін қолданылады. Зерттеу әдісі арқылы оқушы

білімін қолданып, ғылыми таным әдістерімен жұмыс істеп үйреніп, жаңа мәселелерді шешу тәжірибесін жинақтайды.

Зерттеу жұмыстары сабақта, үйде орындалып, бір аптада, бір айда орындалатын тапсырмалар жоспарланады. IX-X сынып оқушыларын әдебиетті іріктеуге, аннотация жасауға, конспектілеуге, картотекалар жасауға, жоспар жасауға, материал жинауға, оның жоспарын жасауға, құрастыруға, баяндауға үйрету керек.

Зерттеу кезеңдері:

- 1) факті, не құбылыстарды бақылау, зерттеу;
- 2) зерттелетін мәселелерді анықтау;
- 3) мәселені шешу жөнінде жорамал айту;
- 4) зерттеудің жоспарын жасау;
- 5) зерттеу;
- 6) нәтиже;
- 7) оны қолдану туралы ұсыныс.

Оқушының шешетін мәселелері оқу бағдарламасына ену керек. Оқушының зерттеуі ғалымның зерттеуіне ұқсас, күрделі болмау керек. Оларды әдіскер-ғалымдар жасайды.

Дедукция әдісі арқылы оқушы өзі білетін қорытындыларды, ережелерді, ғылыми заңдарды бақылау жүргізгенде, тәжірибе жасағанда, жаттығу жазғанда қолданады.

Индуктивтік әдіс. Индукция – латын сөзі. Оқушыларды белгілі бір қорытындыларға алып келу. Алдымен оқушыларға жеке заттар, құбылыстар түсіндіріледі, фактілерден қорытындылар шығартады. Индукция әдісі дедукциямен бірге қолданылады. Осы екі әдіс арқылы ой-тұжырымдарын жасау – оқытудың логикалық негізі болып табылады. Оқу пәнінің мазмұны, логикасы бағдарламасы индукция әдісін қолдануды талап етеді. Индукция әдісі бастауыш сыныптарда жиі қолданылады. Себебі бұл жастағы балалар нақты жеке құбылыстарға қызығады. Олардың кейбір белгілерін анықтап, талдап, қорытындылар жасайды. Осылайша жасалған ұғымдарын сөз арқылы айтады. Осы кезден бастап дедукция әдісі қолданыла бастайды.

Импрессивтік әдістер. Импрессия (латын сөзі – әсер, толғаныс, сезім) әдісі арқылы балалар мен жастар немесе ересектер шығарма және оның авторы туралы ақпарат алып,

оны талдап, шығарманың негізгі идеясын айтады.

Оқушы шығарманың негізгі идеяларын оның кейіпкерлерінің мінез-құлқымен, жүріс-тұрысымен салыстырады, өзінің сөзі мен ісіне ойлана қарай бастайды.

Осы әдісті әдеби шығармаларды, сахналық қойылымдарды, кинофильмдерді, сәулет өнері, саз өнері шығармаларын және адамның мінез-құлқын талдау үшін қолдануға болады. Бұл әдістің тиімділігі ең алдымен шығармаларды іріктеуге, мұғалімнің оқушыларды әсерлендіре білуіне, оқушылардың өз ойын басқалармен бөлісе алуына байланысты. Экспрессивтік әдістер. Экспрессия (латын сөзі – бейнелеу) әдісі арқылы жасалған жағдайда оқушылар нақты құндылықтар жасап, өздерін танытады. Бұл әдісті көбіне драмалық шығармаларды оқытуда пайдаланған тиімді. Оқушылардың сахналық қойылымдарда түрлі рөлдерде ойнауы, сценарий жазулары, режиссер, ұйымдастырушы болулары, қарапайым шығарманы сахнаға лайықтап қоюы. Мұғалім экспрессивтік әдісті шығарманың фабуласын баяндатуда сол арқылы топқа және жеке оқушыларға сурет салдырып, мүсін жасатады, қысқа метражды фильм шығартады. Оқушылар жұмысының көрмесі, тарихи оқиғаларды сахнаға лайықтап қою да экспрессивтік әдіс арқылы жасалады.

Адамдардың қарым-қатынасын әнмен айтылатын қысқа комедиялы пьеса немесе психологиялық драма түрінде көрсету оқушыларға жақсы тәрбие береді. Бала тебірене, толғана отырып рухани құндылықтарға баға береді. Бұл баға өзгермейді.

Экспрессивтік әдіс оқушылардың шығармашылық белсенділігін туғызады, фотоаппарат, ұнтаспа, радио, теледидар, ұлғайтқыш аппараттар, кинокамера, күйтабақ, бейнемагнитофондар адамдар жасап шығарған рухани мәдениетті көруге, үйренуге көмектеседі, тәрбиеленушілердің біліктілігін арттырады. Оқыту процесінде баланың оқу іс-әрекетіне оң көзқарасын туғызу Оқушыға оқудың пайдасын түсіндіру. Ойын – оқыту әдісі. Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын – қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Ойын оқушылардың танымдық қызмет процесіне көтеріңкі көңіл-күймен тартылуын, зерттеу

тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен жүйелілігін, танымдық қызметтің саралануын, танымдық дербестікке ұмтылу барысындағы оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Ол мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің негізгі түрі, ал оқушылар мен ересектер ойынды сабақтан және жұмыстан қолы бос кездерінде ойнайды. Бірақ оқуда да, еңбекте де ойын элементтерін қолдануға болады. Оқушылар ертегілерді, аңыздарды, әдеби шығармаларды, өмірден алынған оқиғаларды сахнаға лайықтап қойып, өздері түрлі рөлдерде ойнайды. Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, оқушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отыруды мұғалім өзі белгілеп, өзі таңдап алады.

Интеграциялап оқыту әдісі. Білім мазмұнын жетілдірудің ғылыми ұтымды оқыту жолының бірі – сабақты интеграция әдісімен жүргізу. Интеграциялау – бөліктерді бүтін шығатындай біріктіру, оларды біртұтас болатындай етіп қосу. Осы тұрғыдан қарастырғанда, кейбір пәндерге қатысы бар материалдарды белгілі бір пән ауқымында жеке өткеннен гөрі, оның мазмұны кең қамтылатындай етіп, интеграцияланып оқытылғаны тиімді. Интеграциялау – материалды жан-жақты игерту, оқушылардың сабақта алған білімдерін өмірлік практикада қолдануда тиімді әдіс. Зерттеу іздендіру бағытындағы проблемалық тапсырмалар жүйесі, қашықтан оқыту, электронды оқулықтарды пайдалану тиімді.

Ой қозғау әдісі.

1. Ой қозғау:

- а) берілген тақырып бойынша оқушының өздері білетін мәліметтерін бір параққа тізбектеп жаздырту (топпен жұмыс);
- ә) серіктесімен ой бөлісу (жұппен жұмыс);
- б) өздері білетіндерін тақтаға, кадоскопқа тізбектеп жазу.

Ой қозғау қызығушылықты ояту, мағынасын тани білу, тақырып туралы толғаныстан тұрады. Сабақтың өн бойында мұғалім тек бір ғана әдісті қолдануы да болмайды. Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс

істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі.

Оқыту әдістері оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталуы керек. Олай болса, оқушының танымдық іс-әрекеті мен шығармашылық дамудың нәтижелілігі, оқыту әдістерін комплексті түрде ұйымдастырудың алғы шарттарын жасауда болып табылады.

Дұрыс іріктелген әдіс тек оқушының білімді игеруіне ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар оның шығармашылық қабілеттерін де арттырады. Мектептерде әдістемелік заңдылықтар мен ұстанымдарды, түрлі әдістерді ұтымды пайдаланса сабақ сапалы болады. Оқушы білімінің сапалы болуы сабақ жүйесіне, әр сабақтың ішкі мүмкіндігіне, оларды ұлттық дәстүрмен ұштастыра білуге, оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істетіп, біліктері мен дағдыларын іскерлікпен дамытуға байланысты.

### **Көркем шығарманы талдаудың түрлері**

Көркем шығарманы талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Оқушы көркем туындыны өз дүниетанымы, сезімі, білім дәрежесіне байланысты қабылдайды. Әдеби талдаудың басты мақсаты – оқушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау болып табылады. Көпшілік ұстаздар талдауды бастамас бұрын, оқушылармен сол туынды жайында арнаулы әңгіме, пікірлесу өткізеді. Оның тиімділігі сол, мұғалім оқушының көркем туындыны қалай қабылдағанын аңғарады, оқушыларды өз беттерімен талдауға жетелейді, тілін дамытады, көркем шығарманы қабылдай алу, оған пікір айта білу дағдыларын қалыптастырады. Оқылып отырған материалдың оқушыны тебірентуі, қуанышқа бөлеуі, таң қалдыруы, аяушылық сезімін тудыруы сабақтың мақсатына жетуді тездетеді.

Әдебиет сабағының негізгі материалы – көркем шығарма. Оны жете білу, талдау арқылы жүзеге асырылады. Көркем шығарманы талдау принциптерінде орта буын мен жоғары сыныптарда ұқсастық бар. Бірақ әр сынып

оқушыларының жас ерекшелігі мен білім сапасына қарай талдаудың да деңгейі әр түрлі болады. Сөйтіп, оқытушы көркемдеп оқытудың жаңаша жолдарын ұсынып, мұғалімдерден соны іс-әрекеттерді талап етеді. Балалар дұрыс оқи алмай, қиналған жерде мұғалім өзі оқып, көрсету керек. Көркем шығарманы талдау барысында сөздік әдісті мектептің барлық сатыларында қолданылып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығын өзгереді. Әңгіме арқылы жаңа білімді хабарлау үшін оған кейбір талаптар қойылады. Олар ой пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін жарқын және нанымды мысалдардың, фактілердің жеткіліктілігі, әңгіменің жүйелілігі болуы керек, әңгіменің әсерлілігі, тілінің қарапайымдылығы және түсініктілігі, мұғалімнің фактілер, оқиғаларға берген бағасының болуы.

Әдебиеттану ғылымы әдеби талдауда мына мәселелерге көңіл аудартады:

1. Көркем туындыға авторлық көзқарас;
2. Көркем туындыдағы мазмұн мен форма;
3. Суреткердің көркем тәсілі, дүниетанымы, көзқарасы, олардың арасындағы байланыс.

Әдеби талдаудың қай дәрежеде болуы мұғалімнің талдау әдіс-тәсілдерін қалай меңгергеніне байланысты болып келеді. Мұғалімнің терең әдеби білімі, кең ой-өрісі, көркем туындыны объективті түрде бар бітім-болмысымен қабылдай білуі де талдауға әсер етеді. Талдауда композиция, сюжет, жазушы стилі, көркем туынды негізінде жатқан идея, оның көтерген мәселесі ерекше назарға алынады. Сонымен қатар оның мәтінді толық түсініп оқу, жартылай түсініп оқу, интенсивті және экстенсивті оқу, күрделі және жеңіл оқу сияқты түрлері де бар. Мұның өзі оқудың күрделі сөйлесім әрекеті екендігін көрсете келіп, әлі де уақыт елегінен өтіп, жан-жақты қарастырылуға тиіс мәселе екенін дәлелдейді.

Жан-жақты, толық талдау көркем туындыны тұтастай қарастырып талдайды. Бұл талдау мәтіндік деп те аталады. Талдаудың бұл түрі – шолу бағытындағы талдаулар. Мұғалім көркем туындыны жалпылама шолу бағытында қарастырады. Проблемалық сұрақтарға немесе белгілі бір эпизодтарға арнайы тоқталмайды. Көркем шығарма сюжеті,



композициясы, тілі, көтерген тақырыбы тұтастай қарастырылады.

Мәнерлеп оқу, түсіндірмелі оқу, рөлге бөліп оқуға ерекше назар аударылады. Мәтінді осылай оқи отырып, сұрақ-жауап, проблемалық жағдаят тудыру, оны шешу, т.б. әдіс-тәсілдер арқылы талдау жүргізіледі.

Талдау барысында жиі-жиі оқушыларды қозғау салып, олардың қиялы, ойына ерік беріп отыру да драмалық шығармаларды оқытудың тиімді жолдарының бірі. Көркем шығармада адам бейнесі жинақтау түрінде беріледі. Жазушы белгілі бір көркем туындыны жазу үшін өмірмен, оның заңдылықтарымен танысады. Өзі суреттеп отырған көркем бейнені белгілі бір әлеуметтік орта мен дәуірге сай талғап таңдайды, іріктейді, жинақтайды.

Ғ.Мүсіреповтің «Жаңа достар» шығармасын оқытқанда бірінші сағатында өз бетімен толық тапсырма беріп, екінші сағатында мазмұнына шолу мақсатында сұрақтар беріп, жауап алғаннан кейін «Кім? Қайда? Қашан?» ойыны арқылы шығармалардың ең қызық деген оқиғаларынан үзінде оқып кімнің сөзі қашан, қайда айтқандығы туралы сұралса болады.

7-сыныптағы С.Мұқановтың «Саятшы Ораз» шығармасын оқытуда оқушыларды топқа бөлу арқылы бір-біріне сұрақ қою арқылы тексерсе болады.

Бұл тапсырмадан оқушының өзіндік ойы көрінеді.

Әрбір сабақ мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Ал, шеберлік - әр әдісті, әр сөзді орнымен пайдалану.

Көркем бейне – көркем өнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі екендігін таныту.

Көркем образда екі түрлі ерекшелік – жинақтау, жалпылық сипаттарды топшылап-түйіндеу және даралау, жекелік қасиет-белгілерді нақтылы түрде көрсету – осы екеуі іштей астасып, қабысып жатады. Көркем образ – әдебиетте, өнер салаларында өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты, адам тағдырын бейнелеп көрсету тәсілі.

Образдар жүйесіне талдаудың мектеп тәжірибесінде дәстүрге айналған өте көп тараған түрі болып табылады. Көркем туындыдағы бас кейіпкерлерге толық талдауда кейіпкердің ұнаған, ұнамаған әрекеттеріне назар аударады. Образды талдау оқушылардың эмоциялық қабылдауларын бір арнаға, жүйеге бұрады. Автордық идеялық проблематикасы, көркем шығарма негізіндегі терең ойы көбіне осы кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы берілетінін түсіндіреді.

Авторлық көзқарас шығарма негізіндегі басты проблема – образдық талдауда ерекше назарға алатын мәселелер болып табылады. Мысалы, Құнанбай бейнесі арқылы автор XIX ғ. 2-жартысындағы феодалдық қоғамды, оның бас өкілін сомдайды. Бұл образды жасаудағы автор мақсаты да сол. Құнанбай іс-әрекеті, оның әр түрлі қылықтары сол қоғам сипаты дәрежесінде көрсетіледі. Олай болса, талдауда осы мәселелер еске алынуы керек. Образдық талдау жүйесінде мұғалім шығарманы тұтастай қарастырып, оның барлық компоненттерін бірлікте ала отырып талдау тиімді.

Романтикалық образ – негізінде қиял жататын образ. Баяғы көне дүние әдебиетінде, мифте, ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Бұл – өмірде қазірше жоқ, бірақ болатын дерекке негізделген образдың түрі, яғни биік арманға құлаш ұрған кейіпкер.

Реалистік образ – әдебиеттегі адам бейнесінің ең сымбатты, шынайы түрі; қолмен ұстап, көзбен көргендей затты әрі жақын, мінез-құлқы, іс-әрекеті, қоршаған ортасы, басынан өтетін оқиғалары бәрі өлшеулі, бәрі мөлшерлі образ. Бұл – өмірдегі бірнеше адамнан жинақталып, творчестволық қиялға суарылып шығарылған типтік образ.

Эпикалық образ – кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінген әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип, көркем бейне жасаудың портрет, мінездеу, диалог, монолог және т.б. амалдары көп қолданылып жасалатын образдың түрі.

Лирикалық образ – сыршыл өлең жырлардағы ақынның өз бейнесі, оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл-күйінен, нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған

өзгеше кейіпкер, оның субъективті көңіл-күйінен, сан иірім сұлу сыры мен сезімі арқылы жасалатын образ.

Драмалық образ – өмірдің өз аясында, сахнада көзбе-көз, қолма-қол жасалатын; тірілермен тірілерше дидактасып, оларды қолма-қол күлдіріп не жылатып, тікелей ықпал жасап, тебірентетін; шиеленіскен тартыстар мен қым-қиғаш қимыл-әрекеттер арқылы жасалатын образ.

Әдебиет туралы ғылымның ең басты және өзекті мәселесі – образ және образдылық. Образдың қазақшасы – көркем бейне. Ең қарапайым мағынасында образ – суретті сөз.

Күлімсіреп аспан тұр,  
Жерге ойлатып әр нені

(Абай)

«Күлімсіреп аспан тұр» дегенде Абай аспанның ашық, нұрлы екенін айтып отыр. Бірақ аспан ашық деген сөздің әсері аспан күлімсіреп тұр дегендей болмас еді. Өйткені алдыңғысы әншейін хабар, ауызекі айтыла салған сөз ғана да, соңғысы – сөзбен салынған сурет. Бұл әрі нақты, әрі затты. Бұл бедерлі бейне, көркем образ. Сөз зергерлері көркем сөз арқылы бұлайша, өрнек төгіп, айшық жасамаса, әдеби шығарма да тумас еді.

Сөз арқылы көркем бейне жасалмаса, жансыз табиғатқа жан бітпес еді.

Талдаудың бәрі де дайын лекция оқу, талдауды да үнемі лекцияға құру міндет емес. Талдаудың бәрі де мәтінге құрылуға тиіс. Оның әдісі – сыныпта өтілетін әңгіме-сабақ. Жоғарғы сынып оқушылары мұғалімнің берген лекциясы бойынша өздері конспект жасауға тиіс. Лекция жай, түсінікті баяндалады. Оқушылар негізгі деген жерлерін жазып алады. Бұл сыныптарда конспект тексеру, түзету маңызды іс. Жүре-бара конспектінің публицистикалық еңбекке жасалатыны, оның кіріспесі, не тезисті, дәлелдеуші бөлімі, аяқтамасы болатыны түсіндіріледі.

Үйретудің басты бір буыны – оқушы жауабы. Лекцияны түсінікті етіп жазғаны сияқты, олар сөзін де аналитикалық ізде, байланысты, мақсатты етіп сөйлеуге тиіс. Өрбір оқушы жауабы – өзінше бір талдау, біткен ой, объект. Мұны үздіксіз бақылаймыз, дағдыландырамыз.

Енді талдау сабақтарына тоқталар болсақ, лекция мен бағдарлаушы әңгімеден бұрын оқушы талданатын сауал туады. Оны көп жағдайда мұғалімнің ұқыптылығы мен оқушылардың дайындығы біледі. Оқушының оқыту, үлкен романды оқығанда оқушыларға алдын-ала сұрақ-тапсырма, талдап келуге лайықталады. Бұл – оқудың мақсаты мен объектілері.

Шын педагог оқушыдан қол үзуге тиіс емес. «Абай жолы», «Ботакөз», «Ақбілек» сияқты романдарды оқыту барысында қазақ әдебиеті пән мұғалімі мұны да ескергені жөн.

Бағдарлаушы әңгіменің тағы бір түріне жанрлар табиғаты мен олардың туу процесін танып алу жатады, бағдарлаушы әңгіменің екі жағы бар екен. Бірі – шығарманы түгел, әдеби түрде талдап оқыту мақсатын көздейтін болса, екінші – оның ырғасын, тақырыбы мен идеясын, әдеби-тарихи желіде бағдарлап алу. Мұнда теория элементі бар. Ол – тек алғашқы жинақтау емес, кейінгі талдауға жол салатын, текстологиялық қасиеті мақсаттылық, бүтіндік шықпай қалды. Мысалы, драма, проза жанрларын сөз еткенде, олардың даму жолын салыстырамыз. Жамбыл поэзиясын әңгімелегенде бұрынғы ауыз әдебиетін еске түсіреміз. Мұны жинақтау түрінде кейін әгімелеуге де болады.

Басқа сабақтар сияқты, бағдарлаушы әңгіменің сабақ жоспарын уақытпен жасау керек. Оның бастылары – материалдың объектіге құрылып, жүйеленіп әңгімеленуі, үзінді оқу, мысал келтіру, сынып жұмысының методикасының, оқушы жауаптарының формасын ойластыру, әсіресе әңгіме әдісін дұрыстап жүргізу, оған оқушыларды күні бұрын берілген сұрақ-тапсырмалар бойынша жақсы әзірлеу сияқты шарттар.

Мектеп қабырғасында Абай шығармаларын, шешендік сөздерді оқыту арқылы оқушыны шешен де шебер сөйлеуге, ұлттық тіл мәдениетіне қалай баулуға болады? -деген сұрақ тұрады. Әрине әдіскер-ұстаз осының бәрін де қамтып, қазақ халқының ата-бабалы, киелі, ырым, тыйым сөздері мен қанатты сөздерінен басқа, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштары т.б. ұғымдарды игерту – мұғалімдерінің бірден-бір жұмысы. Бұл жұмыстар үлкен шеберлікпен сабақта

ауызша да, жазбаша да, оқушылардың өз бетінше жұмысына тапсырма беру арқылы да жүзеге асып жатады.

Мектепте ақындарымыздың туындыларын, әдебиеттің тарихи курсы бойынша қалай оқытамыз, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты қандай сабақ түрлерін және ол сабақтарды оқытудың қандай әдіс-тәсілдерін пайдаланамыз? Осы жайларға тоқталайық.

Жалпы мектеп бағдарламасы бойынша орта буын сыныптарда кеңінен қолданылатын сабақ түрі лекциялық сабақ.

Лекция сабақ. Бұл әдіс 8 сыныптан бастап қолданылады. Лекция сабағының мақсаты:

1. Тақырыпты толығымен мұғалім не оқушы оқып шығады, оқушы зейін қойып, өзіне керекті деректерді жазып алады, есте сақтайды. Тыңдай отырып жазу дағдысына қалыптасады.

2. Тақырыптан керекті деген сұрақтарды тауып, мұғалімге сұрақ қоюға үйренеді. Бұл сабақ түрлі оқушыларға жауапкершілік жүктеп, зейінмен лекцияны тыңдауға үйренеді. Сол арқылы тақырыпты меңгереді.

Лекциялық сабақтың мынандай түрлері бар:

1. шолу түрлеріндегі лекция;
2. монографиялық лекция;
3. әдеби-терминдегі лекция (бұл өте сирек болады).

Мұның ішінде кіріспеге жататындары шолумен монографиялық лекциялар болады. Бұлардың мазмұны мен қызметі, әдісі мынандай:

Шолу түрлеріндегі лекция.

Бұл – әрбір кезеңнің тарихи-әлеуметтік және мәдени-әдеби құрылысын танытатын, монографиялық талдауларға аса қажетті, әдебиеттің қоғам өмірін көрсетіп, көбіне әдебиеттің сыртқы заңдарына құрылған лекциялар. Оның орталығында әдеби бағыттар, стильдер тартысы, авторлар позициясы, әдеби дамудың белгілері бір дәуірдегі қалпы. Сонымен бірге шығармасы шолу түрінде әңгімеленетін авторлар тұрады. Шолу лекциясы, біріншіден белгілі бір дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық саяси жағдайды таныту, оқушыға сол заман шындығын дәл жеткізуді көздейді. Екіншіден, сол кездегі мәдени-әдеби процестің жайын әңгімелейді, мұның

материалын әдебиет оқулықтарынан аламыз. Әдебиет - қоғамдық пәндердің бірі. Әрбір қоғам, кезең әдебиеті, оның қызметі, мазмұны мен формасы жайлы Шоқанның, Абайдың ой пікірлері осы тұста әңгімеленіп, қосымша материалдар оқытуға айрықша зейін қойылады.

Үшіншіден, шолуда монографиялық түрде өтілмейтін ақын-жазушылардың шығармасына, мысалы, 9-сыныпта өтілетін Зар заман кезеңі ақындарының шығармашылығына қысқа түрде нақты талдаулар беру қажет. Бұл ақындар толғау ақындары болды, феодалдық ортадан өсіп шықты деу жетімсіз. Сонымен бірге әрбір өлеңдерін қысқа түрде болса да талдап, оқушыға ұстамдырақ ұғым берген жөн.

Мысалы, Зар заман кезеңі ақындардың шығармашылығына арналған сабақты шамамен мынандай түрде өткізуге болады. Кезінде әдебиет тарихында орны дұрыс бағаланбаған үлкен бір дәуір әдебиетінің өкілдері болғандығын, олар ғасыр ақындары – Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы Мұрат Мөңкеұлы сияқты ақындар екендігін айту, олардың зары, шері, заман көрінісін бейнелеген арнау, толғау өлеңдер туралы сөз ету.

Бұл тақырыпта осы ақындар өмір сүрген заман Ресейдің отаршылдық саясаты дәуірлеп, қазақ жерінің нағыз талауға түскен шағын, ел билеу жүйесіне өзгеріс енгізіліп, халықтың салт-дәстүр жолының кесілуін өз шығармаларында отаршылықты ашықтан-ашық сынағандары сөз болды. Отаршыларға беріле қызмет еткен, елін сатқан, екіжүзді болыс, старшын, аға сұлтандардың типтік бейнелерін жасай отырып, олардың екіжүзді сатқындық істерін «қорғау қасқыр», «жаман ит» әрекеттерімен салыстыра суреттеулері сөз болды. 9-11 сыныптарда монографиялық тақырыптарды оқыту барысында мұғалім әңгімені жазушы-ақын портретін талдаудан бастағаны абзал. Портретте ақын-жазушының жан-дүниесі, интеллекті, даралық ерекшеліктері жатады. Портреттерді сабақта үш түрлі бағытта пайдалануға болады:

- 1) жазушының жеке басына тән қасиеттерді сарапқа салып, өнері, қызметі, шығармашылығынан мәлімет беруде;
- 2) автордың басты туындысына өзінің жеке басына тән қасиеттері тигізген ықпалын шамалауда;

3) монографиялық тақырыпты түйіндейтін бөлімінде оқушылардың пікірлерін жинақтау барысында.

Кейіпкерлер портретін салуда әр суретші әр қырынан келіп, түр-түсін өзгертпегенімен, жан құбылысы, эмоциональдық қалпын өздерінше шешеді. Мұғалім осы портреттер коллекциясын қорытынды сабақтарда оқушыларға үлестіріп іздестіреді, олардың көркемдік ойлау фантазиясынан өзгешеліктер таптырып, олай бейнелеулерінің себебін түсіндіруге тапсырма беріледі. Абзалы, әдеби кейіпкерлерді мәтінмен, сол мәтінге салынған суретшінің иллюстрациясымен салыстыра жұмыс істеп, айырмашылықтарын ажыраттыру оқушыларды мәтінге бойлай енуге, детальдарды байыппен бақылап, ойлау жүйесін күшейтуге, сөздің семантикалық мағынасын қадағалап, зерделеуге төселдіреді. Өзара туыстас пәндерді өте тиімді интеграциялап, квалификациялық шеберлікпен жүзеге асыру, қарастырып отырған шығармаға деген оқушының ынтасын күшейтіп, сөз өнері туындысын ынта қойғыза талдатқызу теориялық-әдеби ұғымын нығайтады. Дүниетанымын байытып, олардың эстетикалық, көркемдік мәдениетін өсіреді.

Романтикалық шығармаларды қарастырғанда кескін өнері, әуез өнері туындыларын пайдалану ерекше қиял-ғажайып дүниесіне жетелеп, жоғары рухты кейіпкерлердің кескін-келбетін айшықтандыра, мінез-құлық әрекеттерін ерекшелендіре түспек. Сонымен пәнаралық байланыс - қазір оқыту процесіндегі оқушыларға, білім алушы объектіге комплексті әсер етудің ең тиімді құралы. Монографиялық лекция. Бұл шығармалары арнайы өтілетін авторларға құрылады. Алғашқы лекция жеке автордың заманын, оның өмірін баяндайды, екінші лекция оның творчествосына, тудырған жанрларына құралды (Кейбір авторлар тұсында бұл екі сала бір лекцияға сыйыстырылады).

Мысалы, 10-сыныпта Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен творчестволық жолына арналған екі лекцияның жоспары мынадай болуы мүмкін.

1-лекция. Сәкеннің өмірі мен революциялық қызметіне арналады да, төмендегіше жоспарланады.

а) Сәкеннің жастық шағы.

- ә) Сәкен орыс білімін алу жолында.
  - б) Студент Сәкеннің қоғамдық істері, (1905 жыл, «Өткен күндер», «Айқапқа» қатысуы).
  - в) Сәкен 1916 жылы.
  - г) Сәкен Қазан күндерінде.
  - д) Сәкен азамат соғысы күндерінде.
  - е) Сәкен - үкімет қайраткері, революционер.
  - с) Сәкеннің жазушылық және педагогтың істері.
- 2-лекция. Сәкен шығармашылығына арналған лекция.
- а) Сәкен лирикасындағы Отан, туған жер табиғатының сұлулығы тақырыбы.

- ә) Сәкеннің махаббат лирикасы.
- б) Сәкеннің жаңашылдығы.
- в) «Тар жол, тайғақ кешу» романының тақырыбы, идеясы, композициясы, кейіпкерлері, жанр ерекшелігі.

Монографиялық лекцияның тағы бір түріне үлкен романдардың суреттейтін заманы, көтерген проблемасы жайындағы лекция жатады.

Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» романын өту жолында анық танылады. Мұндай лекция 2-3 сағатқа бірден дайындалуы мүмкін немесе мұғалімінің шеберлігіне байланысты шағын тақырыпшалар арқылы да берілуі мүмкін.

Жалпы бұл лекциялық сабақ жоспары мынандай болуы мүмкін:

Сабақтың тақырыбы: М.Әуезовтің «Абай жолы» романы.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі бойынша жазылған романмен таныстыру. Абай образын ашу, жазушы стилімен таныстыру, тарихи шығарманың қазақ әдебиетіндегі орны. Қазақ халқының өткендегі тарихымен таныстыру.

Сабақта қолданылатын әдіс. Баяндау, сұрақ-жауап әдістері.

Сабақтың түрі: лекция.

Сабақтың барысы:

- а) Ұйымдастыру кезеңі.
- ә) Үй тапсырмасын тексеру.
- б) Жаңа сабақ
- в) Қорытынды.

Жаңа сабақта мына жоспар бойынша лекция оқылады:



Романның идеялық-тақырыптың негізі. Шығарманың басты кейіпкері -ұлы ақын және халық. Қоғам өмірінің бай суреттері. әлеуметтік-адамгершілік проблемалары.

Халқымыздың адамгершілігі және рухани әлемі. Дәркембай, Базаралы, Әбілғазы бейнелері. Халық және Абай. Романдағы әйелдер бейнесі. Қазақ әйелдерінің кеңпейілділігі мен мейірімділігі. Ана тақырыбы (Зере, Ұлжан). Тоғжан мен Әйгерім – сөнбес махаббат пен шыншылдықтың символы. Абай мен жастар бейнесі (Әбіш, Мағаш, Дәрмен). Абай өміріндегі өнер.

М.Әуезовтің жазушылық шеберлігі мен таланты. Ана тілінің байлығы, жазушы тілі, шығарма тілі. «Абай жолы» романы – әлем әдебиетінің монументальды туындылары. Әдебиет теориясы. Психологиялық портрет.

Жинақтау лекциялары. Бір-екі автордың стилін, жанрларын салыстыру немесе бір автордың өз стилін, ашқан жаңалығын, жеке романдардың көркемдік ерекшеліктерін жинақтауға құралады.

Талдау формасындағы лекциялар. Тарихи курс әдісінде сыныпта, не үйде талдау негізі орын алып, лекцияның рөлі тек жәрдемші қызмет атқаруға тиіс. Сондықтан сабақ сайын лекция оқу, талдауды да үнемі лекцияға құру міндет емес.

Кейде оқушыларды топ-топқа бөліп, мәтінді оқытып алып, бірінші тобына кейіпкерлер мінездемесін, екінші тобына композициялық жоспарын жасап, үшінші тобына кейіпкер тілін, төртінші топқа суреттеу тәсілдерін (пейзаж, портрет, сипаттау, мінездеу, эпилог, пролог, монолог т.б.) анықтап, талдау жүргізу тапсырылады. Бұған әуелі шағын әңгіме, поэма, повесть алынады. Оны, сынып оқушыларын қатыстыра отырып, талдап шығамыз. Бұл – жеке компоненттерді талдап, дағды алған соң жүргізіледі. Талдау сабақтарының басқа да, оқушылардың баяндамалары, пікір-талас сабақтар сияқты түрлері бар.

Оқушылардың логикалық ойлануына және өз беттерінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге көмегін тигізетін басқа да сабақтар түрлері бар.

Театрланған пікірталас. Театрланған пікірталас сабақтының мақсаты:

1. Сабақ баланы тұйықталудан құтқарады, еркін ойлауға жетелеп, шәкірт ойын дамытады.

2. Тақырыптың тың саласына зерттеуші ретінде тұжырым пікірлерін айтады.

3. Сахналық көріністің кейбір кезеңдерімен танысып, өздерінше жүзеге асыруға үйренеді.

Қандай сабақ болса да, сабақтардың кезеңдері қатып қалған схема емес, оны өзгертіп, түрлендіру кез келген ұстаздың қабілетіне, білім деңгейіне, ұйымдастыра білу жолына байланысты болады. Әр сабақта, шығарманың тақырыбын меңгерту барысында ұстаз алдына қойған мақсаты мен шеберлігін ұштастыра отырып түрлендіріп отыруға тиіс. Драмалық шығармалардың оқытылуы Драмалық шығармаларды талдау алдында драмалық шығармалар, оның түрлері – трагедия, комедия, пьеса, акт, көрініс, перде, сурет, монолог, диалог, тартыс туралы алғашқы ұғым беріледі. Талдау барысында, соңында нақты мысалдар арқылы бұл теориялық ұғым тереңдете берілуі керек.

Талдауды драмалық шығармаларды ұнтабақтан тыңдау немесе содан көрініс көрсетуден бастаудың маңызы зор. Сондай-ақ оқушылар қызығушылығын арттыру мақсатында драманың жазылу тарихы, оны ойнаған артистер туралы әңгімелеу, туынды туралы әдебиетшілер, сыншылар пікірі жиыылған көрнекіліктерді пайдалану тиімді болады.

Талдауда мәтінге сүйенуі, үнемі соған арқа сүйеу, әсіресе, драмалық шығармаларды оқытудың алтын арқауы болып табылады. Мұғалім ең негізгі көрініс, актілерді, монолог, диалогтерді бөліп ала отырып, сол бойынша жұмыс істеуі керек.

Драмалық шығармалардың көркем қара сөзбен де, өлең сөзбен де жазыла береді. Жазылу, сахнада орындалу шындылықтары. Драматург-режиссер – әртіс схемасына түсінік беру.

Драмалық шығармаларды оқытудың өзіндік ерекшеліктері. Оқушылар қызығушылығын арттыру жолдары. Драма (грекше - drama - қимыл – әрекет) – әдебиеттің бір тегі, шындықты айрықша тәсілдермен сілтеу қолына келтіріп, шиеленіскен тартыстар үстінде жинақтап, оқиғаға қатысатын адамдардың сөзі мен ісі арқылы

көрерменнің көз алдына қолма-қол көрсететін күрделі жан – «Әдебиеттің ең қиын түрі». Драмалық шығармаларды талдау әдістемелері:

Талдау бастамас бұрын, балаларға өтілгелі отырған драмалық шығармаларды алдын ала оқыту керек. Балаларға оқу барысында ақыл-кеңес, бағыт-бағдар беру міндетті түрде жүзеге асырылады. Әсіресе, ең негізгі, басты тартыстар, шиеленістерді көрсететін акт, суреттерге ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Оны мұғалім үлестірме-нұсқау арқылы да жүргізеді.

Драмадағы ең басты, ең шешуші, ең негізгі нәрсе – тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, көздеген жерге дір етіп тиердей дәл, санаға мықтап тұжырымды, қысқа, түйінді болады. Өйткені, романда бір бетке суреттелетін шындық пен суретті пьесада бір ауыз сөзбен беру қажет. Ал әр сөз, әр сөйлем шындықты ғана емес, сол сөзді айтқан кейіпкердің мінезін аңғартуы керек, әр адамның сөзі өзін танытуы шарт.

Драма деген терминнің мағынасы қимыл екенін тегін деуге тағы болмайды: қимыл, әрекет жоқ жерде драматургиялық шығарма да жоқ. Тартыс атауының ең бір шиеленіскен, шым-шытырық, күрделі түрі пьесада жатады.

Драмадағы шындық көркемдік шешімін тек сахнада табады, драматургиядағы образ тек сахнада жасалады.

Шолу тақырыптарын оқытуда сол дәуірдің тарихи-элеуметтік жағдайына көркем әдебиеттің сабақтастық байланысына сипаттама беру. Оқылатын тақырыпқа сай қосымша әдебиеттер пайдалану тиімді.

1. Көркем туындыдағы жазушы ойы, идеясына көз жүргізу. Тарихи-элеуметтік жағдайлар, болған оқиғалардың қоғамдық-саяси сипаттары туралы түсінік беру.

2. Көркем туынды композициясын талдау тәсіліне бас кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, негізгі оқиғаларды сұрыптау, портрет, суреттеулердің көркем туындыдағы орнына тоқталу жатады.

3. Жазушы стиліне талдау жасаудың маңызы сол, ол туынды негізінде жатқан авторлық көзқарас, идеяны ашуға көмек жасайды.

4. Көркем туындыны оның негізінде жатқан тарихи шындықтармен салыстыра қарастыру, кейіпкерлер прототипі туралы мәліметтерден хабардар ету автор ойы, шығарма идеясын ашудың негізгі жолдары, тәсілдері болып табылады.

5. Талданған шығарманың әр түрлі нұсқасы туралы сөз қозғау да сол туынды негізінде жатқан проблема-идеяны ашудағы бір тәсіл болып келеді.

6. Суреткердің бір шығармасын басқа шығармалармен салыстыру да тиімді тәсілдердің бірі.

7. Бірнеше ақын-жазушы шығармаларын салыстыру да әдеби талдаудың тиімді тәсілі.

Әлемдегі педагогика мен әдістеме саласындағы жаңалықтар бізге де жат болмауы керек. Оның ең тиімдісін үйреніп, практикадан қолдану біліктігімізді арттыра түспек. Дамыта оқыту, пәнаралық байланыс, ой қозғау мұғалімге бірнеше міндеттердің ойлау қабілетін арттыруға, өзіндік дербес пікірін қалыптастыруға түрткі болады.

Әдебиетті оқытудың терең тамырлы байланыстары мектеп оқушыларына уақыт, заман талабына лайық жан-жақты тәрбие беруде пәнаралық байланыстың әлеуметтік-педагогикалық маңызы ерекше. Пәнаралық байланыс олардың ғылыми-теориялық деңгейін көтереді, білімін жетілдіріп, білім алуға қажетті дағдысын қалыптастыруда бірнеше дидактикалық тапсырмалар, практикалық жұмыс формаларында атқаруға мәжбүр етіп, соларды жүзеге асыру процесінде танымдық қабілеті жетіліп, нығаяды.

Пәнаралық байланысты сабақта жүйелі түрде қолдану үшін мынандай басты-басты дидактикалық варианттарға сүйенген тиімді. Олар: тақырыптық, тақырыптық-проблемалық, ауқымды проблемалық тәсілдер. Аттарынан-ақ айқындалып тұрғандай, қай-қайсысында да сабақтың логикалық жүйесі сақтала отырып, тақырыпты әр деңгей, әр түрлі мақсатта пәнаралық мақсатқа сүйеніп жан-жақты меңгерту көзделген.

Қазіргі уақытта шәкірттердің уақыт талабына лайық білім алуын қамтамасыз ету үшін комплексті тәсілмен оқытып, комплексті жұмыс түрлерін орындатып, комплексті тапсырма беру пайдаланылып жүр: мұғалім әзірлеп әкелген мәтін, ғылыми еңбек, ғылыми мақалалардан үзінділер оқып, ондағы

пәнаралық байланысты ажыраттыру, жалпы ғылыми идея, түсініктермен білімдерін тексеру мақсатында оқытылып отырған тақырып материалдарынан мысалдар ергізу, ара жігі кірігіп кеткен пәндерден ғылыми фактілерді өзара салыстырып, қорытынды жасаттыру пәнаралық мәселелерді оқып-үйренуге жоспар құрғызу. Әрине, шәкірттерді іздену соқпағына саларда оларды белгісізге аттандырғандай болмай, осы тапсырмаларға ұқсас бұрын орындалған үлгілерді көрсетіп, пысықтау сабақтарын өткізіп, қабілеттерін ұштап, қызығушылық сезімдерін оятып, дифференциялық қарым-қатынас жасаған тиімді.

Пәнаралық байланысты сабаққа тиімді пайдаланудың практикалық мүмкіндігі ұшан-теңіз. Олар: оқу техникасы, кітаппен жұмыс, проблемалық жаттығулар, көрнекі құрал, оқушылар тобымен жұмыс істеудің формалары, лекция, семинар, факультатив, кластан тыс жүзеге асырылатын шаралар Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ тәрбиелеу, адам жанын, рухын сезімін тәрбиелеу әрбір мұғалімнің парызы.

Суреткер М.Әуезов «әдебиет мектеп ішіндегі ақыл сезім тәрбиелеп қалыптасып жетілуден басқа оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгінгі пішінін таныту керек», - дейді.

Әдебиет – өнер атаулының құдіреттісі, патшасы. Оның құдіреттілігі сөзінде, тілінде. Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Қай көркем шығарманы оқыса да, оқушылардың ол туралы өзіндік көзқарасы, пікірі туындайды. Оқушы көркем шығарманы өз дүниетанымы, сезімі, білім дәрежесіне байланысты қабылдайды. Әдеби талдаудың басты мақсаты – оқушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау болып табылады.

## Эпикалық шығармаларды оқыту

Көркем шығарма – нағыз суреткерлік әрекеттің нақты нәтижесі, әдеби еңбектің көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зағты дерегі. Сәтті туынды бір жазушының ғана емес бүкіл халықтың, бүкіл әдебиеттің табысы.

Эпикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері – олардың негізгі бір мазмұнға құрылуы, сюжет, композициясы, тақырыбы, көркем бейнелері, яғни көркем компоненттерінің болуы.

Әңгіме, мысал сияқты шағын жанрларды талдауда мұғалім шығарманың көркем табиғатын, барлық бітім-болмысын сөз стеді. Ал роман, эпопеяларды бағдарламада көрсетілген аз сағаттарда толық дәрежесінде талдау мүмкін емес. Сондықтан мұғалім қандай мәселелерге көңіл бөлу керек, талдаудың қай түрі тиімді, қандай әдіс-тәсілдер нәтижелі болмақ деген мәселелерге ерекше назар аудару керек. Эпикалық шығармалар әр буында өзіндік ерекшеліктерімен даралана талданады. 5-7 сыныптарда сюжеті, композициясы, кейіпкерлеріне назар аударылса, 8-9 сыныптарда авторлық тұрғыға, оның негізінде жатқан проблематикаға көңіл бөлінеді, ал жоғары сыныптарда әдебиеттану ғылымының басты талаптарымен талдау, әдеби-теориялық негізде тереңірек талдау жүзеге асуы тиіс.

Эпикалық шығармаларды оқытудың өзіндік сипаттары шағын көлемді, орта көлемді, кең көлемді эпикалық шығармаларды түсіндіру жолдарымен ерекшеленеді. 5-11 сыныптар бағдарламаларындағы эпикалық шығармаларды талдауға, құрылысын баяндау жолдарын танытуға қойылатын талаптар: көркемдік, тәрбиелік сипаттарын ашу.

Прозалық шығарманы тұтас, жүйелі қабылдау талдау әдісі: эстетикалық талдау, жүйелілік-құрылымдық талдау.

Эстетикалық талдау образды (кейіпкерді), көркем шығармалардың тілін, (троп, фигура) қамтиды.

Жүйелілік-құрылымдық талдау: тақырып, идея, композиция, сюжет, әдебиеттік классицизм, романтизм, реализм.

Шығарманы талдауға қойылатын мақсат: оның тақырыптық мазмұнын, образын, көркемдік тілін танып, ұлттық қасиетке тәрбиелеу. Зерттеп оқи алған шәкірт әдеби шығармаларға ой жүгірте алады, өзінің талғамын, түйсік сезімін еркін білдіреді.

Эпикалық шығармаларды талдау алдында оқушыларға әдеби-теориялық ұғым берудің маңызы зор. Ұғым екі кезеңнен тұруы керек. Бірінші кезең – көркем туындыны бастау алдында беріледі, екінші кезең – көркем туындыны талданып біткен соң беріледі. Бірінші кезеңде кіріспе ұғымы беріледі.

Мектепте оқылатын эпикалық жанрлардың жас өспірімдерге идеялық, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беруде, халқымыздың өткендегі өмірін, оның армандары мен мүдделерін білдіруде маңызы зор.

Мектепте әдеби білім беру оқытудың, білім берудің жүйелі, жалғаспалы, бірізділік ұстанымын басшылыққа ала отырып, жүргізілуі керек.

Ол мынадай кезеңдерден тұрады:

1-кезең: 1-4 - сыныптар.

2-кезең: 5-8 - сыныптар.

3-кезең: 9-11 - сыныптар.

Бірінші кезеңнің негізгі мақсаты, міндеті оқуға жаза білуге, мазмұндауға үйретумен қатар көркем туындыға оқушы ынтасын қалыптастырудың алғашқы баспалдағы болумен айқындалады.

Екінші кезеңде көркем сөздің ,көркем туынды, көркем шығармалардың рөлі, маңызын танып білу жұмыстары жүргізіледі. Оқу бағдарламасында оқуға, талдауға ұсынылатын шығармалар жанрлық жағынан қамтылуы керек.

Үшінші кезеңде әдебиетті оқыту ауыз әдебиетінен басталып, әдебиет тарихымен жалғастырылады. оқушыларды өз беттерімен көркем туындыны оқытуға, талдауға баулу, әдебиет тарихы, сыны, әдебиеттік ғылымнан білім беру, көркем шындық, өмір шындығы, ақын-жазушы стилі, тілі, әдеби әдістер т.б.қамтылуы тиіс.

Көркем туындыны терең түсіну, талдауда әңгімелеудің де маңызы ерекше. Әңгімелеу әдісі, әсіресе 5-7 сыныптарда жиі қолданылады. Оның тәжірбиеде қолданылып жүрген мынадай түрлері бар:

1. Мәтінге жуық әңгімелеу. Көркем туынды ізімен әңгімеленеді;

2. Ішінара теріп, сұрыптап әңгімелеу, яғни, мұғалім сұрақ қоя отырып, оқушының өзіне ұнаған эпизодын немесе бір оқиғасы туралы әңгімелетеді, әсерін айтқызады;

3. Еркін әңгімелесу немесе шығармашылық жолмен әңгімелесу. Әңгімелесуші атынан жүргізіледі.

Әңгімелеудің қай түрі болсын, оған мынадай талаптар қойылады:

1. Мәнерлеп, көркемдеп айту;

2. Анық, айқын, түсінікті етіп айту;

3. Тілі жатық болу, әрі әдеби тілде айта білу;

4. Қыстырма сөздер, сөз қайталаушылықтың болмауы;

5. Асықпау, даңғырламау немесе өте ақырын, баяу айтпау, керісінше, ширақтылық, жинақтылықты талап ету;

6. Мазмұн жүйесін сақтау.

Шын мәнісіндегі өнер туындысы адам бойындағы асыл сұлу қасиеттерден түзілсе сонда ғана көркем шығарма қалың көпке белгілі бір халықтың өзіндік өзгеше бітімін, мінезін танытып, оларға өмірдің тың құпиясын ашып бере алады. Мектеп практикасына келсек, оқу мен сөйлеудің арасында алшақтық мол. Алайда, осы екеуінің арасындағы ажырамас тұтастық пен байланысты түсініп оқу қажет-ақ. Әңгіме жанрын мәнерлеп оқу барысында оқушылар мәтінді шебер, мәнерлеп оқи білуге төселеді. Мәтінді мәнерлеп оқыту төменгі сыныптарда жүргізіледі. Бұл әдіс оқушылардың ой-жүйесін, тілін, мінез-құлқын, адамгершілігін қалыптастыратын оқыту мен тәрбиелеудің құрамдас бөлігі. Сөйлеу тіліндегідей етіп ешкім де оқи алмас, бірақ сөйлеу әуеніне жақын оқуға мүмкіндік мол. Ол үшін мәнерлеп оқуға жаттықтыру барысында мұғалім әңгімелеу үлгісінің бірнеше түрлерін магнитофон таспасына жазып алып тыңдатуына болады. Балалардың саяхат кезіндегі немесе белгілі бір кинофильмнен алған әсерлерін әңгімелесіп отырып, магнитофонға жазып алып, оны қағазға түсіріп, сол әңгімені айтқан баланың өзіне қайта оқытса, екеуі екі бөлек дүние болып шығады. Өйткені, оқушы өзінің еркін сөйлескен әңгімесінің мазмұнын қағаздан оқығанда сөйлеу кезіндегі эмоциялық әсерінен айырылып қалады. Әрине, бұндай кезде сөйлеу аппаратының қызметі де,



дауыс та оқушы дағдысы мен икемділігіне бағынады. Соның салдарынан балалар үшін де, үлкендер үшін де мәнерлі көркем оқу мен қарапайым сөйлеудің бір-бірімен ешқандай байланысы жоқ сияқты көрінеді. Оқу мен сөйлеудің байланысын түсініп, салыстыра отырып жаттығулар түрлерін жасап үйренсе, олардың ұқсастығы және айырмашылығы анық көрінеді. Эпикалық шығармаларды талдау барысында, ең алдымен, әдебиет теориясынан білім беріледі. Мысалы, әңгіме жанры деген не, оның хикаяттан немесе романнан айырмашылығы не?

Көркем шығарманы талдау оны оқудан басталады. Мазмұнын меңгермей тұрып, шығарманы талдау мүмкін емес.

Әдеби-теориялық білім түсіндіру, мағлұмат беру жұмысынан басталып, сынып жоғарылаған сайын, балалардың жас ерекшелігіне байланысты күрделене, тереңірек болуы керек.

Эпикалық жанрды оқытуда, талдауда міндетті түрде мына мәселелер басшылыққа алынады.

1. Көркем шығарманың тақырыбы, құрылысы, сюжеті, проблематикасы.

2. Көркем бейнелер, образдар галереясы.

3. Шығарманың көркемдік ерекшеліктері.

Сюжетті шығармалардағы композицияның кезендері:

Сюжеттің басталуы, экспозиция (латын. *Exposito* - дәйектеме) – әдеби қаһармандар өзара қарым-қатынасқа көшпес бұрынғы хал-жағдай, тіршілік; шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал етпейтін, тек мезгіл, мекенге мезгеу жасайтын сюжеттің өрбу кезеңі.

Сюжеттік байланыс (завязка) – адамдар арасындағы әрекеттің басы; тартыстың басталуы, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның әуелгі туындау себебі. Бұл – шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал жасайтын оқиғаны өрбу жолына салатын кезең.

Шиеленіс (сюжеттік даму) – сюжеттегі тартыстың кезеңі, оқиғаның күрделеніп, қиындай бастаған тұсы. Сюжеттің бұл сатысында оқиға барысындағы негізгі түйіндер түйіліп, кейіпкерлердің ара қатынасындағы қайшылықтардың айқындала түседі.

Шарықтау шегі, кульминация (латын. *Culmen* - шын) – сюжеттік дамудың ең жоғарғы сатысы, адамдар арасындағы қимыл әрекеттің мейлінше күшеюі; шығармадағы драмалық тартыстың өрістеп шыққан биігі. Бұл – образдар айрықша танылып, адам мінездері жан-жақты ашылатын композицияның аса жауапты тұсы.

Шешім (развязка) – суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған «үкімі»; адамдар арасындағы қарама-қарсы тайталастардың, күрделі күрестердің бітуі; шығармадағы оқиғаға қатысушылардың ең ақырғы хал күйі, күллі құбылыс, көріністердің соңғы сахнасы; түрліше тағдырлар тартысынан туған нақты нәтиже.

Финал (латын., итал. *Fin* - аяғы, соңы) – әдеби шығарманың аяқтамасы, ең соңғы эпизоды, суреттемесі; өрістеп дамып, деңгейіне жете шиеленісіп, ақырына жеткен сюжет, фабуланың соңғы түйіні; шығарманың идеялық мазмұнын айқындау жағынан ерекше маңызды, салмақты аяқтамасы; шығарма мазмұнының тетігі, логикалық тиянақтылық табатын соңғы шешім.

Композицияның сюжеттен тыс элементтері болады:

Пролог (грек. *prologos* - алғы сөз) – көркем шығармаға кіріспелердің бір түрі; шығармадағы негізгі сюжетке дейінгі оқиғалар баяндалатын кіріспе; бас кейіпкердің өткен өмірінен көрініс беретін сюжеттен тыс нәрсе; көркем шындықты қабылдауға дайындық, оқырманды баурап әкететін суреткерлік тәсіл; композицияға орнымен орайласатын, жіксіз жымдасатын беташар.

Эпилог (грек. *epilogos*-соңғы сөз) – көркем шығарманы қорытудың бір түрі; өзекті оқиғалар біткеннен соңғы басты қаһармандардың одан арғы хал-күйінен мәлімет беру; тартыс аяқталып, оқиғалар біткеннен кейінгі негізгі кейіпкерлердің хал-күйінен хабардар ететін сюжеттен тыс нәрсе.

1. Сюжеттік элементтер немесе сюжеттік даму кезендері.

2. Композицияның сюжеттен тыс элементтері: пролог, эпилог.

3. Композиция мен сюжеттің бірлігі және айырмашылығы.

Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін нәрсе емес. Көркем туындыны жай оқып, шығу емес, одан алған әсері, туынды оқушы жүрегіне, сезіміне әсер етті

ме, соны білу мұғалім үшін маңызды мәселе. 5-8 сыныптарда әдеби шығармаларды оқу көбіне сыныпта жүргізіледі. Мысалы мысал өлеңдер сыныпта оқылып, талданады. Мысалдарды талдаудың ең тиімді әдісі – рөлге бөліп оқу, инсценировка-көрініс жасау болып табылады. Оқушылардағы сурет бойынша немесе басқа да ойластырып, қарапайым ғана қатты қағаздан макеттер жасап, мысалды оқу барысында оқиға көз алдында өтіп жатқандай көрініс берілсе, оқушылардың қызығушылығы артар еді.

Мектепте әңгімені оқыту барысында дауыстап оқу мен іштей оқуды алмастырып отырған жөн. Төменгі сынып оқушылары көбіне дауыстап оқығанды, жоғарғы сынып оқушылары іштей оқығанды қалайды. Көркем туындыны оқу жоғарғы сыныптарда үйде жүзеге асады. Көркем шығарманы оқып біткен мерзімде мұғалім мынадай жұмыстар жүргізуге болады:

1. Ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы кейде мұғалім әр оқушыға әр түрлі мазмұндағы тапсырмалар бере отырып та тексереді:

а) өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндату, не сол эпизодтың мазмұнының тезисін жасату;

ә) негізгі кейіпкерлерді жинақтату (бір кейіпкердің іс-әрекетінен мысалдар келтіру);

б) жазбаша викторина жүргізу. (мұғалім ең негізгі жерлерінен үзінді жазып, ол қай оқиғадан алынды, кімнің сөзі, қайда айтылған);

в) сынақ үлгісінде ауызша сұрақ-жауап арқылы тексеру;

г) бүкіл сыныпқа ортақ тапсырма - көркем туындыдан алған әсерін қысқаша баяндап беру;

д) әдеби «көкпар ойыны» арқылы тексеру. Жауап тез айтылу керек.

Көркем мәтінді оқу барысында оқушыларды, сөз жоқ, ең алдымен, оқиға желісі, кейіпкерлер тағдыры қызықтырады. Соған байланысты қуана, қайғыра біледі.

Мұғалім оқушыларға әңгіменің мазмұнын айтқызу барысында ең тиімді әдістер - мәтінге жуық мазмұндату, портреттеу, көріністер диалогтегі ұтымды сөздер, көркемдегіш айшықты сөздерді сақтай отырып мазмұндатуды пайдалануға болады. Әдеби шығарманы жан-жақты, толық талдау көркем

туындыны тұтастай қарастырып талдайды. Бұл талдау мәтіндік деп те аталады. Бұл талдаудың ерекшелігі сол көркем туындыны жанды бір организмдей тұтас қарастырады. Мұғалім көркем туындыны жалпылама шолу бағытында қарастырса талдаудың бұл түрі – шолу бағытындағы талдаулар. Мұнда проблемалық сұрақтарға немесе белгілі бір эпизодтарға арнайы тоқталмайды, көркем шығарма сюжеті, композициясы, тілі, көтерген тақырыбы тұтастай қарастырылады. Сұрыптап талдаулар – көбіне проблемалық сұрақтар, проблеманы шешу айналасында ұйымдастырылады. Бағдарламада берілген әңгімелерді оқып болған соң, қорытынды сабақ өтудің тиімділігі зор. Мысалы: «Көркем шығарма кейіпкерлері» тақырыбында сайыс сабақтарын өтуге болады.

Әңгімені оқыту барысында түсініксіз сөздерге түсіндірме жасау да аса қажетті мәселелердің бірі. Әңгіме жанрын оқыту барысында ақын-жазушылардың өмірін оқытудың маңызы зор.

Бағдарламада ақын, жазушылар өмірбаянын оқыту 9-11 сыныптарда тарихи әдебиеттік ізбен беріледі. Ал 5-8-сыныптарда әдебиеттік оқуларды өмірі емес жекелеген шығармаларын талдау ұсынылады. Сол себепті оқушылардың өздері оқып жатқан шығарманың авторы жайлы мәлімет берілуі керек. Мысалы 5-сыныпта М.Шахановтың «Отырар дастаны» шығармасын оқу алдында оқушыларға М.Шахановтың қысқаша өмірін таныстырып, күрескерлік, ұлтжандылық қасиеттерін айтып берудің маңызы зор.

9-11 сыныпта суреткер өмірбаянын арнайы сағаттар бөліп, шығармашылық талдау алдында оқыту және оны шығармашылығымен қоса, хронологиялық жүйемен оқыту орын алған. Суреткер өмірбаянын өтуде оның өмір кезеңдерінің басты оқиғалары, оларға байланысты туған шығармалары туралы маңызды мәліметтерді жинақтап, хронологиялық кесте жасап, пайдалануға болады. Сол кестелермен суреткердің жүріп өткен жолдары, шығармаларының жазылып басылған, әрі тараған жерлері, шет тілдерге аударылып жарық көруі, өмірінің басты кезеңдері өткен мекендер, маңызды мәселелерді қамтыған карта жасап, пайдалануға болады. Ш.Уалиханов : «Тек ақиқат білім ғана

күдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді», - деп тауып айтқан. Шәкірт алатын білім мен мұғалімнің әдеби білімді жеткізу арасындағы байланыс әдіс арқылы түрленіп, білім нұрын оқушы бойына құйып, білім шырағын жағады.

Түсіндірмелі оқу, әсіресе күрделі шығармаларды оқу кезінде тиімді болады. Көркем шығарманы оқу үйде, сыныпта жүргізіледі.

Мысалы, роман-эпопеяларды түгелдей сыныпта оқуға уақыт жетіспейді, сондықтан мұғалім қалауы бойынша ең негізгі маңызды бөлімдер сыныпта оқытылып, қалған бөлімдері үй тапсырмасы ретінде беріледі. Әдіскер В.Голубков бағдарлаушы әңгіменің бірнеше түрін көрсетеді. Олар:

1) қысқаша әңгімемен түсіндіре отырып, шығарманың бас кезін сыныпта оқу;

2) сұрауға жауап, боларлықтай маңызы бар эпизодтарға айрықша көңіл бөлу;

3) шығарма кейіпкерлерін топтау;

4) шығарманың негізгі бөліміне немесе сюжеттік желісіне баса көңіл аудару;

5) шығарманың басты-басты проблемаларын алдын-ала таныту.

Байқап отырғанымыздай, бағдарлаушы әңгіме тұсында бүтін, бірақ нақты, яғни мәтінге енген, байымдаулар жасалады. Мәтінді оқыту мен сұрақ қою. Оның жемісі, жүйелі болуы – басты шарт. Оқушының аналитикалық ойын, дағдыны тудырмай жатып, бірден немесе бірыңғай синтетикалық-дедуктивтік әдіспен оқыту сыңар жақтық. Көркем шығарма алдымен индуктивтік-аналитикалық ізге талданып, содан соң жалпы теориялық бекітуге келеміз.

Мұғалім мақсаты – талдау кезінде шығарма негізінде жатқан проблема, оның басты ойы, кейіпкерлері, тілі сияқты көркем туындыны құрап тұрған көркем компоненттер туралы сөз қозғау болып табылады. Көркем туындыны оқу сияқты, оны талдау да әдебиетті оқытудың маңызды, күрделі жұмыстарының бірі. Мұғалім көркем шығарманы талдау барысында ең негізгі екі түрлі қызмет атқарады:

1. Көркем туындының көтерген проблемалары, автор

ойы, оның көркем компоненттері туралы, яғни талдау нені талап етеді, соны оқушыларға орындату;

2. Оқушыны оқыған шығармаларын мазмұндап айтқызу, теориялық талдай білуге машықтандыру, дағды-іскерліктерін жетілдіру, әдеби шығармаларға сын айта білу дағдыларына үйрету қызметін атқарады.

Эпикалық шығармаларды оқыту, талдау арқылы мұғалім баланың көркем сөзді түсіне білуіне, оған деген ынтасына да әсер етеді. Бірге-бірте оқушы өмірді түсіне бастайды, өзіндік көзқарасы қалыптасады, тұжырымдап айтқанда, көркем шығарма оқушының жеке басының қалыптасуына да ерекше әсер етеді.

### Ертегілерді оқыту

Қазақ халқының жас ұрпаққа тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі – ертегі. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген. Ертегі – рухани тәрбиенің мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысын біртұтас түсінікте баян еткен көркемдігін уақыт тоздыра алмайтын халық қазынасы.

Ертегі халықтың қиялынан пайда болған. Сондықтан оның авторы – халық. Көне дәуірлерден бері ауыздан-ауызға тарап, келешек ұрпаққа жетіп отырған. Ертегі айтушыларды ертекішілер деп атаған. М.Әуезов ертегіге мынадай анықтама береді: «Ертегі деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң елдің белгілі салтын білдіретін, арнаулы үлгі айтатын, жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады».

Ертегілердің негізгі тарихы адам баласының сөйлеу тілі, ойлау қабілеті пайда болғаннан басталады. Алғашқы уақытта өте ақылға сыймайтын ертегілер пайда болды. Онда көбінесе жан-жануарлар тіршілігінің барлығыда сөйлейді,

ұғады деген адамдарда пікір қалыптасқан. Бұл – ертегінің қиял-ғажайып түрі. Одан кейін XV ғасырларда, яғни қазақ хандығының құрылуымен тұспа-тұс кезеңде, ертегілер батырлар мен небір шешен, ел билеген көсемдер жайлы өрбиді. Олардың халыққа еткен еңбектері, данышпан ел билеушілермен қатар қанаушы хан-сұлтандар тепкісіне шыдамай қарсы ақылдылығымен, айламен-тәсілдермен сабасына келтіріп отырған кейіпкер көріністері бейнеленеді.

Ертегі – ауыз әдебиетінің көне де көркем жанры. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда..., ерте-ерте, ертеде...» деп басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес. Ертегілерде халық басынан кешкен жүздеген ғасырлардың ізі жатыр. Елге етене жақын бұл туындыларда халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, тарихы, қилы-қилы асулары, арман-мұраты бейнеленген.

Ертегілер көбінесе, қара сөз түрінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесі деп те қараймыз.

Халық әдебиетінің басқа түрлері секілді, ертегілер де адам баласының еңбек-кәсіп ету, тұрмыс тіршілік құру тәжірибесіне байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неліктен болатындығын толық түсінбеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял еткен, өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған. Бұл жөніндегі ұғым-түсініктерін, нанымы мен сенімін әңгімелеп айтатын болған. Сөйтіп ертегі-әңгімелердің алғашқы үлгілері туған (халық шығармасының бұл түрі «ертегі» деп аталуының өзі-ақ, онда айтылатын әңгімелердің есте қалмаған ерте заманда туғандығын аңғартады).

Бертін келе, экономиканың ілгері дамуы, қоғамдық қарым-қатынастардың алға басуы, адам баласының дүние танымының, ой-өрісінің, сана-сезімінің ұлғайып өсуі жалпы халық шығармаларына, соның ішінде ертегілерге көп әсер еткен. Осы негізде ертегілердің алғашқы үлгілері әр түрлі өзгерістерге ұшырап, жаңа ертегілер туа бастаған және онда адам баласының арман-мүддесін, ой-санасы, болашақтан күтетін үміті суреттелген. Осы ретте туған ертегілерден адам баласының тұрмыс-тіршілігі, өмірі, ісі басты орын алады,

қоғамдық мәні бар мәселелер көтеріледі. Бұлардың бәрін халық ертегілері көркемдеп суреттеу, образдар арқылы бейнелеген.

Ертегіге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ фольклорындағы ертегілердің сан алуан түрлері бар. XIX ғасырдан бастап, қазақ ертегілерінің ғажап та көркем үлгілерін В.Радлов, Г.Потанин, И.Березин, А.Алекторов, П.Мелиоранский, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев сияқты белді де белгілі ғалымдар жинап, жариялай бастады. Қазақ фольклорының кейбір нұсқалары «Дала уалаяты», Айқап», «Туркестанские ведомости», «Тургайская газета», т.б. мерзімді баспасөз бетінде жарияланып келді. «Образцы народной литературы тюркских племен» атты 10 томдық жинақтарында В.В.Радлов қазақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек, эзербайжан сияқты көптеген Түркі тайпалардың эпостық жырлары мен ертегілерін молынан жариялаған. Сонымен қатар қазақ эпосы мен ертегілерін жинап бастыру ісінде башқұрт ғалымы, профессор Әбубәкір Диваевтың еңбегі де елеулі.

Осы аталған адамдар сол кезде Орынборда, Омбыда, Қазанда, Астрахань мен Ташкентте шығатын газет-журналдар бетінде қазақ ертегілерін үнемі жариялап отырады. Олар өздері жинаған ертегілерді не орысша, не қазақша бастырады, кейде бір тілде ғана шығарады. Ертегілерді қазақ тілінде шығаратын болса (тілі қазақша әрпі орысша), онда қысқаша мазмұнын орысша аударды. Бұлардың жинаған материалдары өткен ғасырдың бесінші жылдарынан бастап, «Дала уалаяты» газетінде, Торғай облыстық ведомосында», «Ақмола облыстық ведомосы», «Орынбор газетінде», «Орынбор губерниялық ведомосы», «Астрахань газетінде» т.б. үзбей басылып тұрады. Қазақ ауыз әдебиетінің, соның ішінде ертегілердің көптеген үлгілері, әсіресе, Омбы мен Орынборда шығатын газеттерде молырақ жарияланады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың ішінен қазақ ертегілерін жинап бастыруда айтарлықтай еңбек еткендер – А.Алекторов, А.Пантусов, Васильев, Б.Дауылбаев, М. Досымбековтар. Олар ел арасынан жинаған материалдарын төрт-бес газетке бастырып отырған және жеке жинақ етіп те



шығарған. Мысалы, Алекторовтың жинаған ертегілері Омбы, Астрахань, Орынбор газеттерінде үнемі жарияланып келген және ол бір ертегіні бірнеше жерде бастыратын болған. Кейіннен ол өзі жинаған ертегілерін кітап етіп 1898 жылы «Киргизская хрестоматия» деген атпен екі тілде Орынборда шығарған.

Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін ел арасынан жинау ісіне белсене араласқан және бұл жөнінде асқан ұқыптылық жасаған адамның бірі Н.Пантусов болды. Ол жетпісінші жылдардан бастап қазақ елінің көп жерін аралайды, қазақ тілін үйренеді және жүрген жерінде ауыз әдебиеті нұсқаларын жазып алып отырады, жинаған материалдарын орыс тіліне аударады. Оның материалдары, көбінесе, «Дала уалаяты» газетінде (орысша аты «Киргизская степная газета») екі тілде үзбей жарияланып тұрады. Кейіннен ол «Қазақ-қырғыз» тілін үйренушілерге көмекші материалдар және «Қазақ халық әдебиетінің үлгілері» деген атпен 1899-1909 жылдар арасында (әрпі орысша, сөзі қазақша) жеті жинақ шығарады. Олары Қазан қаласында басылады. Бұл жинақтарға қазақ ертегілерінен көп материалдар енеді.

Қазақ ертегілерінің қай түрі болса да замана елегінен өтіп, халық санасына сіңіп кеткен сюжеттер. Онда бір елден екінші елге ауысып, төл сюжет болып жүрген мотив-образдар да аз емес. Ертегінің тұтынушылары қоғамның түрліше тобынан шыға береді. Қазақ ертегілерінде сатира, демокартия сарыны елеулі болатынын кезінде М.Әуезов жан-жақты талдап, жазған болатын[1,85]. Ғалым ертегіні үш түрге бөліп қарастырған. Олар: қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, шыншыл ертегілері болып табылады. Алайда қазіргі зерттеулер нәтижесіне қарағанда ертегіні төрт түрге бөледі. Белгілі фольклортанушы С.Қасқабасов ертегіні: хайуанаттар жайындағы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық деп бөледі.

Қиял-ғажайып ертегілерінде, атап айтар болсақ «Жерқұла атты Кендебай», «Аңшы бай» «Ұшқыш кілем» т.б. адам баласының тілегін іске асыру бейнеленеді. Шығарма осындай ғажайып көмегімен арманына жеткен мейірімді, адал кейіпкерді ардақтайды, адам тілеуінің орындалуына сенім білдіреді. Ертегіні тыңдаушының айналасына деген көзқарасы

өзгеріп, кішіпейілдікке, мейірімділікке, дос болуға ішінен ой қорытады.

С.Қасқабасовтың пайымдауынша, қиял-ғажайып ертегілер – шығу тегі жағынан халықтық прозаның ең көнесі. Алғашқы қауымда пайда болған, жанрлық жағынан біркелкі емес. Бас қаһармандары: аңшы, мерген, кенже бала, тазша бала, жауынгер, батыр, т.б. бұқара халық өкілдері. Ертедегі табиғаттың дүлей күштерімен алысып, күнделікті өмір үшін аң-хайуанаттармен күрескен кезде халықтың арманы соларды жеңетін күшті батыр, балуан, мерген болды. Ал кейінгі дәуірде рулық қоғам тұсында халықтың арманы өз елін бөтен елден, жаудан қорғайтын батыр болды. Ол қазақ өміріндегі қара шаңырақ иесі кенже бала болды.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі басты тақырып – сиқырлы заттардың көмегімен бас кейіпкердің неше түрлі қиындықтарды жеңіп, мұратына жетуі. Егер қаһарман бар күшін пайдаланып, керемет қиындықтарды жеңсе, ол батыр атағына ие болады да, мұндай кейіпкері бар ертегі өз ерекшелігімен дараланып, «Батырлық ертегі» деп аталады. Біздің пікірімізше, батыр тұлға тек ерлігімен ғана емес, ақыл-парасатымен де, айласымен де жауын жеңіп отырған.

Қиял-ғажайып ертегілердің бір жағында жалмауыз кемпірлер, дәулер, түрліше тотемдер, екінші жағында солармен күреске түсіп жүретін мергендер, аты жоқ балалар, Ер Төстік, оның Желаяқ, Таусоғар, Көлтаусар сияқты достары жүреді. Бұлардың ғашық қыздары көбіне пері болып келеді. Кенжекей ақ қасқыр қызындай сәуегей, ол мыстан, Бекторы, Шойынқұлақ жамандығын күні бұрын сезеді. Қыз біткеннің сиқыры, олардың элеуметтік типі көп жағдайда бұлдыр.

Тылсымдау, сиқырлау, жәділеу, самұрықпен ұшу, теңіз кешу, айдаһармен алысу, жеті басты жалмауыз, адам етін жейтін кемпірлер үнді ертегілерін де көп кездеседі. Жамандық пен жақсылық, жеті пәле Иран елінің ұғымдарынан да көрініс тапқан. Ол замандарда политеистік наным бүкіл Азияға ортақ болған. Мысалы, «Қорқыт ата кітабы» сюжетіндегі Төбекөз дәу «Одиссеядағы» Полифемге ұқсас. Скиф-сақ дәуірінен қалған Желаяқ (Ветрогон). Көлтаусар (Опивало яки Обьедало), Таусоғар (Горокат) шығыс-батысқа

бірдей ортақ. Жабайылық, аңшылық, бақташылық өмір сатыларын, космология, тотемизм, зороастризм, дуализм, монотеизм нанымдарын басынан өткермеген елдер кемде-кем.

Ертегінің тағы бір түрі – тұрмыс-салт және хайуанаттар туралы ертегілер. Тұрмыс-салт ертегілерінде бақташылық тұрмыс-тіршіліктері суреттеледі. М.Әуезовтің зерттеуінде осы мәселеге баса назар аударылған [1,83]. Ал С.Қасқабасовтың пайымдауынша, ертегілердің ішінде хайуанат ертегілерінің алатын орны зор [2,94]. Жануарлар туралы мифтер мен әнгімелердің хайуанаттар ертегісінен айырмашылығы тура мағына мен ауыспалы мағынаның, шын образ бен оның тұспалы арасында болады. Ертегіде адамдар мен олардың әрекеттерді тұспалдап көрсетеді. Оларда таптық қоғамның көрінісі байқалады. Жануарлар жайындағы ертегілерді 3 топқа бөлуге болады:

1. Мифтік қасиетін жоғалтқан этиологиялық ертегілер.

2. Дүние жүзі халықтарының жануарлар жөніндегі эпосын құрайтын классикалық ертегілер.

3. Мысал ертегілер.

Этиологиялық ертегілерде синкреттік қасиет басым, тұрақты композициялық құрылым жоқ. Олар этиологиялық мазмұны жағынан мифке жақын. Оған айтушы да, тыңдаушы да сенбейді. Бірақ адамгершілік тәрбиесі сақталады. Жануар – кейіпкерді суреттеу, мінез-құлқын бағалау жағынан ертегілік қасиеті байқалады. Жануарға берілетін мінездеме көбіне құбылмалы болып табылады. Сол арқылы әр түрлі адамдық проблемаларды айдаһар, дию тағы басқа суреттеле береді. Мәселен, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Маса неге ызындайтын болып қалған?» деген сияқты үш сұраққа бірдей жауап беріледі.

Қазақ ертегісінің ең мол түрі – шыншыл ертегілер. Бұл ертегілер өмір шындығына жақын, ішінде кәдімгі қарапайым адам бейнелері басым. Олар кейде өмір шындығынан алынып, бас қаһармандары патша, уәзір хан болып келеді. Мысалы. «Хан мен уәзір», «Өнеге», «Ақылды етікші» ертегілерінің бас қаһармандары күндіз тақта отырса, түнде үстіне жаман киім киіп, шаһар аралап жүретін патша мен оның уәзірлері. Мұндай ертегілерде хан әділ болып көрінеді. Бірақ көп жайда патшалар жауыз адам ретінде суреттеледі. Мысалы,

«Ақылды етікші» ертегісінде хан ешкім өз пайдасын ойлап еңбек істемесін деп бұйрық береді. Мұны күндіз-түні етік тігіп, бала-шағасын зорға асырап жүрген етікші еңбек адамдарына тиімсіз сол үшін ақылсыз ханның ісі дейді.

Бізге шыншыл-реалистік ертегілердің қазақ өмірінен алынған нұсқалары мәндірек. Мұндай ертегілердің бас қаһармандары ақылды қарт, тапқыр жігіт, қаңбақ шал, тоғыз Тоңқылдақтан зорлық көретін Шіңкілдек, айлалы тазша, қойшы, кедей, жауыз бай, сұғанақ молда, тойымсыз ұры болып келеді.

Олардың көбісі – халық ортасынан шыққан қарапайым адамдар. Көптеген ертегілердің рухында сын-сықақ сарыны бар. Олардағы жамандық пен жақсылықтың аңғарынан біз түрліше реалдық адам мінездерін ғана емес, қоғам өміріндегі теңсіздік суретін, халықтың әділет, жақсы өмірді іздеген арман-мүдделерін де жақсы байқаймыз.

Қазақтың реалистік ертегілерінің ең марқаларының бірі - «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» сюжеті болуға тиіс. Бұрын жұрт өзінің алпысқа келген әкесін өлтіретін болса, бұл ертегілердегі ақылды қарт елдің ең қадірлі адамына айналады. Бұл аталық қоғам салтының нығаюын көрсететін құбылыс.

«Жақсылық пен жамандық», «Үш ауыз сөз» ертегілері мінез, мораль тақырыптарына құрылған. Жамандық жаяу келе жатып, Жақсылықтың атын мініп өзін жаяу қалдырып кетеді. Бірақ табиғатынан ақылды Жақсылық бай қызын иемдеп, мұратына жетсе, ақылсыз Жамандық қасқыр мен арыстанға жем болады.

«Үш ауыз сөз» ертегісінде жас жігіт ақылды қарияға бір үйір жылқы беріп «суын ішкен құдыққа түкірме», «оң қолың ұрысса, сол қолың арашашы болсын», «ертеңгі асты тастама» дейтін үш ауыз өсиет үйренеді. Бала елден кетіп, бір ханға қызметке тұрады. Оған хан әйелі ғашық болып, мазасын алады. Бала әйелдің дегеніне көнбеген соң, әйел баланы ханға жамандайды. Хан баланы ертеңгісін от жағарларға жұмсап: «Кім бұрын келсе, соны пешке тығып жіберіңдер» деп әмір береді.

Таңертең қабын арқалап бара жатқан балаға бір кемпір жолығып, ертеңгі асты татып кет дейді. Сол екі арада баланы көргісі келіп пешханаға келген ханымды от жағарлар өртеп

жібереді. Сөйтіп бала бір өлімнен аман қалады, мұрат-мақсатына жетеді,

«Екі жетім» ертегісінде өгей шешенің қиянаты, «Ұр тоқпақ» ертегісінде ұрылардың өзі ұратын тоқпақтың астында қалғаны суреттеледі. «Ұрлық түбі – қорлық» деген ғибрат осыдан келіп шығады.

Шыншыл-реалистік ертегілерде ең әділ, ең ақылды адам халық ортасынан шығады. Мұның ғажап үлгісі – Аязби. Хан өзінің қырық уәзіріне адамның, құстың және шөптің жаманын тауып әкеліндер дегенде, адамның жаманына Аязби ілігеді. Бірақ оның жамандығы ақылында емес, тұрмысында, кедейлігінде. Ақыры ол өз заманының нағыз зерек, ақылды адамы болып шығады. Меңсұлуға үйленіп хан болады. Ол кісі болғанда да асып-таспайды, «аяз әлінді біл» деп өзіне-өзі ақыл салып отырады. Сондай ақылды да әділ адамға ханың қырық уәзірі қарсы болады. Аязби ертегісінде халық үстем тап адамдарын, олардың қараулығы мен ақылсыздығын әжуа еткен.

Қазақтың реалистік ертегілерінде қоғамның қарапайым тобынан шыққан «кішкене қаһармандар» тіпті көп. Олар бірде қаңбақ шал, бойы бір қарыс, Шіңкілдек түрінде кездессе, бірде хан мен байларды алдап түсіретін тазшалар түрінде әңгімеленеді. Қаттырақ соққан жел ұшырып әкететін қаңбақ шал балық аулайды, еңбек сүйгіш. Бірақ күніне екі балық ауласа, соның бірін түлкі тартып жейді. Ақыры ол өзінің ақыл-айласымен үш дәуді жеңіп шығады, түлкіден де солардың қолымен кек алады. Зорлаушылардан жала көрушіні айыруда «Тоғыз Тонқылдақ, бір Шіңкілдек» ертегісінің айтары көп. Сырт қарағанда зорлық бәйбішенің тоғыз ұлы мен тоқалдан туған Шіңкілдек арасында болатын сияқты. Түптеп келгенде бұл күштілердің әлсіздерге істеген қиянаты болмақ. Әлсіздерге болысу – қазақ ертегілеріне тән халықтық белгілердің бірі.

Қазақ ертегілерінен көрінетін әлсіз образдардың бірі – тазша. «Тазша бала» ертегісінде бала сараң байдың майын алып, патшаның қазынасына түседі. Бірақ өзін таптырмайды. Сол патшаны мазақ еткен екінші патшаны тұтқындайды. Сөйтіп ол ханның өз істегенін өзіне істейді.

Шындығында, ертегі айту еріккеннің ермегі емес,

жастарды сөз өнерінің қыры мен сырына жаттықтырып тәрбиелеу мектебі болып саналған. Мәселен, ертеде қазақ ауылына келген әр қонақтан «қонақ кәде» талап етіп, қонақтың өзі білетін ертегі, аңыз әңгімелерді қисынына келтіріп айтып беруін қалауы, ал оны ауылдың үлкен-кішілерінің кірпік қақпай тындап ләззат алуы, жастарды ауызекі сөз өнеріне тәрбиелеудің бірден-бір мектебі болған. Неше түрлі ғажайып уақиғаларға құрылған ертегілердің жігін келтіріп, тартымды етіп айтып беру, әр эпизодтың арасынан қыл өтпестей етіп байланыстыру, кейіпкерлеріне мінездеме беру, оларды тындаушының көз алдына елестетерліктей етіп бейнелеп бере білу, әр кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қарай сөз саптау, тілдік сипаттау таба білу, ертегі айтушыдан мол өнерді, тіпті айтқыштық шешендікті, әрі дикторлық, әрі ораторлық шеберлікті талап етеді. Демек, ертектің тартымды, қызықты, тындаушыға әсерлі болуы оны айтушыға байланысты. Жастарды ертеке айта білуге үйрету де халықтың сөз өнеріне тәрбиелеудегі өнеге мектебінің рөлін атқарып келген.

Хайуанаттар туралы классикалық ертегілер саны жағынан ел арасында көп тараған. Ол қоғамдық-саяси ұғымдармен, діни нанымдармен тектік байланысын үзген. Сондықтан құбылушылық нәрселер тек кейіпкердің өз басының қасиеттері деп саналады. Онда өте қызықты қорқынышты жағдайлар, адамның тағдыры, жанұясы және тағы басқа керемет оқиғалар баяндалады. Олардың тақырыбы әр алуан. Оны халықтың фольклорлық романы деп атаса болады. Негізгі мақсаты – ғибрат алу, тәрбие беру. Мұнда ақылмен жету мақсаты қойылған. Кейде кітаби стиль көрініс табады. Оған Ы.Алтынсариннің, Қ.Мырзалиевтің шығармалары тән.

«Қазақ ертегілерінің» бірінші томына бұл тақырыптағы сюжеттен он үш, екінші томына жиырма бес ертегі енген. Бүгінде бұл ертегілер барынша толық күйінде жарық көріп отыр. Олардың өзін мал шаруашылығына («Бозінген») және хайуанаттарға байланысты туған («Сырттандар», «Арыстан мен түлкі») ертегілер деп екі салаға бөлеміз. Соңғысында араб, үнді жұртының «Мың бір түн», «Қалила мен Димна», «Тотынама» сияқты сюжеттерінен алынған ертегілер де бар.

Қазақтың бақташылық өмірінен туған ғажап ертегілердің

бірі -«Бозінген» сюжеті. Мұндағы Бағланбай малының құты болған Бозінгенді тумады деп, бір шал мен кемпірге бақтырады. Бозінген басы алтын, құйрығы күміс бота туғанда, кемпір мен шал інгенді бір керуеншілерге сатып жіберіп, ботасын алып қалады. Қысқа ғана ертегінің көп жері ботасын жоқтап жылаған Бозінгеннің зарлы сөздеріне құрылған. Бағланбайдың екі баласы Бозінгеннің даусын танып, оны ботасына қосады. Малды, әсіресе түйе түлігін қасиет тұтқан қазақ халқы бұл тұста ботасын сүйген Бозінгенді үлкен образға айналдырған.

Бозінгеннің зары – монолог түрінде берілген. Онысы – жоқтау:  
Жаралғаннан жасымнан,  
Үстіме кілем жамылдым.  
Күйіп, жанып сабылдым.  
Көгер күнім бар ма екен.  
Тартып беру бала үшін,  
Мен ботамды сағындым.

Бұдан әрі өзі жат қолына түскен Бозінген ұшқан құстардан, түнде жортқан жапалақтан ботасының дерегін сұрайды. Иесі түйені құтқарып, ботасын алып келе жатқанда да Бозінген оны көруге асығып, адамша мұңданып, көз жасын төгеді. Малды қадір тұтқан қазақ ұғымында түйенің бала сүюі адамға ұқсас болып шығады.

Мал күту мен еңбек мәнін биік бағалайтын «Қотыр торғай», «Кім күшті?», «Қуыршақ» сияқты жас балаларға арналған қысқа ертегілердің мазмұны да аса қызық, тартымды. «Кім күшті?» ертегісінде мұздан күшті нәрсе жоқ деп ойлайтын қырғауыл, одан жаңбыр, жер, шөп, тоқты, қасқырдың, осылардың бәрінен оқтың күшті екенін айтады. Ал оқтан мылтық пілтесін жеп қоятын тышқан, тышқаннан ін қазып, алты батпан ауырды арқалап, жеті батпан ауырды сүйреген құмырсқа күшті болып шығады. Өйткені ол – еңбек сүйгіш, ұйымшыл. «Тепең көк» ертегісінде сараң байдың кедейленген үш баласына малдан қалған жалғыз көк тай олжа түсіреді.

Ауырып жатқан кемпір-шалға дәрі шөп іздеп шығатын қошқар мен теке – кедейдің сүйенер қолқанаты. Олар жолай түрлі жыртқыш аңдарға жем бола жаздаса да, дәрі шөптерді

тауып келіп, өз иелерін ажалдан құтқарады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде мал баққан елдің баласы жасынан-ақ сол тірлікті қадірлей бастайды. Қазақ ертегілерінде төрт түлік мал адамның құты, досы, тірегі ретінде суреттеледі.

Қазақ фольклорында жабайы аңдар жөнінде айтылатын ертегілер де көп. Оның көркем үлгілері «Қазақ ертегілерінде» жарияланып келеді. Тақырыбы жағынан күлдіргілеу болып келетін бұл ертегілер («Түлкі, қойшы, аю», «Түлкі мен бөдене», «Арыстан мен түлкі») көп жайда түрлі аңдар мінезін танытып қана қоймай, сол мінездер арқылы қоғам өміріндегі әлеуметтік теңсіздікті де көрсетеді. Малды қадір тұтқан қазақ ұғымында түйенің бала сүйюі адамға ұқсас болып шығады.

Қу түлкіге, ақымақ арыстанға халық ертегілері сықақ, сын қолданған. Кейде бұл ертегілерді қара сөзбен айтылған мысал десе де болғандай. Бұл реттен «Түйе, арыстан, қасқыр мен түлкі» ертегісінің айтары тіпті терең. Түйе еңбекшілер образын берсе, түлкі, қасқыр, арыстан – қанаушылар бейнесін суреттейді.

Хайуанаттар туралы кейбір ертегілерге адам образы қосыла бастайды. «Мақта қыз» бен «Қотыр торғай» оқиғалары еңбек процесімен тікелей байланысып жатады. Қотырын ауыртқан шеңгелді торғай ешкіге шағады, шеңгелді ешкі жейді. Тілін алмаған ешкіні қасқырға шағады, сөйтіп торғай екеш торғай да өзінің кегін жоқтайды. Мұның айтары - нашарға қиянат жасама, «Өзіңнен зор шықса, екі көзіңнен сор» шығар деген әділет идеясы болмақ. Тым кішкене қуыршақтың өзі де әділет адамы, батыр, «Бозінген», «Тепең көк» ертегілері тірліктің қамын айтады.

Хайуанаттар ертегілерінде сатира сарыны да бар. Мысалы, «Түлкі мен маймыл ертегісінде маймылдың ақымақтығы, түлкінің қулығы дәріптеледі. Маймыл – таққұмар, ол патша болсам дейді. Оны түлкі қақпанға түсіріп, «басыңа тепкілесен кетпейтін бақ» қонды деп мазақ етеді. Түлкі қай елде болса да ақылды, қу аңнан саналған. «Түлкі мен қасқыр» ертегісінде қорқау қасқыр қыс айында түлкіден балық алып жемек болса, ол «балық өзенде көп, суға құйрығынды салып отырсаң, балыққа молығасың» дейді. Қасқырдың құйрығы мұзға қатып қалып, суатқа келген шаруалардан таяқ жейді, құйрығы мұзда қалады. Қасқыр – қорқаулау,



ақылсыздау аң. «Кәрі арыстан» ертегісінде сол тойымсыз қасқырдың өзіне де зауал туады. Арыстан қартайып, жүре алмайтын болған кезде, патшамыздың көңілін сураймыз деп барлық аңдар келеді. Келмегені қасқыр болыпты. Түлкі оны арыстанға шағып, мерт қылады. «Түлкім, түлкім, тілімді жеші» деген арыстанға, ол: «амандық болса, көтеншегінді де жермін», - дейді.

Арыстан образында хан, патшаларының да сыны бар. Осы ретпен хайуанаттар жөніндегі ертегілердің аяғы шыншыл ертегілермен жалғасып келеді.

Халықтың мезгеп отырғаны бір ғана аңдар арасындағы жайлар емес, әлеумет өміріндегі теңсіздіктер, одан құтылу – күн көріс, өмір сүрудің шарты дейтін меже болмақ.

Баланы рухани тұрғыдан жетілдіре тәрбиелеуде көне уақыттан келе жатқан әдістер көп. Соның ішінде, өскелен ұрпақты ертегімен сусындатудың жөні бөлек. М. Жұмабаев: «Балада қиял ерте оянады. Бірақ оның жанында суреттеулер аз болғандықтан, қиялы да бай емес. Баланың түсінуінше дүниеде мүмкін емес нәрсе жоқ, бәрі мүмкін болатындай. Бала ертегінің бәрі шын деп ұғады, бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Қысқасы, балаға ертегі тым қымбат нәрсе», - деп тұжырымдайды.

Бала тілін жан-жақты дамытып, қалыптастыруда қазақ халқының ауызекі шығармашылығының маңызы өте зор. Халық ауыз екі шығармалары әсем түрде құрылған жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, ойын өлеңдер, ертегі, аңыз-әңгіме, мақал-мәтелге бай. Осы бай мұраның қай түрін алсақ та балаға ана тілін меңгертіп, сөздік қорын молайту арқылы, байланыстырып сөйлеуге, тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда, дыбыстық қателіктерді жоюда, шығармашылық ойлауын дамытуда баға жетпес құралдар болып табылады.

Қай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның басталуы, аяқталуы болады. Ертегі тілінің көркемділігі, қызғылықты оқиғалар желісінің баяндалуы образдардың шебер суреттелуі баланың ертегі дүниесіне қызығушылығын арттыра түседі.

Ертегілерді баланың тыңдауы, естіген ертегі мазмұнын

қайталап айтып беруі, баланың сөздік қоры молайтып, байланыстырып сөйлеу тілін дамытып, тілдің грамматикалық құрылымын меңгеруде ғана емес, ерлікке, достыққа, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге, эстетикалық талғамын, қиялын дамытуға мүмкіндіктер беріп түрлі жауыздық, зұлымдық иелері арқылы жамандықтан жирендіреді.

### **Батырлық жырларды оқытудың өзіндік ерекшеліктері**

Батырлар жырын оқытудың қиындығы оның ұзақтығына, тілінің бүгінгі балалар үшін сонылығына және поэтикалық ерекшелігіне байланысты. Батырлар жырын оқытуда көңіл бөлінетін басты мәселелер мәтінмен жүргізілетін жұмыс кезеңдерінде қарастырылады.

Ол кезеңдер кіріспе жұмыстар, жыр мазмұнын меңгерту бағытындағы жұмыстар, қорытынды жұмыстар болып табылады. Кіріспе кезеңде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып батырлар жыры туралы алғашқы әдеби-теориялық ұғым беріледі, батырлар жырында халық арманы, халық тарихы жататыны түсіндіріледі.

Жыр мазмұнын меңгерту бағытындағы жұмыс жоспар жасаудан басталады. Жырдың сюжеттік-композициялық жоспары жасалады да, оқушылардың көз алдына қойылады. Алтыншы сынып оқу бағдарламасында «Қобыланды батыр» жырына 3 сағат берілген.

Жырдың төмендегідей сюжеттік-композициялық жоспары ұсынылады:

- 1) Қобыландының дүниеге келуі.
- 2) Қобыландының алғашқы күресі.
- 3) Қобыландының тұлпары - Тайбурыл.
- 4) Тайбурылдың шабысы.
- 5) Қобыланды және қазақ хандығы.
- 6) Қобыландының тұтқынға алынуы.
- 7) Көбіктінің ащы сөзімен жеңілісі.
- 8) Алшағыр ханның сарайында.
- 9) Қобыландының Құртқа сұлуға үйленуі.
- 10) Қобыланды батырдың ұлы – Бөгенбай.

Ұзақ жырға, әрі оқиғалары да күрделі жырға осындай жоспар құру балалардың жырдағы басты оқиғаларды тез қабылдауы, аңғаруы, сол бойынша мазмұнын жүйелі түрде тұжырымды етіп айтып беруіне көмек-нұсқау қызметін атқарады.

Ары қарай жырдың оқылу мәнері таныстырылады. Жырды интерактивті тақта арқылы аудиожазбадан тыңдатуға болады.

Одан кейінгі жұмыс – оқушылардың жырды мәнерлеп оқуы. Басты-басты эпизодтарға бөлгізіп оқытып, арасында өз сөздерімен мазмұндатып отыру қажет. Мазмұндауды сұрақ-жауап әдісімен жүргізу тиімді саналады. Сюжеттік-композициялық жоспар бойынша басты оқиғаларын айтқызу – келесі кезең тапсырмасы. Жыр оқылып болған соң, мазмұны толық айтқызылады. Мазмұндау жүйелі болу үшін, жауап тезисіне, жоспарына қарап айтқыздыртқан жөн. Жыр мазмұнын айтқызу барысында оқушылардың жауабын бір-біріне толықтыртып отыру, бір-біріне қоятын сұрақтарын әзірлету, ұнаған жерлерін жатқа айтқызу, жауаптарында да жырдан үзінді келтіре отырып айтқызуды дәстүрге айналдырған жөн.

Келесі кезең – жырға әдеби талдау жасау. Әдеби талдау жырдың идеясын, тақырыбын ашу, жыр кейіпкерлері туралы пікір жинақтау, тіл көркемдегі, өлең құрылысына талдау жасау негізінде жүргізіледі. Жырдың идеясын, тақырыбын ашу мұғалім әңгімесі мен сұрақ-жауап арқылы жүзеге асырылады. «Қалай ойлайсыңдар, жырда қандай проблемалар қоюға болады?», «Жырдың негізгі ойы қай бейнеден көбірек көрінеді?» деген сұрақтар жырдың идеясы мен тақырыбын ашуға мүмкіндік береді.

Жыр кейіпкерлері туралы пікір «Қобыландының қандай қасиеттерін ерекше бөле-жара айтар едің?», «Қобыланды бейнесін жасай отырып халық не айтпақшы болған?», «Құртқаға қарап бұрынғы қазақ әйелдері қандай болған деп ойлайсың?», «Қазан, Көбіктілер бойындағы жек көрінішті қасиеттер іс-әрекетін ашудағы маңызына, орнына тоқтал» тәрізді сұрақтар мен тапсырмалар негізінде жинақталады.

Жырдағы әсірелей суреттелінген жерлерін табу, теңеулерді, эпитеттерді, диалогтерді табу, олардың жырдағы орнын, маңызын ашу, оқушылардың өздеріне ұнаған айшықты сөздер мен сөз тіркестерін тапқызу, сөздік жұмыстарын жүргізу тіл көркемдегі, өлең құрылысына талдау жасау жолдары мен тәсілдері болып табылады.

Жырды талдау кезінде дайын суретті пайдалана отырып, оқушыларды сөйлетуге болады. Оқушыларға жыр бойынша өздеріне ұнаған эпизодтарға суреттер салғызудың маңызы зор. Жыршы-термешілермен кездесу өткізіп, жырдан үзінді жаттатып, оқушылады да жырды мақаммен айтқызуға талаптандыруға болады.

Батырлар жыры тоғызыншы сыныпта да оқытылады. Бұл сыныптарда оны оқытудың өзіндік өзгешеліктері бар. Жыр мазмұнын меңгерту алдын-ала үйден оқып келу арқылы жүзеге асырылады. Жыр толық беріледі, оны талдау да күрделене түседі. Жыр мазмұнын тез, әрі өз мәнінде толық меңгерту үшін мұғалім бұл жолы да басты-басты эпизодтарын қамтыған сюжеттік жоспар ұсына алады.

Жырдың тарихи негізі, яғни халқымыздың басынан өткен тарихи оқиғалары осы батырлар жырларынан көрінетіне айрықша тоқталу керек. Бұл мәселені дуэт сабақ негізінде түсіндіруге болады. Соңғы кездерде туыстас пәндерді бір арнада біріктіре оқыту тәжірибеге жиі еніп келеді. Сондай-ақ интегративтік оқытудың бір тәсілі – дуэт сабақтар, трио, гармония сабақтары да кең етек алуда. Әдебиет пәні тақырып ерекшелігіне байланысты кейде тіл, тарих, музыка, бейнелеу өнері, география пәндерімен дуэт, трио сабағы ретінде өткізіліп келе жатыр.

Тақырып бойынша пікірталас туғызу да тиімді. Бұл жағдайда іздендіретін, ойландыратын танымдық сұрақтар алдын-ала беріледі. «Қарлыға – өз жақындарын (әкесі Көбіктіні, інісі Быршымбайды) өлтірткен қатігез жан» немесе «Қарлыға – өз махаббаты үшін күрескен батыл, өжет қыз» деген аргументтерді негізге ала отырып, дебат сабағын өткізу де оқушылардың белсенділігін арттырады.

Ғылыми материалдармен жұмыс жүргізу негізінде мұғалім өтіліп жатқан тақырыпты қамтитын еңбектің нақты жерлерін көрсетіп беріп, оқушылардан оны

үзінділер келтіру арқылы пайдалануды талап етеді. Ғылыми материалдарды қысқаша конспектілеу, жоспар-тезис жасау пайдалы нәтиже береді. Мұғалім оқушылардың бірнеше ғылыми материалдар бойынша өз пікірлерін ортаға салып салыстыртады.

Батырлар жырын талдауда, әсіресе образдарды талдауда салыстыру жұмыстарының маңызы зор. Салыстыру жұмыстары үшін мынандай сұрақтар мен тарсырмалар ұсынылады:

- Батырлар жырындағы әйелдер бейнесіне тән ортақ қасиеттерді сарала. Эпостық жырларда батырларға көмектесетін әйелдердің ақыл-айласы жөнінде не айтасындар? Поэтикалық тіліне назар аудар, яғни портреттеуде қандай айшықты сөздер пайдаланған? Жырдағы әйелдерге берілген портреттеуді салыстыр. Ұқсас портреттеулер бар ма?

Образдарды талдағанда да, немесе тіл көркемділігі сөз болғанда да, үнемі мәтінге сүйенудің маңызы зор. Мұғалім өз түсінігінде де, бала жауабында да мәтінді басшылыққа алған дұрыс. Үнемі нақты мысалдар келтіріп, дәлелді сөйлеудің орны бөлек. Себебі, жырдың тілі күрделі, оны тіпті мәтінге жақын мазмұндау да қиын болып келеді.

Төменгі сыныптардағы ұғымды тереңдету мақсатында әдеби-теориялық ұғым беріледі. Қанатты сөздерді теріп жазу, оның маңызын анықтау, архаизм, историзм сөздерді тауып, қолдану орны, маңызы, мәнін түсіндіру, батырлар жырының ауыз әдебиетінің басқа түрлерінен басты-басты айырмашылық, ерекшеліктерін саралау, аллитерация, ассонас, гипербола, литото, тропа, фигура түрлеріне поэтикалық талдау жасау және олардың қолдану орны мен маңызын дәлелдеу тәрізді практикалық тапсырмалар орындатуға болады.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі өзіне тән мәдени мұрасын оқу-тәрбиеге енгізудің ықпалы зор. Ұлттық тәрбие жүрекке жақын болғанымен, ауқымы шексіз, белгілі бір жүйеге келтірілмеген тың дүниелер.

Оқу үрдісінде аса маңызды буын болып табылатын білім беру мен тәрбие ісін ұлттық мұрат, мемлекеттік мүдде тұрғысынан зерделей отырып дамыту – тәуелсіз еліміздің келешегін тәрбиелеуге өз өмірлерін арнаған ұстаздар

қауымына үлкен талаптар жүктейді. Әсіресе, Елбасының тікелей бастамасынан бастау алып, бүгінде елдік іске ұласқан «Мәдени мұра» бағдарламасының түп мақсатына зер салар болсақ, халықтық қазынаның қадір-қасиетін, ұлттық ұлағатты мәдени жәдігерлер негізінде жас ұрпақтың санасына сіңіру болып табылатынын көреміз.

Жас ұрпақтың жігерін жанып, асыл сезімдерін ұштауға әдебиет пен өнер шығармаларының тигізетін ықпалы шексіз. Әдебиетіміз бен өнеріміздің қуатты күшін қазақтың тәуелсіз мемлекетін нығайтуға, ұлттық бірлікке, жастарды Отан сүйеге баулуға, азаматтық міндеттерге үндеуге пайдалану алдыңғы кезекте тұр.

Ұлттық мәдениетіміздің ең үлкен бір саласы - көркем әдебиет десек, сол әдебиеттің ертеден келе жатқан әлеуметтік жүгі мол, кең өрісті саласының бірі - батырлар жыры. Батырлар жырының көркемдік ерекшелігі мен мәні туралы Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан сияқты көптеген ғалымдарымыздың құнды еңбектері бар. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі батырлар жырының мазмұн байлығы мен ой тереңдігі, кейіпкерлердің даралығы туралы тың пікірлері толық зерттеліп бітті деп айта алмаймыз. Халық ауыз әдебиеті уағыздаған сан-салалы ғибраттар батырлар жырында молынан кездесетіндіктен, әр ұстаз соның мән-мазмұнын ашып, оқушы жанына сіңіруге талаптануда.

Ауыз әдебиетінің ең үлкен саласының бірі ретінде батырлар жырын педагогика ғылымы саласынан зерттесе, патриоттық тәрбие туралы ұғымдар ашылар еді. Белгілі әдебиетші ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Ел, халық санасымен жасалған «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырында ел тәуелсіздігін сыртқы жаулардан қорғау сарыны үстем», - деп тұжырымдайды. Шынында да, батырлар жырында патриоттық сезімді ардақтап, батырлықты мадақтаған, ақылдылық, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген.

Қай халық болсын өзінің батырлар жырында елеулі оқиғаларды көркем бейне арқылы жинақтап, өзінше бағалайды, өзінің көзқарасын білдіреді. Сол бейне – халықтың алып қуатының, қажымас қайратының, сарқылмас күйінің көрінісі. Олар жеке басының қамын ойламайды, елдің

амандығы, бүтіндігі үшін отқа күйіп, суға батудан тайынбайтын ержүрек қаһармандар. Айталық, «Алпамыс батыр» жыры халықтың бірлігін, тұтастығын, ынтымағын армандаудан туған. Бірлігі бар ел ғана жауға қарсы тұрып, туған жердің қасиетті топырағын жауға тапталмайды деген түйін жатыр. Елдің тұтастығын сақтап, жауына қарсы айбат көрсетіп, халқына қамқор болатын - оның батыр ұлдары. Алпамыс - сондай ерен ерлердің бірі. Ол Тайшық ханның қанды шеңгелінен елін аман алып қаламын деп, оның құрған қақпанына байқаусызда түсіп, жеті жыл қапас зынданда отырады. Жырда Алпамыс тек қана қара күштің иесі емес, адамгершілік қасиеті өте жоғары, он саусағынан өнер тамған шебер екендігі білінеді. Сонымен қатар, Отанын, ата-анасын, туған-туыстарын құлай сүйген нәзік жан.

«Жаңа көрдім, Байсынды

Жерім жеймін, жар-жар!

Жаңа көрдім Қоңыратты

Елім деймін, жар-жар!» - деген батырдың сөзінде жылылықпен қатар, туған жерге деген асқан сүйіспеншілік байқалады.

Дәл сол сияқты «Қобыланды батыр» жырында да елдің тәуелсіздігі жырланады. Тыныш жатқан жұртының шырқын бұзған Алшағыр мен Қазанға Қобыланды жалғыз аттанады. «Ел намысы-ер намысы» дегендей, Қобыланды батыр кіндік қаны тамған жерін қорғауға жан-тәнімен әзір екендігін іс жүзінде көрсетеді.

«Ер Тарғын» жырындағы Тарғын бір рудың емес, барша жұрттың батыры ретінде ерекшеленеді. Ол басқыншы жаудан елін қорғайды, сол елдің бүтіндігі мен бірлігін сақтауға қызмет етеді. Оны Ақшаханға берген жауаптан білуге болады. «Сен кешегі жауды бұзған қайратыңды сені тынышсыздандырған жұртыңа неге көрсетпедің?»-деді. Сонда Тарғын: «Нақақтан өз жұртымды жылатуға шарият қоспайды»-дейді. Бұл туралы белгілі ғалым Қ.Жұмалиев: «Тарғын қамал бұзып, қалың қолға жол ашқан батыр. Бірақ, сол күшін ол өз еліне жұмсауға ойданы бармай, оны үлкен опасыздық деп біледі. Өз жұрты, өз еліне қару көтеріп, қара бет болғаннан қашқындық өмірді артық санайды» дей келіп, Тарғынның Ноғайлы атанған елдерден алысқа кетпей, оларды өз елі санап, қалмақтарға

қарсы кеудесін оққа төсеп, жан қиярлық ерліктерге барғанын жан-жақты талдаған. Батырды көзсіз ерлікке итермелеген басты нәрсе-туған жерге, өскен елге деген махаббат. Оны Тарғынның өзі былайша айтқан:

« Еділдің ар жағында  
Атаңа нәлет қалмақтың  
Сыңсып жатқан малы үшін-  
Аттанбадым олжа үшін,  
Аттанғанмын дұшпанға  
Ата-бабам ежелден  
Ескі кегі бар үшін!»

Бұдан Тарғынның дүние-мүлікке қызықпайтын, ел намысын жоғары ұстап, бірлік пен ынтымақ туын биік ұстайтын адал азамат екендігі көрінген.

Эпостық жырлардың қай-қайсысында да бірінші кезекте негізгі қаһарманның күш-қайраты, ептілігі, шабандоздық, мергендік, найзаласу, қылыштасу, күресу сияқты қасиеттері дәріптеле бейнеленеді. Мәселен, Қобыланды батыр алты жасынан атқа шабу, садақ ату, балуандық өнерлерін жетік игерсе, Ер Тарғынның бойындағы ерен күш пен мергендік өнер де осал соқпайды. Жыр қаһармандары хас батырдың бойында болуға тиісті жігіттік өнерге толық жетілгенде ғана ерлік істерге араласады. Қай жырға зер салсаңыз да жыр мазмұны негізгі қаһарманның өзін ғана емес, Отанын қорғауға лайық деңгейге көтерілуі үшін оның бойындағы күш-қайраттың толысуы қажеттігін айқын аңғартады. Сондықтан да батырдың күш-қуаты көрінетін сәттер бейнеленгенде жыр тілі де құдіреттеніп кетеді. Мысалға жүгінер болсақ, қалмақ батыры Домбауылмен кездескен сәтте оның атқан оғы Тарғын киген тоғыз қабат торғауыттың сегізінен өтсе, Ер Тарғынның білек күші мен мергендігі одан да асып түседі. Батырдың күштілігі:

Алаша аттың басы деп,  
Қалмақты ердің қасы деп,  
Қақ жүректің тұсы деп,  
Өлер жерің осы деп,  
Толықсып келген қалмақты,



Толғап Тарғын салады, - деген үлгіде әсірелей бейнеленетін көріністің мәніне зер салу арқылы оқушының ынтасын арттыруға болады.

Батырлар жырының оқиға желісінде күш-қайраттың серігі ретінде көрініс тауып отыратын ақыл-ой зұлымдыққа қарсы қойылған халықтық қасиет сипатына беріледі. Алапат күштің қуаты жетпеген қысылтаяң кезеңдерде ақыл-ой жол табады. Бұл тұстағы бір ерекшелік – ақыл иесінің көп жағдайда батырдың өзі емес, сүйген жары, сенімді досы, ел-жұрты болып келуі. Қаһарман күрес-тартыс үстінде, өмір талқысында шыңдалып кемелдене түседі. Жырдың айтары да адам баласының кемелдікке жетуі ақыл-парасатқа байланысты деген ойға саяды. Бұл идеяны оқушының өзі танып білуіне мүмкіндік жасау үшін, сонымен бірге ақыл-ой кемелдігіне талпынуына жол сілтеу үшін эпостық жырлардағы Гүлбаршын, Ақжүніс іспетті бейнелерге ден қойғаны абзал.

Қаһармандық жырда батырдың жары да өзіне лайықты етіп сомдалған. Арулардың сән-салтанаты, әсемдігі, кербездігі, қылығы, ақыл-парасаты, махаббатқа адалдығы қыз баланың тәрбиесінде баға жетпес құрал болып саналмақ.

Екі көздің жанары

Суда жатқан гауһардай.

Тістерінің ажары

Қатар тізген маржандай,-деп қыздың сұлу ажарын дүниедегі ең бағалы асыл тастарға теңеп, салыстыра суреттейді. Мұндай теңеулі суреттер батырлық жырлардағы арулардың барлығына дерлік арнап берілген. Алайда жырларда арулардың тек сұлу мүсіні ғана емес, олардың терең талғамы, қадір-қасиеті, сондай-ақ ер азаматқа бергісіз батырлық, ерлік іс-әрекеттері де сипатталады. Нәзік жанды арулар ел басына күн туғанда жұртының бірлігін ойлап, ел намысын қорғауға ерлердей белін бекем бұған сәттері аз болмаған.

Жырлар сюжетінен орын алған Қобыландының жылқы бағуын, Қамбардың аң аулауын, Тарғынның ат баптауын бейнелейтін көріністерге оқушылар зейінін аудара отырып, еңбектің адам өміріндегі маңызын, тіршілік тірегі екендігін дәйектей көрсетуге болады. Сол сияқты Қобыландының жан серігі – Тайбурылды баптаған Құртқа, басына іс түскен

Тарғынды түн ұйқысын төрт бөле жүріп емдеген Ақжүніс, жау зынданында жатып сыбызғы жасаған Алпамыс әрекеттерінің түпкі жемісіне зер салу арқылы еңбектің еш уақытта өтеусіз кетпейдіндігін ұғындыру қажет.

Батырлар жырындағы сүйікті кейіпкерлерінің ерлікке толы әрекеттері кез келген баланы осы батырдай болсам деген арманға жетелейтіні сөзсіз.

Қырық мың атты қызылбас  
Қырық кісідей көрінбес  
Батырыңның көзіне.  
Тікелеп атқан оқтары  
Тікенектей қадалмас  
Қоблекеңнің жүзіне.  
Қабағынан қар жауып,  
Кіршігіне мұз қатып,  
Қатуланып қаттанды,  
Буырқанып бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды.

Қобыландының нағыз ержүрек батырға тән ерекше бітімі, мыңдаған жау әскерімен жалғыз өзі шайқасып, жеңіске жеткен, айбарынан жауы сескенген ер тұлғасы оқушыны айрықша сезімге бөлеп, рухтандырады сөзсіз.

Енді бала алшаңдап,  
Қайраты тасып қалшылдап,  
Қойға шапқан бөрідей  
Жан-жағына ырсылдап,  
Әлемді алды айбаты

Қобыландай арсылдап,- деген Алпамыс батырдың да әсерлі теңеулермен берілген ер келбеті оқушысын шабыттандырмай қоймасы анық. Мұндай бейнелеулерді әрбір қаһармандық жырдан кездестіреміз. Мұның барлығы жасөспірім баланы әсерлендіріп, бойына патриоттық сезімнің дәнін сеуіп, жақсыға еліктеушілік, соған ұмтылушылық қасиеттерін қалыптастырады.

Алпыс үйлі Арғынның,  
Тоқсан үйлі Тобырдың,  
Ашыққанын тойғызды.  
Батыр туған Қамбардың  
Тимеді жоққа зияны.

Мұнда ағайын-туыс, ауыл-аймағын аң аулап асыраған жігіт тұлғасы көрінеді. Ата-анасына, ағайын-бауыр, көрші-қолаңға қайырымдылық жасап, қамқор бола білген бала ел-жұртына, Отанына да адал қызмет істейді. Өнердегі мәңгілік тақырыптар болып табылатын ізгілік пен жауыздық, достық пен қастық, махаббат пен зұлымдық арасындағы күрес эпостық жырларда жиі ұшырасады. «Алпамыстағы» Қаражан мен Ұлтан, Қаракөзайым мен Бадамша, «Ер Тарғындағы» Ақжүніс пен Ақша хан Ханзада бейнелерін салыстыру, іс-әрекеттерін талдау барысында халықтың адамгершілік, әділдік қасиеттерін қастерлегенін, керісінше опасыздық, зұлымдықты ұдайы әшкерелеп отырғанын көрсету арқылы оқушыларға адамгершілік тәрбие беруге мүмкіндік бермек.

Эпостық жырлардың басты тақырыбы – Отаншылдық, ұлтжандылық, туған жер мен елді қорғау мәселесі. «Алпамыс батырда» қаһарманның қас дұшпаны Тайшық ханның қызы Қаракөзайымның Алпамысқа достық қолын созуы, «Ер Тарғында» хан қызы Ақжүністің Тарғынды таңдауын көрсетудің негізінде отаншылдық идеясы жатыр.

Батырлар жырындағы патриоттық сезімдерді бүгінгі ұрпақтың санасына ұстаздық шеберлікпен біртіндеп сіңіру қажет. Себебі: батырлар жырында ел тағдыры, келер ұрпақ қамы, адамгершілік, ар-ождан мәселелері жан-жақты сөз болады. Ар-ұятты қашанда бірінші қойған батырлар үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу жағынан алдарына жан салмаған.

Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген батырлар жырының асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау өскелең өмірдің талабы болып отыр. Елбасы Н.Назарбаев: «Халықтың тарихи зердесін ояту керек, еліміздің өмірінде өшпес із қалдырған қоғам және мемлекет қайраткерлерінің келбетін жұрттың жадында жаңғыртуымыз керек. Бірақ бұл жұмыс жүйелі, зерделі зерттеулердің, білікті сараптамалардың негізінде барынша дәйекті тұрғыда жүргізілуі тиіс» («Егемен Қазақстан», 14.04.2001 ж.),- деген түйінді ойын жадымызда ұстауымыз қажет. Сондықтан да еліміздің болашақ тұтқасын қолдарына ұстағалы отырған бүгінгі жеткіншектерге адамзаттың ақыл-ойы мен мәдениетінің дамуындағы бағалы байлықтың бәрін игере отырып, ең әуелі, туған елі мен жері

легенде көкірегі қарс айрылатан азамат етіп тәрбиелеу қажет. Тәуелсіздікке қол жеткізген тарихқа көз жүгіртіп, оны ұрпақ санасына сіңіре отырып, өз Отанын сүйетін, мақтан тұтатын және оның қамын жейтін, ол үшін күресе білетін азамат тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз.

### Әңгімені оқыту

Әңгіме жанрын оқыту – оқушының сөйлеу дағдысының, мәнері оқушының, рухани дүниесінің қалыптасуының негізгі кілті болып табылады. Әңгімені оқытуда берілетін білім мен тәрбиенің аясы өте кең. Аталған жанрды оқытуда берілетін теориялық ұғымдар туралы түсінік үшін, ең алдымен, материалды неше сағатта өтуге болады, әр сағатта өтілуге тиісті материал көлемі мен мазмұны және оның оқушыларға бұрыннан таныс, не таныс еместігі, сондай-ақ, оқушылардың қабылдай алу қабілеттілігі, өресі, дағдыларының бар-жоғы сияқты мәселелерді күн ілгері ойластырып, жоспарлап алу қажеттілігі туады. Әңгімені оқытуда оқушыға берер тәрбиесі мол. Әңгіменің идеясы, ондағы кейіпкерлердің мінез-құлқы оқушыларды ойға жетелейді. Яғни, оқушы әңгіме мазмұнын түсіне отырып, оның кейіпкерлерінің бойындағы ұнамды, ұнамсыз қасиеттерін ажыратып отырады. Сол арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге көп көңіл бөледі. Сондай-ақ, әңгіме авторы оқушыларға жеке тұлға ретінде жақсы қасиеттерімен танылады. Кей оқушылар әңгіме авторын үлгі етіп, тіпті кейбір кейіпкерлерге еліктеп, оларды өнеге тұтуға ұмтылады.

Мектепте оқылатын қазақ әдебиеті курсының бағдарламасында әңгіме жанрының алатын орны мен оны оқытудың мәні зор. Әңгімені оқытуда берілетін білім мен тәрбиенің аясы кең. Атап айтқанда, оқушылар мынадай білім алады:

1. Әңгіме жанры туралы түсінік;
2. Әңгіме жанрының өзіндік белгілері мен ерекшеліктерін сезіне отырып оны талдау;
3. Әңгіме жанры аясында берілетін теориялық ұғымдар туралы түсінік.

Ең алдымен, материалды неше сағатта өтуге болады, әр сағатта өтілуге тиісті материал көлемі мен мазмұны және оның оқушыларға бұрыннан таныс, не таныс еместігі, сондай-

ақ, оқушылардың қабылдай алу қабілеттілігі, өресі, дағдыларының бар-жоғы сияқты мәселелерді күн ілгері ойластыра, жоспарлап алу қажеттілігі туындайды.

Мектептегі оқу мен тәрбие оқушылардың жас ерекшелігіне, психологиясына байланысты ұйымдастырылады. Балаларға көркем шығарманы оқыту, кітапқа деген құмарлығы, сөз өнеріне деген ынтасы мен құлшынысын дамыту әдебиет пәнін оқытудың күрделі жұмыстарының бірі болып саналады. Бұл мәселелерде де оқушының психологиялық ерекшелігі, жасы, оқып жүрген сыныбы ескеріледі. Осыған орай әңгіме жанры мектептегі қазақ әдебиеті курсының бағдарламасында әр сыныпқа жіктеліп берілген. Бұл бағытта әңгіменің көлемі, мазмұны, көркемдік ерекшелігі ескерілген. Мысалы: 5- 6 сынып оқушыларын әңгімеде көтерілген мәселелерден бұрын оның сюжеттік оқиғасы қызықтырады. Бұл жастағылар - психологиясы, мінез-құлқы, физиологиялық жағынан балалықтан кетсе де, әлі қалыптасып, толысып жетпегендер. Сондықтан олардың жасына және қабылдау қабілетіне қарай қызықты, жалықтырмайтын көлемдегі әңгімелер беріледі. Әсіресе, 5 сынып оқушылары өте қиялшыл, сенгіш болып келеді. Олар-қимыл- қозғалысы жағынан шапшаң, өте әсершіл, барлық нәрсені шындық деп қабылдайтын, жақсылыққа да, жамандыққа да құлай берілетіндер. Сондай ерекшеліктеріне қарай, тіпті, олардың оқулықтарында Құран Кәрімдегі түрлі аңызға ұқсас оқиғаларға құрылған «Сымайыл», «Зәмзам» деген әңгімелер де берілген. Әдеби шығармаларды оқу, қабылдау ерекшеліктеріне келсек, бұл оқушылар поэзия, драмалық шығармалардан гөрі, әңгімелерді, қара сөзбен жазылған шығармаларды оқуға ынталы болып келеді. Олардың осы қасиеттерін мұғалім дер кезінде бағалап, одан айрылып қалмаудың жолдарын іздестіруі керек. Ол үшін оларға кітапты қалай оқу керектігін, оқып отырып, неге назар аудару керектігін меңгертіп, оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында үнемі басшылық жасап, ақыл-кеңес беріп отыру керек. Бұл бағытта оқушыға арнайы дәптер бастатып, оқыған әңгімелерін, оның қысқаша мазмұнын, кейіпкерлерін жазғызып отыру тиімді. Бұл жұмысты жасай отырып, оқушы үнемі кітап оқуға оның мазмұнын есте сақтауға дағдыланады.

7-8 сынып оқушылары әңгіменің жалпы табиғатына, тақырып, идеясына, көтерілген мәселелерге терең үңіліп, жүйелі түсінуге ұмтылады. Себебі балалар есейген сайын психологиясы, физиологиялық даму барысында өзіндік ерекшеліктері айқындалады. Олар айналаға, соның ішінде өнер туындыларына өз көзқарасымен қарай бастайды.

Әңгіме эпикалық шығарма. Сондықтан басқа жанрға қарағанда әңгіме жанрын оқытудың өзіндік ерекшеліктері баршылық. Әңгіме жанрын оқытуда алға қояр мақсаттар:

1. Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;

2. Оқырмандық тұрақты ынта-ықыласы, биік талғамды қалыптастыру;

3. Оқушыны әңгіме жанрын және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және білікпен қаруландыру;

4. Оқушының логикалық ойына, ауыз екі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін әңгімені оқытуда белгілі бір міндеттер жүзеге асуы тиіс. Олар:

- Әңгіме мәтінін оқытып, мазмұндап меңгерту;

- Әңгімені табиғатына сай оқуға үйретіп, оның идеялық-эстетикалық мән-мағынасына терең бойлап, тебірене қабылдауына әсер ету;

- Әңгімені оқуға деген қызығушылығын, ынтызарлығын оятып, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;

- Әңгіме жанрының ерекшеліктерін түсініп тануға, ой көзімен зерделеуге болатын білім, білік, икем-дағдыларды қалыптастыру;

- Әңгіме жанрын оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, оқушылар шығармашылығына жүйелі педагогикалық ықпал жасау;

- Оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу әрекетін, образды ойлау, қайта елестете алу қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

- Ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және

дамыту, өзіндік ой-пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге, ұтымды шешен сөйлеуге баулу болып табылады.

Оқушыларды ауызекі сөйлеу, жазу мәдениетін үйрету-оқыту мен тәрбие жұмысының ең маңызды мәселесі. Адамның күнделікті тұрмыста, қоғамдық жұмыс барысында өз ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дұрыс сөйлей білуі мен сауатты жазуының маңызы зор. Бұл мектеп қабырғасында қалыптасады. Оқушыларды сөз қадірін біліп, оны орында қолдануға үйретеді, өз пікірін анық, айқын жеткізе білуге баулу мектепте, әсіресе, қазақ әдебиеті, қазақ тілі сабақтарында жүзеге асады. Оқушылар қазақтың әдеби тілін көркем шығармаларды оқу барысында жаттығу жұмыстары арқылы меңгереді. Әңгімені оқытуда тіл дамыту жұмыстарын мәтінді талдаумен, әңгімені мәнерлеп оқумен, ауызша мазмұндаумен, жоспар құрумен, тығыз байланыста жүргізген тиімді. Ауызша, жазбаша тіл дамытуда мынадай жұмыс түрлері орындалуы тиіс:

1. Сөздік жұмысы;

2. Мазмұндау: а) әңгімеге жуық мазмұндау, ә) мәтін мазмұнын қысқартып тезис ретінде мазмұндау, б) мәтінді екінші жақта мазмұндау, в) қажетті үзінділерді мазмұндау, т. б.

3. Мәтінге жоспар құру: а) жай жоспар, ә) күрделі жоспар.

4. Шығарма жаздыру: а) әңгіме тақырыбына сай шығарма;

ә) ұнаған эпизод бойынша шығарма; б) әңгіме мазмұнын қабылдауын байқау үшін эссе жаздыру.

Әңгімені оқытуда да, жалпы оқыту процесіндегідей мына екі түрлі қызмет жүзеге асады. Біріншісі - мұғалімнің оқытуы, екіншісі - оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқушының қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі- әңгіме әдісі немесе кітаппен жүргізілетін жұмыс түрлері-кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беру әдісі-оқушының білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс-тәсіл оқытушы мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мектептегі оқыту процесі-оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, әңгіме мазмұнына сай пікірталас

тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін арттыратын тәсілі болып келеді. Әңгімені оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі- иллюстративтік әдіс, «вристикалық» әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Академик Ю.Н.Бабанский өзінің «Оқу-тәрбие процесін оңтайландыру» деген еңбегінде әдістерді үш топқа жіктейді:

1. Оқушыларды оқу- таным қызметін ұйымдастыру әдістері;

2. Оқушылардың оқу таным қызметін көтермелеу әдісі.

3. Оқу- таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері.

Оқыту әдісі дегеніміз оқушылар мен мұғалімнің білімді меңгеру жолындағы тәсілі. Әңгімені оқытуда әдістерді оқыту құралдарынан ажырата алуымыз керек. Әдіс тек әрекетпен байланысты, ол үшін әрекеттің негізгі мақсаты болуы керек. Ал әр түрлі құралдарды қолдану әдістерге бағынышты. Құралдардың әр түрлі болуы әдістің құрылымын өзгертуге ықпал етеді. Әдістің жекелеген бөлімдерін амал деп атаймыз. Әдістер арқылы білім мазмұнын меңгертеміз. Мұғалім оқушыларды оқытуда соңғы нәтижеге жеткізер деген әдіс-тәсілдерді таңдап алады.

Әңгімені оқытуда әдістерді қай мәнге пайдалану тиімді екенін төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады:

- Сөздік әдісі;
- Көрнекілік әдісі;
- Тәжірибелік әдісі;
- Зерттеу әдісі.

Сөздік әдістерінің әдебиет пәнінің күре тамыры деуге болады. Сөздік әдістеріне әңгіме, лекция, пікірлесу, т.б. жатады. Әңгімені оқытуда жазушы өмірінен мәлімет бергенде, мәтін мазмұнын түсіндіргенде, талдағанда қолданылады. Әңгімені оқытуда берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, оқушының психологиясына әсер ету мақсатында қолданылады. Бұл топқа иллюстрация, суреттер, мүсіндер, портреттер, т.б. жатады. Оқушыны қызықтыру, ынталандыру мәселелеріңізде маңызы зор. Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұл топқа әңгіме мәтінін меңгеру, көркем мәтінмен жұмыс, т.б. жатады. Әңгімені оқытуда



кітаппен жұмыс кезінде жазушы тілі, стилін анықтауға тиімді. Берілген білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту, оқушылардың іздендіру, өз беттерімен проблеме шештіру мәселелерінде тиімді. Оқушылардың өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы.

Әңгіме жанрын оқыту мұғалімнен көптеген ізденісті, шығармашылықты, дайындықты талап етеді. Мұғалім сабаққа шеберлікпен дайындалып, түрлі әдіс-тәсілдермен оқушылардың қызығушылығын оята білсе, әңгімені оқыту барысында көптеген айтарлықтай нәтижеге қол жетуге болады. Әсіресе, өзіндік белгілері, ерекше белгілері бар әңгіме жанрын баланың жан-жақты қалыптасып дамуының негізі болып табылады. Әңгіме баланың өзін-өзі тәрбиелеуіне, басқаларды танып білуіне ықпал жасайды. Сондықтан мектепте эпикалық жанрды соның ішінде әңгіме жанрын оқытудың маңызы ерекше зор.

### **Публицистикалық шығармаларды оқыту**

Мектепте оқылатын әдебиет пәнінің – жас өспірімдерге идеялық, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беруде, халқымыздың өткендегі өмірін, оның армандары мен мүдделерін білдіруге маңызы зор. Қазақстанның жаңа кезеңдегі публицистикалық стилі және оның эмоционалдығы мен экспереcсивтілігін сипаттау мәселелері ретінде ғылыми тұжырымдар жасаудың қазақ тіл білімі үшін теориялық маңызы зор екендігі даусыз. Қазақ әдебиетін оқыту барысында публицистикалық стильдің негізгі ерекшеліктерін жаңа ғылыми бағыттардың зерттелу нәтижесімен толықтыру және газет мәтінінің анықтамасын нақтылау, қазіргі мәтінде негізгі өзгерістерді анықтау, газет мәтініндегі бағалау, қазіргі саяси метафора тілдік бірліктердің ерекшелігін көрсетіп, олардың публицистикалық мәтіндегі рөлін анықтау міндеттер тұр.

Публицистикалық стиль жанрларын қарастыруға арналған еңбектерде негізінен жанрдың 3 тобын бөліп көрсетеді: ақпараттық, аналитикалық және көркем публицистикалық.

Қазіргі публицистикадағы белсенді үдеріс газет тіліне «иностильді» элементтерінің қосылуымен түсіндіреді. Қазіргі публицистикалық мәтіндердің айрықша ерекшелігі мәтіндерді жиі қолданып олардың оқырманға тәсілдерін үйрету болып табылады.

Газет мәтіндеріндегі бағалаудың экспрессивті құралдары қабылдау тереңдігіне бағытталған, сондықтан да оқырманның жоғары белсенділігін шығармашылық белсенділігін талап етеді. Қазіргі заман газетінің жалпы әдістемелік негіздері оқырманды бірігіп ортақ ойлауға шақырады деп қорытынды шығаруға болады.

Публицистикалық қоғам өмірінде маңызды қызмет атқаруына орай бұқаралық ақпарат құралдарын тарихы, тілі, стилі, ролі, жанрлары тағы басқа мәселелері лингвистикалық философиялық аспектіде терең зерттелуі, қазақ тіл біліміндегі баспа сөз тіліне байланысты жасалған зерттеулер жаңа бағыттағы жаңа еңбектермен толығы түсу тиіс.

Әдебиет сабағының негізгі материалы – көркем шығарма. Оны жете білу, талдау арқылы жүзеге асырылады. Көркем шығарманы талдау принциптерінде орта буын мен жоғары сыныптарда ұқсастық бар. Бірақ әр сынып оқушыларының жас ерекшелігі мен білім сапасына қарай талдаудың да деңгейі әр түрлі болады.

Мектепте ақын-жазушыларды оқытқанда мұғалім өз қалауы бойынша олардың осы жанрдағы еңбектерін оқуға ұсына алады. Мысалы бағдарламада көрсетілген Ш.Уәлихановтың ғылыми мақалаларын, М.Әуезовті өткенде Абайтану ғылымының негізін салушы екендігін, М.Мырзахметұлының Әуезовті танытудағы еңбектерін қосымша материал ретінде ұсынып, оларды оқытуға болады.

Бүгінгі күн талабына сай, білім беру негізгі қағида болып табылатын оқу бағдарламалармен оқулықтар жасау, әдебиет сабағын оқытуды жетілдіру сияқты мәселелері әдебиет пәні құрылымын құрайды.

Қоғамдағы әлеуметтік және саяси жағдай, тұрмыстық мәселелер сияқты толып жатқан заман құбылыстары әр дәуірдің өз тарихы ретінде хатқа түсіп қатталып қала береді. Қай кезде болмасын олар публицистикадан көрініс табады.

Қоғамдық мәселелерді сөз етуіне қарай, публицистика көркем әдебиетке де ұқсас келеді. Оның да жанрлық ауқымы кең, көркемдік қуаты мол.

Қазақ публицистика стилінің пайда болып, қалыптасып, дамуында газет тілінің, олар атқарған, атқарып отырған әлеуметтік-қоғамдық қызметтері түрлерінің (ағартушылық, ақпараттық, әдеби тілді жетілдіру) әсер-ықпалы мол екенін білеміз. Ал публицистикалық стильдің негізін құраушы газет тілінің арнаулы ғылыми зерттеу нысаны болуының себептері мынадай:

- газет – әдеби тілді дамытып, сөздік құрамды толықтырып, молайтып, байытып отыратын қайнар көздердің бірі;

- газет ауызекі сөйлеу тіліне де, жазба әдеби тілге де ықпал етуші ақпарат құралы (бұл құбылыс керісінше де жүріп жатады);

- газеттің әдеби тілдің функциональдық стильдерінің қалыптасуы мен дамуындағы рөлі зор;

- газет – тіл мәдениетінің көрсеткіші;

- газет – тілдегі сөзжасам саласының пәрменді құралы;

- газет – термин қалыптастыру мен бейтерминденуі үдерісі жүруіне, сол арқылы тілдегі синонимдер қатарының пайда болуына мүмкіндік береді.

Публицистика ашық түрде үгіт насихат жүргізеді. Мұнда сендіру, иландыру ықпал етуден басқа, негізінен мынадай ерекшеліктері бар. Олар:

1. Айтылатын, жазылатын материал дерекке негізделеді. Тіпті ресми деректерге сай болуы тиіс.

2. Оқырман үшін ұсынылатын материал барлығына түсінікті болуы керек.

3. Қай жанрдағы түрі болсын, оқушыға әсерлі, яғни ықпалы болуы тиіс.

4. Ұсынылатын дерек көзі оқырман үшін жаңа болуы.

Публицистикалық мәтін ерекшеліктері мен қызметін былайша нақтылауға болады.

1. Түрлі оқиға, факті мен жағдаят туралы оқырманға тыңдаушы мен көрерменге хабар жеткізу арқылы танылатын информациялық-ақпараттық қызметі;

2. Белгілі бір факті, дерек туралы хабардар етіп, түсінік-коментарийлер, баға беруге, талдау жасауға ұштасып жататын коментарийлық-бағалауыштық қызметі;

3. Қандай да бір мәдени, тарихи, ғылыми сипатты информациямен таныстыру барысында сол информацияны қабылдаушының таным-түсінігін, білім-біліктілігін арттыруға септесетін – ағартушылық-танымдық қызметі;

4. Қоғамдық пікір тудыру, оны қалыптастыру, адамдардың көзқарасын кеңейту және қоғамда болып жатқан инверсиялық өзгерістер мен науқандық, әлеуметтік-саяси акцияларды ұйымдастыру, өткізу кезінде, қайта құрулар мен ірі саяси оқиғалар, төңкерістер тұсында қоғам мүшелерінің дүниетанымына әсер ету функциясы:

Публицистика мәтіндерінің түрлерін тақырыптық, жанрлық, мазмұндық жағынан саралай келе, ондағы лексикалық қабаттардың әркелкілігі, грамматикалық ерекшеліктері, бағалауыштық лексиканың молдығы сияқты тілдік деректер байқалады.

Музыкалық шығармалар бойынша шығарма – толғаулар жаздыру. Мысалы, «Күй», «Күйші» поэмаларындағы жырланатын күйлерді тындата отырып, оның сезім күйлеріне әсерін ақынның сөзбен жеткізе білуі.

Ақын, жазушы атынан хат жазу, оларға сөзбен ескерткіштер қою (жазу)

Табиғатқа, мұражайға, тарихи орындарға серуендеу арқылы да жазба жұмыстарын орындату.

Ақын-жазушылар туралы естелік, баға, пікір, арнау өлеңдері негізінде сыр-толғау, жыр-толғау, ой-толғау жазғызу.

Сабақтың ғылымилығын арттыруда, білімді тереңдетіп беруде, әсіресе, сын-зерттеу еңбектерінің орны ерекше.

Төменде осы жұмыстардан қысқаша үлгі берейік. Әуезов туралы бірінші сабақты «Ұлан даланың ұлы жазушысы» эпиграфымен өтіп, шығармашылық бағытта, әсіресе, көркем де сұлу тілін дамыту мақсатында мынадай тапсырмалар беруге болады:

1 топқа. М.Әуезов туралы естеліктерді, мақалаларды оқып, сол бойынша «Даңқы өлмес, дауысы сөнбес бұлбұлым» атты сыр-толғауға дайындалу. Пайдалануға ұсынылған

материалдар: Н.Тихонов «Дара дарын» (мақала); Камиль Яшен «Таудай тұлға» (мақала); Олесь Гончар «Ортақ мақтаншы» (мақала); Ш.Айтматов «Ұстаз туралы сөз» (мақала); Ә.Нұршайықов «Іні болса да, аға еді»; Ә.Марғұлан «Жадымда қалған жақсы күндер».

2 топқа. М.Әуезов туралы пікірлер мен ойларды жинақтап, үлестірме қағазға көрнекі етіп жазып келу. Сол бойынша

«Арыстан келбетті Мұхтарды сүйемін» атты ой-толғауға дайындалу. Пайдалануға ұсынылған материалдар: К.Федин, Л.Соболев, Н.Погодин, В.Иванов, Қ.Сәтбаев, А.Корнейчук, И.Андронников, Б.Кербабаев, А.Фадеев, Б.Момышұлы, Қ.Бекхожин т.б. пікірлері.

3 топқа. М.Әуезов туралы өздеріне ұнаған өлең-жырларды жаттап келу, мәнерлеп оқу, сол бойынша «Абайымыз екеу болса, бірі еді» атты жыр-толғауға дайындалу. Пайдалануға ұсынылған материалдар: Р.Гамзатов «Мұхтар аға», С.Мәуленов «Мұхтар асуы», Т.Жароков «Зерен де ерен», Н.Ахметбеков «Біздің Мұхтан».

Мектептегі әдебиет пәнінің жалпы білім жүйесіндегі орны мен міндеттері көркем шығарманың танымдық, тәрбиелік осындай өзіндік ерекшеліктеріне негізделеді.

Очерктің кейіпкері мен оқиғасы құжаттық дәлелі бар нақты дерекке негізделеді. Мұнда әңгіме жанрындағыдай әлдебір ойдан шығарылған дүниелер емес, очеркті өмірде бар адам және оның іс әрекеті суреттеледі.

Публицистика жанрында фельетон шындық болмысты әжуалап көрсету жағынан ерекшеленеді. Сатирадағы тілдік қолданыстар стильдік контрастар мен әсірелеу сияқты көркемдік құралдардан тұрады.

Оқушылардың өзіндік ойын дамытып, білім дәрежесін, тіл мәдениетін айқын көрсететін жазу жұмысының бірі – мақала жаздыру. Өйткені, мақала жазғанда оқушы алған тақырыбына қатысты құрғақ фактілердің басын құрап қоймай, белгілі сюжет құрап жазуға, оған тілдік құралдарды таңдауға тырысады.

Публицистикалық стиль. Публицистика (латынша publicus-көпшілік әлеумет)-қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жасалады. Тіл стильдік

тануына, дүние сезінуіне, көз қарасына, сол өмір фактісін жинақтап, қорытып бейнелі тілмен жазу мәнерінен болады.

### Лириканы оқыту

Лирика ақынның өмір құбылысын сезінуі мен түйсінуінен, тануынан туады. Өмір құбылысының бір ғана жағы бірнеше лирикаға арқау, мазмұн, тақырып бола алады. Лирикалық шығармаларды оқытуда оқытушы көптеген әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Ең бастысы оқушының өзіндік іс-әрекетіне, ой-пікір еркіндігіне жол берген дұрыс. Лириканы қабылдаудағы дайындық кезеңі өлеңді сазына келтіре оқудан басталады.

Лириканы оқытудың күрделілігі оның жанрлық ерекшелігінде емес, ең бастысы оқушылардың оған деген көзқарасы, қарым-қатынасында. 5-8 сынып оқушыларының көбі поэзиядан гөрі қызықты мазмұны бар прозалық шығармаларды ұнатады. Өлеңді оқушыға оқытардан бұрын алдымен мұғалімнің өзі мәнерлеп оқу керектігі белгілі. Мысалы өлең мен лирикалық өлеңді, поэма мен батырлар жырын оқудың айырмашылығы бар бірақ осының барлығы өлең болғанымен оқытудың өзіндік әдіс-тәсілдері бар.

А. Байтұрсынұлының 5-сыныптағы «Өгіз бен бақа», «Егіннің бастары» мысалын оқығанда мәнеріне келтіріп мұғалім оқып, оқушыдан осылай оқуын талап етеді. Талап болмаған жағдайда оқудың мәнері жоғалады. Оқушылар рөлге бөлініп оқығаннан кейін әр шумағын талдатып мазмұнымен танысып неліктен бұл өлеңді мысал деп аталғанын ұқтырады. «Өгіз бен бақа мысалындағы бейнелердің әрекеттерін жеке қасиеттерін талдатып, мінездеме беру үшін топтастыру әдісін қолдануға болады. Оқушылар өз ойларын дәптерге жазады.

Сабақ басталмас бұрын көңілді, сазды, назды музыка қойып қою, мүмкіндігі болса өтілгелі отырған өлеңнің әнімен қоюдың, күйлерді тындаудың оқушыларды сабаққа әзірлеуде маңызы зор. Лирикалық шығармаларды өтуде мынадай мәселелерге көңіл бөліну керек:

1. Лирика туралы әдеби-теориялық бастапқы ұғым беру.
2. Өлеңді үйде алдын ала оқып танысу.

окулықтарындағы лирикалық өлең түрлері мен ғылыми талдамасының орны ерекше. Бүкіл әлем, гүл, бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір - поэзия дүниесі, ойнақы өмір беретін сырлар – поэзияның тетігі мен жаны, құралы жан-жақты түсініс беру керек. Төменгі сыныптарда пейзаждық лириканы оқытудағы тиімді әдістің бірі өлең мазмұны бойынша сюжеттік суреттер салдыру жұмыстары. Ең алдымен өлеңдегі жеке суреттер, көріністер сұрақ, жауап арқылы ауызекі анықталады да соның негізінде әр оқушы өзінше сурет салдыру тағы басқа да әдістерді пайдалану арқылы сабақты түрлендіріп өткізуге болады.

Өлең – еркін сөйленетін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі, Абайша айтсақ, сөз патшасы, сөз сарасы. Өлеңдегі әр сөз адамның жан жүйесімен, көңіл күйімен, сезім толқындарымен өзекті байланыста, ұйқас пен ырғақ та, шумақ пен бунақ та осыдан туған. Өлеңнің әр ырғағы мен бунағында көл-көсір сыр ұялап, сезім шалқып жатады. Өйткені өлеңдегі әрбір, дыбыс мәні сөз мәнін әрі толықтырады, әрі ауыстыра алады. Лермонтов: «Нағыз ақынның құдірет-күші сондай, ол өзі жазған өлеңдегі бір ғана дыбыспен өмірді өзгеше құбылыс қалпында, қозғалыс үстінде әркімнің көз алдына әкеле алады», - деп тұжырымдаған.

Өлең атаулының негізі болып табылатын, оның өн бойына нәр беріп тұратын арқау ырғақ болып табылады.

Ырғақ, яки ритм (грекше *rhythmos* – шамалас, мөлшерлес, сайма-сай) – қимылдың, құбылыстың, үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы. Поэзиядағы ұлы қасиет – үндестік, яки гармония! Ал, сөзбен дыбысты үндестікке әкелетін күш – ырғақ. Өлеңнің әр сөзі – ырғақты сөз.

Қысқасы, ырғақ – өмірде де, өнерде де көп нәрсенің кілті, өлеңде сөз бен дыбыс үндестігінің арқауы.

Өлеңді өлең ететін ырғақпен қатар ұйқас екені белгілі; ал ұйқас, яки рифма (грекше *rhythmos* – өлшемдес, мөлшерлес) – дыбыс қайталаулар, дәлірек айтқанда өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі.

Ұйқас — өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе, яғни өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе.

«Қазақ поэзиясындағы ұйқастардың түрі көп,- деп жазады академик Қ.Жұмалиев, — бірақ ең негізгі және көп қолданылатындары мыналар: 1. қара өлең ұйқасы. 2. шұбыртпалы ұйқас. 3. ерікті ұйқас. 4. кезекті ұйқас. 5. шалыс ұйқас, 6. егіз ұйқас. 7. аралас ұйқас. 8. осы күнгі ерікті ұйқастар.

Поэзиялық шығармаларда ұйқас пен ырғақтан басқа шумақ, тармақ, бунақ сияқты ұғымдар бар.

Шумақ-аяқталған синтаксистік ой, жинақталған синтетикалық шындық. Шумақтардың жік-жігін ажыратуға болады. Шумақ бар жерде тармақ, тармақ бар жерде бунақ болатыны сөзсіз. Біз, әр бунақты тек ырғақ арқылы ажырата аламыз.

(Қабак түйіп), (қара бұлт), (тұрды сәл-ақ),

(Өте шықты), (селімен), (қырды сабап),

(Көк жүзіне), (керіліп), келе қалды),

(мәңгі-бақи), (тозбайтын), (сырлы садақ). (І.Мәмбетов)

Бұл кестеде өлеңнің бір шумағы, төрт тармағы, он екі бунағы бар екен.

Шумақ, тармақ, бунақ — бәрін туғызып жүрген- ырғақ. Жалпы адам атаулыға ән салдыратын, ақын біткенге өлең жаздыратын ырғақ.

Көркем мәтіннің кішкентай клеткасы — сөз. Шығарма шаңырағы сол арқылы көтеріледі. Жіптен кілем тоқыған шебер сияқты, кірпіштен зәулім сарай тұрғызған сәулетшідей жазушы да сөзді кәдеге жаратып, көркем туынды түндігін көтереді. Сол сөз образы бейнелі сөйлем құрылымына апарды, ал сөйлемдер белгілі бір оқиғаны құрастырады, ситуация жасайды, оқиғалар бір-бірінен өрістей отырып, шығарманың тұтас бітімін құрайды. Осы өрілімдер, оқиғалар өрісінде адам бейнесі жасалады, олардың характерлері қалыптасады, шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұны ашылады. Қалыпты қара сөздер шығарманың, көркем құрылымына ену арқылы, бір-бірімен іштей кірігіп, эстетикалық қарым-қатынасқа түсу арқылы өнер әлемін тұрғызады.



Қазіргі әдістеме көркем шығармаға талдау жасаудың төрт түрлі тәсілін ұсынады.

1. образ бойынша.
2. тақырыптық.
3. проблемалы.
4. тұтас талдау.

Демек, талдау әдістерін түрлендіру арқылы шығарманың мазмұнын да, эстетикалық табиғатын да терең ашуға болады.

Лирикалық шығарманы оқыту, ең бастысы, оқушылардың оған деген көзқарасы, қарым- қатынасында. Әсіресе, 5-8 сыныптар оқушыларының көбі поэзиядан гөрі, қызықты мазмұны бар, айтайын деген ойының бәрі бадырайып тұратын прозалық шығармаларды ұнатады. Мұғалімге оқушыларды лирикалық шығармаларға қызықтыру, тарту жұмыстарынан гөрі, прозалық шығармаларға қызықтыру жеңілірек тиеді. Лирикалық шығармаларда ақын өз ойы, өз сезімі, өз күйін тікелей кейіптеу арқылы жеткізсе, лириканың сол өзіндік қасиеттерін түсіну үшін, баланың да ақын жанды жүрегі, нәзік сезімі, ұшқыр ойы болуы керек қой. Лирикалық шығармаларды құлақпен емес, жүрекпен, сезіммен қабылдау керек десек, ол шығармаларды бала қалай қабылдады, нені сезді, неге тебіренді, қандай көңіл-күйде болды оны тексеру де мұғалімге оңай соқпайтын мәселелер. Міне, сондықтан да лириканы оқытудың күрделілігі осында жатыр.

Ал, мысал ретінде қазақ әдебиетінің классик ақыны Абай Құнанбаев шығармашылығына, оның ішінде табиғат, махаббат лирикасына және қара сөздеріне қалам тарттық.

Сонымен, Абайдың лирикасы – кең көлемді мол қазына биігі бітпес, тереңі таусылмас сырлы мұра. Алдымен, Абай – ақын. Ақын болғанда бүкіл бір халықтың ұлттық мәдениетінің ғасырлық мерейі, әдебиетінің заңғар биігі болған данышпан, классик ақын. Олай болса, Абай творчествосының дені – поэзия. Ал, сол Абай поэзиясының дені – лирика. Осының өзінен-ақ, әлгі айтқанымыздай, мұның қаншалық шалқар теңіз екені белгілі.

Абай лирикасы сала-сала. Жалпы лирика деген ұғымға қандай қасиеттер тән болса, Абай өлеңдерінде

соның бәрі бар. Белинскийше айтсақ, Абайды бірыңғай қайғының, яки қуаныштың ақыны деуге, не мұңшыл, не күлкішіл ақын деуге тіпті де болмайды. Абай лирикасында осының бәрі түгел, тұтас жатыр. Оның сырлы жырларындағы сәл ғана, ең бір жәй сезінудің өзі оқушысының жан жүйесін, көңіл күйін түгел тебіренге толқытып, «барлық пернені түгел басып, барлық шекті түгел сөйлеткендей сайрайды» (Белинский). Бұл – ғажайып құбылыс. Кейбір сюжеттік немесе лиро-эпостық, лирикалық шегіністер елеулі орын алады. Бұл – жанр табиғатын да, идеясын да танытуға қажетті нәрсе. Мұны сюжет элементі мен суреттеу тәсілдері тұсында арнаулы объект етеміз. Мұндай формаларға І. Жансүгіровтің «Құлагер», «Дала», Сәкеннің «Көкшетау» поэмалары, Жамбылдың толғаулары, С. Көбеевтің «Қалың мал» романы құрал болады.

Лирика – поэзияның негізгі үш (эпос, лирика, драма) түрінің бірі. Лирикалық шығармаға көбінесе ақынның ішкі дүниесінің сезім күшімен тебірене толқуы, оның жеке өз басының көңіл күйі, күйініш-сүйініші тән. Ақын басында болатын мұндай толғаныс оның өзі өмір сүрген мезгілге, өзін қоршаған әлеуметтік ортаның моральдық бітіміне тығыз байланысты екені даусыз. Ақын қуана шалқыса да, жабырқай толғанса да, лирикада сол өз кезінің шындығы мен сыры жатады. Оқушы мұнан ақын өмір сүрген дәуірдің рухын, жай-жағдайын байқап, хал-күйін аңғарып отырады.

Жалпы, сөз өнерінің өзге түрлері секілді, лириканың да суреттейтін құбылыстары көп. Эпос па, драма ма, лирика ма бәрібір, мақсат – адамның мінез-құлқын, күйініш-сүйінішін суреттеп қана тыну емес, сол арқылы өмірді, дәуір шындығын суреттеп көрсету екені мәлім. Осы жағынан алып қарасақ, лириканың эпосқа, яки драмаға принциптік қайшылығы жоқ. Жалғыз-ақ, жанрлық жағынан айырмасы – эпостық шығарма қат-қабат, шытырман оқиғаларды суреттеуге лирикадан гөрі әлдеқайда кең құлаш жая алады. Сюжетке құрылады. Шындық құбылыстарды жан-жақты, толық суреттеуге, бір оқиғадан екінші оқиғаға көше баяндауға мол мүмкіндігі бар.

Ал, лирикалық шығарма олай емес. Көлем жөнінен, эпосқа қарағанда әлдеқайда ықшам. Қат-қабат оқиғалы сюжеті жоқ, одан гөрі отты сезім басымдау, композициясы бас-аяғы жинақы бір алуан ойға құрылады.

Белинский лирикалы өлеңнің оқушыны төзімнен айырып, жалықтырып жіберер ұзақ болуын онша ұнатпаған «Лириканың ұзақ болу себебі ақынның бір өлеңнің ішінде бір сезінуден екінші сезінуге ауысуынан, сондықтан арасын жалғастыру үшін амалсыз шешендікке салынып, ақындыққа шөлкес сырдаң ақыл айтуынан», – деп білген.

Лирикалық шығармалардың күрделі композициялық формалары бола бермейді, сондықтан оны белгілі бір жүйеге келтіріп, түр-түрге бөліп жатудың керегі жоқ және күні бүгінге дейін тұжырымды түрде бұлайша топталған да емес. Ілгергі кезде (XVIII ғасырда), орыс әдебиетінде классицизм дәуірлеп тұрған тұста әркімдер лириканы түр-түрге бөліп берген болды. Олардың бастылары: Ода, Элегия, Баллада, Идиллия, Романс, Мадригал, Эпиграмма, Надпись, Эпитафия, Эпиталама, Эклога, тағы басқалар.

Лириканы идеялық-тақырыптық негізіне сай, мазмұнына қарай топтап, бірнеше салаға бөлу орынды: саяси лирика, философиялық лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы.

Лирика – ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі.

Лирикалық шығармадан оны жазған адамның өмір сүрген ортасын, сол ортаның саяси-әлеуметтік халін, адамдардың алуан-алуан мінез-құлқын, ой-өрісін, жан-күйін, арман-тілегін, мақсат-мүддесін аңғарамыз.

Сонымен қатар, лирикалық шығармадан ақынның өзін, өзіне тән айрықша мінезін тануға да болады. Өйткені лирикада ақынның оқушыға бұрын онша мәлім бола қоймаған сыры мен сезімі жалт етіп сыртқа шығып, жарқ етіп бір көрініп қалады. Оның өзі ғана емес, оқушыны да тебіренте, сезіндіре көрінеді. Оқушы енді бір ауық ақын басында болған күйініш-сүйінішті өз басынан кешіреді. «Оның қайғысымен қайғырып, қуанышымен, шаттығымен, үмітімен тыныстайды, оның көзімен көріп, құлағымен естіп,

тілімен сөйлейді» (Белинский). Ақын өз лирикасында осылайша жарқ етіп, терең ойы мен сезгіш жанының жалпы жұртқа бұрын мәлім емес белгісіз түкпірін нәзік толқынмен осылайша ап-айқын ашып, танытады. Мұны ұғуда, әрине, оңай емес.

Ұқпассың үстірт қарап, бұлғақтасаң,

Суретін көре алмассың, көп бақпасаң,

Көлеңкесі түседі көкейіңе,

Әр сөзін бір ойланып, салмақтасаң – деп кемеңгер Абай тегін айтпаған.

Абай да өз лирикасының керекті жерінде кейбір қоғамдық қатынастардан белгі бере отырып, өзінің таптық көзқарасын, идеялық бетін айқындайды.

Лириканы оқыту әдістемесі шығарманың тақырыптық-идеялық мазмұнына, эстетикалық – көркемдік қуатына сай белгіленеді. Ақынның өз үні, әуезі, барлық поэзияға құмартушылардың үніне айналады. Лириканы қабылдау ұғыну, түсіну, өлең күдіретін пайымдау түрлеріне негізделеді. Лириканы оқытудағы мазмұн мен форма бірлігі, идеялық-эстетикалық талдау тұтастығын қамтамасыз етеді. Өлеңді қабылдаудағы эмоциялық және логикалық бірлік қатар жүреді. Лирикалық қаһарман, лирикадағы әсемдік идея, тақырып, лирикадағы сюжет мәселесінің өзіндік ерекшелігі мол.

## Қазақ әдебиетін оқытуда жаңа инновациялық технологияларды қолдану

Бүгінгі заман сұранысы оқыту ісінде техниканың кең қолданылуына байланысты жаңаша оқыту талабын туғызды. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы өмір сұранысына сай білімі бар, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын азамат тәрбиелеу оның өзін белсенді жағдайға қоятын оқыту технологияларын тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Ғылыми-педагогикалық тұрғыда негіздеу қажеттілігі туындап отыр. Бұл «білімдік технология», «педагогикалық технология», «технология» ұғымдарының мән-мағынасын ашып алуды қажет етеді. Педагогикалық технология дегеніміз не деген сауалға педагогикалық технология ұғымына шетелдік және отандық әдебиеттерде үш жүзден астам анықтама берілген. Бұл педагогикалық технология ұғымының қалыптасу мен дамуының тарихында оның оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деп ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер бар. Педагогикалық технология – тиімді оқыту жүйелерін құрастырумен, оқу процестерін жобалаумен айналысатын педагогикалық ғылымның бағыты. Білім берудегі педагогикалық технологияның жеке аспектілері мен түрлерін В.М.Монахов, М.В.Кларин, Ш.А.Амонашвили, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Ю.К.Бабанский, В.К.Дьяченко, П.М.Эрдниев, В.Ф.Шаталов және т.б. еңбектерінде қарастырса; Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, Т.Галиевтың, Н.Н.Нұрахметовтың, Г.К.Нұрғалиеваның, М.Жанпейісованың, Ә.Ә.Жүнісбековтің педагогикалық технологиялары кеңінен танымал.

«Технология» термині алғаш рет 1940-50 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Ж.Қараевтың пікірінше, технология дегеніміз – әдістемелік жүйемен сәйкесті дидактикалық процестер кешенінің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер оның құрамды бөлігі ғана. Оның

үстіне қолданылатын әдістер нәтижеге жетуге кепілдік бере алмайды. Педагог-ғалым Г.К.Селевко өзінің «Слагаемое педагогическое технология» еңбегінде былай дейді: «Оқу тәрбие процесінің алдын-ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асуы белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асу жобасы» педагогикалық технологияның құрылымына төмендегідей бөліктерді:

а) тұжырымдық негіз;

ә) мазмұндық бөлім: оқытудың жалпы және нақты мақсаттары, оқу материалдарының мазмұны;

б) процессуалды бөлім – технологиялық процесс: оқу процесін ұйымдастыру; оқушылардың оқу әрекетінің әдістері мен түрлері; мұғалімнің материалды игеру процесін басқарудағы іс-әрекеті; оқу процесінің диагностикасын кіргізеді. Педагогикалық технологияның тиімділігі сол, ол шындыққа жүгінсек, ұстаздардың өздері үшін ғана жазатын сабақ жоспарларымен бір сабақта жүзеге асуы мүмкін емес мақсаттарды белгілеуден сақтандырады. Технология – қарапайым тілмен айтқанда жүзеге асатын ғана, нақты мақсаттардың алдын-ала ойластырылған нақты жобасы, яғни белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы. Ал, педагогикалық жүйе – педагогикалық технология негізі болып табылады. Беспальконың еңбегінде: «Педагогикалық жүйе – бір-бірімен байланысты әдістер, педагогикалық процестер – жеке тұлға қалыптастыруға әсер ететін нақты мақсатты, бағытты педагогикалық әсерлер», – деп түйінделген. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін нәрсе емес. Көркем туындыны жай оқып, шығу емес, одан алған әсері, туынды оқушы жүрегіне, сезіміне әсер етті ме, соны білу мұғалім үшін маңызды мәселе. 5-8 сыныптарда әдеби шығармаларды оқу көбіне сыныпта жүргізіледі. В.П.Беспалько оқушылардың мүмкіндік деңгейлерін төртке бөліп көрсетеді. Бірінші деңгей–міндетті. Екінші деңгейі– алгоритмдік. Үшінші деңгейі – эвристикалық. Төртінші деңгейі – шығармашылық.

I деңгейде (оқушылық деңгей) оқушы жаңа материалдың тақырыбын түсінуге арналған тапсырмаларды орындайды.

Тапсырмалар жаңа материалды оқушы есінде ұзақ сақтау мақсатында жасалады.

II деңгейде (алгоритмдік деңгей) алғашқы деңгейдегі білім мазмұны тереңірек қамтылуы көзделіп, тапсырмалардың құрылысы мен мазмұны күрделене түседі. Оны орындаудың әрбір қадамы алгоритмдік түрде беріледі, яғни тапсырмалар бір-бірімен тығыз байланыста бола келіп, жүйелі түрде, алғашқысынан кейінгісі дамытылған түрде, кейінгісінен соңғысы тереңдетілген түрде ұсынылады.

III деңгей (ізденімдік деңгей) оқушы өзіндік ізденісі арқылы жаңа материалдың қыр-сырын тануға арналған тапсырмаларды орындайды. Мұнда ол жаңа материал бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, оны тереңдете отырып, өз ізденісінің нәтижесінде жаңа білім алады.

IV деңгей (шығармашылық деңгей) оқушы IV деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында жаңа тақырыпты еркін меңгеріп өз пікірі, өз айтар ойы бар жеке тұлға дәрежесіне көтеріледі. Қазіргі таңда оқытылатын пәндердің, балалардың болашағы, таңдайтын мамандығына қарай бағытталуы, яғни мақсатты білім беру ісіне ерекше назар аударылуда. Сондай-ақ, жеке тұлға, яғни дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім беру мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы болып отыр.

Педагогикалық жүйе тәжірибеде дидактикалық мақсат оқыту технологиясы арқылы жүзеге асады.

Бала білімін оқушы деңгейінен шығармашылық деңгейге жетелеуде дамыта оқыту, проблемалық оқытудың атқарар рөлі ерекше. Қазір педагог-ғалымдар оқыту әдістерін төмендегідей жүйелейді. Олар:

1. Түсіндірмелі, иллюстративтік
2. Бағдарламалық
3. Эвристикалық
4. Проблемалық
5. Модельдік әдістер.

Оқушылардың шығармашылық қабілетіне қарай И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин әдістің 5 түріне тоқталады. Олар:

1. Түсіндірмелі-иллюстративті

2. Репродуктивті әдіс

3. Проблемалы түсіндіру, өзекті мәселені мазмұндау

4. Эвристикалық әдісі

Бұл әдістер – мұғалімдерге жете таныс, тәжірибеде жиі пайдаланылып, өнімді нәтижелер беріп жүрген әдістер.

Оқыту әдістерінің бірнеше түрлері тоғыса келе оқушы білімінің сапалы, тиянақты болуына әсер етуі керек.

Әдіс тәсілдер бірнеше түрлі болып келеді, мұның өзі мұғалімге әр тәсілді шеберлікпен, орынды пайдалана білуді міндеттейді. Жалпы білім беру саласында қолданылып келе жатқан педагогикалық оқыту әдістерін Т.Жұмажанова былай топтастырады: Талдау әдісі (баяндау, әңгімелеу, салыстыру); Эвристикалық әдіс (проблемалық, зерттеу, іздестіру, жоспарлау, дәлелдеу, мәселе қою, шешу). Сабақта оқыту үрдісін ұйымдастыру әдістері, білім алу көздеріне байланысты оқыту әдістері, сабақ құрылысына мұғалімнің қоятын мақсатына қарай оқыту әдістері.

Зерттеуші ғалымдардың ғылыми ізденістерін дәйектеп, талдай келе модульдік оқытудың төмендегідей ерекшеліктерін байқадық:

- Оқытудың мақсаты айқын, нәтижесі белгілі;

- Оқу мәтіндері бөліктерге бөлінеді;

- Әр бөліктің мазмұны, құрылымдық элементтерінің болатындығы;

- Оқытушы- кеңесші, бағыт беруші;

- Оқушы ( студент) шығармашылықпен жұмыс істеуге қалыптасады.

- Әр модульге тиісті тапсырмалар, модульге ену, шығу т.б. беріледі.

Сабақ өту барысында модульдік оқытудың мынадай түрлерін пайдалануға болады:

1. Модульге кіру

2. Проблемалық блок

3. Терендету блогы

4. Ақпарат блогы

5. Тапсырма блогы

6. Қорыту блогы.

Модельдік әдістерге іскерлік ойындары, сабақ түрлері, мәселен, баспасөз сабағы, сот сабақтары т.б. жатады. Бұл әдіс



оқушылардың өз бетінше дербес ізденуіне жол ашады, шығармашылық жұмыстарға баулиды.

Ғалым М.М.Жанпейісова модульді оқыту құрылысын арнайы зерттеп, «Технология модульного обучения» деген еңбек жариялады. Модульді оқыту бала қиялын дамыту, зейінін тәрбиелеу, халықтық педагогикамен қаруландыру, терең білім берумен негізделеді. Сөз құдіреті автордың сөз қолданысы арқылы сезіледі. Сөздің сұлулығы сезімге әсерімен бағаланады. Сөз қасиетін қабылдаған адамның сөйлеу тілі әсерлі болмақ. Сөйлеуші ой эстетикасына (ойды ашып, қонымды сезімділігіне) сезім қорына сөз бен ойдың жүйесіне дауыс тембіріне сөйлеу тіліне (ауызекі тіл, әдеби тіл) әсер етеді.

Көңіл бөліп, дұрыс сөйлеп, нормативін білу аса қажет. Сөйлеуші қабылдаған білімін шығармашылықпен ой түйіндеп жеткізуге, эмоциялық сезімге ойлап, ой эстетикасының жоғарғы сатысына көтеріледі. Ол сатыға жеткізуші дәнекер – ойын модулі.

Модульді оқыту құрылысы 3 түрлі кезеңнен тұрады.

#### Модульді оқыту құрылысы

Кезең	Кіріспе	Диалог	Қорытынды
Әдіс мазмұны	Жанрға сай кіріспе сөз	Мұғалім мен шәкірт диалогы	Сынақ
Жеткізу	Баяндау	Эвристика	Тест

Кіріспе бөлімінде оқыту іс әрекеті оқытудың міндеттерін белгілеу проблемалық ситуация тудыру оқу іс-әрекетінде оқушы дайындығы жүйелі жоспары. Әрбір оқыту модулі 7 сағатқа жоспарланған. Әдебиетті оқыту әдістемесінің дамуындағы жақын күндердегі асар белестер оқу-тәрбие процесіндегі ізгілендіру, оқытуды саралау, нақтылы әдістемелік еңбектер пәндерді шоғырландыру, оқыту деңгейінің қазіргі кезең ғылымы мен мәдениетінің даму деңгейіне жақындауы, сабақта жаңа технологияларды пайдалану, варианттық бағдарламалар арқылы әдебиетті оқыту әдістемесін күшейту, оқытудың жаңа түрлерін іздеу.

М.Жанпейісованың әдісі бойынша, оқытуды саралау – интерактивті модульдік оқыту технологиясы аумағында оқу процесін ұйымдастырудың маңызды факторларының бірі.

Сараланған тапсырмалар оқу модулінің сөйлесу бөлімінің 3-4 сабағында беріледі және ол 3 деңгейде құрастырылады яғни, «оқушының өзі үшін қиындық туғызатын деңгейде құрылған оқу неғұрлым пайдалы әрі дамытушы болып есептеледі». Оқыту әдістерін дұрыс қолданған жағдайда ғана оқушылардың ой-өрісін тереңірек дамытуға мүмкіндік туады, бұл оқушылардың интеллектісін, зейінін, ойлауын арттырады. Әр сабақтың білімдік, тәрбиелік бағыт-бағдары, үзіліссіз, біртұтас білімдік жүйе екен. Сабақтың идеялық жағынан терең әрі бүгінгі ғылым деңгейінде болуы, әр сабақтың жастарды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу мақсатын көздеу, танымдық қабілетті арттырып, шығармашылық іске ұмтылдыру, зерттеушілікке, ізденуге білім алуға бағыттау қажет. Жаңашыл мұғалімдердің озат тәжірибелерін жинақтау керек.

Дамыта оқыту тәсілдері.Әдебиеттің аутогоникалық мәні дегеніміз – адамның өзін-өзі тану және өзін-өзі оқыту арқылы тәрбиелеу жолы. Дамыта оқыту мұғалімге бірнеше міндеттерді жүктейді. Ол міндеттердің негізгісі шәкірттердің ойлау қабілетін арттыруға, өзіндік дербес пікірін қалыптастыруға түрткі болу.

Дамыта оқыту әдістерінің басқа әдіс-тәсілдерден екі негізгі айырмашылықтары бар. 1.Қарама-қарсылықты шешудің құралы болғандықтан, олар тек жүйе (системе) ішінде қаралады. Оны айқындап, жоқ ол оқыту мен тәрбиенің барлық әдістермен іштей қабысып, бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Сабақтың қызықты өтуі педагогтың да шеберлігін қажет етеді.

Сұрақ қоя білу сұрау жолдары көрнекі құралдарды пайдалана білу кино диафильмдерді көрсету. Оқу барысының звенолары: білімді қабылдау амалдары тыңдау сұраққа жауап бақылау мәтінді талдау сұрақтар деректерді жинау.

Жалпы әдістерді қолдану кезіндегі мағлұматтарының негізгі міндеттері мыналар:

а) жаңа материалды дұрыс түсіндіре білу.

ә) оқыту барысында оқушылардың өзіндік ой-пікірін қалыптастыру;

Дамыта оқыту әдісінің аталмыш әдістерінен басқа алты дидактикалық тәсілі бар. Олар мыналар:

1. Мұғалімнің өзінің сөйлеуі.
2. Шешендік тәсіл.
3. Диалог түріндегі тәсіл.
4. Эвристикалық тәсіл.
5. Зерттеу тәсілі.
6. Бағдарламаланған тапсырмалар беру тәсілі.

Дамыта оқыту байырғы оқытудың әдістері мен тәсілдерін жинақтаған жаңа оқыту жүйесі болып табылады. Бұл оқытудың барысында логикалық шешуші рөл атқарады.

Дамыта оқытуды меңгерту үшін бірнеше жағдайларда жасалуы тиіс. Атап айтқанда:

1. Дамыта оқытудың теориялық білімін көтеру. Бұл үшін объективті психология, педогоика, әдістемені дұрыс пайдалана білу.

2. Дидактикалық және әдістемелік әдебиеттерді кеңінен оқып, оны пайдалану.

3. Көп сатылы ойлауды қалыптастыру.

4. Дидактикалық ойындар мен есептерді қолдану.

5. Оқушыларды сабаққа әсіресе жаңа материалдарға тарта білу.

Дамыта оқыту алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелер мен олардың теория жүзінде дәлелденуінен пайда болған. Мәселен, әдістердің көп қырлылығы мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады. Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша дамыта оқыту дегеніміз, педагогика ғылымында көптеген белгілі эвристикалық әңгіме дейді.

Бірақ эвристикалық әңгіме тек қана дамыта оқытудың бір ғана тәсілі ретінде қарастырылуы тиіс. Оқыту барысында мұғалім мен шәкірт арасында өзгеше қарым-қатынас пайда болады. Мұғалімнің көмегімен ол жаңа материалды өздігінен түсінеді, шығармашылық ізденіс қалыптасады

Дамыта оқыту өзекті мәселені жағдай (ситуация) мен оқу мәселесінің және оқыту мен білім алудың диалектикалық, қарым-қатынасы, әрі өзара бірлігінен тұратын жүйені қамтитын әдіс деп есептелінеді. Оқыту барысында мұғалім өзекті, ойланарлық тақырып төңірегінде ойлануға жағдай

туғызады. Бұл әр ұстаздың біліміне, шеберлігіне байланысты жай. Шәкірттердің ойлау қабілетінің артуы дамыта оқыту әдістерінің алға басқандығының айғағ тәріздес. Ғалымдардың айтуынша шығармашылық - эвристикалық іс-әрекет, негізгі мазмұнды тез қабылдау, негізгі идеяны қағып алу. Бұл іс-әрекет субъектіні объектіге қызығушылығын арттырады (сұраққа, есепке, пәнге т.б.). Өзекті мәселелі жағдай дегеніміз адамның интеллектуалды қиналуы, себебі туып отырған көріністі, дәлелді сұрақты бұрыннан білетін амал-тәсілдермен шеше алмауы. Қиналыс адамды жаңа шешім табуға талаптандырады. Өзекті, мәселелі жағдайдың пайда болуымен мәселенің шешілуі аясында бірнеше сатылар бар:

- өзекті мәселенің пайда болуы;
- мәселенің қойылу шартының қиындығы;
- гипотеза немесе жорамалдар арқылы мәселенің шешілу жолын табу;

- гипотезаның ақиқаттығын дәлелдеу;
- мәселенің шешілу дұрыстығын тексеру.

Әдеби-тарихи өлкетану дерек-мағлұматтарын оқытуда дамыта оқыту әдісі кеңінен қолданып, оқу әдебиеттерінде көрсетілген теориялық мәселелерден туатын жаңа пікірлерді, болмаса, дерек-мағлұматтарын не ерекше мәні бар ұғымдарды оқушыларға өз беттерімен іздестіру мақсатын қою. Мұндай әдісті оқушылардың толық меңгеруі үшін сабақта жиі пайдалану керек. Дамыта оқытудың жалпы және арнаулы қызметтері бар. Дамыта оқытудың жалпы қызметтері:

- шәкірттердің білім жүйесін меңгеруі және ойлау мен практиканы ұштастыра білу;

- шәкірттердің дүниетаным көзқарасын жетілдіру және шығармашылық қабілеттерін арттыру;

Дамыта оқытудың арнаулы қызметтері:

- шәкірттердің ойлау дербестігін жетілдіру;
- жаңа материалды мәселені шешу кезінде дұрыс пайдалана білуіне ықпал ету;

- шығармашылық іс-әрекетті дамыту, тәжірибелерді жинақтау.

Дамыта оқытудың негізгі қызметі жас ұрпақты шығармашылық еңбекке баулу.

Дамыту сабағының негізгі кезеңдері:

- жаңа материалды түсіндіру;
- көптеген оқушыларға тән қателерді айқындау;
- шәкірттерге дүниетаным көзқарасын бекітуге көмектесу;
- пәнаралық байланысты нығайту;
- білім дәрежесін көтеруге күш салу

Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселелер. Педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты, жолдарын көрсетеді. Ал мақсат нақты, белгілі мерзімде жүзеге асатындай қойылуы керек. Мақсатты айқындауда мұғалім оқушының жеке басын, интеллектісін, оқу іс-әрекетін, өз мүмкіндігін ескеріп, өтілетін тақырып мазмұнын зерттегені дұрыс. Сабәқ мақсатын айқындау, оған қойылатын талап жаңалық емес. Ал педагогикалық технология ерекшелігі – оның талабы. Осы мақсатқа жетуді оқушының өзі арқылы, оның оқу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып, жүзеге асыруды қарастырады. Оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы, олардың ойлау дағдыларын жетілдіре отырып мақсат қою технологиясын былайша көрсетуге болады:

Мақсат	Анықтама	Оқушы іс - әрекеті
Білім	Берілген жаңа түсінікті ұғу, еске ұстау, бұрынғы білімді еске түсіреді.	Тыңдайды, қабылдайды, еске сақтайды, ойлайды.
Түсіну	Жаңа материалда берілетін білімді түсінуі, өзінше түсіндіруі, немесе болжам жасауы.	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.
Қолдану	Жаңа білімді тәжірибеде қолдану, яғни нақты жаңа жағдайға пайдалану.	Бұрынғы білім негізінде соны пайдалана отырып, жаңа проблема шешеді.
Анализ	Алған білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінді дәнін бөліп ала білу, яғни бүтінді бөліктерге жіктеу арасындағы байланысты айқындау т.с.с.	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, ізденеді.
Синтез	Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау. (Жалқыдан жалпыға)	Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады.
Баға (сындау, пайымдау)	Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау, пайымдау.	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.

Бұл жүйені ары қарай жете түсіндіру үшін қандай тірек ұғымдарды пайдалану мүмкін, соған көз жүгіртейік:

Білім. Айтындар, жазындар, атап беріндер, орнына қойындар т.с.с.

Түсіну, ұғу. Өз ойларында айтындар, түсіндіріндер, ұқсастық, айырмашылығын көрсетіндер, мәнін түсіндіріндер.

Қолдану. Қолданындар, табындар, пайдаланындар.

Анализ. Былай қарағанда, салыстырғанда, басқаша ойластырғанда, басты ерекшелігін табындар, негізгі қасиеті, дәлелдендер.

Синтез. Құрайық, ойлайық, керісінше, мүмкін. Баға. Бәрінен жақсы, бәрінен жаман, неге солай, пікірдің біреуіне келісемін, сын айтындар, ол туралы не ойлайсындар.

Зер сала қарасақ, оқушының білімді меңгеру деңгейі анализден бастап, синтез, бағада жоғарылай түседі. Егер білім, түсінік, қолдану берілген білімді ұғу, меңгеру, пайдалану дәрежесінде ғана болса, ол анализден бастап іздену, проблема шешу, жаңа хабар алу, өнімді, жемісті әдістер, іс-әрекеттер арқылы жүзеге асады екен. Беспальконың еңбегінде оқушының білімді меңгеру сатысы төмендегі үлгіде былай көрсетілген:

1. шығармашылық
2. эвристикалық
3. алгоритмдік
4. оқушы деңгейі

Жоғарыда біз сөз еткен мақсатты қою технологиясы білімнің бастапқы оқушы деңгейінен шығармашылыққа дейінгі жобасы айқын көрсетілген. Бірінші сатыда мұғалім көмегімен оқушы алдындағы мақсатты шешеді, орындайды, оқушыға бұрынғы білімі көмекке келуі мүмкін болса, екінші алгоритмдік сатыда (көмексіз, ақыл – кеңессіз ) оқушы мақсатқа жағдай анық болған жағдайда өз бетінше жетеді.

Ал мақсат айқын, жағдай түсініксіз болса, оны оқушы өздері шешсе, өз еңбектерімен жаңа мәлімет, білім алса, ол эвристикалық саты болмақ.

Төртінші саты ең жоғарғы шығармашылық саты. Мақсат бар, бірақ ол нақты емес, жалпылама, ал оқушы мақсатты айқындап, оны шешуге кіріседі, жаңа білім игеріледі, тың

мәселелер шешіледі. Іс-әрекеттің ең өнімдісі осы үшінші, төртінші саты. Оның технологиясы бойынша оқушының осы шығармашылық сатыға жету жолдары тек мұғалім арқылы емес, оқушының өз іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Технологияның негізгі ерекшелігі де тиімділігі де осында.

Оқушы көркем шығарма, кітап оқығаннан гөрі, өзіне жеңіл тиетін телефон, кино, компьютер, теледидармен шектелгенді ұнатады. Неге олай? Қандай іс-әрекет арқылы кітап оқуға деген қызығушылықты қайта жаңғыртуға болады? Оқулықта берілген әдеби білім мазмұнымен шектеліп қалмаудың қандай жолдары бар? Міне, осы мәселелер оқушы білімінің сапасына, күтілетін нәтижеге тәуелді екендігін дәлелдеу үшін сөз өнерінің қадір-қасиетін барынша оқушы бойына сіңіру қажеттігі туындайды.

Әдіскер Қ.Айтжанованың еңбегінде оқытудың дидактикалық ғылыми негіздерін былайша топтастырады:

Бағдарламалап оқыту, сатыламалы оқыту, дәстүрлі оқыту, проблемалық оқыту, дамыта оқыту, тәрбиелей оқыту, ірі блокпен оқыту, даралап, саралап оқыту, тиімді оқыту, дифференциалдап оқыту.

Бағдарламалап оқытудың мақсаты – оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты меңгерілуге тиісті материалдар екшеленіп алынады.

Сатыламалы оқыту – білімнің сатылап дамуына, тақырыптың күнделікті пайдалана білу жолын үйрету оқытылатын дидактиканың ғылыми негізіне негізделген. Оқу материалының мазмұны зертеліп, белгілі дәрежеде қорытылып, тәжрибеде сыналып, оқу бағдарламасы бойынша жаңа білім меңгеріледі.

Проблемалы оқыту – оқытушы теориялық мәселелерді баяндай отырып, оған байланысты бірнеше сұрақтарды оқушылардың өздері шешуіне жағдай жасайды.

Дамыта оқыту – шәкірттердің ойлау дербестігін жетілдіру, проблемалы материалды проблемалы шешу кезінде, шығармашылықпен пайдалану жолын үйрету. Оқушы білмеуден, білуге, ілгері қарай әрекет ету барысында дамиды.

Тәрбиелей оқыту – көркем шығармалар арқылы қоғам өмірінің, табиғаттың ерекшеліктерін, адамзат жинаған, қорытқан білім мен тәрбие негіздерімен қаруландыру.



Ірі блокпен оқыту – оқу үрдісінде психологиялық жағдай туғызуында, оқу еңбегінде оқушылардың өздерінің іштей дәлелдерінің жоғарғы деңгейін қалыптастыруға бағытталады.

Даралап, саралап оқыту – оқушының ой жүйесін ұштап, сезім жүйелерін оятып, әдебиетке құштарлығын арттыру, оқушылардың талғампаздығын тума дарынының қабілетіне жол ашуға бағытталады.

Әдебиетті оқыту барысында өтілетін тақырыпқа орай қандай амал-тәсілдерді пайдалану мүмкіндігі пән мұғалімінің ыңғайында болады. Қазіргі оқыту үрдісінде оқытудың мынадай түрлері кеңіне қолданылады. Танымдық оқу дегеніміз – оқушының кез келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал материалдарды оқып-түсінуі. Танымдық оқуда арнайы ізденушілік, сол материалдарды зерттейтін деген мақсат бола бермейді. Мұндай оқу белгілі бір ақпаратты зерттеуден гөрі, жалпы өмірден хабардар болу үшін жүргізіледі.

Танымдық оқу барысында шығарманың мәтіні, барлық мазмұны тұтас есте қалмайды, соның ішінен автор өзінің қабілеті мен қажетіне қарай ең маңыздысын ұғып, пайдаланады.

Зерделік оқылым бойынша оқушы берілген материалды, не мәтінді басынан аяғына дейін толық түсініп оқу керек. Мәтіннің барлық мазмұнын тәптіштеп біліп, ондағы ақпараттың бірде-бірін ескерусіз қалдыруға болмайды. Сонымен бірге үйренуші шығармаға, яғни мәтінге талдау жасайды. Сөйтіп бүкіл материалды жан-жақты зерттейді.

Кей ретте зерделік оқылым арнайы жасалған сызба, кесте, сурет, жоспар, көрнекілікпен қатар жүргізіледі.

Қажетіне қарай мәтіннің (шығарманың) кейбір тұстары қайта оқытылып, сөйлемдерге айрықша назар аударылады немесе олар арнайы белгілермен ажыратылып, дауыстап айтылады.

Ізденімдік оқу – берілген материалдың (мәтін, шығарма, кітап т.б.) ішінен автордың өзіне керекті фактіні, хабарды, сілтемені, көрсеткішті іздеп тауып, пайдалана білуі. Біріншіден, мұндай оқу жылдамдықты қалайды, екіншіден, көлемді мәтіннен әркім өз қажетін тандап алуға мүмкін болатын іскерлікті қажетсінеді.

Ізденімдік оқу барысында оқушы кітап пен тұтас материалды түгел оқып не қарап жатпайды, тек өзіне керектісін мазмұннан, жоспардан, кестеден іздестіреп тауып алады және нені іздеп табу керектігін алдын ала біледі.

Ізденімдік оқу – оқушының көру қабілетін ұштайды, қажет материалға бірден назар аудара білуге баулиды. Мысалы: мәтіннен қажет анықтаманы тауып оқу, берілген ережеге сай мысалдарды табу, шығармадан Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдерін, қара сөздерін іздеу, абзацтың қалай аяқталатынын іздеп табу т.б. деп іске қосыла береді.

Таңдап оқу – берілген материалды жүйелеп қарап шығып, оның не туралы екенін қысқаша анықтап беру, оның тақырыбын айқындау, ең басты мәнін, ерекшелігін танып көрсету.

Оқушы мұндай оқу арқылы мәтінмен қалай жұмыс істеу керек, оның мазмұнын қалай ашу қажет, түсініктеме, қорытынды, ескертпе, сөз тізбектеріндегі қандай мәселелерге ден қою керек деген сияқты сауалдарды шешуге үйренеді, ең негізгі мәселені таңдап біледі.

Оқушы әр тарауды тақырыпқа бөліп көрсету арқылы қайсысына айрықша назар аудару керектігін, қандай ақпарат маңызды рөл атқаратындығын тануға мүмкіндік алады. Сол үшін әр мәтін ішкі-сыртқы құрылысына қарай дайындалып ұсынылады. Бұндай оқу кезінде оқушы мәтінді қалай оқып, қандай қалыпты таңдап алғандығын таңдауды өз еркіне жіберген тиімді болмақ.

Аналитикалық оқылым – шығарманың мазмұнымен қоса лингвистикалық ерекшелігіне талдау жасап оқу.

Таңбалық және мағыналық ерекшеліктеріне қарай оқудың екі жағы болады: бірі – техникалық, екіншісі – мазмұндық.

Оқудың мазмұндық ерекшелігі оның басты белгісін танытады. Барлық оқылған мәтіндер мен материалдар тек белгілі бір мағынаны білдіріп, ол түсінікті болғанда ғана осы басты қасиетке ие болады.

Оқу екі түрлі қалыпты жүзеге асады. Бірі – іштей оқу, екіншісі – дауыстап оқу. Дауыстап оқу жылдамдығына қарай тез оқу және баяу оқу деп те бөлінеді.

Іштей оқу – берілген материалды не мәтінді үн шығармай, сөйлеу мүшелерін қимылдатпай, не сәл ғана қозғалту арқылы көзбен оқу.

Іштей оқу оқылымның негізгі формасы, қалпы болып саналады. Ол, біріншіден, монологтық сипатта болып көбінесе бір адамға қатысты болады. Екіншіден, іштей оқығанда адам мәтіннен информацияны өзі үшін алады. Үшіншіден, ол информация алудың ең тиімді де төте жолы болып табылады. Төртіншіден, бұл оқушыға түсетін жүктеменің көлемін кемітеді.

Дауыстап оқу – материалды қатты, мәнерлеп, барлық сөйлеу аппаратын іске қосып, айналасындағы адамдарға естіртіп, үнмен оқу.

Мәтінді дауыстап оқу арнайы мақсаттарға сай жүргізіледі. Дауыстап оқу белгілі бір хабарды адам өзі үшін ғана емес, екінші адамға жеткізгісі келгенде орындалады. Дауыстап оқу қашанда диалогтық сипатқа ие, өйткені бір адам оқиды, екінші адам оны тыңдайды, үрдіс екі адамның арасында жүреді.

Дауыстап оқу дыбыстарды дұрыс айтуға, сөйлеу мәнерін жетілдіруге, оқығанды есте сақтауға негіз бола келіп, іштей оқуға үйрететін алғашқы қадам болып табылады.

Сөйлеуге үйретуде, тілді меңгеруде дауыстап оқу бірінші кезең деп есептелсе, іштей оқып, түсіну одан кейінгі кезең деп танылады.

Шығармашылық (творчестволық) оқу әдісі. Оқу пәні ретінде әдебиеттің бірінші кезектегі міндеті оқушылардың бойына көркем шығарманы түсіну, қабылдау мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Творчестволық оқу әдісінің өзге публицистикалық, ғылыми талдама мәтіндерді оқудан өзіндік айырмашылығы бар. Мұндағы сөз, сөйлем, ырғақ, әуенділік мәселелеріне көңіл бөлу керек. Әр шығарманың тегіне, жанрына, бағытына, стиліне қарай танып білу шарт.

Шығармашылық оқу әдісінде мұғалімнің басшылығымен жүзеге асырылатын амалдар. Оқушы атқаратын жұмыс, міндеттер, оған қойылатын талаптар зор.

Эвристикалық оқу әдісі. Көркем шығарманы терең түйсіну, игеру оны саралап талдау арқылы іске асады.

Эвристикалық сұхбат өткізудің әдеби шығарманың көркемдік кестесін, әлеуметтік мәнін ашуға септігі мол.

Эвристикалық оқу барысында мұғалім атқаратын тәсілдер. Оқушылар атқаруға міндетті істер. Бұл тәсілдің оқушының ой көкжисгін кеңейтіп, оларды өзінше толғанып, пікір айтуға баулиды. Эвристикалық әңгіме, сұрақ-жауап, эвристикалық пікір таласы сияқты түрлері бар.

Зерттеп оқу әдісі. Оқушыларды белгілі бір әдеби тақырып төңірегінде өз беттерінше ойланып-толғануға ғылыми қорытындылар жасай білуге үйретеді. Оқушының шығарманы өзінше оқып, оның идеялық-көркемдігін бағалай білуге және келешекте де көркем шығарманы талғап, таңдай түсініп оқуға бастайды. Көркем мәтінді зерттеп, байыптап, сын көзімен таразылып оқуға баулиды. Зерттеу нәтижелерін ауызша да, жазбаша да түсіндіріп беруге тәсілдіреді. Зерттеу әдісі эвристикалық оқуға жақын.

Репродуктивтік оқу әдісі. Бұл әдіс бойынша оқушының білімді дайын күйінде мұғалімнің айтуынан немесе оқулықтан алады. Берілген білімді белсенді түрде қабылдау қажет. Ой-сана, ес, қабілеттің ролі. Жадта сақтап, жаңғыртып баяндай айту дағдыларын қалыптастырады. Алынған білімді саналы түрде бойға сіңіру әдеттерін жетілдіру қажет.

Аталған оқу барысында пән мұғалімі мен оқушылар атқаратын жұмыстар мен міндеттер бар. Оқушының ауызша, жазбаша жауаптары алынуы қажет.

Сабақ оқу-тәрбие процесінің ең негізгі құрылымдық өлшеуіші. Жастарды жан-жақты тәрбиелеудегі психологиялық-дидактикалық жүйе болып табылады.

Әдебиет сабағының көркем шығарманы өнер туындысы ретінде танымдық, тәрбиелік мәнін терең бағалап, танытудағы орны ерекше. Әдебиет оқулықтары, оқу құралдарымен ғылыми-танымдық бағытында жұмыс істей білу қажет. Олардың оқыту әдістемесі, педагогика, психология ғылымдарының жетістіктеріне сай үнемі толықтырып отырады.

Түсіндірмелі оқу, әсіресе күрделі шығармаларды оқу кезінде тиімді болады. Көркем шығарманы оқу үйде, сыныпта жүргізіледі. Мысалы, көркем туындыны түгелдей сыныпта

оқуға уақыт жетіспейді, сондықтан мұғалім қалауы бойынша ең негізгі маңызды бөлімдер сыныпта оқытылып, қалған бөлімдері үй тапсырмасы ретінде беріледі.

Көркем мәтінді талдау арқылы мұғалім баланың көркем сөзді түсіне білуіне, оған деген ынтасына да әсер етеді. Бірте-бірте оқушы өмірді түсіне бастайды, өзіндік көзқарасы қалыптасады, тұжырымдап айтқанда, көркем шығарма оқушының жеке басының қалыптасуына да ерекше әсер етеді.

Жан-жақты, толық талдау көркем туындыны тұтастай қарастырып талдайды. Бұл талдау мәтіндік деп те аталады. Бұл талдаудың ерекшелігі сол көркем туындыны жанды бір организмдей тұтас қарастырады.

Талдаудың бұл түрі – шолу бағытындағы талдаулар. Мұғалім көркем туындыны жалпылама шолу бағытында қарастырады. Проблемалық сұрақтарға немесе белгілі бір эпизодтарға арнайы тоқталмайды. Көркем шығарма сюжеті, композициясы, тілі, көтерген тақырыбы тұтастай қарастырылады.

Барлық атап өтілген қабілеттер мен дағдылар, мәтін мағынасы тілдік нұсқаларды талдау арқылы анықталатын жағдайда талдап оқу барысында қалыптастырылады.

Сонымен бірге, түсініп оқудың арнаулы түрлеріне қажетті икемділік пен дағдыларды қосамыз таныстыру, іздену, бақылап оқу. Оқудың бұл түрлері оқылған мазмұнның нәтижесін дайындауды болжамдайды және бұл әрекетте сөйлеу қызметінің екі түрі қосарланады оқу-жазу немесе оқу-айту.

Таныса оқу – мазмұнды қамти отырып оқу деген сөз. Оқудың бұл түрі берілген мәселе бойынша әдебиетпен оқырманның танысуды қажет болған жағдайда жүргізіледі. Мысалы, белгілі мәтін бойынша сабақтарда жауап беруге дайындалғанда, оқудың бұл түрі мәтіндегі ең басты және екінші дәрежелі хабарламаны ажырата білу икемділіктерін талап етеді.

Бір мәселені байыптап, бақылап оқу – бұл таңдап оқу, мәтінді жеке тақырып, мәселеге сай бөліп оқып, оның нәтижесін хабарлама немесе баяндама түрінде даярлау.

Оқудың бұл түрі мәтіннің қисындық-мәтіндік құрылымын, кіріспесін, негізгі бөлімін, қорытындысын байқау қабілеттері мен дағдыларын дамытады. Оқушы айқын

катысымдық тапсырмаға сай дерек – мәтіндік материалды іздеп тауып, пайдалану қабілеттерін арттырады.

Ізденіп оқу – өз мамандығы бойынша газет-журналдар және көркем әдебиеттерді оқуға бағытталған. Бұл оқудың мақсаты – осындай хабарлама мәліметтер мәтінде бар екенін болжап, сол хабарлама іздеу.

Мұндай оқу, бақылап оқу сияқты, мәтіннің қисындық-мәтіндік құрылымын байқау қабілеттері белгілі бір түйінді мәселелер бойынша керекті деректерді тандап алу қабілетін, жекелеген мәселелер бойынша бірнеше мәтіндердің деректерін тандап алып, жинақтау қабілетін арттырады. Сұрыптап талдаулар – бұл талдау көбіне проблемалық сұрақтар, проблеманы шешу айналасында ұйымдастырылады. Сол әдеби-тарихи өлкетану дерек-материалдарына байланысты зерттеу материалдарын оқып, сабақта пайдалану қабілетін дамыту. Дерек мағлұматтарына байланысты тапқан деректерді салыстыра зерттеу қабілеттерін дамыту. Оқилуға тиісті дерек мағлұматтарын шығармашылық жолмен меңгерту жолдарын қалыптастыру. Оқушылардың әдеби-тарихи өлкетану дерек-мағлұматтарынан меңгерген білімі олардың санасы мен ақыл-ойын дамытып жан-жақты тереңдете түсуіне материалдық негіз болды. Ал, негізгі мақсаты – оқушының ақыл-ой өрісін дамыту.

Мектепте әдебиетті оқытуды жетілдіру әдеби шығарманың оқырманға адамдық, эстетикалық-эмоциялық әсерін күшейту, әдебиеттегі ағымның түрлі кезеңдеріндегі мектептегі әдебиет курстың жүйелі байланысын анықтауды, дербестікке тәрбиелеуді әдебиетті оқып, меңгеруге деген қызығушылықты арттыруда педагогикалық жаңа инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін танытып отыр.

Әдебиеттің осындай пәндік қызметтерін аша түсу мақсатында оқушыларға берілетін әдеби білімнің мазмұнының білім сапасын күтілетін түпкі нәтижеге жету жолдарын анықтауға бағытталуда. Қай елдің болмасын мектеп жағдайында көркем шығарманың өзін оқып, одан ләззат алу, оны өмірлік қажеттілікке айналдыру, тәрбие құралы ретінде қабылдау мәселесі бүгіндері өз деңгейінде емес екендігі бәрімізге белгілі.

Бұл сабақтардың кезеңдері қатып қалған қағида емес, оны өзгертіп, түрлендіру кез-келген ұстаздың қабілетіне, білім деңгейіне, ұйымдастыра білу жолына байланысты болады.

### **Әдебиет теориясынан берілетін ұғымдар, әдеби-теориялық ұғымдарды меңгертудің әдіс- тәсілдері**

Әдебиет теориясы – көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Ол әдеби шығарманың мазмұны мен түрін, тіл ерекшеліктерін, әдебиеттің тектері мен жанрларын зерттейді. Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді.

Әдебиет теориясы әдебиеттің даму заңдылықтарын, көптеген шығармаларға, әдеби процеске ортақ сипат белгілерді айқындайды.

Әдебиеттану ғылымының жоғарыда сөз болған негізгі салаларынан басқа жанама тараулары бар. Олар: мәтінтану, тарихнама, библиография.

Мектептегі әдебиет теориясынан берілетін білім көркем шығарма табиғатын танудың құралы, кілті болып есептеледі. Одан білім беру жеке қарастырылмайды, ол көркем шығармамен тығыз байланысты, оны оқып-үйрену кезінде қалыптасады. Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сыныптарына, онда оқылатын материалдар ерекшелігіне байланысты әдебиет теориясы ұғымдарына түсінік беріліп отырады. Оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін көркем әдебиет әлемін түсіне білу, талдау білуде практикада пайдалануға машықтандыру – оны оқытудың басты міндеттерінің бірі. Мысалы: ертегілерді өтуде мынадай әдеби-теориялық ұғым беріледі:

1. Фольклор, ауыз әдебиеті туралы алғашқы ұғым.
2. Ертегілер, олардың жіктелуі.
3. Ертегі оқиғалары, сюжет, эпизод, кейіпкерлер туралы алғашқы ұғым.
4. Әсірелеу туралы түсінік.

Әдеби-теориялық ұғымдарды берудің келесі бір жолы – салыстырмалы жұмыстар, салыстыру әдістері. Мектепке арналған әдебиет оқулықтарына қарасақ, көркем әдебиет тілі дегенде, эпитет, теңеу, метафора, кейіптеу тәрізді тілдің ажарлау, құбылту құралдарына арнап, бірен – саран мысалдар берумен шектелу басым. Сонымен қатар шығармадағы түсініксіз, көнерген, немесе сирек қолданылатын сөздердің мағынасын ашу, арнайы сөздікке тізу жұмыстарын қолдай тұра, онымен тұйықталу да тіл байлығының бар қайнарын ашуға емес, жекелеген табыстарды ғана қуалауға апаратынын ескерткіміз келеді. Айталық, суреткердің табиғатты бейнелеу шеберлігін таныту үшін: жаңбыр, күн батуы, жел, дауыл, т.б. түрлеріне; Адам портретін кескіндеу өнерін әспеттеу үшін: көз, шаш, бел, т.б. түрлеріне. Кәсіптік сөз, сирек қолданылатын сөздерді жазып, түсініктеме беру жұмыстарын жүргізуге болар еді. Әрине, мұның бәрі жеке оқушыға ауыр тимес үшін оны бөліп, әр түрлеріне қарай теруді тапсыру керек. Сонымен қатар оқушылардың енді бір тобына эпопеяның әр тарауын бөліп тапсырып, ондағы синонимдерді, көп мағыналы сөздерді, эпитет, теңеу, метафора т.б. сөз айшықтары түрлеріне мысалдар теріп жазуды тапсырған жөн болар еді. Сонда әр оқушы қазақ тілінің де басқа тілдер тәрізді соншалық бай екеніне көзі жетіп, оны құрметтеуі өсе түсер еді. Бұл ғана емес, ана тілі байлығына көзі жеткен, онымен еркін сусындаған оқушы ол биікке өресі жетпеген әріптесіне қарағанда, өмірдегі сан қырлы әдемілікті түсінуге, адамгершілікті ту етіп ұстауда көп ілгері кетер еді. Талдау мәтінмен жұмыс істеудің басты формасы. Талдау негізінен сыныпта жүргізіледі.

Сабақты активтендіру ең алдымен талдау сабақтары үстінде жетіледі. Оның шарты - оқушыларға өздігінше жұмыс істету, баулу, активтендіру.

Талдауға объект болатын шығарманың ішкі-сыртқы ерекшеліктері:

а) тақырыбы мен идеясы:

ә) басты образдары, характер композициясы, олардың типтілігі;

б) шығармадағы ұсақ образдар табиғаты, олардың бас кейіпкерлермен қарым-қатынасы;



в) ұнамсыз образдар, солар арқылы көрінетін қайшылықтары;

г) композициялық құрылыс, олардың формалары, қызметі (пролог, эпилог, баяндау, шегініс, пейзаж, диалог, портрет, монолог т. б.);

ғ) шығарманың сюжеті;

д) шығарма тілі (баяндау, пролог, эпилог, афоризм, мақал-мәтелдер) ондағы кейіпкер тілі (монолог, диалог);

е) шығарманың жанрлары, олардың табиғаты мен анықтамалары, эпос, поэзия, драма бөлімдері, бұл жанрлардың тарихи процесте көрінетін орны; з) жазушының өзіндік стилі, әдісі, көзқарасы;

ж) дәстүр мен новаторлық тұрғысынан автордың ашқан жаңалығы, оригиналдығы.

Көркем шығарманы талдау барысында проблемалық сұрақтардың қызметі, проблемалық ситуацияны шешудегі ой белсенділігі, әр түрлі болжамдарды ғылыми негізде сараланып өтілуі керек.

Жоғары сынып оқушыларына көркем шығарманың тектері мен түрлері жөніндегі мәліметтер тереңірек берілуі қажет. Бұл мәселе туралы ежелгі заманнан бастап, қазіргі күнге дейінгі ой-пікірлер салыстырмалы түрде түсіндіріледі. Көркем шығарманың бастапқы топтастырушылары жөнінде түсінік беріледі және Аристотель, Әл-Фараби, Платон және бертіңгі кездегі В.Г.Белинский, Г.Э.Лессинг, Л.И.Тимофеев, Ы.А.Гуляев, т.б. еңбектерінің өзіндік ерекшеліктеріне тереңірек талдаулар жасалынады.

А. Байтұрсынов, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов сынды қазақ әдебиетінің көрнекті зерттеушілерінің ой-тұжырымдары жоғары сыныптарда салыстырыла түсіндіріледі.

Кейінгі кезде тіл байлығына жаппай көңіл бөле бастасақ, ол да мәдениетіміз бен өнеріміздің, ғылымымыздың өскендігінің, есейгендігінің нәтижесі. Кез келген зиялы адамның біліктілігі, мәдениеттілігі өз мамандығын жете игеруінен ғана емес, өнер – білімге қаншалықты құмар болуынан да қоса танылатыны белгілі. Сол өнер – білімге барар жол тіл байлығын меңгеруден басталады. Тіл байлығы ұшан – теңіз, тек оның белгілі бір саласын, бір белесін

игергенге тоқмейілсімей, үнемі алға баса бергеніміз жөн. Жалпы көркем әдебиет тілін мектепте оқыту туралы сөз қозғағанда, ізденістің көп қырлылығына белгілі бір кен дәлелденді деген ұғым, теориялардың өзін үнемі кеңейтіп, дамытып, керек болса өзгертіп отыру керектігіне баса назар аударғымыз келеді.

Сонымен, әдебиеттің басқа оқу пәндеріне ұқсамайтын өзіндік міндеттері бар. Көркем өнердің бір саласы болып табылатын оның басты құралы – сөз өнері. Көркем сөз арқылы ол адам жанының небір нәзік сырларын шертіп, әлеуметтік өмір құпияларын ақтара алады. Адамдар арасындағы қарым – қатынас, күрес – тартыстардың сан – салалы қыры мен сырын тереңнен зерттейді. Суреттеу, бейнелеу күші арқылы әлеуметтік өмірдің өткендегісімен де қазіргі жайымен де таныстырады. Әдебиет болмысымыздың образ арқылы берілген шынайы бейнесін жасап қана қоймай, оны көркем өнер заңдылықтары бойынша жаңғыртып, қайта түлете бейнелеп, әсерлі де деректі елестетеді. Сондықтан ол оқушылардың ақыл – ойына, сана-сезіміне бірдей күшті ықпал етерлік қуатқа ие.

Көркем шығарманы талдау барысында мәтіндегі суреттеліп отырған құбылыстарына, кейіпкерлеріне қатысты авторлық позицияны толық ашу, көркем шығарманың құрастырушы негіздері: сюжет, композиция, тақырып, идея, көркем образ, әдеби тип, әдеби мінез ұғымдарын, тілдің бейнелеу белгілерін негізгі рөлін анықтай білу.

Лирикалық шығармаларды өтуде өлең құбылысы, тармағы, ұйқасы туралы алғашқы ұғым әңгімелесу әдісі арқылы түсіндіріліп болғаннан кейін, поэтикалық талдау жүргізеді. Яғни, эпитет, теңеу, кейіптеу туралы түсінік беріледі. 7-8-сыныпта буынның жасалуын түсіндіру барысында ұйқастың түрлеріне тоқталып, шұбыртпалы ұйқастың ауыз әдебиетіндегі жыр үлгісінен түсіндірген жөн. Мұндағы басты мақсат – өлең туралы жалпы теориялық ұғым бере отырып, олардың ұйқасы, шумағы, құрылысы әр түрлі болатынына оқушылардың көзін жеткізу болып табылады.

10-сыныпта «Абай өлеңдерінің құрылысы» тақырыбын алып, Абай қазақ өлеңдеріне кіргізген жаңалықтарын сараптайды. Әдебиет теориясынан берілетін ұғымдар көркем

шығарманы танытудың құралы, жазушының сөз қолданыс шеберлігін айқындайтын, әдеби-теориялық ұғымдарды меңгерудің әдіс-тәсілдерін түсіндіреді. Әдеби-теориялық ұғымдар жүйелі түрде, көркем шығармамен тығыз байланыста оқытылады. Көркем шығарманың көркемдік компоненттері, тіл көркемдігі мен сөйлем, стиль ерекшеліктері, өлең құрылысы туралы терең мағлұматтар беріледі.

Қажым Жұмалиевтің 1938 жылы жарық көрген «Әдебиет теориясы» еңбегінің бүгінгі әдебиеттану ғылымының әдебиет теориясына қатысты еңбектердің дамуына негіз болды.

Әдеби зерттеу – теорияға негізделген ұстанымдарды яғни, көркем шығарманы оқығанда оның мағынасын түсініп, көркемдік қасиеттерінен ләззат алып, бағалай білуде – сыншыға қажетті талдау, бағалау әдістерінің (құралдарының) жиынтығы жетекші орында болады.

Әдебиетті зерттеу әдістері екіге бөлінеді:

- мектепте оқылатын көркем шығарманы оқушыға жеткізу – әдістер жүйесі;

- сол көркем шығарманың жазылу стилі, мазмұны, идеясы, тәрбиелік мәні, тілдік, ырғақтық әдістер.

Әдебиет әдіснамасының алдындағы мақсат – аталған арнайы мектептерге лайықты зерттеу әдістері жүйеленіп, әдіснамаға айналуы қажет.

Қ.Айтжанованың еңбегінде көркем шығарманы талдаудың мынадай әдістерін көрсетеді:

- көркем шығарманың тілдік сипатын ашуға – тіл білімі, лингвистикалық талдау;

- көркем шығарманың әлеуметтік сыртқы байланыстарын-социологиялық талдау;

- салыстырмалы талдау;

- шығармашылық-генетикалық талдау;

- құрылымдық талдау (шығарманың көркемдік қасиеттерін көрсету);

- эстетикалық талдау.

Әдеби шығарманың дұрыс талданылуы – әдістің тікелей екшелеп, сай алуына тікелей қатысты.

Әрбір талдаудың анықтамасы:

Лингвистикалық талдау – тіл білімі мен әдебиет теориясының мәселелері арқылы байланысып, көркемдеуіш

сөздердің орналасуына, шығармадағы кейіпкер тілінің уыттылығына, әрбір шығарманың тіл шеберлігінің айқын айшығына, шығармадағы екпін өзгешеліктерін талдау жүйесі.

Социологиялық талдау – әдебиетті қоғамдық өмірдің көрінісі деп әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыру. Көркем шығарма әлеуметтік тақырыпты алып, соның қай саласының идеясын ашқан.

Салыстырмалы талдау – көркем шығармадағы жанрлық, тақырыптық, құрылымдық, мазмұнды жақтарын салыстыру. Олардың теориялық ережелерінің ортақ, не алшақ жақтарын тауып, жаңа әдістер іздестіру.

Құрылымдық талдау – шығарманың жанрлық, композициялық құрылымын талдау жүйесі. Екінші – әдебиет әдіснамасының даму, қалыптастыру мәселелерін таныту ісі, жүйесі.

Эстетикалық талдау – көркем әдебиетте, өнер салаларында олардың даму заңдылықтарын, шындыққа қарым-қатынасын, қоғамдық рөлін, көркем шығармашылықтың түрі, әдістерін тексеретін, талдайтын ғылым.

Әдебиет сабағының көркем шығарманы өнер туындысы ретінде танымдық, тәрбиелік мәнін терең бағалап, танытудағы орныерекше. Әдебиет оқулықтары, оқу құралдарымен ғылыми-танымдық бағытында жұмыс істей білу, олардың оқыту әдістемесі, педагогика, психология ғылымдарының жетістіктеріне сай үнемі толықтырып отыратады.

Сабақты талдау мәселелері

а) дидактикалық талдау (сабақтың мақсатын айқындау, дидактикалық ұстанымдарды, оқу материалынан логикасын сақтау, оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдануды қадағалау, өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру. Оқыту мен тәрбиелеудің бірлігін сақтау ұстанымын жүзеге асыру).

ә) психологиялық талдау,

б) тәрбиелік талдау сабақтың тәрбиелік әсерін зерттеу мақсатында жүргізіледі.

Ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, 5-сыныпта қазақ әдебиетін деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгерту жұмыстары үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде сөздің тура және ауыспалы мағыналарын меңгертуге назар аударылды. Бұл кезеңде оқушылар

жинақтаған білімдерін еске түсіруге, негізгі білімдерін жүйелеуге, оқушылардың жады мен зейінін жетілдіруге арналған ойындар жүргізілді. Деңгейлік тапсырмаларды қолдану барысында оқушылар теориялық заңдылықтардың өзіндік ерекшеліктерін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын танып білу дағдыларын игерді.

Екінші кезеңде оқушылар өздігінен ізденуге, тапсырмаларды түрлі әдіс-тәсілдер арқылы шешуге үйренді. Тілдік қатынаста сөздерді орынды қолдану дағдыларын игерді. Осы кезеңде берілген деңгейлік тапсырмалар оқушылардың ізденімпаздық қабілетін жетілдіруге, сөздердің мағыналық реңктерін айыра білуге, проблемалық жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдауға үйренді.

Бұл кезеңде оқушылар жаңа тақырыпты өздігінен игеруге, анықтама мен ережелерді өздері шығарып дәлелдеуге, сыныптас достарының пікірін тындауға, басқа адамның сөзін құрметтеуге дағдыланды.

Үшінші кезеңде оқушылар өз ойын анық, дәлелді және сенімді жеткізуге үйренді. Игерген білімдерін тілдік қарым-қатынаста орынды қолдану, шығармашылдықпен жұмыс істеу қабілеттері жетілді.

Сонымен қатар оқушылар шығармашылдық деңгейде мәтіндегі ойды жалғастырды, өзіндік айтар ойын жоспарлай алды, өзінің пікірін анық жеткізді.

Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Қай көркем шығарманы оқыса да, оқушылардың ол туралы өзіндік әсері, пікірі туындайды. Біреуіне қатты ұнаған шығарма екіншісіне ұнамауы мүмкін. Оқушы туындыны өз дүниетанымы, сезімі, білім дәрежесіне байланысты қабылдайды. Әдеби талдаудың басты мақсаты – оқушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау болып табылады. Көпшілік ұстаздар талдауды бастамас бұрын, оқушылармен сол туынды жайында арнаулы әңгіме, пікірлесу өткізеді, тіпті шағын әдеби айтысқа да жетелейді. Оның тиімділігі сол, мұғалім оқушының көркем туындыны қалай қабылдағанын аңғарады, талдауда қандай мәселелерге назар ерекше назар аудару керек, соған бағыт-бағдар алады. Ең басты мәселе, оқушылары өз беттерімен талдауға жетелейді, тілін дамытады,

көркем шығарманы қабылдай білу, әрі оған пікір айта білу дағдыларын қалыптастырады. Оқушылармен пікірлеспей, алдын- ала олардың көркем туынды туралы (талданатын) ойлары, сезімдерін білмей, ескермей, талдау жасау балаларды жаттандылыққа, мұғалім мен оқулық пікірлерін қайталап айтушылыққа ұрындырады. Әдебиетші мұғалім алдындағы оқушыға оқырман деп қарап, оны оқырман ретінде тәрбиелеуі керек. Әр бала – жеке тұлға. Ол – психологиялық жағынан болсын, дүниетанымы, білімі жағынан болсы, бір – біріне ұқсамайтын жеке адам. Талдау, ең алдымен, міне, сол «жеке адамның» жеке пікіріне де сүйене жүргізілуі тиіс. Әдебиеттану ғылымы әдеби талдауда ең басты мына мәселелерге көңіл аудартады (ғылыми талдаудың негізгі ұстанымдары мынадай):

а) Көркем туындыдағы авторлық көзқарас.

ә) Көркем туындыдағы мазмұн мен форма бірлігі.

б) Суреткердің көркем тәсілі, дүниетанымы, көзқарасы, олардың арасындағы байланысты ашу

Әдеби талдауда осы ұстанымдарды басшылыққа алу оқылып жатқан көркем туынды туралы, оның авторы туралы үстірт пікірлер мен жалған бағалардан сақтандырады. Әдеби талдаудың қай дәрежеде болуы мұғалімнің талдау әдіс-тәсілдерін қалай меңгергеніне де байланысты. Әрине, сөз жоқ, мұғалімнің терең әдеби білімі, кең ой-өрісі, көркем туындыны объективті түрде бар бітім – болмысымен қабылдай білуі де талдауға әсер етеді. Талдауда композиция, сюжет, жазушы стилі, көркем туынды негізінде жатқан идея, оның көтерген мәселесі ерекше назарға алынады.

Музыка. «Абай» операсынан үзінді.

Осындай жолмен жүргізілетін лекция-сабақтардың тағы бір үш түрі: а) әдеби-теориялық лекциялар. Мұның өзі үш түрлі мазмұнда келеді: 1) Жанр, стиль, әдіс, әдеби тіл мәселесін тарихи салыстырып, шендестіре әңгімелейтін лекциялар. 2) Таза әдебиет теориясына байланысты лекциялар (тақырып, идея, жанр, типтендіру заңдары, сюжет, композиция, көркем тіл пейзаж т.б.). 3) Оқушыларға шығарма жаздырумен байланысты оның құрылысын, жоспарын, техникасын үйретуге негізделген лекциялар. Бұлар талдаудан кейін сирек, тек қажетті жерде оқылады. Ол үшін оқушының талдаудан алған ұғымдары мол болуы керек. Мұғалім

оқушыларды көркем шығармалардың стилімен, поэтикалық тілімен таныстыруы, сөз өрнегін, оның көтеретін идеялық, эстетикалық жүгін оқушыларға жете меңгертуі қажет. Әдебиет әдістемесінің мазмұнын белгілеудегі басты мәселелердің біріне мұғалімнің әдебиет пәнінде қолданатын әдіс-амалдары тәсілдері жатады. Пәнаралық байланыс қорытынды сабақтарда жүргізілсе, оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін шыңдай түседі. Көркем-өнердің туыстас түрлерін әдеби шығарманы, теориялық ұғымдарды өту барысында пайдалану мектеп оқушыларының танымдық қабілетін күшейтіп, пәнге деген ынта ықыласын арттырады. Ол үшін ұқсас образдарды, ұқсас картиналарды, портреттерді, детальдарды қатар алып талдау тиімді. Оқушы көркем шығарма мен көркемөнер туындысын қатар алып талдағанда мынандай нәрселерге назар аударған орынды:

1) категориясы, әдебиет пен өнерге ортақ қасиеттер (идеясы, образдылығы, ұлттық сипаты, халықтығы);

2) тарихи-әдеби және тарихи-көркемдік категориясы (әдеби бағыт пен әдеби ағыстар, шығармашылық әдіс, стиль, түрлердің дамуы);

3) шығарманы танып-білуге қажетті категория мен ұғымдарды саралау (тақырып, идея, тартыс, жанр, кейіпкер, характер, пейзаж, интерьер, композиция, сюжет, көркем тіл).

Пәнаралық байланыс. Қазақстан тарихы. Қазақстандағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи жағдай.

Қорыта келе әдебиет сабағы оқушылардың талғамын, олардың көркем әдебиетке деген ынтасын арттыруға, кітапты сүйіп, оны өздігінен пайдалана, бағалай, теориялық тұрғыдан талдай білуге қалыптастыруы, іскерлік дағдылармен қаруландыруы тиіс.

Көркем шығарманың көркемдік құндылығы жан-жақты шығармашылықпен талдау арқылы ашылады. Шығарманың сюжеттік-композициялық желісіне талдау жасаудың жолдары көркем мәтінмен жүргізілетін кіріспе жұмыстар, жай, күрделі, сюжеттік-композициялық, мінездемелік әр түрдегі жоспар құру, әдеби сұрақтар мен тапсырмалар түзу секілді жұмыстар арқылы орындалса сабақ өз нәтижесіне жетеді.

## Әдебиет сабағында оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асырудағы көрнекіліктердің маңызы

Оқушыларға қоршаған ортадан білім берудегі көрнекілік әдісінің тиімділігін дәлелдеу арқылы студенттерді оны іс жүзінде қолдануға жаттықтыру.

Оқушыларға қоршаған ортадан білім берудегі көрнекілік әдісінің тиімділігін дәлелдеу арқылы студенттерді оны іс жүзінде қолдануға жаттықтыру керек.

Көрнекілік әдісін қолдану арқылы өткізілетін бір сабақтың жоспары.

1. Көрнекілік әдісіне жалпы сипаттама.

2. Оқушыларға қоршаған ортадан білім беруде көрнекіліктің тиімділігі.

3. Көрнекілікті қолдану кезеңдері.

4. Көрнекілік түрлері.

Қай пәнді оқытуда да көрнекілік әдісі қолданылмай оқу-тәрбие мәселесі жүзеге асуы мүмкін емес. Дүниетануды оқытудағы көрнекілік әдісі нақты заттарды, құбылыстарды, не оларды бейнелейтін мазмұнды суреттер мен техникалық құрылдарды пайдалану арқылы жүзеге асады.

Көрнекілік әдісі арқылы оқушыларға жаңа ұғым берумен қатар олардың бұрын алған білімін де кеңейтеді. Көрнекілік оқушылардың эмоциялық көңіл-күйіне әсер етеді. Оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейді.

Көрнекілік әдісі тек жаңа білім беру барысында ғана емес, білім тексеру, қорытындылау кезінде де қолданылады. Сабақтың мақсатына байланысты көрнекілікті қолдану мақсаты да өзгеріп отырады.

Көрнекілікті қолдану бірнеше кезеңде өтеді:

1. Көрнекілік түрін тақырып мақсатына қарай сәйкестеу;

2. Көрнекілікті пайдаланудың жоспарын жасау;

3. Көрнекілікпен жұмыс жоспарын оқушыларға түсіндіру, тапсырмалар беру;

4. Оқушылардың жоспар бойынша атқаратын әрекеттері;

5. Көрнекілік бойынша жұмыстың нәтижесін қорытындылау.



Көрнекілік ұстанымы жөнінде Қ.Д.Ушинский былай деген еді. Көрнекі оқытудағы басты мақсат оқушыны байқағыштыққа оймен топшылауға жаттықтыру және өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге сондай-ақ одан логикалық қортынды шығаруға үйрету болып табылады.

Көрнекіліктің ғылыми негізі И.П.Павловтың жоғары дәрежелі нерв қызметі туралы ілімі негізінде психология ғылымында түбегейлі зерттеледі. Өмірде бар заттар мен құбылыстарды көрнекі құрал арқылы көрсету мектепті өмірімен байланыстырады. Демек, теорияны практикамен ұштастыру жөніндегі ұстанымды жүзеге асыруға көмектеседі. Мықты көрнекті материалды сапалы түрде меңгерту үшін қабылданатын зат пен құбылысты дұрыс байқау анализ жасау керек.

Дұрыс анализ жасау арқылы оқушы көрген затының негізгі бөлшегі мен қосымшасын ажыратуға, салыстыруға белгілі бір қорытынды жасау заңдылықтарын анықтауға үйренеді.

Көрнекілікті оқу процесінің барлық кезеңін де пайдалануға болады, бірақ оны жиі қолдануға болмайды. Көрнекілікті белгілі тақырып мақсатында пайдаланғанда ғана тиімді болмақ. Балалардың ақыл-ой жұмысы үшін формалар, бояулар, дыбыстар керек екенін естен шығармау керек. Көрнекілік - оқыту және ақыл-ойды дамыту құралы. Әдебиет сабағында көрнекіліктерді пайдаланудың ұстанымдары:

1. оқушы ұғымдар және абстрактілік ережелерді түсіну үшін нақты

фактілер, мысалдар келтіру;

2. көрнекілікті мәселелі жағдаяттар туындату үшін қолдану;

3. көрнекі құралдық оқылатын зат және құбылыс туралы анық және

дұрыс түсінік алуға көмектесуі;

4. оқушылардың бақылауын жүйелеп, құбылыстардың себептерін,

салдарын анықтату;

5. көрнекілікті балалармен бірге алдымен түгел қарау, негізгісі мен

негізгі емесін анықтау, содан кейін тағы бір рет толық қарап шығу;

6. көрнекіліктің алуан түрін қолдану, бірақ көп көрнекілік қолданбау,

өйткені балалардың назары басқа жаққа ауып, негізгіні түсіне

алмай қалады;

7. көрнекілікті қолданып оқушының сезіміне қозғау салу, қалыптасқан түсініктерге сүйеніп, меңгерілетін ұғымды нақтылау;

8. балалармен бірге көрнекілік жасау, оқушылардың өздері жасаған

көрнекіліктердің де әсері мол;

9. қазіргі көрнекі құралдарды, атап айтсақ: оқу теледидарларын,

бейнежазбаларды, кодослайдтарды, жартылай экранды проекцияларды т.б. қолданып, техникалық құралдармен жұмыс істей білу;

10. көрнекі құралдарды қолданып оқушылардың зейінін, бай-

қампаздығын, ақыл-ой мәдениетін, жобалай білуін, оқуға деген қызығушылығын тәрбиелеу;

11. көрнекілік арқылы өмірмен байланыс орнату;

12. балалардың жас ерекшеліктеріне қарай заттық көрнекілікті азайтып, символдық көрнекіліктерді қолдану;

13. нақты заттар мен құбылыстарды көрсету, мүмкіндік болмаған жағдайда символдық көрнекі құралдарды қолдану.

Көрнекіліктердің түрлері:

Табиғи көрнекілік оқушыларды нақты объектілермен таныстыруды талап етеді.

Эксперименттік көрнекілік арқылы оқушылар тәжірибелер жасайды.

Суретті көрнекіліктің мақсаты – нақты дүниенің бейнесін көрсету (бейнесурет, картина, диафильм, диапозитив, мылқау кинофильмдер).

Көлемді көрнекілік: макет, үлгі.

Дыбыстық көрнекіліктер: күйтабақтар, ұнтаспаға жазылған материалдар.

Символдық және графикалық көрнекілік: абстракты ой дамуына көмектеседі, себебі болмысты шартты белгілермен белгілейді. Олар: карта, жоспар, сызба, диаграмма.

Жанама көрнекілік жаңа бейнені бұрынғымен салыстырып, ол туралы түсінік қалыптастыру.

Әдебиет кабинетінің атқаратын міндеттері: ең алдымен оқу бағдарламаларында бірге аталған көркем шығармалар мәтіндері әдеби сын және тарихи-әдеби материалдары, оқу бағдарламалары, әдістемелік құралдар, көрнекілік техникалық жабдықтар, компьютер, телевизор, аудио-видео таспалар, кинокамераларды жинастырып сақтайды.

Қазақ және көрнекті әлем ақын-жазушыларының белгілі көркем шығармаларының жинақтары, томдары, портрет-суреттері кабинеттің кітап сөрелерінде тұрады, қабырғаларына ілініп қойылады. Әдебиет пәніне қажетті алуан түрлі энциклопедиялар анықтағыштар, туған ел тарихын, мәдениетіне қатысты еңбектер, альбомдар т.б.

Оқу үрдісіне төрт негізгі компонент үздіксіз қатысып отырады:

1. Көру мүшелері,
2. Ойлау мүшелері,
3. Тілдік тұлғалардың таңбалық тізбегі,
4. Қатысымдық тұлғалардың мағыналық тізбегі.

Сонымен қатар бірнеше қосымша компоненттер қатар жұмыс істейді:

1. Дыбыстау мүшелерінің қимыл-қозғалысы.
2. Дауыстап оқу.
3. Есту мүшелерінің жұмысы.
4. Тілдік материалдар жиынтығы.

Көрнекіліктің маңызы:

1. Адамның көру қабілетін жетілдіру. Сол көздің жазба бірліктермен тікелей байланысын қамтамасыз ету.

2. Оқылған материалды кедергісіз есту, тыңдау қабілетін жетілдіру.

3. Оқудың техникасын жан-жақты меңгеру және оны ауызша сөйлеуден ажырата меңгеру.

Қатысымдық тұлғалардың мағынасы мен қызметін дәл танып білу және жете меңгеру. Оқытуда қолданылатын көрнекілік әдістер.

Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби: «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік», – деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты.

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазіргі мектепте осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады. Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация.

Иллюстрация әдісі арқылы оқушыларға иллюстрациялық құралдар – атап айтсақ: плакат, кесте, картина, карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі.

Демонстрацияның (көрсету) оқыту әдісі ретіндегі ерекшеліктері. Демонстрация әдісі арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе техникалық құралдардан, кино-фильмдерден, диафильмдерден көрсетіледі.

Оқу процесіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (теледидар, видеомагнитофондар) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі – жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, мектептерде электронды-есептегіш техникасы кабинеттерін құру міндеті шешілуде, оқу процесіне белгілі бір жағдаяттарды және процестерді үлгілеуге мүмкіндік беретін компьютерлерді енгізу міндеті де қолға алынуда. Олар оқушыларға бұрын оқулық мәтінінен меңгерілген көптеген процестерді қозғалыста, көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді. Компьютерлер, көрнекілік әдістерінің оқыту процесіндегі мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтеді.

Оқытудың көрнекілік әдісінің шарттары:

1. көрнекіліктің оқушылардың жасына сәйкестігі;
2. көрнекілікті сабақтың керек сәтінде қолдану;

3. демонстрацияланған затты барлық оқушылардың көруі;

4. иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты бөлу;

5. құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру;

6. демонстрацияланатын көрнекіліктің оқу материалы мазмұнымен сәйкес келуі;

Шолу тақырыптарын өтуде көрнекіліктің маңызы зор. Шолу тақырыптарын өтуде оқушылардың өзіндік жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Шолу тақырыптарын оқытуда сол дәуірдің тарихи-әлеуметтік жағдайына көркем әдебиеттің сабақтастық байланысына сипаттама береді. Оқылатын тақырыпқа сай қосымша әдебиеттер пайдалану тиімді. Шолу тақырыптарының түрлері, олар бойынша жүргізілетін жұмыстар, көркем шығармалардың негізгі тақырыптары, идеялық-эстетикалық мазмұны мен маңызы, жанры жайында түсініктер беріледі. Шолу тақырыптарын өтуде көрнекіліктердің рөлі, теле-сабақтар, мұражайлық сабақтар т.б. шолу тақырыптарын оқыту әдістемесі туралы еңбектерді пайдалану қажет.

Көрнекілік мәтінге сай жасалып оқушылардың логикалық дамуын қамтамасыз етуді мақсат тұтады.

### **Әдебиет сабағында тіл дамыту жұмыстары**

Оқушы дұрыс сөйлеп, сауатты жазу үшін, ең алдымен, қазақ тілінің заңдылықтарын үйреніп, айтылмақ ойды ауызша да жазбаша түрде дәл әрі айқын етіп жеткізе білу талабы қойылады.

Қазақстан Республикасы жалпы орта, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында әдебиет пәнін оқытудың мақсаты - ана тілінің қоғамдық әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, қарым-қатынастық біліктілігі дамыған, мәдениетінің талаптарына сай іскерлікті меңгерген дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу», - деп анықталады. Тіл үйрету сапалы болу үшін, оқу үрдісі мен дауыстап оқуды ажырата білген жөн.

Қазақ халқының прогрестік ағартушысы Ы.Алтынсаринның еңбектерінде оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға тікелей практикалық маңызы бар тәсілдер не әдістер көрсетілмегенімен, оқушылардың сөздік қорын молайтуға және танымын жетілдіруге арналған өлеңдері, әңгімелері мен ертегілері баршылық. Бұл жерде ағартушы-педагогтің «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Талаптың пайдасы» тағы басқа еңбектерінен шәкірттердің жеке басын, олардың мәдениетін қалыптастыруды мақсат еткенін көруге болады. Соңғы жылдары бастауыш мектепте оқушылардың тілін дамытуға ерекше назар аударыла бастады. 1990 жылдарға дейін қазақ педагогикасында бастауыш мектеп мәселесінен ғылыми жұмыс қорғаған екі ғалым М.Қ.Жұбанова мен С.Р.Рахметова болса, кейінгі жылдары К.Бозжанова, Т.Әбдікәрімова, Г.Уәйісова, Ә.Е.Жұмабаева, М.Ермекбаев тағы басқа ғалымдар осы салаға арнайы ғылыми зерттеулер жүргізген

Тіл дамыту жұмысына оқушы зейінін аудармаса, оның бар ықыласы шығарма мазмұнын меңгеруге ауып кетеді.

Оқу – берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалана білу. Халықтың сөйлеу тілінде мақал-мәтел, интонациялық құбылыс, әдеби тілге азық болатын сөз, лексика байлығы көп. Ол – баланы өмірмен таныстырудың бір жолы. Осыған түрліше кәсіпке, еңбекке байланысты сөздер де қосамыз. Кітап тілінен соның бәрі табыла бермейді. Қазақта бір ғана түйенің тек жас ерекшелігіне қарай 19-20 түрлі атаулары бар (бота, тайлак, інген, нар, қоспақ, айыр, жампоз, үлек, бура, аруана). Жылқының да түсін әуелі қылаң, баран деп екіге бөліп алып, құлын, тай, дөнен, бесті, ат, айғыр, бие деп алуан түрде атаймыз. Өндіріс өмірі, техникаға байланысты, жан-жануар, құс, аң, жер-су аттарының өзі қаншама. Осының бәрі баланың сөз байлығын арттырып, тілдің еңбекпен байланысын, оның өмірге қажеттілігін білуге ойын дәл айтуға үйретеді. Мұнымен бірге сөйлеу тілінде жалпы халықтық мәні жоқ түрліше вульгаризмдер,

архаизмдер, түрліше диалектілер, қыдырма сөздер, сөздің мәнін бұзу элементтері де болады. Баланың әдеби сөйлеу тілін дұрыс дамыту үшін оларды мұндай жайлардан сақтандырып отырған абзал.

Тіл сабақтарында сөздік жасау мәселесіне айырықша мән берген абзал. Онда тарихи мәні бар ескірген сөздер бір бөлек (болыс, би, молда, албасты, тақсыр, хан, кедей т.б.), еңбекке байланысты сөздер бір бөлек, терминдік жаңа ұғымдағы сөздер бір бөлек тізіліп, солардың аты ғана емес, заты да көрсетілсе, ол баланың ой-өрісін кеңейтеді, тіл байлығын молайтады. Мысалы 5-сынып әдебиетінің алғашқы беттері «Керкұла атты Кендебай» ертегісімен басталады. Сондағы «дат» сөзіне талдап түсінік берілген.

Дұрыс сөйлеуге үйретуде көркемдеп оқу, көркем мазмұндаудың қызметі өзгеше. Өлең мен қара сөздің оқылуы бір емес. Әрбір мәтіннің өз ырғағы, интонациясы бар. Мұғалім соны дәл тауып, өзі солай оқып, оқушыларға үздіксіз үйретуге міндетті. Өлең, сөз жаттаудың қызметі де осында.

Сөйлеу тілі мен жазу тілін ұштастырудың бір жолы – орфография мен орфоэпия. Тіл мәдениетін арттырудың сөйлеу тілінен де әдеби тілге жақын, білімдік – тәрбиелік, көркемдік қасиеті зор бір түрі – жазба тіл. Сөйлеу тілі мен жазба тілдің табиғаты, орны басқа болса да олар бір-бірімен байланысты. 5-7 сыныптағы жазба тіл сөйлеу тілінің биік шыңы, соның жаңаша бір көрінісі болып табылады. Ол көбіне түрліше жазба жұмыстар арқылы қалыптасады. Мысалы 7-сыныпта Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесі.

Әдебиеттік оқуға байланысты жүргізілетін жазба жұмыстардың білімдік, тәрбиелік, тілдік мәні аса зор. Жазба жұмыстар бірде көркем, бірде ғылыми логикалық стильде жүргізіліп, балалардың:

1. Ойлау қабілетін дамытады.
2. Олардың материалистик-диалектикалық көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдеседі.
3. Көркем әдеби тілін ширатып, өзіндік стилін жасайды.
4. Олардың логикалық ойын жетілдіреді.
5. Сауаттылығын арттырады.

6. Ол балалардың әдеби мәтіннен көбірек жұмыс істеуіне жол ашып, талдау – түйіндеудің бір көрінісі болып табылады.

7. Осы тұрғыдан ол балалардың әдебиеттен алған білімінің қаншалықты баянды, орнықты болғанын қорытып, бағалаудың да бір тәсілі.

Осының бәрі оқушылардың әдеби білімін көтеріп, эстетикалық көркемдік сезімін оятады.

Тіпті жалпыға міндетті стандартта бұл мәселелер одан әрі дамытыла түсетіндігі туралы айтылады: Соңғы жылдары отандық және әлемдік тәжірибеде тілші, мәдениеттанушы ғалымдарының лингвокультурологияны арнайы ғылым саласы негізінде зерттей бастағаны белгілі. Бұл саладағы тұғырнамалық тұжырымдарды басшылыққа ала отырып, болашақта бағдарлы мектептердегі «Сөз мәдениеті» курсының мазмұны да толықтырыла түсетін болады» деп көрсетеді. Демек, бұл зерттеп отырған мәселелеміздің өзектілігін анықтайды. Ауызша және жазбаша тіл ұстарту, шығармашылық жұмыстары. Қосымша оқып, пікір алысуға ұсынылған әдеби шығармалар, жанрлық ерекшеліктері. Әлем әдебиеті үлгілерінен мәлімет берудің маңыздылығы.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында: «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениетінің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы - тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген

Тілдің көмегімен өнер-білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, өнеге аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз. Өзіміз ғана танып оймай, сол мәдени мұраларымызды тіл арқылы әлемге танытамыз. Сондықтан адам баласының байлығының бірі – сөз өнері.

Әрбір елдің қуатты күші, байлық-бағыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани талғам деген халықтың ақыл-ойының көрінісі - тілге тікелей тәуелді екені белгілі.

Сондықтан А.Байтұрсынов сөйлеуге үйрету туралы: «...Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу



қандай қажет болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек... Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, қай сөз қандай орында өзгеріп, қалайша бір-бірімен қиюласып, жалғасатын дағдысын білу керек», – деп сөйлеудің күрделі екендігіне көңіл бөледі. Демек, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. А.Байтұрсынов оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға назар аударған. «Тіл жұмсар» кітабында оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын жүйелі жүргізу үлгілерін ұсынады. Оқушыларға мақсатты түрде сұраулар беріп, сол сұрауларға жауап алған. Аталған еңбектегі «Сұрау», «Жауап жазу», «Сөз туғызу», «Құрастыру» сияқты жұмыс түрлерін кезегімен бере отырып ғалым оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын жетілдірген. Ана тілі туралы Б.Хасанұлы: «Ана тілі – жалпы адамдық құндылық әрі ол ұлттық өмірдің күллі саласын тегіс қамтиды», – деп көрсетеді

Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен араласқан, қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Адамдардың қарым-қатынас жасайтын, түсінісетін негізгі құралы – тіл. Дұрыс қарым-қатынас жасау үшін әр адамның сөйлесе білу дағдысы қалыптасады. Сондықтан сөз, сөйлеу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойына қалыптастыруы тиіс. Бұл мектепте оқыту үдерісінің негізінде мақсатты жүйелі жүргізіледі.

Оқушының мәдениеттанушылық танымы өзі араласып жүрген жақын орта мәдениетінен басталып, өз ұлты және туысқан халықтар мәдениетін оқып-білу, одан әрі жалпы адамзаттық мәдениетпен танысу арқылы өз мәдени дамуы да біртіндеп көтеріле береді. Ал соның бір көрінісі – тіл мәдениеті

Ал 5-10 сынып оқушыларына мынадай білім көлемін нақтылайды:

- лексикалық нормалардың тіл мәдениетіне қатысын білу.
- фонетикалық нормалардың тіл мәдениетіне қатысын білу.
- морфологиялық нормалардың тіл мәдениетіне қатысын білу.

- Сөздердің синтаксистік нормаларының тіл мәдениетіне қатысын білу.

Біліктілігі, тіл мәдениеті бойынша:

- сөздерді әдеби тіл нормаларына сай қолдана білу;
- тіл мәдениеті талаптарын ескере отырып сөйлей білу;
- жұрт алдына сөйлеудің шарттарына сай ойын жеткізе алу, - деп бекіткен.

Олай болса, оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастыра оқыту – «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың негізгі мәселесі болмақ.

Сөз мәдениетін оқыту – сөзді өнер деп бағалаған таным терең, талғамы биік халқымыздың ізгі дәстүрін жалғастырудың басты кепілі. Қазақ тілінің табиғи даралығын өзіне тән заңдылықтарын, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін, сөйлеу әдеби жүйесін, шешендік қасиетін игерту, мектеп оқушыларына қойылып отырған талаптың бірі. Мысалы «Жас жүрек жайып саусағын», «Көңілсіз құлақ ойға олақ» деген сияқты сөз тіркестеріне ерекше назар аударту қажет. Сөйлеу мәдениеті оқушының интеллектуалдық және мәдени сапасын арттыратындай тілдік қатынасқа төселдірудің негізі. Ал, «тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы, адамдардың бір-бірімен пікір араласуы, адамдық қатынастың түп қазығы дегенді білдіреді»

Сөйлесу арқылы болатын өзара әсер әр түрлі болуы мүмкін:

- а) жағымды не жағымсыз әсер;
- ә) ашық не жасырын әсер;
- б) тікелей не аралық әсер;
- в) негізгі не қосалқы әсер.

Әңгімелесу – оқушыларды ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, адаммен карапайым қарым-қатынастың элементтерін білуге үйрету. Бұл өмірде болатын кез-келген жағдайда таныс болсын, бейтаныс болсын ұшырасқанмен сөйлесе білу деген сөз (ауызекі сөйлесу стиль).

Әрине, сөйлесу үрдісі қарым-қатынасты іске асырудың амалдарын, сөйлесудің жолдарын меңгеруге де

тікелей байланысты. Бұл ретте сөйлесушінің адамдармен тез тіл табыса білуі немесе мінез-құлқы да елеулі роль атқарады. Оқушы сөйлесуші адаммен тез түсінісуі үшін, мынадай қасиеттерді ескеру керек.

а) Сөйлесуші адамның көңіл-күйін сезіну және білу.

ә) Тілдесуші адамдардың бір-біріне деген құрметі, сыпайыгершілігі.

б) Адамның сөзге тарта білуі.

в) Әңгімелесу кезінде сөйлесушіні қолдай білу, сөйлеуге ынталандыра білу.

г) Пікірлесуді жалғастыра білу т.б.

Жалпы адамдар арасындағы тілдесім үш түрлі болуы мүмкін:

1. Ақпараттық.

2. Ықпалдылық.

3. Қабылдамалық.

Ақпараттық – оймен, идеямен, көңіл-күймен, әр түрлі хабарлармен алмасу.

Ықпалдылық – тілдесушілердің бір-біріне әсері, өзара әсершілдіктің болуы.

Қабылдамалық – адам мен адамның түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы.

Оқушыға үйретілетін сөйлеу үрдісінің ішкі мазмұны қандай мәселе төңірегінде болмасын ертең өмірде қажетке жарайтын қатысымдық мақсатты іске асыратын мәселелерге қатысты болу керек. Мұндай мәселелер, әрине, көп және әр қилы. Дегенмен, өмірде жиі ұшырасатын бірнеше тақырыптарды атап өтуге болады:

1. Қоғамдық-әлеуметтік оқиғалар.

2. Соңғы жаңалықтар.

3. Көпшілік қауымға ортақ ақпараттар.

4. Белгілі бір нәрсеге көзқарас.

5. Ой иірімдері. Толғаныстар.

6. Пікірталас.

7. Көпшілік назар аударатын жаңалықтар.

Сөйлесу жүрмей, оқыту да іске аспайды. Өйткені оқытудың негізі – тілдік қарым-қатынас, сөйлесу, тілдесу. Тілді оқытудың, үйретудің бәрі сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін меңгерумен байланысты: тілдесім арқылы оқыту, тілдесім

арқылы жазғызу, тілдесім арқылы тыңдату, тілдесім арқылы сөйлету. Сондықтан тілдесім – тіл арқылы қарым-қатынас – барлық оқыту үрдісінің маңызды тірегі, қажетті шарты.

Эмоциональдық қызмет – тілдесім адамдардың бір-бірімен сезімін, көңіл-күйін бөлісуге мүмкіндік жасайды. Сөйлесу, білісудің нәтижесінде бірінің мінезін екіншісі түсінеді, соған қарай әрекет істейді.

Әдебиетті оқыту процесінде оқушылардың тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Сондықтан әр сынып бойынша ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарының негізгі түрлері жүргізіліп, оларға арнаулы уақыт беріледі. Тіл дамыту жұмыстары әдеби шығарманы оқып үйренумен тығыз байланысты. Олар оқушылар қиялы, көркемдік және логикалық ойын дамытып, эстетикалық талғамын ұштайды. Сөйтіп оқылған шығарманы дұрыс түсініп, талдай және бағалай білу сияқты білім дағдыларын қалыптастыруға елеулі ықпал етеді.

Ауызекі тіл дамыту жұмыстарына мәтінді мәнерлеп оқу, жаттау, мазмұнын айту, сұрақ – жауап, ауызша жоспар құру сияқты жұмыс түрлері жатады. Әдебиет сабақтарында бұлардың әрқайсысының өзіндік орны, көздейтін мақсаты, атқаратын белгілі міндеті бар. Соған орай оларға жаттықтыру дағдыларын қалыптастырудың да түрлі әдіс – тәсілдері болады.

Әдебиет сабағында сөздік жұмыстарын жүйелі жүргізудің тіл дамыту үшін үлкен маңызы бар. Сөздік жұмысы жеке сөздерге түсінік берумен шектелмей, әдебиет теориясымен де ұштастырыла жүргізіледі.

Әдеби шығармаларды оқып-үйрену үстінде оқушылар көркем сөз айшықтарымен танысады. Туындыны тіл – стилі тұрғысынан талдау кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын ұғынуға, сол арқылы оның образдық сипатын, қалыптасу жолдарын аңғаруға, белгілі бір жанрдың немесе жазушының өзіндік стилін тануға, мәтіннің идеялық-көркемдік мәнісін түсінуге көмектеседі. Әдіскер-ғалым профессор С.Рахметованың оқушылардың сөздік қорын молайту жұмыстары олардың тілін дамытудың бір бағыты екендігін дұрыс тұжырымдаған. Мұндай тұжырым оқушылардың тілін дамыту үшін олардың сөздік қорын молайту қажет

екендігін анық көрсетеді. Оқушылардың сөздік қорын молайтудың негізгі мақсатын былайша қорытқан: «Сөйтіп сөздік жұмысының мақсаты, сайып келгенде, оқушылардың мәтіндегі сөзді дұрыс қабылдап, оның мағыналық ренктері мен ерекшеліктерін ұғынуларын, яғни қажетті жағдайларда дереу естеріне түсетіндей дәрежеде балалардың өз сөздеріне айналуын қамтамасыз ету; оқушылар алуан түрлі жаттығулар арқылы үйренген сөздерінің мағынасын терең түсініп және керекті кезінде мұғалімнің көмегінсіз өз беттерімен оны дұрыс қолдана алатын дағдыға төселеді. Мұның өзі оқушылардың білім сапасының жоғары болуына жағдай жасайды»

Қазақ әдебиетін оқыту негізінде оқушының дербес қабілетін дамыту, логикалық ойлау, таза, ұтқыр, әдеби-көркем тілде мәдени және әдеби тіл нормаларын сақтай отырып сөйлеуге үйрету, оқушыларға көркем әдебиетті дүниетанымдық, әлеуметтік, тәрбиелік, сезімдік аспектілер бірлігі тұтастығында меңгерте отырып, біз оқушы біліктілігін жаңа парадигма тұрғысынан арттырудың нақты жолдарын қарастыруды басты қағида етіп ұстанамыз. Оқушылардың тілін дамытуға арналған жазбаша жұмыстардың түрі көп.

Жазбаша жұмыстар сауаттылық үшін де, алған білімдерін тексеруге де қолайлы болып келеді. Жазбаша жұмыстар оқушыларда ойлау еңбегін дағдыландырады, қосымша материалдарды пайдалану машықтарын жетілдіреді. Себебі, балалардың жазбаша жұмыстарды орындау кезінде асықпай ойлауға, ойланып жазуға уақыты, мүмкіндігі көп болады, ауызекі сөйлеуде ондай жағдайлар бола бермейді. Ауызша сөйлегенге қарағанда балалар жазба жұмыстарында небір айшықты, шебер сөздерді пайдалана алады, тіл кестесінің бедерлі түсуі үшін ізденеді, жазғандарын мұқият оқып, қайта түзеуге мүмкіндік алады. Жалпы, жазба жұмыстары тіл дамытумен қатар, балаларды ойлай білуге, ізденіске жетелейді. 5-7 сыныптардағы жазба жұмыстарының ең ауқымдысы – мазмұндама. Мазмұндама мынадай бірнеше түрге бөлінеді:

- Мәтінге жуық жазылатын мазмұндама. Мұнда оқиға, эпизод, диалог, монолог, баяндау, суреттеу сияқты элементтер сақталынып жазылады;

- Басты оқиғаларды ғана теріп жазатын мазмұндама;
- Бір оқиғаның айналасында ғана жазылатын мазмұндама;
- Шығармашылық бағыттағы мазмұндама. Оны жазған кезде оқушылар тек оқиғаны, болған істі ғана көркем мазмұндай бермейді, әңгімені өз жағынан баяндайды, дәйектемелер алады, өз пікірі, сезіміне ерік бере алады. Мұғалім нұсқауымен кейбір сөздердің синонимін, баламасын тауып жазады. Мысалы, «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі бойынша егер мұғалім шығармашылық бағыттағы мазмұндама жаздырса, мына сөздердің синонимін тауып, мазмұндамасына пайдалану туралы ақыл-кеңес береді: «айғай салып (ойбай салып деуге болады)», «бір мезгілде (бір уақытта)» деп, «онымен ісі болмай (онымен жұмысы болмай)», «сүрлеу (жол)» деп т.с.с.

Мазмұндаманың түрлері мұғалімнің оқу-тәрбие мақсатына байланысты өзгеріп отырады. Егер мұғалім көркем туындының бас кейіпкеріне ерекше назар аударса, онда «Үсен Асанды қалай еліне жеткізеді?» немесе «сенің тапқырлығың» деген тақырыптарда кейіпкер іс-әрекетін баяндайтын мінездемеге жақын түрін жаздырады. Ал, оқушылар әңгіме мазмұнын қалай меңгергенін білгісі келсе, мәтінге жуық оқиғаларды толық қамтыған мазмұндаманы қалап алады. Тақырыптың ең негізгі дәні, түйінін жаздырғысы келсе, «Еңбек бәрін де жеңбек» деген тақырыпты алып, сол бойынша тұжырымды, қысқа мазмұндама жаздыру да аса тиімді. Себебі, бала ең негізгісін, ең керегін бөліп ала білуге дағдыланады, мұның өзі оқушы білімін тиянақтайды, ойын ұғынықты етіп жазуға жетектейді. Шығармашылық бағыттағы мазмұндамаларды 8-9 сыныптарда да жүргізу тиімді. Әсіресе, шешендік қақтығыстар, Сырым, Қазыбек би, жыраулар мұраларына байланысты мазмұндама оқушыларды шешендікке, көркем сөйлеуге баулиды. Осы тақырыптарға жаздыратын мазмұндама күрделі болып келеді, себебі, олардан шешендік сөздердің дәнін сақтау, сұлбасын нақты беру талап етіледі. Бала жұмысын жеңілдеті мақсатында, әрі шешендік оралымдардың, ұтымды, тапқыр сөздердің оқушы жадында жақсы қалуы үшін, мұғалім үлестірме - көмектер де таратады. Бұл үлестірме-көмектерде мазмұндамаға міндетті түрде пайдаланатын шешендік

оралымдар, жекелеген образды сөздер беріледі. Мысалы, Жиреншенің қаңбақ айтты деген: «Сұраған сен ақымақ па, сұратқан хан ақымақ па?» сияқты сөздерінің құрылысын бұзбай, сол қалпында беруге үйрету – бала тілін дамытуда болсын, дүниетанымын танытуда болсын, аса тиімді.

Жоспардың бірнеше түрі бар. Ал, бұл түрлер мұғалім мақсатына байланысты. Сюжеттік жоспар көркем туындының оқиғасына құрылса, бейнелік жоспар бас кейіпкер іс-әрекетіне құрылады. Композициялық жоспар көркем туындының құрылысын басшылыққа алады. Сондай-ақ, көркем туындының идеялық бағыты, негізгі проблемасы айналасында да жоспар құрылады. Бұл жоспардың күрделі түріне жатады. Төменде оған бірер мысал беріледі:

Бактығұлдың тағдыры.

(М.Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы» 8 сынып).

1. Кек жолында Сәлменнің жылқысын ұрлауы, сәтсіздік.
2. Қорған пана іздеу жолында Жарасбаймен достығы, сенім.

3. Адасу. арам іске қол былғау.

4. Сатқындық, опасыздық.

5. Дерттен, ызадан арылу. Жарасбайдың жазасы.

Сюжеттік жоспар:

1. Тектіғұлдың Сәлмен тепкісінен қаза болуы.

2. Бактығұлдың өш алуға кірісуі, ұрлық.

3. Соққыға жығылуы. Ашыну.

4. Арқар аулауы, оны Жарасбайға сыйға тартуы.

5. Ұзаққа созылған іліктестік, достықтың басталуы.

6. Жарасбайдың адал Бактығұлды арамдыққа пайдалануы.

7. Билердің әділетсіз шешімі.

8. Қашып шығуы.

9. Өш алу.

Жоспар жасауға дағдыландыру, әсіресе, 5-7 сыныптарда күрделі де маңызды мәселе. Оған үйретудің тиімді деген әдіс-тәсілдерінен мұғалім де үзбей үйренуі керек. Көркем мәтінді оқу, мазмұнын меңгерту кезінде мұғалім ең басты мәселелерді бөліп алып, оқушы назарын үнемі соған аудартып отыруы керек. Оған қысқа, тұжырымды тақырып қойып, тақтаға, не дәптерлеріне қолма-қол жаздырып отырады.

1. Негізгі, маңызды мәселелер баяндалатын абзацтарға көңіл бөліп, оған ат қойғызады.

2. Эпизодтарға бөлгізеді. Композициялық құрылысын анықтатады (байланыс, шарықтау шегі деген сияқты).

3. Оқиғаларды рет-ретімен жүйелеп, сол бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатады.

4. Шығарманы оқу, талдау алдында оның ең негізгі түйінді дәні жазылған көмекші нұсқауды кесте-плакатқа іліп қою тиімді. Себебі жоспар жасауда оқушы оны басшылыққа алады.

М.Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы».

Нені міндетті түрде білу керек:

1. Тектіғұлдың Сәлмен байдың тепкісінен ауруға шалдығып, қаза болуы, арманда кетуі.

2. Бақтығұлдың інісі үшін кек алуға аттануы. Көк биені ұстауы, жасырып, сойып алуы.

3. Қуғыншыларға ұсталып қалуы, оның себептері.

4. Қорған, пана іздеп, Жарасбайға баруы.

5. Жарасбайға сенуі. Адал, басыбайлы малайына айналуы, қылмысқа баруы.

6. Жарасбайдың Бақтығұлды ел жақсыларына ұстап беруі. Үкім.

7. Қашып шығып, аңдып жүріп, Жарасбайды атып өлтіруі.

Жоспар жасатқанда, бұл нұсқау оқушыға үлкен көмек болады. Әсіресе, 5 сыныпта мұғалім жоспарды көрнекі етіп жазып әкеліп, оны үлгі ретінде оқушылардың пайдалануына ұсынады. Бұл тәсіл де өте тиімді болмақ.

Дәйексөз жоспар жасату шығармашылық жұмыстың бір саласы. Жоспардың бұл түрі, әсіресе, оқушының көркем тілін дамытуға, мәтінмен жұмыс істей білуге баулиды.

Бейнелік жоспардың маңызы да ерекше, себебі оқушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, сипатын, мінезін ашатын сөздерді, әшекейлі сөз тіркестерін, бейнелі сөздерді іздейді, оларды жоспарына пайдаланады.

Мысалы, 9 сыныптағы «Біржан – Сара айтысы» бойынша Сараға бейнелік жоспар сөздерді дәйексөз етіп алып, тиімді пайдалануға болады.

Жоспар тезис жасауды 8 сыныптан бастаған жөн. Ол ауызша да, жазбаша да тіл дамытуда өте тиімді болады. Шығарманың негізгі түйініне тұжырымды түрде жоспар



жасап, оның әр мәселесі бойынша не айту керек, – соны белгілейді. Айтуда да, жазуда да бұл жинақылыққа, ойды жүйелі баяндауға дағдыландырады.

9-11 сыныптарда конспект тезистер ғылыми материалдарға, қосымша материалдарға жасалады. Конспектіге қандай талап қойылады, бұл жөнінде мынадай көмек-нұсқау беріледі:

1. Мақаланы оқып шық. Ең негізгі деген мәселелерді белгілеп ал.
2. Сол бойынша тезис жаса. Әр абзацтағы ойға үңіл.
3. Конспекті тұжырымды болсын, ең негізгі дегендеріңді ғана жаз. Конспекті тілі мақала тіліне жақын болсын.
4. Сөйлемдердің шұбалаңқылығынан сақтан.
5. Ой жүйесін сақтап конспектіле.
6. Ұтымды деген мәселелерден дәйектемелер алып пайдалан.

Оқушыларға бұл жұмыс түрін үйреткенде, мұғалім ең алдымен жеңіл, шағын материалдардан бастайды. Бірте-бірте көлемді мақалалармен бірге, ғылыми еңбектермен жұмыс істеуге де дағдыландыру керек. Шығармашылық іздендіру бағытындағы тапсырмалар жүйесі арқылы тіл дамыту жұмыстарын былай топтауға болады. Оқушыларының ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруда пайданылатын негізгі әдістер төмендегідей:

- Диалогтық оқыту технологиясы;
- Интерактивті және ойын әдістері;
- Оқытудың топтық әдісі (кейс).

Бұл әдістердің жеке дара түрінде емес, қайта бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте қолданылғаны нәтижелі болады және бұл әдістердің барлығы қатысымдық негізде іске асады.

Оқушылардың тілін дамыту, оларды өз ойын ауызша және жазбаша дұрыс, келістіре баяндай білуге үйрету мәселелері де әдебиет сабағының негізгі міндеттерінен саналады. Оқушыларға тіл ұстартуға септігі бар жұмыстардың тағы бір түрі – иллюстрациялық жұмыс. Оған көркем шығармадан үзінді табу, суреттен көргенін, алған әсерін әңгімелеу, суреттеу жұмыстары жатады.

«Қазақ әдебиеті» пәні білім беру жүйесіндегі негізгі пәндердің бірі болғандықтан оның оқушыларға білім мен

тәрбие берудегі маңызы мен орны ерекше. Әдеби білім мазмұнын ізгілендіру, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып салт-дәстүрді таныту, оқушыларды ойлау, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, тілдік қорын байыту пәнді оқытудағы басты бағдар болып табылады.

Оқушылардың тіл мәдениетіне, көркем сөйлеуіне және өзіндік ойларын толық жеткізуге байланысты жүргізілетін жұмыс түрлері осылай құрылады.

Оқушыларды әдеби тілдің өлшеміне жаттықтыруда, жазу мәдениеті мен сауаттылығын жетілдіруде, тілін дамытуда жазба жұмыстарының орны ерекше. Жазба жұмыстар сыныптан сыныпқа көшкен сайын күрделене түсіп, жүйелі тәртіппен жүргізілуі тиіс.

### **Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру**

Әдебиет сабағы, сабақ процесіндегі жұмыстар мен сыныптан тыс жұмыстар тонның ішкі бауындай қабысып, бірлікте жүріп отыруы керек. Оқу бағдарламасындағы оқып, талдауға ұсынылатын шығармалардың барлығын сабақ процесінде игертіп біту мүмкін емес. Көркем шығарманы оқудың басты кезеңдері сыныптан тыс мезгілде жүзеге асырылады. Өзге жұмыс түрлері тәрізді сыныптан тыс жұмыстардың жүйелі жүргізілуі үшін мұғалімнің алдын ала жасалған жоспары болғаны жөн. Сыныптан тыс оқулардың басты мақсаттарының бірі – кітаппен жұмыс істеуге үйрету, өз беттерімен оны тыңдай алу, оқығандарының ішінен ең негізгі, басты мәселелерді еске ұстау дағдыларын қалыптастыру. Сыныптан тыс оқу сабақтарын ізденіспен өткізетін мұғалімдер кабинетте, кітапханада, арнайы «Сыныптан тыс оқу бұрышын» ұйымдастырады.

Мектепте әдебиетті оқыту барысында сыныптан тыс жұмыстарға ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Әдебиет – өнер, сөз өнері пәні. Бағдарламада берілетін арнаулы сағаттарда мұғалімдер білім негіздерін қалыптастыру жұмыстарымен айналысады. Сөз жок, икем – дағдысын дамыту, тәрбиелеу, қабілетіне, дарынына әсер ету, оны ары қарай мәпелеу істері білім берумен қоса жүреді. Бірақ осы жұмыстардың барлығын сабақ процесінде жүзеге асыру мүмкін нәрсе емес.

Оқушыларды сөз өнеріне тарту көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын, сезімін дамыту сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселелері сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы жүргізіледі.

Оқушылардың әдеби білімінің аясы сыныптан тыс оқумен, факультативтік сабақтармен толықтырылады. Сондықтан сыныптан тыс оқуды, факультативтік сабақтарды дұрыс ұйымдастыра білудің мәні ерекше. Сыныптан тыс оқу, факультативтік сабақтар оқушыларды өз бетімен кітапты пайдалана білуге үйретеді, олардың білімін кеңейтеді, әдеби талғамдарын ұшқырлай түседі, тілін байытады. Ең бастысы – кітап оқуға құштарлығын арттырады. Оқу бағдарламасында сыныптан тыс міндетті оқитын шығармаларының тізімі беріледі. Бірақ оқушыларды онымен шектеп қоймай, тәрбиелік, білімділік мәні зор жаңа туындыларды сұрыптап ұсынуға мұғалімнің еркі бар. Оқушылардың сыныптан тыс оқыған шығармалары жөнінде әңгіме жүргізу үшін бағдарламада арнаулы уақыт бөлінген. Ондай әңгіме сыныптан тыс оқу сабақтарында жинақталады. Оқушылардың сыныптан тыс және факультативтік оқуын және оқыған кітаптары бойынша пікір сайыс, оқырмандар конференциясын сол сияқты әдебиет үйірмелерінің жұмысын оқушыларға білімдік және тәрбиелік жағынан маңызды қызықты тақырыптардың төңірегінде топтастырып ұйымдастырған жөн.

Жас өскіндердің сөз құдіретіне деген сезімін оятуда, әдеби дүниетанымын кеңейтуде, өз беттерімен көркем шығармаларды оқуға баулуда, оқырмандардың дағдысын қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы рөлі ерекше.

Орта мектептерде қазақ әдебиеті пәні бойынша сыныптан тыс оқытудың түрлері бағдарламаларда былай көрсетіледі:

1. Міндетті оқуға және талдауға ұсынылатын шығармалар

2. Өздігінен оқуға және сыныпта пікір алысуға

3. Сыныптан тыс ерікті оқуға үйрету.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру жолдары.

Оқушылар еңбегін ғылыми түрде ұйымдастыру, бос уақыттарын пайдалы, тиімді өткізуде инабаттылық, имандылық, адамгершілік сияқты биік гуманистік қасиеттерге баулуда, ұлттық өнерді, халық өнерін қастерлеу, қорғауда да сыныптан тыс жұмыстардың жас ұрпаққа берері, үйретері көп.

Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері:

1. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың қабілеті, икемі, дарыны, жеке ынтасы негізінде ұйымдастырылады және бірнеше салаға бөлінеді. Үйірме жұмыстары – сыныптан тыс жұмыстардың күре тамыры.

2. Әдеби-шығармашылық үйірмелердің сонымен қатар «Шұғыла», «Жас талап», «Ұрпақтар үні» сияқты түрлері, әсіресе, соңғы кездерде тәжірибеге көптеп енгізілуде.

Үйірме жұмыстарының арнаулы бөлімі – қол жазба журналы, газеті болады. Жұмыс жоспары жасалынады. Мұндай істерге кейде жергілікті ақын-жазушылар да көмектесіп, белгілі бір секцияны басқарады. Әдеби шығармашылық үйірмелерінің жұмысын жас ақын-жазушылармен бірігіп жүргізу нәтижелі болмақ.

Әдеби үйірмелердің бір түріне «Поэзияға құштарлар әлемі» немесе «Кітаптар әлемі» деген үйірмені жатқызуға болады. Әсіресе, 5-8 сыныптарда мұны мектеп кітапханасымен бірігіп жүргізудің маңызы ерекше. Үйірме мүшелері кітапханада арнайы көрме ұйымдастырып өткізеді, мысалы олар жаңа кітапты үнемі насихаттап, балаларға таратып, төменгі сынып балдырғандарына әңгімелеп береді. Жұмыс нәтижелі болу үшін жоспарлы, жүйелі жүргізілуі керек. Кітапты күтіп ұстау, ұқыпты болу, оны қалай оқудың мәдениеті туралы да тартымды әңгімелер осы үйірме міндетінде. Олар осы мәселеге неше түрлі бәйге өткізеді. Мысалы, «Ұқыпты бала», «Кітап жанашыры», «Білгір» тағы басқа тақырыптарда. Жеңімпаздарға қоғамдық ұйымдар, үйірме, мектеп әкімшілігі алғыс айтып, оларды мектеп газетінде мадақтап отырғаны дұрыс. Үйірме мүшелері оқушыларды кітапханадан кезекті кітапты қалай алуға болады, каталогпен жұмыс түрлерін қалай жүргізу керек, соған үйретеді, дағдыландырады.

Үйірмелердің тағы бір түрі – мәнерлеп оқу, драма үйірмелері. Үйірмені осы өнерден хабары бар, сауатты маманның жүргізгені дұрыс. Оқушылар драматургия жанры, оның ерекшелігі туралы хабар алады, театр өнері, оның өзіндік сипаттарымен артистер өмірі, өнерімен танысады. Драмалық шығармалардан үзінділер, инсценировкалар әзірлейді. Оларды мұғалім сабаққа пайдаланып отырады. Мысалы, Ғ.Мүсірепов, М.Әуезовтердің драмалық шығармаларын талқылаған кезде олардың туындыларынан шағын көрініс, монолог дайындалып, сабақпен ұштастырылады. 5-8 сыныптар бойынша әдебиет үйірмелерімен бірлесе отырып, «Алтын самұрық» немесе «Ертегілер елінде» атты драма үйірмесін жүргізуге болады. Үйірме мүшелері ертегілерді мәнерлеп оқуға, инсценировка жасауға, сахналық көрініс көрсетуге үйренеді. Төменгі сынып оқушыларына, бала-бақшаларға барып өз өнерлерін көрсетеді, бөбектерді ертегіні сүйеге баулиды. Сыныптан тыс жұмыстардың бір түрі – клубтар. Үйірмеге қарағанда клубтардың ауқымы кең. Үйірмеге қабілетті, соған икемді ғана балалар тартылса, клубқа қатысамын деушілерге ондай шек қойылмайды. Бір сыныпты түгелімен бір клубқа қатыстыруға болады. Әдеби біліммен қатар, эстетикалық тәрбие беру, сұлулық, әдемілікті сезінуге баулу, ұлттық тәрбиені жүзеге асыруда оның атқаратын жұмыс ерекше. Клубта әдебиеттегі қыздар бейнесі, ақын-жазушы қыздардың өлеңін оқып талдау, өнерпаз, білімпаз қыз-келіншектер туралы, сондай-ақ, қыздарға өзін-өзі күту, болашақта үй тұрмысын қалай жүргізу, дастархан мәзірінің жайы, бала тәрбиесі, сән, т.б. туралы қызықты, маңызды әңгімелер өткізіліп, әр саладағы мамандармен кездесу ұйымдастырылады. «Сырлы сөз», «Мұрагер» клубтарын құрып, халықтың өнерін, әдет-ғұрпын, әдебиетін, шешендік өнерін кеңінен насихаттауға болады. Клубқа қандай ат қойылатынын қатысушылар өздері шешеді. «Сиқырлы элем» клубын ұйымдастырып, өткізуге болады. Онда ақын-жазушылар, әншілер, сал-серілер шығармашылығы, ақын композиторлар, Абай, Сәкен, Қасым т.б. өлеңдері туралы тамаша хабарлар, отырыстар жүргізу де пайдалы. Клуб жұмыстары әртүрлі формада өткізіледі. Бірде дәріс-әңгіме

түрінде өтсе, енді бірде композиция, концерт, кездесу т.б. түрінде өтіледі.

Оқушылардың әдеби шығармаларды оқуға қызығушылығын арттыру үшін, мынадай оқыту ұстанымдарын басшылыққа алсақ болады:

1. Әдебиет сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстардың байланысу ұстанымы

2. Мәтінді танып білуде жүйелілік ұстанымы

3. Сыныптан тыс жұмыстарды көп түрлілігі, еріктілік ұстанымы.

Әдеби конференциялар:

Әдеби конференцияларда үлкен бір проблемалар, тақырыптар бойынша жүйелі өткізіп тұру тиімді.

Оқу бағдарламасындағы оқып, талдауға ұсынылатын шығармалардың барлығын сабақ процесінде игеріп біту мүмкін нәрсе емес. Көркем шығарманы оқудың басты-басты кезеңдері сыныптан тыс мезгілде жүзеге асырылады. Сыныптан тыс оқулардың басты мақсаттарының бірі – кітаппен жұмыс істеуге үйрету, өз беттерімен оны тыңдай білу, оқығандарының ішінен ең негізгі, басты мәселелерді есте ұстау дағдыларын қалыптастыру. Сыныптан тыс оқу сабақтарын ізденіспен өткізетін мұғалімдер үшін Қ.Бітібаеваның ұсынған үлгілерін пайдалану тиімді. Білікті ұстаздар сыныптан тыс жұмыстарын кабинетте, кітапханада арнайы «Сыныптан тыс оқу» бұрышын ұйымдастыру арқылы жүргізеді. Кітап оқығанда оқушыларға мұғалім мына үлгіні пайдалануына болатынын көрсетеді.

Автор	Кітап аты	Қашан оқыдым	Басты оқиғалар	Негізгі кейіпкер	Өзіме ұнағандары

1. «Сүйінші» айдарымен басылымдардан шығып жатқан кітаптар тізімін жасап, оқушыларды таныстырып отыру (Аннотация беру – тұжырымды түрде). «Баспа базарлығы»

2. Әлем әдебиетінің алтын қорына жататын ұлы туындыларды оқу.

3. Осы «Сыныптан тыс оқу» бұрышына «Оқырмандар экраны» немесе «Кітап сүйгіштер», «Кітап білгірлері» т.б.

тақырыппен көрсеткіш-тақта жасап қоюға болады. Қай сыныпта, кім қанша кітап оқыды соны дәріптеп, мадақтап, үлгі ретінде іліп қоюдың маңызы ерекше.

Ең басты мәселе, мұғалім оқушылардың сыныптан тыс оқуын, сыныптан тыс оқу сабақтарын ғылыми түрде, тиімді, қызықты ұйымдастыра білуі керек.

Сыныптан тыс оқуларда ата-аналар мен кітапхананың да атқарар рөлі зор. Әдебиет мұғалімі сынып жетекшілерімен, ата-аналармен байланыса отырып, әр баланың жеке кітапханасы болуына, үйде оны қалай құру керек екеніне көңіл бөледі, ақыл-кеңес береді. Бұл жұмыс нәтижелі болуы үшін, тоқсанына бір рет «Кітап – рухани байлық», «Менің кітапханаммен танысыңыз» атты әңгімелер өткізіп тұруға болады. Ата-аналардың осындай әңгімелерге қатысуы да артық болмас еді. Мектеп кітапханашысының жұмыс жоспарына да назар аударып, әдебиет мұғалімі онымен тығыз байланыста еңбек етуі керек. Мүмкіндігіне қарай кітапханашы әдебиетші мұғалім берген тізім бойынша балаларға кітап оқуды қамтамасыз етеді, кітап оқудың ережелерімен таныстырады, сөйтіп, сыныптан тыс оқу жоспарлы, мақсатты, жүйелі түрде, әрі бірлікте ұйымдастырылады. Мұғалім кітаптар мен журналдарды тақырыпқа сай қолданады. Осы өздік жұмыстың жиі қолданылатын тәсілдері:

1. Белгілі бір ақпарат алу және оны бекіту мақсатымен кітапты оқып шығу. Осы мақсатқа жету үшін, мұғалім оқушыларға қысқа мерзім ішінде мәтінді қалай түсінуге болатындығын айтады. Әдетте, оқушылар мәтінді бір рет оқып шыққан соң, оны талдап, мәтіннің жоспарын жасайды.

2. Түсініксіз сөйлем және сөздердің мағынасын сөздік немесе энциклопедия арқылы ашып, қосымша әдебиеттерден ақпараттар алып, керекті мәліметтерді конспектілеп, оқығанын өз сөзімен айтып көреді. Мұғалім оқушыларды мәтіндегі негізгі ойды бөлуге үйрету керек. Жоспар жасау үшін мәтіндер бір-бірімен өзара байланысты бөліктерге бөлінеді де, әр бөлікке атау беріледі.

3. Қосымша әдебиеттерді қолдану үшін оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеті болуы керек. Оқушылардың кітаптар мен журналдарды сыни тұрғыдан оқуының да үлкен

маңызы бар. Идеялардың матрицасы – әртүрлі авторлардың еңбектеріндегі біртекті ойлар мен құбылыстарға салыстырмалы сипаттама беру.

Оқу, тәрбие жұмысы ғылыми түрде ұйымдастырылған мектептерде сыныптан тыс оқу бүкіл мектеп жұмысының күретамыры, жүрек соғысы болып есептеледі. Себебі, кітап оқымау деген сөз – ой еңбегі жоқ деген сөз. Тарих, география, биология тіпті математиканы меңгеру үшін ең алдымен кітапты қатесіз, еркін оқи білуі керек. Сол себептен де кітап бүкіл білімнің, ілімнің анасы. Мектеп ішілік байқаулар, жарыстар, әдеби ойындар, кітап оқу мәдениеті, маңызы т.б. тақырыптарға тәрбие сағаттарын жүргізу, оқырмандар конференциясын өткізудің маңызы ерекше. Мұндай әртүрлі жұмыстарды бір маңызды тақырып айналасында өткізуге болады.

Халық ертегілерінен кейін әдеби ертегілерге орын беру, лирикалық шығармалардан кейін оны жалғастырып, басқа тақырыптағы басқа автордың лирикалық шығармаларын оқыту – сыныптан тыс оқу сабақтарын ұйымдастырудың келелі мәселелерінің бірі.

Сыныптан тыс оқу сабақтарын өту әдістемесіне ерекше назар аудару керек. Оны әдебиеттегі сабақтардан мүмкіндігіне қарай басқаша ойластырып өткізген жөн. Сабақ бойы сұрақтар беріп мазалау, талап ету сияқты таптаурын әдістерден қашқан жөн.

Әсіресе, 5-8 сыныптарға арналған сабақтан тыс оқу сабақтары қызықты, оқушыларды тартатындай, жалықтырмайтындай болып жоспарлануы, өтуі керек. Бір ізбен өтетін сабақтардан оқушылар жалығады, ал оның зияны ұшан-теңіз, себебі ондай сабақтар баланың кітапқа деген қызығушылығын тежейді, жояды. 5-8 сыныптардағы сабақтан тыс оқудың ең басты мақсаты – оқушылардың кітапқа деген ынтасы, қызығушылығын арттыру, оқырмандар әзірлеу.

Концерт сабақ, әдеби ойын сабақтары, жәрмеңке сабақ, жарыс сабағы, композициялық сабақ, сабақ викторина, саяхат сабағы, «Бізде ертегі кейіпкерлері қонақта» атты кездесу сабағы т.б. сабақ түрлері сабақты әрлендіріп, балаларды көңілдендіріп жіберетіні сөзсіз.



Неше түрлі безендірме суреттерге (әсіресе ертегі, мысалдарды оқытқанда) орын беру, музыкаға көңіл қою, түрлі беттерде, сұлбаны пайдаланудың маңызы зор.

8-9 сыныптардағы сабақтан тыс оқулар. Оқу бағдарламасында бұл сыныптарда төңкерістен кейінгі әдебиет үлгілері ұсынылады. Бұл сыныптарда да сабақты түрлендіріп, жандандырып отыру керек. Мұнда да сабақты өтіліп жатқан шығармалармен байланыстыру, тақырып, жанр, проблемалық мәселелерге байланысты жүйелі түрде өткізу басшылыққа алынады. Семинар сабақтары, пікірталас сабақтар, реферат қорғау сабақтары сияқты сабақтың маңызды формалары негізге алынуы керек. Сондай-ақ, бұл жоғары сыныптарда шетел әдебиетінің озық үлгілерін оқыту, оқушылардың дүниетанымын кеңейту, әлем, адамзат әдебиетінің асылдарын таныстыру мүмкіндігі мол.

Әрбір сабақта оқушының әдебиет пәніне деген сүйіспеншілігін арттыру, қызығушылығын ояту, әдеби-эстетикалық түсінігін қалыптастыру мақсатына құру;

- жоғары сыныптағы (X-XI) тарихи-әдебиеттік курсты оқытуда оқушы бойына көркем шығарманы оқып-үйренудің, талдаудың, мәтінмен өз бетінше жұмыс жүргізе білудің білімдік-тәрбиелік дағдыларын қалыптастыру, эстетикалық деңгейін көтеру;

- әдебиетті оқытудың мектеп тәжірбиесінде қалыптасқан әдіс-тәсілдерін оқытудың жаңа технологиясымен тиімді ұштастыра білу;

- өзі бекітілген сынып оқушыларының мінез-құлқы, әдебиетке бейімділігі, оқырмандық қабылдау дәрежесі, т.б. мәселелер бойынша тұрақты бақылау жүргізу. Алынған нәтижелерді сабақ процесінде, сыныптан тыс жұмыстар кезінде пайдалана білу;

70-80 жылдары әдебиет әдіснамасы ғылым ретінде дамып, зерттеулердің теориялық салмағы, практикалық тиімділігі арта түсті. Сыныптан тыс оқу кітаптары сериялары даярланып шығарылды. 1973 жылы С. Тілешева IV-V сынып оқушылары үшін екі жинақ, 1973 жылы Ә. Дайырова екі жинақ, IV-VII сынып оқушылары үшін 1973 жылы бір кітап, 1979 жылы екі кітап Ә. Дайырова жазып, басып шығарды. 1980 жылы Р.Құтқожина X-XI сыныптар үшін «Қазақ поэзиясы»

бойынша, 1972 жылы VIII-XI сыныпқа арнап шетел әдебиеті бойынша, Ә.Дайырова сыныптан тыс материалын оқу кітаптарын шығарды. 1972 жылы М.Мырзахметов пен Ә.Дайырбаеваның жоғарғы сынып оқушыларына арналған «Әдеби-сын мақалалар хрестоматиясы», «Әдебиет тану» оқу құралдары шықты.

Кестелер – А.Құнанбаевтың, Ж.Жабаевтың, М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығына арналған синтетикалық кестелер, диафильмдер жасалды.

Диафильмдер – 1976 жылы Ә.Дайырова «Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы», 1980 жылы «Мұғалима», 1978 жылы С.Стамбекова «Қансонарда» жасалып өмірге енді.

1985 жылы 15 баспа табақ көлемінде мектеп баспасынан Ә.Дайырованың «Қазақ совет әдебиеті», «Факультативтік курстар хрестоматиясы», Факультативтік курстар бағдарламаларын» (1983) Р.Құтқожина «Әдебиет сабағын Қазақстан тарихы мен пәнаралық байланыста оқыту» (1985), «IV-V сыныптардағы әдебиет сабағын қазақ тілі мен пәнаралық байланыста оқыту» (1982) т.б. әдістемелік еңбектерде, оқулықтар мен әдістемелік нұсқауларда жинақталып, көпшілікке ұсынылды. Мектепте «Сыныптан тыс оқу» бұрышын ұйымдастыру үшін мұғалім еркіне қарай мынадай бөлімдерге бөліп жүргізуге болады:

1. Оқу бағдарламасында ұсынылатын кітаптар тізімін сынып бойынша көркем етіп жазып қою.

Ү л г і 5-сынып. Өз беттерімен кітап оқудың көмекші-нұсқауын беру.

«Сыныптан тыс оқу» бұрышына «Оқырмандар экраны» немесе «Кітап сүйгіштер жеңімпазы», «Кітап білгірлері» т.б. тақырыппен көрсеткіш-тақта жасап қоюға болады. Қай сыныпта, кім қанша кітап оқыды (тоқсандық), соны дәріптеп, мадақтап, үлгі ретінде іліп қоюдың маңызы ерекше.

I. Бәйге-жарыстар (байқаулар):

1. М.Шаханов шығармаларын мәнерлеп жатқа оқу;
2. М.Мақатаевты сүйіп оқитын оқушы.

II. Әдеби викториналар:

Викториналық сұрақтар «Мектеп тынысы» стендісіне ілініп қойылады, балалар жауабы арнайы жәшікке хат

үлгісінде жазбаша салынады. Қорытындысы жиналыс, отырыста хабарланады.

Викторина сұрақтары (жоғары сыныптар үшін):

Студенттер еңбегін ғылыми түрде ұйымдастыру, ездігінен ізденіп оқуды тиімді өткізу, көркем шығармаға деген қызығушылықты арттыру эстетикалық сезім, талғамды қалыптастыру керек.

Аудиториядан тыс жұмыстардың түрлері сан-алуан:

а) Әдеби шығармашылық үйірмелер, «Сырлы сөз клубы», «Айтыс мектебі» т.б.;

ә) Әдеби конференциялар, поэзия кештері, кездесулер;

б) «Жасын» әдеби газеттер шығару, әдеби басылымдарға мақалалар, өлең, әңгіме т.б. жариялау.

Мектептегі оқу мен тәрбие, сыныптан тыс жұмыстардың барлығы да оқушылардың жас ерекшелігі, психологиясына байланысты ұйымдастырылады. Ғалымдар, психологтар, мұғалімдер зерттеулері бойынша оқушыларды көркем шығарманы оқытуға баулу, оны оқырман ретінде қалыптастыру бірнеше сатыдан тұрады.

Оқушыларды кітап оқуға баулуда мына мәселелерді басшылыққа алған жөн:

- Кітапты қалай оқу керек, оқып отырып неге назар аудару керек;

- Кітапты ұқыпты, асықпай-саспай, жыртып, кірлетпей оқы, бүктеме, белгілеме;

- басты кейіпкерлерін, оқиғаларын ұмытпау үшін дәптеріңе жазып ал;

- оқып отырғаның көркем шығарма екенін, оны белгілі бір адам жазғанын ұмытпа.

## Қазақ әдебиеті пәнінен сабақ үлгілері

### 5 сынып

#### Сабақтың тақырыбы: Қабдеш Жұмаділов «Қозыкүрен»

Сабақтың мақсаты: әңгіменің мазмұнымен тереңірек танысу, шығарманың құрылысын оқушыларға ұқтыру.

Білімділік: өткен сабақта алған білімдерді тиянақтай отырып, оқушылардың біліктілігін арттыру. Қ.Жұмаділовтің өмірі мен шығармаларына назар аударта отырып, оқушыларға білім беру.

Дамытушылық: оқушылардың шығарманы оқу барысында ой-санасын дамыту, шығарманың негізгі мазмұнын түсінгендігін байқау, оқушылардың өз ойларын еркін жеткізе білу қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Қ.Жұмаділовтің жазушылық шеберлігін алға тарта отырып, шығармадағы оқушыларға үлгі боларлық қасиеттерді бойына сіңірте, тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: аналогия әдісі, сатылай-кешенді талдау, сұрақ-жауап, салыстыру, ой толғау, пікір алмасу.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, оқулық, қима қағаздар, суреттер, Венн диаграммасы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

Оқушылармен амандасу, оқу құралдарын тексеріп сабаққа кірісу.

II. Жаңа сабақ

1.Қ. Жұмаділовтің өмірі мен шығармашылығы туралы оқушыларға мәлімет беру.

Қабдеш Жұмаділов (1936 ж.т.) – Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Жас дәурен» өлеңдер, «Қаздар қайтып барады», «Сары жайлау», «Шарайна», «Сәйгүліктер» әңгіме, повесть жинақтары, «Көкейкесті», «Бақыт жолында», «Атамекен» т. б. романдары, «Соңғы көш» оқырман қауымға жақсы таныс. Қ.Жұмаділовке Шығыс Түркістандағы қазақтардың өмірі мен азаттығы жолындағы күресі суреттелген «Тағдыр» романы үшін Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы

берілген. «Қазақ әдебиеті» газетінде (1965 - 67), «Жазушы» баспасында (1967 - 76), Қазақстанның Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде (1976 - 81) қызмет істеген. Жұмаділовтің алғашқы өлеңдері 1954 жылдан жергілікті баспасөз беттерінде, ал «Жамал» тырнақалды әңгімесі 1956 жылы Үрімжіде шығатын «Шұғыла» журналында жарияланған. Жұмаділовтің бір өлеңдер жинағы, сегіз роман, бес повесть, ондаған әңгіме, мақалалар жинақтары жарық көрген. Олардың негізгілері «Қаздар қайтып барады» (1967) атты әңгімелер жинағы, «Көкейкесті» (1969), «Соңғы көш» (1974, 1981), «Атамекен» (1985), «Тағдыр» (1988,) романдары, «Соңғы көш» (1-кітап 1974; 2-кітап 1981) және «Дарабоз» (1-кітап 1994; 2-кітап 1996) дилогиялары. Жұмаділовтің соңғы жылдардағы көлемді шығармасы – «Таңғажайып дүние» (1998) ғұмырнамалық, «Қылкөпір» (2003) романдары.

2. Әңгімеге композициялық талдау жасау:

Әңгіменің басталуы - Қонаққа бару

Әңгіменің дамуы - Қозыкүрең туралы әңгіме

Әңгіменің байланысуы - Еділ жағасында

Әңгіменің шиеленісуі - Саяқбайдың ескертуі

Әңгіменің шарықтау шегі - Қозыкүреңнің қашуы

Әңгіменің шешімі - Қозыкүреңнің туған жерге келіп

жетуі

Қорытынды – Достың сыйы

3. «Ой ашар» сұрақтары:

1) «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпес» дегенді қалай түсінесіңдер?

2) Саяқбай қандай адам?

3) Қырғыз бен қазақ ұлттарының ұқсастығы жөнінде не білесіңдер?

4) Жылқының қандай қасиеттерін білесіңдер?

5) Әңгімедегі кейіпкерлерді ата

6) Қозыкүреңнің басқа жылқылардан айырмашылығы неде?

III. Сабақты бекіту:

Балалар сабақтың негізгі тақырыбын түсіндіңдер деп ойлаймын. Бүгінгі әңгімеміздің туған жерге қандай қатысы

бар? Осы жөнінде өз ойларыңды 5 минуттық эссемен дәлелдендер.

Венн диаграммасын толтыру

Қазақ ұлты	Ұқсастықтары	Қырғыз ұлты
Бауырмал Қонақжай	Түркі халықтарының құрамына енуі	Тіл өзгешелігі Салт-дәстүр ерекшелігі

IV. Үй тапсырмасын беру:

- 1) Қ.Жұмаділовтің өмірі мен шығармашылығына шолу жасау.
- 2) Қозыкүреңнің ерекше қасиеттерін әңгімеден тауып оқып алу.
- 3) «Мен де бір перзентімін туған жердің» тақырыбында ой толғау жазу.

V. Оқушылардың білімін бағалау.

Сабаққа қатысуларын айта отырып бағалау

### 6 сынып

**Сабақтың тақырыбы: М.Әуезов «Әжемнің әңгімесі»**

Сабақтың мақсаты:

**Білімділік:** оқушыларға М.Әуезов туралы мәлімет бере отырып, жазушының талантын шәкірт жүрегіне ұялату, өнерге деген қызығушылығын қалыптастыру.

**Дамытушылық:** әңгімені талдауға үйретумен қатар, өз ойын еркін жеткізе білу қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** оқушылардың көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту, рухани танымын кеңейте отырып тәрбиелеу.

Сабақтың типі: Аралас сабақ

Сабақтың түрі: дидактикалық ойындар қолданылған сабақ

Сабақтың көрнекілігі: М.Әуезовтің портреті, тақырыптық суреттер, қима қағаздар

Сабақтың әдіс-тәсілдері: баяндау, мәнерлеп оқу, Венн диаграммасын сызу, өзіндік жұмыс (портрет жасау), сұрақ - жауап.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

II. Үй тапсырмасын сұрау

III. Жаңа сабақ

1) Мұғалімнің кіріспе сөзі

Оқушыларға М.Әуезов туралы мәлімет беру М.Әуезов пен

А.Құнанбаевтың байланысын ұқтыру. Шығарманы түсіндіріп, мазмұнын ашу.

2) Брейнг-ринг ойыны

I деңгей тапсырмасы – шығармашылық жұмыс

II деңгей тапсырмасы – портрет суреттеу

III деңгей тапсырмасы – сұрақ-жауап

I деңгейде «Менің әжем» тақырыбындағы ой туралы 5 минуттық эссе жазу.

II деңгейде «Әжемнің әңгімесі» шығармасы бойынша әженің портретін жасау

III деңгейде сұрақ – жауап.

1) Әжемнің әңгімесі шығармасынан нені ұғуға болады?

1) Әжесінің әңгімесін немерелері қалай тыңдады?

2) Сенің әжең қандай әңгімелер біледі?

3) Әже сөзінің мағынасы қандай ?

3) «Ақылды балақай» ойыны

Мұхтар Әуезов кім?

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

М.Әуезовтің қандай әңгімелері бар?

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

«Әжемнің әңгімесін» қалай топтастыруымызға болады?

1 \_\_\_\_\_

2 \_\_\_\_\_

3 \_\_\_\_\_

#### IV. Сабақты бекіту Венн диаграммасы

Абай (поэзия)	Ұқсастығы	Мұхтар(проза)
<i>Сөз шеберлігі</i>	<i>Табиғатты</i>	<i>Ой саптауы</i>
<i>Тапқырлығы</i>	<i>суреттеуі</i>	<i>Қара сөзбен көп</i>
<i>Терең</i>	<i>Шығармаларының</i>	<i>мағына беруі</i>
<i>мағыналылығы</i>	<i>сарыны</i>	<i>Портреттік</i>
<i>Жұмбақтылығы</i>	<i>Өзара жақын</i>	<i>суреттеуі</i>
	<i>туыстығы</i>	<i>Алғырлығы</i>

#### V. Үй тапсырмасы

1) М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына хронологиялық кесте толтыру.

2) «Әжемнің әңгімесін» мәнерлеп оқу.

3) «Асыл әжем» тақырыбына шығарма жазу.

#### VI. Оқушылардың білімін бағалау

Сабаққа қатысуларын айта отырып бағалау

### 7 сынып

#### Сабақтың тақырыбы: Қалижан Бекхожин «Ақсақ Темір мен ақын»

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: оқушылардың игерген материалын нақтылдау, шығармашылықпен жұмысқа ынталандыру.

Дамытушылық: шығармаға жан-жақты талдау жасау арқылы оқушылардың сөздік қорын дүниетанымдарын кеңейту.

Тәрбиелік: оқушыларды ізгілікке, мейірімділікке өнерді сүйеге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: білімді бекіту сабағы

Сабақтың типі: жаңа материалды меңгеру

Сабақтың әдіс- тәсілдері: баяндау, түсіндіру, сұрақ- жауап, ой қозғау, салыстыру, топтастыру.



Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, автордың, Темірдің портреті, Қазақстан картасы, үлестірме материалдары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

Оқушылармен амандасып, сабаққа дайындықтарын тексеру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

Ақсақ Темір (1336-1405) – барлас тайпасынан шыққан Тарағай бектің баласы. Дүниежүзін таңдай қаққызып өзіне қаратқан Темір «Орта Азияның барысы» атанған.

1370 жылы Самарқан әмірі Хусейнді жеңіп, Мауереннахрды билеп алады. 1405 жылы Қытайға жорық кезінде Отырарда қайтыс болады. Сүйегі Самарқанда Гүр-Әмір кесенесіне жерленген. 27 мемлекетті басып алып, билік жүргізген. Ақсақ Темір мемлекеті Иран, Ауғанстан, Кіші Азия, Кавказды, Қазақстан мен Орта Азияны қамтыды. Әмірдің төрт ұлы: Жиһангер, Әмір Шейх, Шаһрух. Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесі Темірдің пәрменімен салынған.

1. Салыстыру әдісі

Өздері оқыған шығармаларымен салыстыру, талдау.




Ортақ идея

2. Кубизм әдісі

«Ақсақ Темір мен ақын» балладасының сюжетін негіздейтін сауалдар. Қай сан түссе сол санның сұрағына жауап алынады.

- 1 Баллада дегеніміз не?
- 2 Ақсақ Темірге қандай баға берер едің?
- 3 Балладада Ақсақ Темірдің ұлдары жайлы айтыла ма?


- 4 Ақсақ Темір қай тайпада туылған?  
 5 Темір неше мемлекетті жаулап алған?  
 3. *Топтау стратегиясы*



*Кім? Қандай? Не істеген?*

<i>Қолбасшы</i>	<i>Қаһарлы</i>	<i>Жер жүзін билеген</i>
<i>Билеуші</i>	<i>Айбынды</i>	<i>Бастарын кесіп күмбез жасаған</i>
<i>Әмірші</i>	<i>Қатыгез</i>	<i>Елдерді басып алған</i>
<i>Жиһангер</i>	<i>Жауыз</i>	<i>Аямаған</i>

#### IV. Сабақты бекіту Сөзжұмбақ шешу



Ақсақ Темір қай рудан шыққан? (Барлас)

- 1 Баллададағы басты кейіпкер? (Темір)
- 2 Ақсақ Темірге ұқсас билеушінің бірі? (Ескендір)
- 3 Мүсәпір жан, кейін ақын аталатын кім? (Хафиз)

- 4 Балладада аталатын шығыс ақыны (Фердоуси)
- 5 Бекхожиннің әкесінің аты (Нұрқожа)
- 6 Бертін келе Жейхун өзені қалай аталды? (Әмудария)
- 7 Ақсақ Темірді райынан қайтарған кім? (Ақын)

V. Үй тапсырмасын беру:

- Балладаға композициялық талдау жасау;
- «Темірді тізе бүктірген алып күш» тақырыбына шығарма жазу.

VI. Оқушылардың білімін бағалау

Сабаққа қатысуларын айта отырып бағалау

### 8 сынып

#### Сабақтың тақырыбы: Мағжан Жұмабаев «Түркістан»

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: оқушылардың білімділігін арттыра отырып, М.Жұмабаев шығармалары жайлы мәлімет беру, оқушыларға білім беру.

Дамытушылық: оқушылардың ойларын дамытып, тарихи деректер бойынша тұжырым жасай білу дағдысына үйрету, туған жерді қастерлеу сезімін дамыту.

Тәрбиелік: Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі ұлтжандылық, отанын қадірлеу сезімдеріне оқушыларды тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың типі: жаңа материалды меңгеру

Сабақтың әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, пікір алмасу, үлестірмелі қағаздар, хронологиялық кесте, түсініктеме күнделігі, семантикалық карта, слайдтық көрсетілім.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, оқулық, қима қағаздар, суреттер, өлеңнен үзінділер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

Оқушылармен амандасу, сыныптың сабаққа дайындығын тексеру.

Үй жұмысын сұрау кезеңі

- 1) Міржақып Дулатұлы жайлы мәлімет беру.
- 2) Шығармаларының негізгі идеясы неде?

- 3) Қандай шығармалары бар?
- 4) Алғашқы шығармалар жинағы қалай аталады?
- 5) «Жастарға» өлеңінен үзінді оқу.

II. Жаңа сабақ

М. Жұмабаев өмірі мен шығармашылығы жайлы мәлімет беру. «Түркістан» өлеңін мәнерлеп оқу. Оқушыларды екі топқа бөлу.

«Талап» тобы

Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына байланысты хронологиялық кестені толтырады.

«Жүйрік» тобы

Үлестірме қағаздармен жұмыс істеп төмендегі бағандарды толтырады.

Мағжан кім? \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

«Талап» тобы

Мағжанның өлеңінде кездесетін кісі аттарын талдап, кестеге жазады.

	Ел атауы	Өзен	Хан	төре	ғұлама
Қасым					
Есім					
Фараби					
Жейхун					
Афрасияп					
Ибн-Сина					

«Жүйрік» тобы

Түркітан өлеңінің кез-келген бөлігіне талдау жасап, негізгі ойды түсіндіреді.

III. Сабақты бекіту

Өлеңдегі тарихи тұлғаларды ата

Мағжанның шығармаларының негізгі тақырыбы қандай?

Мағжанның өлеңдерінде қандай сезім басымдау келеді?

Өлеңде туған елді суреттейтін жолдар кездесе ме?

IV. Үй тапсырмасын беру

1) Мағжанның өміріне байланысты ақпарат жинау  
2) «Мағжанның Түркістаны» тақырыбында шығарма жазу

3) Мағжанға арналған 5 жолды өлең шығару.

V. Оқушылардың білімін бағалау

Сабаққа қатысуларын айта отырып бағалау

### 9 сынып

### Сабақтың тақырыбы: Ж.Жабаев

### «Өтеген батыр» дастаны

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: ақынның дастандары жайлы мәлімет беру, оқушылардың білім деңгейінің артуына ықпал жасау, білімдерін тереңдету;

Дамытушылық: оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық жұмыстарға баулып, сөйлей білуге машықтандыру;

Тәрбиелік: елін, жерін сүйуге, Отанын қадірлеуге, азамат ретінде тәрбиеленуге ықпал жасау, бір-бірінің ойларын ұғынуға тәрбиелеу.

Түрі: білік пен дағдыны қалыптастыру.

Әдісі: түсіндіру, талдау, ой алмасу, баяндау.

Көрнекілігі: ақынның портреті, слайдтық көрсетілім, кима қағаздар, географиялық карта.

Пәнаралық байланыс: тарих, география.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, оқу құралдарын тексеру.

Слайдтық көрсетілім негізінде ақын портреті үстінде сұрақтар жасырылады. Балалар ұшықтағы сұрақтарға дәл жауап бергенде ақын портреті ашылады.

1. Мағжан Жұмабаев кім? Ол жайында не білесің?

2. Ақын шығармашылығы жайында не айтасың?

3. Батыр Баян поэмасының негізгі идеясы не?

4. Баян бейнесін сен қалай елестетесің?

5. Кейіпкерлеріне суреттеме бер

Жаңа сабақ.

Болашақ ақын 1846 жылы ақпан айында қазіргі Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының бөктерінде дүниеге келген. Ол жайында ақынның өзі «Менің өмірім» – деген өлеңінде:

Қақаған қар аралас соғып боран,  
Ел үрей – көк найзалы жау торыған.

Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,

Жамбыл деп қойылыпты атым содан, дейді. Әкесі Жапа кедей болғанмен, ат үстіне мығым, найзагер кісі екен. Ел ішінің дау-дамайына бітімгерлік сөзін айтқан кездері де болыпты. Шешесі Ұлдан мінезі байсалды, абысын-ажын арасында беделді, орайы келгенде өз жанынан қиыстырып елең шығара беретін, әдемі дауысты әнші екен. Жамбылдың аталарынан әріректе өнерпаз, сері, палуандар, ділмар шешендер шыққан. «Айтыстың арыстаны» атанған Жамбыл өткір, уытты жырлармен қатар кең тынысты ұзақ эпикалық туындылар шығарады. Халық эпосы мен ертегілерінің және тарихи жырлардың дәстүрінде акын «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сынды белгілі поэмаларын туғызды.

Өтеген Өтеғұлұлы батыр, Мүйізді Өтеген (1699, Шу өзені бойындағы Хантау маңында Изенді деген жер) – батыр, қолбасшы. ХҮІІІ ғасырда жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ елінің түстігін, Жетісу жерін, Шығыс Қазақстан өңірін жаудан азат етуге зор еңбек сіңірген. Түркістан, Ташкент маңындағы кескілескен ұрыстарға, Аңырақай шайқасына қатысқан. Қалмақтың Ботхишар, Сабан Тайшық секілді атышулы батырларын жекпе-жекте жер жастандырып, батыр атағы шығып, қазақ әскерінің даңқты қолбасшыларының біріне айналған. Төле бидің, Абылай ханның серігі болған. Қазақ елінің тәуелсіздігін басты мұраты етіп ұстаған Өтеген батыр орысқа кепіл бересің деп Төле бимен, Қытайға мойынсұнбақсың деп Абылай ханмен араздасуға дейін барды. Батырдың ерлігі аңызға айналып Күсен, Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл, Әлматін, Тілеміс секілді ақындардың жыр-дастандарына арқау болған. Ол дастандардың бәрінде де халық қамын — бақытты өмір сүру үшін бар өмірін арнаған «жер-ұйықты» іздеген Асан Қайғы секілді туған халқына жайлы қоныс іздеп 18 жыл дүние шарлаған адам ретінде көрсетіледі. Ауыз әдебиеті мәліметтеріне қарағанда Өтеген Бұқара, Самарқа, Кабул, Исфахин, Тегеран, Стамбул сияқты қалаларда болып, сол кездегі білім бұлақтарынан сусындаған. Өтеген батырдың соңында атағы ғана емес, өсіп-өнген ұрпағы да қалды. Қосағал, Қосдәулет, Асау, Ылау, Бердіс, Тарнақ,

Базарбай, Аюса, Жанқұлы, Төке, Тоқтарбай есімді балаларынан тараған үрім-бұтағы бар. Атақты Байсерке күйші, Тілеміс шешен Өтеген батырдың ұрпағы. Өтеген батыр әуелде Іле өзені бойына – қазіргі Қапшағай су қоймасының табанына жерленген. Кейіннен оның сүйегін ұрпақтары Қордай ауданына апарып, қайта жерледі (1973). Жерленген жердегі ауыл – Өтеген ауылы атанды. 1999 жылы Өтеген батырдың 300 жылдығы кең көлемде аталып өтті.

III. Жаңа сабақты пысықтау «Ой ашар» сайысы:

1. Жамбылдың айтыс өнеріндегі алатын орны қандай?
2. Жамбылдың қандай шығармалары бар?
3. Өтеген батыр дастанының тарихи маңызы қандай?
4. Дастандағы отансүйгіштікке тәрбиелейтін қандай мәнді істер бар?
5. Дастанның идеялық жағы түсінікті ме?
6. Жамбылдың отанды қадірлеу тақырыбындағы қандай еңбектері бар?
7. Жамбыл кімдермен айтысқан?
8. Өмірінің соңғы сәттерінде ақын қандай шығармалар жазды?

IV. Оқулықпен жұмыс

Оқушыларға дастаннан үзінді оқытып, өз ойларын ауызша түрде білдіруге мүмкіндік беру. Дастанның композициялық құрылымын талдату.

V. «Түртіп алу» стратегиясы.

Білемін	Үйрендім	Үйренгім келеді

VI. Үйге тапсырма:

- 1) Жамбыл Жабаеттің өмірі жайлы дерек жинау.
- 2) «Өтеген батыр» дастанын түсініп оқу;
- 3) «Жыр алыбы – Жамбыл», «Жамбыл және айтыс өнері» тақырыбында ой толғай жазу.

VII. Оқушылардың білімін бағалау:

Сабаққа қатысуларын айта отырып бағалау.

## 10 сынып

### Сабақтың тақырыбы: А.Құнанбайұлы «Ескендір» поэмасы

**Білімділік мақсаты:** Оқушыларға Абай шығармаларының ішінде поэмаларының алатын орны және олардың тақырыптары жайлы білімдерін толықтыру. «Ескендір» поэмасын оқыта отырып, басты кейіпкердің тарихи тұлға екендігіне көз жеткізу. Поэмадағы Ескендір - Александр Македонский өз заманында қанішер қатыгездігімен аты шыққан тұлға болғанын тарихи деректер арқылы түсіндіру.

**Дамытушылық мақсаты:** Оқушыларды өз ойын сауатты жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. Кейіпкерлердің әрекеттері арқылы жақсылық пен жамандықты айыра білуге, олардың әрекеттеріне баға беріп, талдау дағдыларын дамыту. Білімділік танымдарын, жалпы дүниетанымдарын дамыту.

**Тәрбиелік мақсаты:** Оқушыларды Абай шығармаларындағы тәрбиеге баулу. Өз халқының мәдени және тарихи мұрасын құрметтеуге, сақтауға және сол арқылы патриоттық сезімдерін жетілдіруге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақ

**Сабақтың әдісі:** топпен жұмыс, сұрақ-жауап, іздену, салыстыру, ой толғау, пікір алмасу.

**Сабақтың көрнекілігі:** ақынның портреті, слайдтық көрсетілім, үлестірме қағаздар, Венн диаграммасы.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Экраннан слайдтар арқылы ақынның өміріне, шығармашылығына шолу.

III. Жаңа сабақты түсіндіру.

1) «Ескендір» дастаны туралы түсіндірме:

Поэмадағы Ескендір тарихта болған атақты Александр Македонский патша екенін білеміз. Ол - өз заманында бүкіл әлемді жаулап алуды мақсат еткен қанішер патшалардың бірі. Абай Александр Македонский туралы орыс әдебиетін оқу арқылы танысып, оны қазақшалап отырып, дастан жазады. Ұлы Абай поэмада Ескендірдің зұлымдығын, қатыгездігін айта келе, оны тоқтатын бір күш іздейді. Ол күш - ұлы ғұлама Аристотель.



- 2) «Ізден, тап» ойыны, оқулықпен жұмыс жүргізу:
- Поэмада Ескендірдің қандай әрекеттері суреттеледі?
  - Ескендір қандай қақпаға келді және ол неге ашылмайды?
  - Қақпаға кіре алмаған Ескендір не сұрайды?
  - Ескендір сұраған сыйына не алды?
  - Ескендірдің Аристотельмен кездесуі

3) Топтастыру стратегиясы:

Ескендір қандай адам?

Ескендір портретін жасау:



IV. Сабақты бекіту. Венн диаграммасы.

Ескендір ұқсастығы Аристотель

Тойымсыз	екеуі де атақты	Білімді
Қатыгез	тұлғалар	Ғалым
Мақтаншақ	кемеңгер	Кемеңгер
Патша		

V. Үйге тапсырма:

- «Ескендір» дастанынан ұнаған бөлімін жаттау
- Аристотельдің сөзін жаттау.
- Абай шығармаларымен танысу

VI. Оқушылардың білімін бағалау.

Сабаққа қатысуларын айта отырып бағалау

## 11 сынып

### Сабақ тақырыбы: М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкерлер келбеті

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: М.Әуезов шығармашылығының идеялық-эстетикалық мұраты мен табысына тоқталу. Эпопеяның негізгі оқиғаларын басшылыққа ала отырып, кейіпкерлер бейнелерін сомдау;

Дамытушылық: жеке тұлға ретінде оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін дамыту. Шебер де шешен, өткір сөйлей білуге машықтандыру;

Тәрбиелік: адамгершілікке, мейірімділікке, білімге ұмтылуға, сана-сезімінің өркендеуіне тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жаңа білімді менгерту сабағы

Сабақ типі: іздендіру сабағы

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, проблемалық сұрақтар төңірегінде әдеби талдау, іздендіру, ой қорыту. Қ.Бітібаеваның жобалау технологиясы, топтау стратегиясы.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, online жүйесі бойынша сабақ өткізу, ақын портреті, шығармалар жинағы, жазылған рефераттар, слайдтар..

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) сынып даярлығын тексеру;

ә) кезекші арқылы түгендеу.

II. Жаңа сабақты түсіндіру.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: Қазақ халқының асыл ұлдарының бірі – Мұхтар Әуезов. Бүгінгі таңда өзінің саф алтындай жарқыраған, інжу-маржандай жалтылдаған сұлулық жағынан Микелонджеланың мүсіндеріне пара-пар, биіктігі жағынан Египет пирамидаларындай аспанмен таласқан, халық өмірін жырлауда гректің «Илиадасымен» тең түсетін «Абай жолы» эпопеясымен әлем халқын шарлауда.

М.Әуезов романындағы кейіпкерлер жайында бірер сөзбен дәлме-дәл сипаттама беріледі.

I. Мінеземелерге тоқталу.

Тараулар арқылы санамалап Абай жолын, Құнанбай жолын көрсету:

«Қайтқанда»

«Шытырманда»

«Бел-белесте»

«Өрде»

«Қияда»

«Биікте»

Қат-қабат

шытырмандар арқылы өрге,  
қияға, биікке шығып келе  
жатқан Абайды көреміз.

«Қияда»

«Өрде»

«Бел-белесте»

«Шытырманда»

«Қайтқанда»

Жоғарыдан ылдилап

төмендеп келе жатқан

Құнанбайды көреміз.

2. Абай бейнесі:

Абай неге халық жағына шықты?

Жауап:

Абай оқудан келгеннен кейін Құнанбайдың қасында жүріп, ел есіне араласа бастайды. Ел ішінде болып жатқан зомбылықты, қараңғылықты, теңсіздікті өз көзімен көреді. Әрі сол қарапайым халық ішінен өзіне дос таба біледі. Жуан бел надан, содыр ру басшыларынан бөліне кеткен бетінде, біреуден халықты, халықтың мұңын таба білді. Сол халықтың жоғын берер жаңалығын іздеді. Оған: «Әкесінің баласы-адамның дұшпаны, адамның баласы-бауырың» деген ойы дәлел. Алда өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз. Қуаты – ақылдық, үміті – халық. Өмірдің беліне шығыпты. Сол өткен жолында жоғалтқаны көп пе, тапқаны көп пе? Рас, жоғалтқанының көбіне өкінбейді.

Жақында әке - Құнанбай кетті жат болып. Туысқаннан – Тәкежан... Тәкежандар кетті жауығып. Келер, кете берсін. Бірақ халық қалса, халыққа жалынды

1. Абайдың өнер-білім жолына бет бұруының себептері неде? Құнанбай мен Абай арасындағы келіспеушілік, қайшылық тек әке мен бала арасындағы өкпе, наразылық па?

2. Абай бейнесін жасаудағы жазушы жеткен биіктікті немен түсіндірер едің?

Топтау

Абай жолы



### 3. Құнанбай бейнесі:

Құнанбай бейнесін қатыгез, кері кеткен кер заманның жанкешті жоқтаушысы ретінде суреттеуінің себебі неде?

Құнанбай дәуренінің өтіп, заманының кетіп бара жатқанын романның үзінді келтіре отырып дәлелде.

Қодар мен Қамқа өлімінің басты себаптері неде?

Топтау стратегиясы бойынша жұмыс

Құнанбайлар жолы



### 4. Абайдың сүйікті аналары – Зере, Ұлжан:

Романға үңілсек, біздің көз алдымыздан біріне-бірі ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын әрқайсысы өз қалпымен, кескін-келбетімен, ерекше ішкі сырымен соны, тың туынды болып көрінетін, көптеген әйелдер бейнесі бар.

«Ел анасы» атанған Зере баласы Құнанбай алдында неге әлсіз?

Жауап:

1. Зере Құнанбай алдында ешқандай да әлсіздік көрсетпейді. Қайта оны ықтырып отырады. Мысалмен дәлелдесек:

- Қорқытпа келіндерімді!... О, несі? - деп қатты зекіп қап. Ілгері жылжып кеп екі қолымен жер тіреп отырып, баласының жүзіне суық қарайды. Құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуасы түсті. Заман басқа, әйел сөйлеп, әйел ел басқаратын, билік айтатын заман емес еді. Әдет-ғұрып, ескі салттың заманы болатын. Ол сол феодалдық замандағы әйелдер теңсіздігі тудырған әлсіздік, замана әлсіздігі. Туған анасы туған баласына үкім айта алмайды. Себебі: әйел қоғамдық іске

араласпауы керек. Өйткені ол қандай ақылды болса да «төмен етекті», отбасының ғана адамы.

### III. Сабақты бекіту

Маған ұнаған кейіпкер. (Оқушылар пікірі, ойтолғау)

IV. Үйге тапсырма. М.Әуезов Абай жолы романын сюжеті бойынша талдау, кейіпкерлеріне мінездеме беру.

V. Оқушылардың білімін бағалау.

Сабаққа қатысуларын айта отырып бағалау.

### Тест тапсырмалары

~Мұғалімнің көңіл-күйі, ерік жігері, мінезі, жинақтылығы немесе күйгелектігі, оқытудың қай талабын жүзеге асыруға ықпал етеді?

@психикалық

@дидактикалық

@гигиеналық

@тәрбиелік

@педагогикалық

~Әдебиет мерекелеріне не жатады?

@ақын - жыраулармен кездесу

@драма үйірмесі

@клуб жұмыстары

@ жас қаламгерлер үйірмесі

@ әдебиет бірлестіктері

~Оқушы шығармасындағы тақырыптан ауытқу қателердің қандай түріне жатады?

@ мазмұнға байланысты қате

@ емле қате

@ стильдік қате

@ жоспарлаудағы қате

@ тыныс белгісіне байланысты қате

~Оқушы шығармасындағы ойдың жұтандығы қатенің қандай түріне жатады?

@ мазмұнына байланысты қате

@ емле қате

- @жоспарлаудағы қате
- @тыныс белгісіне байланысты қате
- @ стильдік қате

~Тілдің кедейлігі, сөздің орашолоқтығы қатенің қандай түріне жатады?

- @стилдік қате
- @мағынасына байланысты қате.
- @емле қате
- @тыныс белгілі қате
- @мазмұнға байланысты қате.

~Жоғарғы сынып оқушыларының еркін тақырыпқа жазған шығармасы қандай әдеби жанрға ұқсас болып келеді?

- @очерк
- @әңгіме
- @заметка
- @суреттеме
- @ естелік

~ Оқушылардың алдында сабақтың тақырыбын білімділік тәрбиелік мақсаттары нақты міндеттерін қай сабақтың қандай талабына жатады?

- @ дидактикалық
- @ психологиялық
- @ гигиеналық
- @ тәрбиелік
- @ педагогикалық

~ Жоғарғы сыныптарда әдебиетті оқытуда қолданылатын басты әдіс.

- @жартылай іздену
- @ мәнерлеп оқу
- @ творчестволық оқу
- @ зерттеу
- @ барлық жауап дұрыс

~ Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, оқытудың өмірімен байланысын қамтамасыз ету, оларды қоғам игілігі үшін белсенді әрекет етуге бағыттау қазіргі сабаққа, оқу процесіне қойылатын қандай талапқа жатады?

- @ тәрбиелік
- @гигиеналық

@ педагогикалық

@ психологиялық

@ дидактикалық

~ Жаңа сабақты өткен сабақтармен байланыстыру, оқушылардың алған білімдерін, ұғымдарын жүйелеу, оларды білімді игерудің жаңа әдістеме үйрету, соның негізінде ниет дағдыларды қалыптастыру, білімді, практикада қолдануға үйрету, өз бетінше білім алуға үйрету, оқытудың қандай талабына жатады?

@ дидактикалық

@ педагогикалық

@ психологиялық

@ психологиялық

@ гигиеналық

~ Сабақ материалын мазмұндаудың ғылымилығы мұғалімнен ең әуелі нені талап етеді.

@кәсіптік деңгейін көтеріп отыруды

@көрнекілікті тиімді қолдануды

@ оқушылардың ерекшеліктерін білуді.

@оқу процесінде оқушылардың әрқайсымен жеке жұмыс істеуді.

@оқу процесінің педагогикалық, психологиялық заңдылықтарын білуді.

~ Орта буын сыныптарда көркем шығармаларды талдауда басты назар неге аударылады?

@ оқиғаларға

@ пейзажға

@ тақырып пен идеяға

@ сюжет пен композицияға

@ кейіпкерлер мен авторлық позицияға.

~ Әдебиетті оқыту әдістемесі қай ғылымның саласына жатады?

@методика

@дидактика

@ этика

@ әдебиеттану

@ филология

~ Әдебиет пәнін оқытудың ең негізгі әдісі қайсы?

@ творчестволық оқу

- @ очерк
- @ жартылай іздену
- @ проблемалық мазмұндау
- @ білімді дайын күйінде беру

~ Көркем шығарманың сюжеттік желісіне орай құрылатын талдау әдісі не деп аталады?

- @ тұтас талдау
- @ тақырыптық
- @ проблемалық
- @ образдар бойынша
- @ композициялық құрылысына талдау

~ Оқушылардың өмірлік әсерлері мен бақылауларына негізделген еркін тақырыптардағы шығармалар қай сыныптарда басты орын алады?

- @ орта буын сыныптарда
- @ жоғарғы сыныптарда
- @ бастауыш сыныптарда
- @ бесінші сыныптарда
- @ барлығы дұрыс

~ Көркем шығарманың көтерген басты идеясын ашуға орай құрылатын талдау әдісі не деп аталады?

- @ тақырыптық
- @ проблемалық
- @ образдар жүйесі бойынша
- @ тұтас талдау
- @ композициялық талдау

~ Оқушылардың өмірлік әсерлері мен бақылауларына негізделген еркін тақырыптағы шығармалар қай сыныптарда басты орын алады?

- @ жоғарға сыныпта
- @ орта буын сыныпта
- @ бастауыш сыныпта
- @ 4-6 сыныптарда
- @ 6-10 сыныптарда

~ 6-8 сыныптарда әдебиет сабағының басты шарты және негізі?

- @ көркем шығарманы оқу
- @ жазушының өмір жолымен
- @ көркем шығарманы талдау



@ кіріспе сабақ  
@ мәтіннің мазмұнын оқу  
~ 8-11 сыныптарда әдебиет сабағының басты шарты және негізі

@ көркем шығарманы талдау  
@ жазушының өмір жолы  
@ кіріспе сабақ  
@ көркем шығарманы оқу  
@ көркем мәтіннің мазмұнын оқу  
~ Талдаудың қайсысы шығарманың кейіпкерлеріне орай құрылды?

@ образ жүйесі бойынша  
@ тақырыптық  
@ тұтас  
@ проблемалық  
@ диалог  
~ Көркем шығарманың қат-қабат мазмұнына талдау жүргізу үшін талдаудың қай түрін қолданған жөн?

@ тұтас  
@ проблемалық  
@ тақырыптық  
@ ішінара  
@ идеалық  
~ Орта буын сыныптарда әдебиетті оқытуда қолданылатын басты әдіс?

@ әңгіме  
@ мәнерлеп оқу  
@ жартылай іздену  
@ зерттеу  
@ жаттау  
~ Жазушы өмірбаянын оқыту сабақтарында қолданылатын басты әдіс?

@ баяндау  
@ зерттеу  
@ жартылай іздену  
@ творчестволық оқу  
@ мәнерлеп оқу  
~ Сабақтың әрбір минутын ұтымды пайдалану, оқушылардың алдында сабақтың тақырыбын, білімділік,

тәрбиелік мақсаттарын, нақты міндеттерін қоя білу оқытудың қандай талабына жатады?

@педагогикалық

@психологиялық

@тәрбиелік

@дидактикалық

@гигиеналық

~ Зерттеу әдісі өзінің аталуы және функциясы жағынан қай әдіске жақын?

@жартылай іздену

@творчестволық оқу

@проблемалық мазмұндау

@репродуктивтік

@психологиялық

~ Әдебиеттің даму процесі, идея, жанрлардың туу қалыптасу тенденциялары, олардың тарихи әлеуметтік негіздері және ақын-жазушылардың шығармашылық өмірбаяндарын қай сыныптарда талдауға болады?

@9-11 сынып

@9-10 сынып

@арнайы оқу орындарында

@жоғарғы оқу орындарында

@5-7 сынып

~ Әдеби типтер, ақын-жазушылар, өнер адамдарымен кеңесулер, байқаулар, конкурстар, олимпиадалар сияқты жұмыстар қай түрге жатады.

@әдебиет мерекелері

@әдеби бірлестіктер

@үйірме жұмыстар

@клуб жұмыстары

@секция жұмыстары

~ Мектеп кітапханасының жұмыстарына не жатады?

@библиографиялық үйірме

@әдебиет мерекелері

@әдеби кештер, кездесулер

@байқаулар

@олимпиадалар

~ Оқушы шығармасындағы баяндаудың жүйесіздігі қатенің қандай түріне жатады?

- @жоспарлаудағы қате
- @мазмұнға байланысты қате
- @емле қатесі
- @тыныс белгісіне байланысты
- @стильдік қате

~ Оқушы шығармасындағы дұрыс тасымал жасамау қатенің қандай түріне жатады?

- @тыныс белгісі қатесі
- @мазмұнға байланысты қате
- @жоспарлау қатесі
- @стильдік қате
- @емлелік қате

~ Орта буын сыныптарда оқушыларының еркін тақырыптарда жазған шығармасы қандай әдеби жанрға ұқсас болып келеді?

- @әңгіме
- @мақала
- @очерк
- @талғау
- @іздену

~ Оқу процесіндегі мұғалімнің басты міндеті?

- @оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру
- @оқылатын құбылыстың мәнін, заңдылықтарын түсіндіру
- @оқушылардың оқу жұмысының белсенділігін арттыру
- @оқушыларға көркем оқыту
- @жаңа сабақ түсіндіру

~ Драмалық шығармаларды талдау тәсілі?

- @ рольдер бойынша
- @ мазмұндау
- @ түсінік айту
- @жаттау
- @оқу

~ Оқушылар шығармасында негізгі бөлім қандай көлемде орын алуы тиіс?

- @шығарманың үштен біріндей
- @шығарманың тең жартысындай
- @шығарманың екіден біріндей
- @ шығарманың төрттен үшіндей
- @шығарманың үштен екісіндей

~ Талантты оқушылармен өтетін сабақ түрі.

@конференция сабақ

@аралас сабақ

@ірі блокты сабақ

@понарамасыз сабақ

@қалыпты сабақ

~ Сабақтың қай кезінде оқушыларды бағалау керек

@сабақты қорыту, бекіту кезінде

@жаңа сабақты өтуде

@білімді дағдыға айналдыру кезеңінде

@білім беру кезінде

@кіріспе сабақ

~ Лирикалық шығарманы оқытудың негізгі тәсілі

@көркем оқу

@композициясын ұғындыру

@идеяны оқыту

@мазмұнын айтып беру

@тақырыбын түсіндіру

~ Қалыпсыз сабақтар

@ лексикалық сабақ

@ бақылау сабақ

@ жаңа сабақ

@ кіріспе сабақ

@ аралас сабақ

~ Мектептен тыс жұмыс түрі

@экскурсия

@кітап көрмесі

@әдебиет үйірмесі

@әдебиеттік диспут

@кітап оқушылар көрмесі

~ Әдебиетті оқытудағы көмекші әдіс

@эксперимент әдіс

@сұрақ - жауап әдіс

@проблемалық әдіс

@көрнекілік әдіс

@баяндау әдісі

~ Қалыпты сабақтар

@аралас сабақ

@конференциялық сабақтар

- @саясат
- @понарамалық сабақтар
- @ірі блокты сабақ
- ~ Әдебиетті оқытудағы негізгі әдіс
- @оқу, түсіндіру, жаттау
- @ көрнекі құрал
- @техникалық құрал
- @схема сурет
- @синхрониялық әдіс
- ~ Сабақтың мақсаты қалай іске асады
- @сабақты бекітуде
- @қорыту
- @жаңа сабақ
- @пысықтау
- @сабақта қолданылатын әдіс - тәсілдер
- ~ Лирикалық шығармаларды оқыту әдістері
- @образдарға талдау
- @мінездеме беру
- @композициясын талдау
- @кіріспе көркем оқу
- @сюжеттік талдау
- ~ Шығарма жаздыру әдістері
- @көркем шығарманы талдау арқылы жазу
- @мәтіннің ретін сақтап, біраз түрін өзгертіп жазу
- @берілген сюжет бойынша жүргізілетін жазба жұмыс
- @диалог пен сөздерді байланыстырып жазу
- @дайын мәтін бойынша
- ~ Баспасөз конференциясы қандай сабақ
- @талантты оқушылар күшімен өтетін сабақ
- @ғалым зерттеушілер ретінде өткізетін сабақ
- @табиғат аясында өткізетін сабақ
- @сынақ сабақ
- @бірнеше пән мұғалімдері бірігіп өткізетін сабақ
- ~ Сыныптан тыс оқу жұмысын ұйымдастырудың формасы
- @әдебиеттік конкурстар
- @оқушылармен кино, театрларға бару
- @Оқушылар конференциясы
- @тарихи орындарға саяхат

- @ ақын - жазушылармен кездесу
- ~ Қолайсыз сабақ
- @кино сабақ
- @бақылау сабақ
- @қайталау сабақ
- @жана сабақ
- @аралас сабақ
- ~ Сабақ жоспары
- @тақырыптық - күнтізбелік жоспар
- @оқу жоспары
- @конспект жоспар
- @сабақтың құрылысы
- @сабақтың формуласы
- ~ Дидактика дегеніміз не?
- @ білім беру теориясы
- @ мұғалімнің іс - тәжірбиесі
- @ оқытудың тұтас теориясы мен жүйесі
- @ сабақтың міндеті
- @ сабақтың бес элементі
- ~ Конспект сабақ жоспары
- @ күрделі жоспар
- @ жай жоспар
- @ аралас - сабақ жоспары
- @ қайталау сабақ
- @ қалыпсыз сабақ
- ~ Әңгіме әдісі қай сабаққа қолайырақ
- @кіріспе сабақ
- @лекция сабақ
- @семинар сабақ
- @айтыс сабақ
- @ірі блокты сабақ
- ~ Мұғалімнің әдістемелігін жетілдіру жұмысы
- @білімділігін жетілдіру институты
- @сынып жетекші әдісі
- @үйірме жұмыстары
- @ата - аналармен жұмыс
- @қоғамдық жұмыс
- ~ Әдебиетті оқыту әдістемесі қай ғылымның саласына жатады

@методика

@әдебиеттану

@педагогика

@дидактика

@мәдениеттану

~ Жоғарғы сыныптарда әдебиетті оқытудағы қолданылатын басты әдіс

@творчествалық оқу

@көркем оқу

@жартылай іздену

@психология

@зерттеу

~ Сабақ материалын мазмұндаудың ғылымилығы мұғалімнен ең әуелі нені талап етеді.

@кәсіптік деңгейін көтеріп отыруды

@көрнекілікті тиімді қолдануды

@оқушылардың ерекшеліктерін білуді.

@оқу процесінде оқушылардың әрқайсымен жеке жұмыс істеуді.

@оқу процесінің педагогикалық, психологиялық заңдылықтарын білуді.

~ Әдебиет пәнін оқытудың ең негізгі әдісі қайсы?

@творчествалық оқу

@очерк

@жартылай іздену

@проблемалық мазмұндау

@білімді дайын күйінде беру

~ Көркем шығарманың сюжеттік желісіне орай құрылатын талдау әдісі не деп аталады?

@тұтас талдау

@тақырыптық

@проблемалық

@образдар бойынша

@композициялық құрылысына талдау

~ Көркем шығарманың көтерген басты идеясын ашуға орай құрылатын талдау әдісі не деп аталады?

@тақырыптық

@проблемалық

@образдар жүйесі бойынша

@тұтас талдау

@композициялық талдау

~ Талдаудың қайсысы шығарманың кейіпкерлеріне орай құрылды?

@диалог

@тақырыптық

@тұтас

@проблемалық

@образ жүйесі бойынша

~ Орта буын сыныптарда әдебиетті оқытуда қолданылатын басты әдіс?

@әңгіме

@мәнерлеп оқу

@жартылай іздену

@зерттеу

@ жағтау

~ Жазушы өмірбаянын оқыту сабақтарында қолданылатын басты әдіс?

@баяндау

@зерттеу

@жартылау іздену

@творчестволық оқу

@мәнерлеп оқу

~ Зерттеу әдісі өзінің аталуы және функциясы жағынан қай әдіске жақын?

@жартылай іздену

@творчестволық оқу

@проблемалық мазмұндау

@репродуктивтік

@ психологиялық

~ Оқушы шығармасындағы дұрыс тасымал жасамау қатенің қандай түріне жатады?

@тыныс белгісі қатесі

@мазмұнға байланысты қате

@жоспарлау қатесі

@стильдік қате

@емлелік қате



~ Орта буын сынып оқушыларының еркін тақырыптарда жазған шығармасы қандай әдеби жанрға ұқсас болып келеді?

@әңгіме

@мақала

@очерк

@талғау

@іздену

~ Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің зерттеу объектісіне не жатады?

@әдебиет сабағы

@әдеби

@пәнаралық байланыс

@әдебиет пен мұғалім

@әдістемелік нұсқаулар

~ Оқушыларды кітап оқуға құштарлығын, ынтасын қалыптастыру, көркем әдебиетті сүйе білуге тәрбиелеу. Мәтінді жүргізе мәнерлеп оқу дағдыларын, шығарманы қабылдау әсерін жетілдіру қай сыныптарда жүзеге асады?

@10-11 сыныптарда

@9-10 сыныптарда

@8-9 сыныптарда

@7-6 сыныптарда

@4-5 сыныптарда

~ Оқу процесіндегі мұғалімнің басты міндеті?

@оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру

@оқылатын құбылыстың мәнін, заңдылықтарын түсіндіру

@оқушылардың оқу жұмысының белсенділігін арттыру

@оқушыларға көркем оқыту

@жаңа сабақ түсіндіру

~ Жоғарғы сыныптарда көркем шығарманы талдауда назар неге аударылуы керек?

@ тақырып пен идеяға

@ оқиғаларға

@ кейіпкерлерге

@ позицияға

@ композициясына

~ Әдебиетті оқытудағы көмекші әдіс

@ эксперимент әдіс

@ сұрақ - жауап әдіс

@ проблемалық әдіс  
@ көрнекілік әдіс  
@ баяндау әдісі  
~ Әдебиетті оқытудағы негізгі әдіс

@ оқу, түсіндіру, жаттау  
@ көрнекі құрал  
@ техникалық құрал  
@ схема сурет  
@ синхрониялық әдіс

~ Сабақтың мақсаты қай кезде іске асады

@ сабақты бекітуде

@ корыту

@ жаңа сабақ

@ пысықтау

@ сабақта қолданылатын әдіс - тәсілдер

~ Лирикалық шығармаларды оқыту әдістері

@ кіріспе көркем оқу

@ мінездеме беру

@ композициясын талдау

@ сюжеттік талдау

@ образдарға талдау

~ Ертегілерді оқытуда қандай әдіс-тәсілдер тиімді саналады?

@ эпизодтарға бөлу

@ жаттығу жүргізу

@ композициясын талдау

@ кіріспе көркем оқу

@ синхрониялық әдіс

~ Әдеби-теориялық ұғымдарды түсіндіруде сабақтың қай кезеңінде мәліметтер берілуі керек

@ кіріспеде

@ корытындылауда

@ жаңа сабақты бекіту кезеңінде

@ үй тапсырмасын сұрау кезеңінде

@ бағалау кезеңінде

~ Оқушылардың алдында сабақтың тақырыбын білімділік тәрбиелік мақсаттары нақты міндеттерін қай сабақтың қандай талабына жатады?

@ дидактикалық

@ психологиялық

@ гигиеналық

@ тәрбиелік

@ педагогикалық

~ Жоғарғы сыныптарда әдебиетті оқытуда қолданылатын басты әдіс.

@жартылай іздену

@ мәнәрлеп оқу

@ творчествалық оқу

@ зерттеу

@ барлық жауап дұрыс

~ Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, оқытудың өмірімен байланысын қамтамасыз ету, оларды қоғам игілігі үшін белсенді әрекет етуге бағыттау қазіргі сабаққа, оқу процесіне қойылатын қандай талапқа жатады?

@ тәрбиелік

@гигиеналық

@ педагогикалық

@ психологиялық

@ дидактикалық

~ Жаңа сабақты өткен сабақтармен байланыстыру, оқушылардың алған білімдерін, ұғымдарын жүйелеу, оларды білімді игерудің жаңа әдістеме үйрету, соның негізінде ниет дағдыларды қалыптастыру, білімді, практикада қолдануға үйрету, өз бетінше білім алуға үйрету, оқытудың қандай талабына жатады?

@ дидактикалық

@ педагогикалық

@ психологиялық

@ психологиялық

@ гигиеналық

~ Сабақ материалын мазмұндаудың ғылымилығы мұғалімнен ең әуелі нені талап етеді.

@кәсіптік деңгейін көтеріп отыруды

@көрнекілікті тиімді қолдануды

@ оқушылардың ерекшеліктерін білуді.

@ оқу процесінде оқушылардың әрқайсымен жеке жұмыс істеуді.

@ оқу процесінің педагогикалық, психологиялық

заңдылықтарын білуді.

~ Әдебиетті оқыту әдістемесі қай ғылымның саласына жатады?

@методика

@дидактика

@ этика

@ әдебиеттану

@ филология

~ Әдебиет пәнін оқытудың ең негізгі әдісі қайсы?

@ творчествалық оқу

@ очерк

@ жартылай іздену

@ проблемалық мазмұндау

@ білімді дайын күйінде беру

~ Көркем шығарманың сюжеттік желісіне орай құрылатын талдау әдісі не деп аталады?

@ тұтас талдау

@ тақырыптық

@ проблемалық

@ образдар бойынша

@ композициялық құрылысына талдау

~ Көркем шығарманың көтерген басты идеясын ашуға орай құрылатын талдау әдісі не деп аталады?

@ тақырыптық

@ проблемалық

@ образдар жүйесі бойынша

@ тұтас талдау

@ композициялық талдау

~ Талдаудың қайсысы шығарманың кейіпкерлеріне орай құрылды?

@ образ жүйесі бойынша

@ тақырыптық

@тұтас

@проблемалық

@диалог

~ Жазушы өмірбаянын оқыту сабақтарында қолданылатын басты әдіс?

@баяндау

@зерттеу

- @жартылау іздену
- @творчестволық оқу
- @мәнерлеп оқу

~ Шығарма жұмыстарын жаздыру әдістері қалай жүргізіледі

- @көркем шығарманы талдау арқылы жазу
- @мәтіннің ретін сақтап, біраз түрін өзгертіп жазу
- @берілген сюжет бойынша жүргізілетін жазба жұмыс
- @диалог сөзге айналдарып жазу
- @дайын мәтін бойынша

~ Баспасөз конференциясы қай сабақ түріне жатады

- @талантты оқушылармен күшімен өтетін сабақ
- @ғалымдар зерттеушілер ретінде өткізетін сабақ
- @табиғат аясында өткізетін сабақ
- @сынақ сабақ
- @бірнеше пән мұғалімдері бірігіп өткізетін сабақ

~ Сабақ жоспары қалай аталады

- @тақырыптық - күнтізбелік жоспар
- @оқу жоспары
- @конспект жоспар
- @сабақтың құрылысы
- @сабақтың формуласы

~ Дидактика дегенді қалай түсінесің?

- @ білім беру теориясы
- @ мұғалімнің іс - тәжірбиесі
- @ оқытудың тұтас теориясы мен жүйесі
- @ сабақтың міндеті
- @ сабақтың бес элементі

~ Конспект сабақ жоспары қалай аталады

- @ күрделі жоспар
- @ жай жоспар
- @ аралас - сабақ жоспары
- @ қайталау сабақ
- @ қалыпсыз сабақ

~ Әңгіме әдісінің атауы

- @кіріспе сабақ
- @лекция сабақ
- @семинар сабақ

@айтыс сабақ

@ірі блокты сабақ

~ Мұғалімнің әдістемелігін жетілдіру жұмысы қалай аталады

@білімділігін жетілдіру институты

@сынып жетекші әдісі

@үйірме жұмыстары

@ата - аналармен жұмыс

@қоғамдық жұмыс

~Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнін қарастыратын сала

@методика

@әдебиеттану

@педагогика

@дидактика

@филология

~ Сабақ материалын жүйелі мазмұндау мұғалімнен ең әуелі нені талап етеді.

@кәсіптік деңгейін көтеріп отыруды

@көрнекілікті тиімді қолдануды

@оқушылардың ерекшеліктерін білуді.

@оқу процесінде оқушылардың әрқайсымен жеке жұмыс істеуді.

@оқу процесінің педагогикалық, психологиялық заңдылықтарын білуді.

~ Әдебиет пәнін оқытудың негізгі әдісі?

@творчестволық оқу

@очерк

@жартылай іздену

@проблемалық мазмұндау

@білімді дайын күйінде беру

~ Жазушы өмірбаянын оқытуда қолданылатын басты әдіс?

@баяндау

@зерттеу

@жартылай іздену

@творчестволық оқу

@мәнерлеп оқу

~ Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасында не делінген ?

@ Педагог кадрларды қазіргі заман талабына сай дайындау, әрі мамандығын үздіксіз жетілдіру - мұғалімнің мамандық шеберлігінің басты белгісі -оның психологиялық жоғары әзірлігі болып табылады.

@ Мұғалімнің жұмысы балалар . Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы тиіс.

@ Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек.

@ Адам дүниеге келгенде ақылды болып тумайды. Естіп, көріп, ізденіп, ақыл табады.

@ тіл мұғалімдері өздерінің ұстаздығын шеберлігін арттырып, тілді оқыту саласында білім дәрежесін шыңдауда методика мен психология ғылымы жетістіктеріне мән берулері тиіс.

~ Ы.Алтынсариннің пікірін көрсетіңіз?

@ Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай ,жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, орынсыз терминдерді пайдаланбауы керек.

@ Ес-сана болмаса адам балаға ғылым, білім мәдениет салаларын меңгерте алмас еді

@ Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек.

@ тіл мұғалімдері өздерінің ұстаздығын шеберлігін арттырып, тілді оқыту саласында білім дәрежесін шыңдауда методика мен психология ғылымы жетістіктеріне мән берулері тиіс.

@ ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады.

~ М.Жұмабаевтың пікірін көрсетіңіз?

@ Ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады

@ Мұғалімнің жұмысы балалар. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы тиіс.

@ Адам дүниеге келгенде ақылды болып тумайды. Естіп, көріп, ізденіп, ақыл табады

@ Тіл мұғалімдері өздерінің ұстаздығын шеберлігін арттырып, тілді оқыту саласында білім дәрежесін шындауда методика мен психология ғылымы жетістіктеріне мән берулері тиіс

@ Қазақтың қаны бір, жаны бір жол басшысы – мұғалім. Оның табансыздығын сезсе бала онымен сөйлесуден тілдесуден қалады

~ М.Жұмабаевтың пікірін көрсетіңіз?

@ Қазақтың қаны бір, жаны бір жол басшысы – мұғалім. Оның табансыздығын сезсе бала онымен сөйлесуден тілдесуден қалады

@ Мұғалімнің жұмысы балалар. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы тиіс

@ Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек.

@ Адам дүниеге келгенде ақылды болып тумайды. Естіп, көріп, ізденіп, ақыл табады

@ тіл мұғалімдері өздерінің ұстаздығын шеберлігін арттырып, тілді оқыту саласында білім дәрежесін шындауда методика мен психология ғылымы жетістіктеріне мән берулері тиіс

~ Абайдың пікірін көрсетіңіз?

@ Ес-сана болмаса адам балаға ғылым, білім мәдениет салаларын меңгерте алмас еді

@ ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады

@ Мұғалімнің жұмысы балалар. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы тиіс

@ тіл мұғалімдері өздерінің ұстаздығын шеберлігін арттырып, тілді оқыту саласында білім дәрежесін шындауда методика мен психология ғылымы жетістіктеріне мән берулері тиіс.

@ Педагог кадрларды қазіргі заман талабына сай дайындау, әрі мамандығын үздіксіз жетілдіру- мұғалімнің мамандық шеберлігінің басты белгісі-оның психологиялық жоғары әзірлігі болып табылады.

~ Абайдың пікірін көрсетіңіз?



@ Адам дүниеге келгенде ақылды болып тумайды. Естіп, көріп, оқып, ізденіп ақыл табады.

@ ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады.

@ Мұғалімнің жұмысы балалар. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы тиіс

@ тіл мұғалімдері өздерінің ұстаздығын шеберлігін арттырып, тілді оқыту саласында білім дәрежесін шыңдауда методика мен психология ғылымы жетістіктеріне мән берулері тиіс.

@ Педагог кадрларды қазіргі заман талабына сай дайындау, әрі мамандығын үздіксіз жетілдіру- мұғалімнің мамандық шеберлігінің басты белгісі-оның психологиялық жоғары әзірлігі болып табылады

~ Ы.Алтынсариннің қояр талабын көрсетіңіз?

@ Әрбір затты ықыласпен қарапайым тілмен түсіндіру, өз оқулығында тақырыптарға сәйкес суреттеу, сурет арқылы беру сияқты, көркем жазуды, әріптердің формасын дұрыс түсінуге, дағдыландыруды үйрету

@ Ес-сана болмаса адам балаға ғылым, білім мәдениет салаларын меңгерте алмас еді.

@ Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек.

@ тіл мұғалімдері өздерінің ұстаздығын шеберлігін арттырып, тілді оқыту саласында білім дәрежесін шыңдауда методика мен психология ғылымы жетістіктеріне мән берулері тиіс

@ ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады

~ Ы.Алтынсариннің пікірін көрсетіңіз

@ Шәкірттердің барлық сезім мүшелерінің – көз, қол, есту қабілетін, тілді, зейінді дағдыландыру, баланың барлық қабілеттерін жаттықтыру арқылы және оған өз бетімен жұмыс істеу керек

@ Ес-сана болмаса адам балаға ғылым, білім мәдениет салаларын меңгерте алмас еді

@ Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек.

@ тіл мұғалімдері өздерінің ұстаздығын шеберлігін арттырып, тілді оқыту саласында білім дәрежесін шыңдауда методика мен психология ғылымы жетістіктеріне мән берулері тиіс

@ ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады

~ М.А.Даниловтың еңбегін көрсетіңіз

@ Дидактика средней школы

@ Жалпы психология

@ Қазақ тілін оқыту әдістемесі

@ 5-6 сынып оқушыларында кездесетін орфографиялық қателерді түзету

@ Мектепте ана тілі мен әдебиетті оқыту жөніндегі ғылыми зерттеу жұмысының жайы мен міндеті туралы(1959)

~ Ы.Алтынсариннің еңбегін табыңыз

@ Қырғыз хрестоматиясы

@ Жалпы психология

@ Қазақ тілін оқыту әдістемесі

@ 5-6 сынып оқушыларында кездесетін орфографиялық қателерді түзету

@ Мектепте ана тілі мен әдебиетті оқыту жөніндегі ғылыми зерттеу жұмысының жайы мен міндеті туралы(1959)

~ Г.Ильинаның еңбегін көрсетіңіз

@ Педагогика

@ Жалпы психология

@ Қазақ тілін оқыту әдістемесі

@ 5-6 сынып оқушыларында кездесетін орфографиялық қателерді түзету

@ Мектепте ана тілі мен әдебиетті оқыту жөніндегі ғылыми зерттеу жұмысының жайы мен міндеті туралы(1959)

~ Ә.Исабаевтың еңбегі

@ Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері

@ Жалпы психология

@ Қазақ тілін оқыту әдістемесі

@ 5-6 сынып оқушыларында кездесетін орфографиялық қателерді түзету

@ Мектепте ана тілі мен әдебиетті оқыту жөніндегі ғылыми зерттеу жұмысының жайы мен міндеті туралы(1959)

~ Түсіндіру әдісі деген не?

@ бұл әдіске ауызша түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, лекция жатады

@ мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау, жоспар, конспект, тезис, жасау

@ таблица, схема, сурет, карточка пайдалану

@ экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент т.б. Кодоскоп, эпидоскоп қолдану.

@ ауызша, жазбаша, суретпен жұмыс жасау, қайталау, пысықтау

~ Кітаппен жұмыс әдісіне кіретін тәсілдер?

@ мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау, жоспар, конспект, тезис, жасау

@ таблица, схема, сурет, карточка пайдалану

@ экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент т.б. Кодоскоп, эпидоскоп қолдану.

@ ауызша, жазбаша, суретпен жұмыс жасау, қайталау, пысықтау

@ бұл әдіске ауызша түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, лекция жаталы

~ Көрнекілік әдісіне кіретін тәсілдер?

@ таблица, схема, сурет, карточка пайдалану

@ мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау, жоспар, конспект, тезис, жасау

@ экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент т.б. Кодоскоп, эпидоскоп қолдану.

@ ауызша, жазбаша, суретпен жұмыс жасау, қайталау, пысықтау

@ бұл әдіске ауызша түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, лекция жатады

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық шығармалары /Құр.Қалиев С./ -Алматы: Рауан, 1991.
2. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары.- Алматы, 1995
3. Ақшолақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. -Алматы: Мектеп, 1993.
4. Айтжанова Қ. Қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамасы. - Алматы, 2002 ж.
5. Әрінова Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. -Алматы, 2004.
6. Бабанский Ю.Н. Оптимизация Учебно-воспитательного процесса. - Москва, 1982.
7. Байтанасова Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. -Астана, 2011.
8. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. - Алматы, 1994.
9. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. -Алматы, 1997.
10. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. -Алматы, 2000жыл.
11. Бітібаева Қ. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту. Семей, 2007.
12. Голубков В.В. Методика преподавания литературы. - Москва, 1969.
13. Дайырова Ә. Орта мектепте І. Жансүгіров творчествосын оқыту. -Алматы, 1969
14. Жанпейсова М.М. Технология модульного обучения. - Актобе, 1999.
15. Жөркенов М. Әдебиет пәнін өмірмен байланыстыра оқыту. -Алматы, 1984.
16. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. -Алматы, 1995.
17. Жұмажанова Т. Қазақ әдебиеті әдістемесі. -Алматы, 2003ж
18. Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. - Алматы, 1994.
19. Жұматаева Е. Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесі. -Алматы, 2001.

20. Заньков Л.В. Умственное развитие и обучение. -М.: АО «Столетие», 1995.
21. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. - Алматы, 1969.
22. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. -Алматы, 1997.
23. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар, -А., 1999.
24. Қалиев С. Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары. -Алматы, 1974.
25. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері. -Алматы, 1962.
26. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. –Алматы: Мектеп, 1979.
27. Мақпыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. - Алматы, 1981.
28. Мақпырұлы С. Қазақ әдебиеті: әдістемелік нұсқау. - Алматы, 2004.
29. Мемлекеттік білім стандарты. -Алматы, 1998.
30. Рыбникова М.А. Очерки по методике литературного чтения. -М.1963.
31. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. -М.: Народное образование, 1998.
32. Тасболатов Қ. Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары. -Алматы, 1974.
33. Тілешова С. Әдебиет сабағында оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. – Алматы, 1978.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің зерттелу тарихы.....	4
Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасуы.....	12
Әдебиетті оқыту пәнінің ұстанымдары.....	20
Әдебиетті оқытудың базалық курсы мен тарихи әдеби курсты жоспарлау әдістері.....	26
Әдебиетті оқыту әдістері.....	34
Көркем шығарманы талдаудың түрлері.....	46
Эпикалық шығармаларды оқыту.....	61
Ертегілерді оқыту.....	69
Батырлық жырларды оқытудың өзіндік ерекшеліктері.....	81
Өңгімені оқыту.....	91
Публицистикалық шығармаларды оқыту.....	96
Лириканы оқыту.....	102
Қазақ әдебиетін оқытуда жаңа инновациялық технологияларды қолдану.....	110
Әдебиет теориясынан берілетін ұғымдар, әдеби-теориялық ұғымдарды меңгертудің әдіс-тәсілдері.....	128
Әдебиет сабағында оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асырудағы көрнекіліктердің маңызы.....	137
Әдебиет сабағында тіл дамыту жұмыстары.....	142
Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.....	155
Қазақ әдебиеті пәнінен сабақ үлгілері.....	165
Тест тапсырмалары.....	182
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....	205

**АМАНГЕЛДІ МАМЫТ  
НАРИМАН НҰРПЕЙІСОВ**

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН  
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Редакторы – Байырбекова Л.М.  
Техникалық редактор – Аблаев Н.М.

Қағаз пішімі А4 Қаріп түрі «Times New Roman»  
Баспа табағы 12,88 Тарадымы 500 Тапсырыс №152

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының шағын  
баспаханасында басылды  
Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі, 13 үй